

ТОПЫРАҚТА... ТҰНҒАН СЫР

Республикамыздың белді ғылым ордаларының бірі Қазақ КСР Ғылым академиясы жанындағы Топырақтану институты табиғи жер құрамын дұрыс пайдалану жөнінде қыруар жұмыстарды атқарып келеді.

Биосферадағы үздіксіз тіршілік негіздерінің бірі – жер. Сан мыңдаған жылдар жасаса да, не қилы халді басынан өткерсе де, жыл мезгілдеріндегі табиғат мінездеріне төзіп, күннің ыстық, суығына жылы желдің жұмсақ лебі мен ақпандағы аяздың бой мұздатар ашуына шыдап келе жатқан ең көнбіс те осы – жер. Ұсақ-ұсақ топырақ түйіршіктерінің осынау ғаламат ірі материяны жасайтынына таң қаласың бір сәт. Топырақ демекші... Жер бетінде қоңыр, қара, қызыл, күлгін тағы басқа түспен құбылып өзгешелік танытатын, жер ажарына әр түрлі әр беретін топырақ табиғатында қаншама жұмбақ сырлар жатыр десеңізші. Өсіп-өнетін өсімдіктер дүниесінің өмір сүруін топырақсыз тіпті де көз алдыға елестете алмас едің. Туған жер топырағы үшін күрескен адамзат өмірін айтсаңшы бәрінен де. Жанға жайлы жаймашуақ күндердің бірінде табиғат аясын тамашалап келемін. Ойыма әсем жыр жолдары орала береді:

«Көрінбей жердің топырағы,

Құлпырған жасыл жер жүзі»

деп Абай айтқан еді-ау! Шынында да, көз жаулаған жасыл кілемнің өзі қасиетті топырақ бетіне өрнектелгенін аяқ басқан сайын үңіле қарап аңғарасың.

Туған жер топырағымен бірге тамырласып келе жатқан ойларыммен болып, басқа дүниені ұмытқандай едім. Діттеген жеріме жетіп те қалыппын. Қарсы алдымда Қазақ ССР Ғылым академиясы Топырақтану институтының еңселі үйі тұрды.

Сабырлы жүзді, терең ойлы азамат өзін Корниченко Виктор Артемович деп таныстырды. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты осы Институт директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі екінші орынбасары екен.

Институт өміріне, аталған ғылымға байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстарға қатысты қойылған сұрақтарыма сәл ойланып отырып, неден бастасам екен дегендей бір сәт үнсіз қалды да, сәлден соң әңгімесін сабақтап әкетті.

– Топырақ тану ғылымының даму тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл ғылымның негізін салған орыстың ұлы ғалымы, профессор Докучаев болатын. Ал шын мағынасындағы терең зерттеу жұмыстарын совет ғалымдары көп жылдардан бері кең масштабта жүргізіп келеді. Ал Қазақстанда Топырақтану институты 1945 жылы шаңырақ көтерген болатын. Институттың ірге тасын қалауда Өмірбек Оспанов, Қаныш Сәтбаев сияқты адал ғалым ағалардың қыруар еңбек еткенін атап өткен жөн. 1948 жыл мен 1968 жыл аралығында осы институтқа басшылық еткен, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ө.Оспановтың ұланғайыр творчестволық еңбегі институт өмірімен тығыз байланысты.

– Виктор Артемович, Өмірбек Оспанұлының «Зорлық» атты трагедиялық шығармасы барын білетін бе едіңіз? – дедім мен сөз орайында.

– Солай ма?! Мұны, әрине, әдебиетшілер білуге тиіс қой – деп күлді де ол әңгімесін одан әрі жалғастырып әкетті.

– Ал, 1968 жылдан бері Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор М.В.Боровский институтқа басшылық жасап келеді.

Волганың төменгі ағысынан Алтайға дейін, Солтүстік Сибирь ойпатынан оңтүстік Тянь-Шаньға дейінгі 276 млн. гектар аймақты алып жатқан Қазақстан жері СССР Ауыл шаруашылығында пайдаланатын территорияның үштен бірін иемденді. Осының өзі институтымызға Одақ көлемінде ерекше міндет жүктеліп, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде айрықша көңіл бөлінетінін айқындар еді.

Институт алғаш ұйымдасқанда оның құрамында топырақ генезисі мен географиясы бөлімі, топырақ мелиорациясы бөлімі және топырақ химиясы мен физика лабораториясы ғана жұмыс жасаса, бүгінгі таңда ғылыми жұмыстар жүргізетін 16 бөлім бар. Бұл бөлімдерде 438 адам жұмыс істейді. 148 ғылыми қызметкерлер, олардың Қазақ ССР Ғылым академиясының 2

корреспондент-мүшесі, 3 ғылым докторлары және 61 ғылым кандидаттары бар. Үздіксіз жүргізілген зерттеу жұмыстары жақсы нәтижесін беріп келеді. Институт ғалымдарының еңбектері тек Қазақстан үшін ғана емес, Одақтық, тіпті дүние жүзілік көлемдегі Топырақ тану ғылымының дамуына өзінің тиесілі үлесін қосып келеді. Аталған институттың 1974 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуының өзі ғалымдарымыздың еңбек зейнетін айғақтайды.

Партия мен үкімет институтқа жан-жақты көмек жасап, қолдау көрсетуде. Институт үйі 6 мың шаршы метр жерді алып жатыр.

Институт ғалымдары халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, АҚШ-та, Румынияда, Австралияда, Москвада, Болгарияда және Югославияда өткен халықаралық және ұлттық конгрестерде терең мәнді баяндамалар жасады.

Бүкілодақтық Топырақтану қоғамы (ВОП) 1971 жылы еліміздің Топырақ зерттеушілерінің ІҮ съезін өткізуді осы Институтқа тапсырған еді. Институт бұл міндетті абыроймен орындап шықты. Съезге шетелдік қонақтар да шақырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тапсырмасы бойынша Топырақ танушылардың, Халықаралық қоғамы әзірлеген «Дүние жүзі топырақ картасын» жасауда да бұл институт айтулы үлес қосты. Виктор Артемович аз бөгелді де «Қазақ ССР-ның топырағы» атты қызыл-қоңыр түстес кітапты маған ұсына берді.

– Бұл да институттың ұзақ жылдар бойы жүргізіп келе жатқан жұмысының бір көрінісі ғана.

Ендігі әңгіме арнасы аталған ғылымның арналы проблемаларына қарай ойысқан еді.

Көп айтып жүрміз ғой. Өмірдің өзі – сандаған проблемаларға толы. Осы орайда институт алдында да бір ғана емес, бірнеше күрделі мәселелер тұр. Мұның өзі ауыл шаруашылығындағы, Топырақ тану ғылымындағы келелі мәселелерден келіп туындайтыны анық. Мәселен, сыртаңды жерді игеру – бүгінгі таңдағы мемлекеттік мәні бар маңызды проблемалардың бірі. Одақтағы 100 млн. гектары Қазақстанда екенін айтсақ, алар асуымыздың қаншалықты қиын екені, қаншама жауапты міндет жүктейтіндігі түсінікті болар еді. Түрлі сортаңды жерлерді мелиорациялау үшін топырақты терең қопсыту, өздігінен мелиорациялау әдеттегі тәжірибене өткізіліп, сыналып, нұсқалып отыр. Мұндай әдіспен 2 млн. гектар сортаңды жерді игеруге болады. Осыған байланысты «Культиваторлағаннан кейінгі топырақ құнарлылығы мен оның табиғи қасиетінің өзгеруі» деген тақырыптағы көпжылдық-зерттеу жұмыстары да көптен жүргізілуде.

Топырақтың құнарлылығын сақтау, эрозиядан қорғау да – күн тәртібінен түспейтін проблемалар. Бұл тек институт алдында тұрған алынар асулар емес. Ауыл шаруашылығындағы, Топырақтану ғылымындағы ең күрделі, қиын, жауапты мәселелер. Қазақстанда суармалы жұмысын кеңінен дамытуда – бүгінгі таңдағы проблеманың бірі. КПСС XXV съезінің шешімдерінде көрсетілген: «Солтүстік және Сибирь өзендері суының бір бөлігін Орта Азияға, Қазақстанға және Волга өзенінің алабына бұру проблемасына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, осының негізінде жобалау істері жүзеге асырылсын» деген ұлы мақсат жолында әлі де көп тер төгіледі. Арал теңізі проблемасы да алдымызға қыруар міндеттер жүктейді.

СССР Ғылым академиясы, Топырақтану институты Венгрия Ғылым академиясы және Монғолия Ғылым академияларымен тығыз байланыста бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде көптеген жауапты істерді орындап шығуды Институт жоспарына енгізіп отыр.

Виктор Артемовичтің байсалды әңгімесінен кейін бір сезіммен сыртқа шықтым. Күн желкем екен. Сыбдырласып бір-біріне сыр ақтарысқан жапырақтар шуылына құлақ тостым. Әсерлі әңгіме желісі жеткізген Топырақтану институтының үлкен болашағы ақмұнар әлемнің арғы жағында асқақтайды. Мынау сыбдырлаған жапырақтар да топырақтар жайлы толғана ма екен... осы?!

«Лениншіл жас»,
1978 ж.

ЖОҒАЛТҚАНЫҢЫЗДЫ ТАПТЫҢЫЗ БА?

– Бірге қатар өскен досымыздың туған күніне алтын сағат сыйлаған едік, – деді танысым, – жоғалтып алыпты. Кәдімгідей ренжіп жүр.

– Жоғалған заттарды іздестіретін жерге барған жоқ па?

– Қызық екенсің. Жап-жаңа алтын сағатты тауып алған адам сонда апарып өткізеді деп ойлайсың ба? Ол қандай ақжүректік?!

Танысымды аяқасты «ашуландырып» алғаным аяғыңдайсыздым. Сөйтсе де, оның айтқан сөздері бұғынып жатқан ойларымды оятты. Бар ондай адамдар деген сенімім күшейе түсті. Танысыма осыны дәлелдегім келді.

Алматы қалалық Ішкі істер басқармасының «Жоғалған және табылған заттарды тіркейтін орны» («Стол находок») қыруар жұмыс атқарып отырғандығына дау жоқ. Өте шағын ұжым. Үш-ақ адам. Алғаш негізі қаланғаннан бастап, 1969 жылдан, Аким Семенович Спасенов басшылық етеді. Әр аптаның сенбі, жексенбіден басқа күндерінде үздіксіз келіп жатқан адамдарды көресіз. Жас та, кәрі де – бәрі де келеді. Оларды үш топқа бөлуге болады: заттарын жоғалтқандар, тауып алған нәрселерін тапсыруға әкелгендер және табылғандарын алуға келгендер. Мені қай топқа қосарын білмей, жүзіме барлай қараған Аким Семеновичке келген шаруамды айттым. Жұмыстарыммен таныстыра бастады. Ауыр тартпаларда тығыз қатталған документтер, ескілі-жаңалы.

– Ұзын саны үш мыңға жуық.

Олардың өзі алфавиттік жүйемен бөлінген екен. Алматы... Жамбыл... Талғар... Ұзынағаш... Шелек... т. б.

– Ең көбі – қаланың Фрунзе ауданынан.

Келесі бөлмеде әртүрлі заттар: чемодандар, сумкалар, дипломаттар, музыкалық аспаптар, сағаттар, әмияндар, әшекей бұйымдары т.б. Құдды, «жоғалған заттар музейінде» жүргендейсіз.

– Бұлар елу шақты, – дейді Аким Семенович.

– Мұнда қанша уақыт сақтайсыздар?

– Сақтау мерзімі – алты ай.

– Содан соң?

– Алты айдың ішінде іздеушісі табылмаса, кімдікі екені белгісіз болса аудандық финан бөлімінен комиссия келіп қарайды да, бағасын белгілеп, арзандатылған заттар дүкеніне аударылады. Жарамсыздары макулатураға өткізіледі. Жыл басынан бері осында тапсырылған заттардың 30 процентінің иесі табылса, 70 процентінің иесі табылған жоқ.

Қайтадан іс қағаздарына, тіркеу кітапшасына үңілдік. Мұқият жазылған анықтамалар, тізімдер. Жұмыс күні де аяқталуға жақын. 22 май 1981 жыл. Тек қана бүгін толтырылған парақты қолыма алдым. 43 документ адресі анықталып, тиісті орындарға жіберілген. Жаңадан табылып тіркелгендер: 10 паспорт, 2 әскери билет, 1 еңбек кітапшасы, 2 студенттік билет, 2 оқушылық билет, 3 жүргізуші куәлігі, 3 мүгедектік куәлік, т.б. Бір ғана күнде қаншама адамның осыншама документі тапсырылып отыр. Мынадай ойға келдім. Аты-жөні белгілі жандардың документін өздеріне қайтару қиын емес шығар. Қай мекемеде, қай оқу орнында оқитындығы яки жұмыс істейтіндігі анықталса болды емес пе?

– Көп жағдайда документтердің өзі көмектесетіндігі рас, – дейді ол, – бірақ, кейде бұл жол да тұйыққа тірейді. Мерзімі өткен, есептен шығып, қайтадан тіркелген документтерді бұрынғы орнына жібергенмен иесі табылмайды. Өзімізге қайтып келеді. Ал, мына көкшіл конверт 38 тиын тұрады. Күніге қаншама конвертті жөнелтеміз. Екеуінің бірі қайтып келіп жатса, қып-қызыл шығын. Тағы бір факті: қолымызда 500 еңбек кітапшасы сақтаулы. Көпшілігі басқа облыстың, шалғай қалалардың, тіпті, туысқан республикалардың тұрғындарының. Дені жұмыстан шыққандар. Бәлкім, Алматыға жұмысқа ауыспақшы болып келгенде жоғалтқан болар: Немесе басқа қалаларға жаңа қызметке кетіп бара жатқанда жоғалтуы мүмкін. Кім білсін! Іздемейді. Заңсыздандырып, жаңа еңбек кітапшасын алған да шығар. Ертең пенсия жасына жеткенде қайтпек? Еңбек стажын қалай толтырады? Осыны ойлап кейбіреуін бұрынғы ең ұзақ жұмыс істеген жеріне жібереміз. Бір айналып соғар деген үміт қой.

Бірнеше еңбек кітапшасын қолыма алып қарай бастадым: Орманбек Байболов – 1955 жылғы, В.М.Ахалин – 1955, Сәуле Құрабаева – 1956, В.И.Сидоров – 1953, Г.А.Сухов – 1947, т.б. Бес жүздің ішінен бесеуінің ғана фамилиясын атап отырмыз. Барлығын тізіп шығу мүмкін емес, міндет те емес. Осынау ірілі-уақты заттарды, документтерді мұнда тапсырғандар кімдер деген сауал ойға оралады. Кітапшаларға назар аударсақ көпшілігі милиция қызметкерлері екенін байқаймыз. Бұл түсінікті де. Ауыл-селоларда, Алматыдан тысқары маңайда табылған заттарды тапсыру үшін әркім жұмысын тастап, уақыт шығындап арнайы келіп жүрмейді ғой. Сондықтан, жергілікті милиция органының қызметкерлеріне тапсырулары заңды да. Екіншіден,

есімдері жиі ұшырасатындар – жүргізушілер, таксистер. Жолаушылар психологиясы жай күндегі, дағдылы жұмыстағы адамдардан өзгешелеу. Әлдеқайда асығу үстінде, біреулермен қоштасып үлгермей, біреулерге жолығысуға бара жатқандары. Алақайлаған қуаныш сезімі, қай-қайдалаған сауалдар санасында тебісіп, өзін-өзі ұмытатын сәттері болады. Барар жеріне жылдам жеткізгені үшін жүргізушіге бес қайтара рахметін айтып, қол жүгін алуды ұмытып, күліп қала береді-ау, шіркіндер. Машинада қалған қол жүгі жүргізушінің адамгершілігіне сын. Көптеген жүргізушілердің бұған сергек те саналы көзқараспен жауап беретіндігіне дәлел көп. Әсіресе, қаладағы № 3-ші таксопарктің аға диспетчері Галина Петровна Лунина өз таксистерінің есімдерін жиі жаздырады. Алайда, із-тозсыз жоғалған нәрселер қаншама. Өтініштердің біреуін оқып көрелік: «Мен, Маржан Мәмбетова, 13 январь күні, таңертең, орталық базар жанынан таксиге отырдым да, Байзақов пен Калинин көшелерінің қиылысына дейін келдім. Таксиден түскенде қоңыр түсті былғары сумкамды ұмыт қалдырыппын. Сумкамның ішінде үйдің кілті, сақтық-жинақ кітапшасы, куәлік, косметикалық бұйымдар, жазу книжкам бар. Сол күні таксопаркке телефон соғып, жүргізушілерден ешкімде бұл жөнінде хабарламағанын білдім. Табыла қалған күнде өзіме қайтаруларыңызды өтінемін. Садовникова көшесі, 3. 140. кв. 2.»

Тауып алғандарын әкеліп тапсырғандардың арасында қарапайым еңбек адамдары да көп. Жүзін көрмесеңіз де тәрбиелі, мейірбан жандарға іштей алғыс айтасыз. Адамдардың бәрі де осылардай болса ғой деп ойға шомасыз.

Қоңыр түсті үлкенірек көзілдірік қорабын қолыма алдым. Көзілдіріксіз қорапты да әкеліп өткізгені ме, несімен құнды болды екен деп айналдырып қарай бердім. Бояуы көше бастаған. Көңіл аударғанымды аңғарған Аким Семенович:

– Бұл қораптың ішінде ақша болған. Анықтама қағазын оқышы, – деді. Оқыдым. «17 февраль. В.А.Иванова. Сағат 4-тің кезінде ЦУМ-нан тауып алған. Футляр. 385 сом». Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады екен: Т.М.Абдраханова 27 мартта 37 сом ақша тауып алып тапсырған, Л.В.Кушнарева 29 январьда «Луч» сағатын тауып алып өткізген, № 94 комиссиялық магазиннің қызметшісі Раиса Қарабаева әртүрлі киім-кешектерге толы үлкен қара чемоданды әкеліп берген, Ф.Т.Касатанова 29 октябрьде алтын сақина тауып алып тапсырған, Марат Лұқманов... дипломат... т.б.

Ересектердің саналы іс-әрекеті кейінгі жастарға үлгі боларлық. Көпшілік ортада адалдықтың осы бір қарапайым түрі де кең насихатталып отыруға лайық. Ата-анасының аузынан ізгілік пен қайырымдылық жөнінде құрғақ ақыл ғана естімей, тәрбиелік әсері күшті істердің куәсі болып өсу жас өскінге орны бөлек тәлім.

10-шы желтоқсан күні № 105 мектептің жанынан үшінші класс оқушылары Саша мен Русак 215 сом ақша тауып алғанда қандай күйде болғанын көз алдыңызға әкеліңіз. «Не істейміз?», – деді біріне-бірі. «Мұғалімге апарып берейік», – деді Русак. «Жүр, папама көрсетейік», – деді Саша. Келісті. Ақыл сұрай келген адамы екеуіне ақыл балмұздақ алып жөндер деп бір-екі сомнан ұстата салып, қалғанын қалтасына басып алса, кім куә. Жоқ. Владимир Николаевич Почин екі баланың ертеңін ойлаған. Дәл осы сәтте тәрбиелік мәні зор шешімнің қажеттігін ұғынған. Екеуін де ертіп келіп, аты-жөндерін жаздырып, ақшаны табыс еткен. Саша мен Русактың есінде бұл жәйт ұзақ сақталуға тиіс. Әкесінің әділдігіне Саша жолдастары арасында сөз жоқ мақтанады. Жақсы істерді мақтаныш тұту тек балаға тән қасиет пе?! № 54 мектептің 5 класс оқушысы Денис Ваганов та «Ракета» маркалы ақ металдан жасаған қол сағатты әкеліп бергенде үлкендердің әсері болмады деп айта аласыз ба. Бір сөзбен айтқанда мұның бәрі елеп, ескеріп семьяда, мектепте басқа оқушыларға ой саларлықтай әңгіме өткізуге болатын, талдап, пікір жарыстыратын мәселе. Үш сом тауып алып жария ету бір басқа да, 300 сомды үн-түнсіз қалтаға сүңгіте салу екінші басқа. Сіз қайтер едіңіз?

Әңгіме барысында қайта-қайта көңілге орала берген сұрақтың бірі – «Жоғалған заттарын, документтерін іздеп, азаматтардың өздері неге шарқ ұрмайды». Мұндағы сақтау мерзімі шектеулі екендігін жоғарыда айттық. Әрине, күн құрғатпай хабарласып тұратындар да бар. Сондай-ақ, жоғалған нәрсе табылмас деп күдер үзгендер де кездеседі. Әсіресе, 5 – 6 ай бойына сартап болып сарғайып жатқан документтеріне іздеу салуға қала тұрғындарының мұршасы жоқтығы түсініксіз. Р.Түрекешованың № 76 оқушылық билеті мен «Луч» маркалы сағаты да сақтаулы. Өзінің қайда жүргені белгісіз. Неге іздеп келмеген?

Аким Семеновичпен әңгіме кезінде Раиса Тимофеевна Кадной үздіксіз шырылдаған телефонға өзі жауап берумен болды. Тіркеу кітабынан жыл басынан бері 6639 анықтама жазылғандығын оқыдық. Дамылсыз жұмыс шаршатқанымен де, қазір біреуді қуантардай

сезіммен қағазға үңілу қуат беріп отыратын сияқты. Дегенмен, Аким Семенович: «Тиісті орындарға құлаққағыс ете сұрарымыз – жұмысымызға әлі де бір-екі адамның қажеттігі» дегенді ұмытқан жоқ. Бұл қажеттілік облыс орталықтарында да «Жоғалған және табылған заттар тіркейтін орын» ашуды қолға алудың артық еместігін білдіретіндей.

Рахмет айтып, қоштасарда, Аким Семенович, кенет: – Айтпақшы, кеше бір уақиға болды. Біздің жұмысымызды жанай өтсе де қуанышы бәрімізге ортақ – деді күліп. – Түске қарай «Қазақстан» магазинінен біреу телефон қоңыраулатты. Осындай да осындай, кім екенін білмеймін, сауда залында жолға алып жүретін үлкен сумкасын біреу ұмыт қалдырыпты. Осыны айтты да, жұмыс аяғына қарай әкеліп тапсыратын болды. Арада жарты сағат өткен жоқ қарақалпақстандық А.Жиенәлиев деген жігіт қолында көтерген баласы, қасында жұбайы бар «сорладық» деп келіп тұр. Қалаға демалуға шығыпты. Қала аралап жүргенде қай жерде қалдырғанын білмейді, ішінде паспорты, баланың киімдері, 800 сомның кредит квитанциясы бар сумкасын жоғалтқан. Жүздері өрт сөндіргендей. «Қазақстан» магазинінен біреудің звондағаны есіме түсті. Тезірек сонда баруларын, содан соң хабарласуын өтіндім. Телефондағы даусын естісеңіз! Алғысты жаудырып жатыр. Ал, ол алғыстың алғашқы иесі әлгі магазиннің қызметкері ғой. Атын сұрамапшын.

Мұндай да болады дегенді аңғартып Аким Семенович аса ризашылықпен күлді. Шіркін, біреудің жақсы ісіне қуанудың өзі неткен керемет. Қуаныш сыйлауды айтсаңызшы. Жан жадыратар жайсандық. Кейіннен «Қазақстан» магазиніне телефон соғып, алғысқа бөленген азаматшаның сатушы Манат Фазылжанова екенін анықтадым.

Тізе берсе өмірде мұндай мысалдар аз емес. Жоғалтып алғандар мен тауып алғандарға аз ғана ескертерміз. Алматыдағы Фрунзе көшесіндегі №55 үйге уақыт тауып соға кетуді ұмытпаңыздар. Не нәрсе жоғалтсаңыз да іздеңіз – күдер үзбеңіз. Ақ жүректі адамдардың көп екеніне күмәніңіз болмасын.

1981 ж.

«ЖЫЛДАМ ХАБАР АЛҒЫЗҒАН»

Алматыда қалааралық телефон станциясы 1943 жылдың ноябрінде іске қосылған. Міне, жаңа жылда бұған да қырық жыл толады. Алғашқыда екі-үш қала мен Алматы байланыс торабы негізінен радионың көмегіне сүйенген екен. Оны, әрине, қазіргі республикалық қалааралық телефон станциясының жұмысымен салыстырудың өзі: мүмкін емес. Бұл үлкен коллективте қазір 723 адам еңбек етеді. Олардың 90 пайызы қыз-келіншектер. Екі жүзден астам телефонисткалар алты сағаттық сменалық жұмыс атқарады. Қазіргі таңда бүкіл жұмыстың 93 пайызы автоматтандырылған жүйенің көмегімен жүреді. 100 қалааралық телефон-автомат қалаған уақытыңызда сізді шалғай шептермен байланыстырады. Техникалық прогресс заманында өмір сүргендіктен біз мұның өзіне тоқмейілісіп қарамайтынымыз сөзсіз. Көкейде, шіркін, видеотелефон болса ғой деген арман бар.

Жаңа жыл қарсаңы. Қалааралық сөйлесу орны. Әдеттегі күндерден тынысы бүгін өзгеше. Отыздың о жақ, бұ жағындағы жігіт қолындағы бір жапырақ қағазына әлденені асығыс жазумен әбігер. Сөйлескім келеді. Трубканы іліп, кабинадан шыққан соң әңгімеге тарттым.

– Құпияны білуге құмар емеспін. Қажеті жоқ деп тапсаңыз, айтпай-ақ қойыңыз. Бірақ, кіммен сөйлестіңіз?

– Мен бе? Мінеки, қараңыз. Ол қолындағы қағазын көрсетті. Жыпырлаған адрестерден ештеңе ұға алмадым. Сұраулы жүзбен қарағанымды ұқты.

– Қызық болды.

– Иә, нендей қызық?

– Мәскеуде тұратын досыма звондайын. Жаңа жылымен құттықтайын деген оймен келіп, жаңа достар таптым.

– Қалайша?

– Мың болғыр телефонисткалардың арқасы. Алдымен Мәскеуге емес Киевке түстім. «Серікпісің?» десем, «Серегамын» дейді. Хал-жағдай сұрастық. Киевтің пединститутында оқитын кластасыма сәлем айттым.

– Содан соң.

– Адресін жазып алдым.

– Қайтадан байланыстырғанда, тағы да Мәскеуге емес Минскіге тап болдым. «Серікпісің?» десем, «Светамын» дейді. Өзі бір әңгімеге жанып тұрған қыз екен. Алматының апортын, ауа-райын, менің көңіл-күйімді – бәрін сұрады. Адресімді беріп, өзінің мекен-тұрағын жазып алдым.

– Сонымен.

– Үшінші рет Тбилисиде тұратын Чхеидземен амандық-саулық сұрастым. Әй-шәй жоқ, қонаққа кел деп қояр емес. Уәде беруге тура келді.

– Ақыры Мәскеудегі досыңмен сөйлестің бе?

– Сөйлестім. Барлық қазақстандықтарға, оның ішінде сізге де сәлем айтып, Жаңа жылда жақсы табыстар тіледі.

– Рахмет.

Осы кезде оның атын атап, кассаға шақырды.

– Он бес минут сөйлестіңіз, ақысын төлеңіз.

– Қалайша? Мен үш-ақ минутқа заказ бергенмін. Ол аң-таң болып жан-жағына қарайды.

Қалааралық телефон станциясының коллективі 1982 жылды еңбектегі зор табыстарымен қорытындылады. КСРО-ның құрылуының 60 жылдығына орай өткен Бүкілодақтық социалистік жарыста үздік шығып КСРО Байланыс министірлігінің, байланыс қызметкерлері кәсіподағы орталық комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

1983 жылы жаңа автоматты телефон станциясы іске қосылмақшы. Мұның өзі телефон қызметін пайдаланушылардың талап-тілегіне сай сапалы жұмыс атқаруға кең жол ашады. Сондай-ақ, Панфилов көшесінің бойында салынып жатқан жаңа қалааралық сөйлесу орталығының үйі де кезегін күтуде. Қалааралық телефон-автоматтардың санын 150-ге жеткізу көзделуде. Астана жұртшылығы бүгінгі таңда 200 мыңнан астам телефон аппараттарын пайдаланатын болса, Жаңа жылда мұның саны одан әрі өсе түсетіндігі анық.

Қалааралық сөйлесу пункті... Бір минут те дамыл жоқ.

Орта жастағы азамат Фрунзеде тұратын қырғыз досымен сөйлеспек екен. Жарты сағатқа жуық қолындағы газет-журналдарын ақтарып сабырлы отырды. Алайда телефонистка есімін атап, телефон номерін қате бергендігін айтқанда, күйгелектеніп қалды. Қойын кінешесіне үңіліп, шынымен қателескеніне, бір-ақ цифрдан мүлт кеткеніне қапаланып кете бермек еді, телефонистка сол сәтте одан телефон номерін қайталап сұрап, бос тұрған кабинаға баруын өтінді. Артық жұмыс тауып бергендігіне ыңғайсызданып, ол телефонистка қыздан ғафу өтінді.

Егде әйел жылдам-жылдам сөйлеп, бірді айтып, бірге кетіп, сұрақ үстіне сұрақ жаудырып тұр, ең негізгі шаруасын айтуға үлгере алмай қалғанға ұқсайды. Қолма-қол қайта байланыстырып беруді өтініп қояр емес. «Тіпті, Жаңа жылмен құттықтауды да ұмытып кеттім» дейді назаланып.

Қалааралық сөйлесу пунктіндегі жаңажылдық көңіл-күй, адамдардың ықыласты құттықтауларында толас жоқ.

Жаңа жыл келді. Дәл осы сәтте қалааралық телефон станциясы арқылы сіз алыстағы ағайын-жекжат, дос-жарандарыңыздың біріне телефон шалған шығарсыз. Сол күні кезекшілікте болған Айша Тетенқұлова, Валентина Ушакова және басқа да телефонисткалар көпшілікке қызмет көрсетті.

«Алло, Жаңа жылыңызбен!» деді оларға телефондағы дауыс.

1983 ж.

ШАЙҚАЛМАСЫН ШАҢЫРАҚ

Отбасындағы ажырасудың кейбір деректерін алға тарта отырып, семья шырқы жөнінде ой-қозғайтын әлеуметтік-проблемалық мақала.

Жас жұбайларға айтылар ақ тілектер қаншама, ақыл-кеңестер де жеткілікті тәрізді, тіпті олардың өздері шаңырақ көтерген күннен бастап-ақ, отбасы татулығы, отбасы шырқы, отбасы бақыты жөнінде тамаша ұғымдар қалыптастырып үлгереді емес пе?! Сөйте тұра, ұлан-асыр тойдың да, қыруар тілектестердің де, жар көзіндегі бейкүнәліліктің де кейде шетке ысырылып, ешқандай құны қалмай, ажырасудың ауыр сәтіне ұрындырып жататынының куәсіміз. Неке жүзігін алмасып, бір-біріне айрықша мейіріммен үздіге қарап тұрған екі жастың ертеңгі күні

«қателесіппін», «алданаппын», «кеш түсіндім» деуінің сыры неде? Әрине, дәл осы мәселеде жүз сауал қойып, мың жауап алуға болатыны да белгілі. Ажырасулар – қазіргі таңдағы үлкен әлеуметтік проблемалардың бірі екендігін социологиялық зерттеулер, демографиялық дәлелдеулер, статистикалық мәліметтер, ұдайы күн тәртібіне қоюда. Кеңестік заң егер семья сәтсіз құрылған болса, жұбайларды ажырату жөнінде арнайы шара белгіленген. Бірақ, мұндай жағдайда ең алдымен семьядағы сызаттың ұлғаюына ешқандай кінәсі жоқ сәбилер тағдыры, бүлдіршіндер болашағы ойластырылады.

Қазіргі таңдағы некенің бұзылуы, ажырасудың көбеюі қай елде болмасын үлкен алаңдатушылық туғызарлықтай. Статистикалық мәліметтерге қарағанда 1980 жылы 1000 адамға шаққандағы ажырасу коэффициенті АҚШ-та – 5,0, КСРО-да – 3,5, ГДР-да – 2,7 болған. Ал елімізде 1981 жылы әр 1000 некеге 333 ажырасу сәйкескелген. Мұны сол жылы тіркелген некенің үштен бірі бұзылып отыр деп түсінуге болмайды екен. Өйткені, сол жылғы ажырасудың дені – оннан тоғызы – бұрынғы жылдардағы некелердің үлесінде. Мәселен, 1981 жылғы ажырасулардың үштен бірі он жыл немесе одан да бұрынғы жылдарда құрылған семьялардың бұзылуын көрсеткен.

Бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда да семьялардың ажырасу көрсеткіші өсіп келеді. Мұны, әрине, халықтың санының көбеюімен ақтауға болмайтындығы өзінен өзі түсінікті. Некенің бұзылуы ауылды жерге қарағанда ірі-ірі қалаларда әлдеқайда жоғары екендігі де көңіл аудартады. (Мәселен, 1981 жылы әр мың адамға шаққандағы ажырасу коэффициенті қалада – 4,0 болса, ауылды жерде – 0,9).

Ауыл мен қала арасының жақындасуы үздіксіз жүріп жатқан процесс. Бұл семьядағы адамдар санына да елеулі ықпалын тигізуде. Ауыл жастарының көбісі білім қуып, үлкен өндіріс орындарында жұмыс істеуге ұмтылып, қалаға қоныс аударады. Қалада семья құрып, тұрақтанып қалады. Ауылдағыдай емес, қалада бір-екі баламен ғана шектелушілік белең алып отырған құбылыс. Көп балалы семьялар Орта Азия мен Кавказ республикаларында айрықша байқалатын болса, мұның дені ауыл-селоларда тұратындығы даусыз. 1979 жылғы Бүкілодақтық халық санағының деректеріне қарағанда Қазақстанда үбірлі-шүбірлі семьялар әлі де көптігімен қуантады. Мысалы, семья құрамы 6 адамнан асатын үлкен семьялар 509 мыңға жетіп, бұл барлық семьялар санының 16 процентін құрайды екен. Қызылорда облысы Сырдария ауданында тұратын озат звено жетекшісі, екінші және үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің кавалері Н.Айтмағанбетованың семьясында 15 баланың өнегелі тәлім-тәрбие алып отырғандығы, Шымкент облысы Жетісай ауданындағы қарапайым еңбек адамы, мақта бригадирі А.Алтынбеков семьясындағы 15 ұл-қыздың тату-тәтті жарасымды өмірлері, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Аралағаш» совхозының еңбек озаты С.Есеневтің 15 балалы шаттығы шалқыған шаңырағы, Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы озат күрішші, Социалистік Еңбек Ері С.Жұмабекованың семьясында 10 ұл-қыздың өсіп-өніп, алды еңбекке араласа бастағандығы, т.б. толып жатқан жарқын мысалдар аз емес. Семьядағы балалар санының көбеюі оның беріктігін нығайта түсетіні анық. Дегенмен, ішінара кездестін кейбір мысалдар төңірегінде де ойлануға тиіспіз.

Редакцияға Шымкент облысының Созақ ауданынан хат жолдаған Б.Мұқанов өзінің «Сегіз бала тағдырына кім жауапты?» атты мақаласында 17 жыл бірге отасқан семья мүшелерінің қақ жарылу себебін түсіне алмайтындығын, Әнипа мен Аманкелдінің бұл қадамын туған-туыс, дос-жарандарының ешқайсысы құптамайтынын, олар қатты ойлануға тиіс екендігін жазады. «Сүттей ұйыған татулығы бұзылып, семья шаңырағы шайқалып, өткен жылдан бері ерлі-зайыптылардың арақатынасы үзілді. Орталарындағы 8 бала төрт-төрттен екіге бөлінді» дейді ол. Азаматтық сот бұларға асығыс шешімге бармауды өтініп, ойланып-толғануға алты ай мерзім уақыт белгілеген. Ал сот мәжілісіндегі Әнипаның сөзіне көңіл аударайықшы:

– Ендігі жерде бірге тұра алмаймын. Шыдай-шыдай қажыдым. Айлық табысын қолыма салмайды. Ішетіні – арақ, іздейтіні – жанжал. Шешеме тиіседі. Кәрілігін сыйлау орнына, «қақпас» деп қаңқу сөзбен мүжиді. Маған көрсеткен зәбірі аз болған жоқ. Ақ қар, көк мұзда талай рет суық үйге қамалдым. Төзім таусылды. Ажыратыңыз да, үй-мүліктері мен малды тең бөліп беруіңізді сұраймын. Балаларымды менің тәрбиеме аударыңыз. Бала – анаға жақын. Бауырымда өссін.

«Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады» десек те, мың күн сынбаған шөлмекті тағы да әлденеше мың күн сындырмаудың мүмкіндігі бар ғой. Бәрі де ерлі-зайыптылардың өз жауапкершілігінде, өзара түсінісушілігінде, семья мүддесін ортақ сезінуінде. Біз дәл осы мәселе төңірегінде нақты деректер мен нанымды пікірлерді сарапқа салу

үшін Алматы халық шаруашылығы институтының статистика кафедрасының аға оқытушысы Ақжолтай Елемесовамен әңгімелескен едік. Ол өзі жинаған мәліметтер төңірегінде былайша пікір тарқатты:

– Қазақ ССР Орталық статистика басқармасының деректеріне қарағанда жыл сайын некеге тұрғандардың 12 проценті ажырасып кетеді екен. Әрі бұл көрсеткіш ауылды жермен салыстырғанда қалада 4 есе жоғары. Сондай-ақ ажырасудың 25-39 жас аралығындағы жұбайлар өмірінде жиі көрініс табатындығы мәлім болып отыр. Ажырасудың көпшілігі (30 процентке жуығы) 5 – 9 жыл отасқандар арасында байқалады екен. 1981 жылғы ажырасушылардың орта жасы ерлерде – 34, әйелдерде – 32. КСРО-ның көптеген қалалары мен әртүрлі аймақтарындағы және оның ішінде Алматы қаласындағы некелердің бұзылу себебін зерттеу нәтижесі ажырасуға көбінде әйелдер тарапынан ұсыныс неғұрлым жиі жасалатындығын көрсетуде. Заңды некенің заңды түрде бұзылуы республикамыздағы демографиялық өсімге де елеулі кері ықпалын тигізуде. Зерттеулерге қарағанда Алматы қаласындағы өсімнің шектелуінде семьялық ажырасулар 5 процент үлес алады. Некенің бұзылуы, әсіресе жастар өмірінде, дүниеге келетін балалар санын сөзсіз азайтады, ал ажырасқандардың барлығы бірдей қайтадан некеге тұрмайтыны, семья құрмайтыны да белгілі ғой. Ажырасудың балалар тәрбиесіне аса үлкен кесірін тигізетіндігін, әкенің не шешенің сынаржақты қамқорлығы, қанша дегенмен бала психологиясына елеулі із қалдыратындығын педагогтар мен психологтар дәйім тілге тиек етуде. 1980 жылы бұзылған некелердің 63 процентінде әкесіз яки шешесіз өсетін 32899 балалардың 18 жасқа дейінгілер болғандығы, оның 27479-ы, яғни 83,5 проценті қала тұрғындарының балалары екендігі ойлантса керек. Ажырасудың, семья шырқын бұзылуының себептері көп. Көзқарастың, мінез-құлықтың үйлеспешілігі де бұған едәуір әсерін тигізетіні рас. Дегенмен, көптеген зерттеулерге үнілсек некенің бұзылуына ерлердің маскүнемдікке салынуы, ішінара әйелдердің де бұған бойсұнуы (барлық ажырасулардың 40 проценті осы себепті, әрі бұл цифр өсе түсуде) екендігін байқаймыз.

Бұдан бірнеше жыл бұрын одақтық мерзімді баспасөз беттерінде некенің тұрақсыздығының негізгі себеп-салдарлары жөнінде қызу пікірталас өткен болатын. Ол әлі де әртүрлі формада жалғасын табуда. Кезінде жұртшылық бұл тақырыпта әңгіме қозғаған журналистердің, философтардың, социологтардың, экономистердің әрқилы баға-тұжырымдарына айрықша назар аударып, ынта-ықылас қойған-тын. Әрине, осынау ірі проблеманың шешілуі бір күндік немесе мерзімдік шаруа емес екендігіне көз жеткізгендей. Биыл Арменияның Цахкадзор қаласында семья проблемасына арналған Бүкілодақтық конференция өткізілді. Бұл конференцияның мұнда өтуінің өзіндік сыры да бар еді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда Одақ бойынша алғанда семьядағы ажырасудың ең аз мөлшері Арменияда болып отыр. (Халықтың 1000 адамына орай алғандағы ажырасу коэффициенті мұнда – 1,1, Қазақстанда – 2,6, ал РСФСР-да – 4,2). Арменияда әр 100 некенің 10-ы ғана ажырасатындығы конференцияға қатысушыларды елең еткізерліктей көрсеткіш болған. Бұл – салыстырмалы түрде алғандағы үлкен жетістік. Ал осының сыры неде екендігін іздеген социологтар Армения әйелдері арасында жүргізілген сұраққа жауап алу кезінде оған қатысушылардың 90 проценті өмірлеріндегі ең қымбаттысы – бала екендігін айтқанына көңіл аудартады.

«Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар», «Адамның бір қызығы бала деген» сияқты қасиетті ұғымдар қанына сіңген біздің халқымыз үшін де семьядағы сәби күлкісіне тең келер ештеңе жоқ. Жас семьяда өмірге келген алғашқы бөбекті «атасының баласы» деп атау, атасы мен әжесінің тәрбиесіне беру дәстүрі ел ішінде әлі де өз күшінде. Мұның бір игі де тамаша тәлімі дүниеге екінші, үшінші, төртінші баланың келуіне әсер жасауында болса керек. Ата менен ененің тағлымын көрген келін, әке мен шешенің өнегесін үлгі тұтқан ұл – ертеңгі күні шаңырағы биік, керегесі кең отау иелері болатынының сырын халқымыздың озық моральді, адамгершілік ізгі қасиеттерді жас семья иелеріне өмірлік мұраға қалдыратындығынан іздесек қателеспейміз.

Анкета сұрақтарына жауап берген армян әйелдерінің 95 проценті семьяда ер адамның беделі жоғары тұратындығына күмән келтірмеген Қара шаңырақтың иесі ретінде атаның, әкенің ролі айрықша құрметтелуі біздің халқымыздың да қадым заманнан қалыптасқан қағидасы. Бұл – семья беріктігінің үлкен бір алғышарты тәрізді. «Қызға қырық үйден тыйым» дегенде де халқымыз тәрбиенің от басындағы өнегеден тамыр тартуын ойласа керек. Ата дәстүріне адалдық көптеген семьялардың бала тәрбиесіне, ұрпақтар ұласуына игі ықпалын жасайды. Қазақ семьясында баланың өтініш-тілектерін тыңдаған соң шешесі «әкеңмен

ақылдасайық», «әкең рұқсат берсе» деген сияқты ыңғайда бағыт беріп отыратынын жиі ұшыратамыз. Бұл – семьяның қалыптасуы, оның нығаюы, оның үлгілі болуы көбіне-көп әкенің жауапкершілігінде екендігін аңғартады. «Бақыр басты» еркектің өзін үй иесі деп әспеттеудің әріден келе жатқан үрдісінде әлгіндей тағлым бар. Әкеге қарап өскен ұлдың санасында семья тұтқасын ұстаудың, от басындағы тату-тәтті тірліктің кілті болудың тамаша дәстүрі қалыптасады. Міне, семьяда әкенің өзгеше орны барына үнемі назар аудартуы, әйелдің жарына құрметпен қарауы, балаларының бойында да сол сезімді оятуы – халқымыз қастерлеген қасиет ретінде қазір де құнды.

Семей – Көкпекті аралығында «көкқасқа» машинасымен жүк тасымалында жүрген Нұрхан кездейсоқ аварияға ұшырады. Мұндай рейісте жүргенде қасына адамдар отырғызуға рұқсат жоғын біле тұра көңілжықпастықпен келісім берген екі ауылдасы қаза тауып, өзі жеңіл жарақат алды. Екі-үш аунап түскен машинасынан сау-тамтық жоқ. Ішімдікпен мүлде араз бұл жігіт жөнінде жұрттың пікірі өте жақсы болатын. Әйткенмен әділ жазаны өтеуге тура келген. Ауылда екі баласы мен жұбайы, қартайған әке-шешесі қалды. «Майра, әке-шешемді күт, балаларды өсір, мені тос» деген Нұрхан жарына қоштасарда. Айтарын айтса да, көңілінде күмән кеткен. «Ошағыңның оты өшсе қайтесің?» деп мазалайтын бір суық ой. Майра жас еді. Міне, осы кезде оған ата-енесі зор сүйеніш бола білді. Келіндерін туған қызындай әлпештеді. Нұрханның аман-есен оралатынына сенімін бекітті. Арада өткен бірнеше жылдар осынау жас семьяға үлкен ауыртпалық әкелсе де ақырына дейін түтіні түзу ұшты. Нұрхан кесімді мерзімін өтеп келгенде ұлан-асыр той өтті. Сөйтіп олар алдарына бір табын сиыр алып, мал шаруашылығына араласты. Қазіргі күнде еңбектің зейнетін көріп бала тәрбиелеп, ел қатарлы тұрмыс құрып жатқан бұлар туралы замандастары әрдайым ілтипатпен, құрметпен айтады.

Мұның өзі өмірден алынған бір ғана мысал. Күн жаумай су болып, ыдыс-аяқ сылдырынан сұмдық тауып, алып-ұшып айырылысуға асығатындар тірліктің ащы да кермек дәмін татып көрген соң ақылға келетіні анық. Ал ол қаншалықты қымбатқа түседі десеңізші.

Жақында көгілдір экраннан «Мосфильм» киностудиясы шығарған «Қайта өткен үйлену той» атты кинокартина көрсетілді. Ерлі-зайыпты екеу ажырасуға бекем бел байлап, сотқа арыз кешеуілдеуіне байланысты (оларға бір-бір бөлмелі бөлек екі пәтер қажет) уақытша бұрынғы үйлерінде тұруға мәжбүр болады. Міне, жұбайлық өмірде түсінбеген көп жайттарға олар осы бір «өліара» кезеңде көз жеткізеді. Екеуі де бір-бірін қимайтындығын, тірліктегі әр-түрлі қиыншылықтар айырылысудың қасында түкке тұрмайтынын түсінеді. Фильмнің идеясы да ажырасудың көбіне асығыстық салдарынан болатынын, жас жұбайлар мұндайда аса сергек болып, шалыс қадам жасауға ұрынбауын, тіпті бірге тұрған кезде байқалмаған ынтызарлық пен құштар сезім кейіннен жаңадан оянуы мүмкіндігін діттеген.

Алматыдағы Фрунзе аудандық халық сотының судьясы Жамбыл Ысқақов айтқан мына бір ойлар осы тұста санамызда қайтадан жаңғырықты:

– Аудандық халық сотына ажырасу жөнінде арыз-шағыммен келетіндер аз емес. Бірақ, олардың өтініштерін қолма-қол қанағаттандыруға асықпауға міндеттіміз. Берісі екі-үш айға, әрісі алты айға дейін ойланып толғануға мұрсат беріледі. Мұның өзі советтік заңның семья мүддесін қорғайтындығын, азаматтарды ажыратуды емес, тіл табыстыруды, түсіністіруді алғы орынға қоятынын аңғартса керек. Біздің аудандық халық сотында шамамен жыл сайын 200-ден астам, 300-ге жуық ажырасу өтініштері қаралады екен. Мұның бәрі, әрине, ерлі-зайыптыларды екіге бөлумен тынбайды. Мүмкіндігінше олардың ұғынысып, татуласып, қайтадан семьялықтірліктерін жалғастыруларына дәнекер болуға ұмтыламыз. Бұдан бес жыл бұрын әлгіндей өтініш жасаған С. деген келіншекті, оның жолдасы жоғары білімді музыка маманы Н. Деген жігітті жақсы білемін. Олар екі-үш айдан соң өз өтініштерін қайтып алған болатын. «Біз семьямыздағы үш баланың ертеңін ойладық, түсіністік, алдағы уақытта бұрыс қадам жасауға бармауға тырысамыз» деген едіолар. Шаңырақтың шайқалмай, шаттықтың ұясы болудан асқан бақыт бар ма, сірә?! Мен олармен қазір де жолығысып тұрамын. Өңгімеміз балалардың амандығын сұраудан басталады. Жарасымды отбасы иелері. Тіпті, солардың бір кезде айрылысу үшін алдыма келгеніне сенгім де келмейді. Ылайым, осылай болсашы.

Бұрын оңаша отау тігуді армандап, бір адамға үміт артып, тілек қосып, отбасын құрған, кейіннен тағдыр соқпағымен жолдары екі айрылған жандармен бұл тақырыпта пікірлесу де оңай емес. Көңіл күйдің ең бір нәзік пернелерін басып, әлсіз шекті дың еткізгенінді байқамай қаласың. Одан әрқилы үн шығады. Көбінесе, ажырасудан соң әйелдердің екінші рет тұрмысқа шығуға ешқандай құлқы болмайтыны, баласын өсіріп, тәрбиелеп, «тәуелсіз» ғұмыр кешуді құп

көретіні таныс жайт. Бұған дейін елімізде жесірлердің көптігі сонау сұрапыл соғыс зардабынан екендігі баршаға мәлім болатын. Бұл ащы шындық. Қан майданнан қайтпай қалған жарын күтіп, ғұмыр оздырып, шашын қырау шалған аналар қаншама. Ал ендігі тұста жесірліктің жеке бастың тыныштығын ойлаумен ғана, «қазіргі таңда ажырасу мода ғой» деген жеңіл пікір жетегінде ғана әркімнің өзін өзі жұбатуы, алдарқатуы қажет пе? Осы мақаланы жазу үстінде «ажырасқандар қайта қосыла ма?» деген сауалды алға тартып, Алматыдағы Москва аудандық АХАЖ бөлімінің меңгерушісі Назыгүл Дүйсенбаеваны пікір бөлісуге шақырған едік.

– Ажырасқандардың қайта қосылуы жиі болмағанымен, кездесетін жайт, – деді ол. – Араға бір-екі жыл ғана емес, бес-он жыл салып та қайта табысып жататын тағдырлар бар. Біз мұны толық құптаймыз. Өйткені, бұл арада ол екі адамның бір-біріне деген қимастық сезімі, қайта оянған махаббаты өз алдына, жәутендеп өсетін сәбилердің әке мен шешенің аялы алақанының жылуын сезінуі үшін қажет бұл қайтадан табысу. Осыдан бірнеше айлар бұрын біздің АХАЖ бөлімшесіне жастары елуге жақындап қалған ер мен әйел қайтадан некеге тұру жөнінде өтінішпен келген. Сұрастырғанымызда әлденеше жылдар бойы екі бөлек түгін түтетіпті. Ендігі қосылудың мәнісін білгіміз келгенде: «Біз немерелі болдық. Баламызды бірігіп тәрбиелей алмаған едік. Енді немереміздің қызығын бірге көрсек дейміз. Немеренің жөні бөлек екен...» десті. Мұны олардың өз ауыздарынан естімеген жандарға жасандылау көрінуі де мүмкін. Бірақ мен олардың көздеріндегі жасты көріп, таңқалдым. Тебірендім. Өмір-ай!... дедім күбірлеп.

«Үйлену оңай – үй болу қиын» дегенді кейде әйтеуір тілге тиек ретінде қолданамыз. Әйтсе де, бұл сөздердің қиыннан қиысып тұрғаны сияқты, мағынасы да тым тереңде емес пе.

Жақында Москваның саяси әдебиет баспасы «СССР-дың халқы» атты анықтамалық кітап шығарды. Сонда «Неке және семья» атты жеке тарау бар. Цифрлар сөйлегенде шертілер сыр алуан. Біздің республикамыздағы үш миллионнан астам ақ отаулар Одақтағы жетпіс миллионға жуық отбасылардың ажырамас құрамдас бөлшегі. Ал, әрбір шаңырақтың шаттығы қоғамдық қуанышқа ұласады. Қоғамдағы озық моральдің өзі отбасындағы тату-тәтті тірліктен бастау алады. Сондықтан да шаңырақ шайқалмасын дейміз, қай-қайсымыз да.

1983 ж.

АР-ҰЯТТАН АТТАП КЕТПЕЙ

Адамға керегі – ар-ұят. Ал мұның біздің бойымызда бар екенінің айғағы – бір нәрсені бүлдіріп қойған соң екі бетіміздің ду ете түсуі, көзімізбен жер шұқылап тұруымыз, желкемізді жөнсіз қаси беруіміз емес. Ұят деген – тек қана ұялу емес.

Қазіргі замандағы этика ар-ұят мәселесін адамның жеке басындағы ізгі қасиеттердің бәрімен ұштастыра қарайды. «Ақыл-ой – бәрінен үстем, ал ар-ұят әркімнің өз шаруасы» деп бұған біржақты, тар шеңберде үңілуді жақтайтын буржуазиялық идеологтармен мәмілеге келе алмауымыздың өзгеше сыры бар. Коммунистік мораль ақыл-ойдың, саналы көзқарастың, шынайы сезімнің, ар-ұяттың бір-біріне жарығын молынан түсіріп тұруын көздейді. Ұждан тазалығы жолындағы күрес – әрбір совет азаматының өмірлік мұраты болуы да сондықтан.

Адам неліктен кейбір жағдайда өзін-өзі болмашымен алдандырады, қалайша қате қадамы үшін кінәлі де, күнәлі сезінбейді, неге шырқырап жаны ауырмайды? Мәселен, кәнігі алыпсатардың жұрттың қолы жетпей жүрген қат нәрсені екі-үш есе артық бағаға сатып тұрғанда жүзі жанбайтыны, көлденең табысты қуалап, қайтсем артық ішіп-жеймін, қайтсем басқаның үлесінен үзіп-жұлып кетемін деп жанталасатындардың ештеңеден қысылмайтыны, маскүнемдікке салынған құр сұлденің семья, жора-жолдас, коллектив алдындағы жауапкершілігі мысқылдай да оянбайтындығы, бұрыс жолға түскен жасөспірімнің қараңғы көшеде жазықсыз жанды соққыға жығып кеткенде жүрегі ауырмайтыны, т.б. – қайран қалдырарлықтай жайттар емес пе?! Ар-ұяттың оты неге өртемейді оларды?! Бақсақ – ар-ұяттың тұншықтырып тұратын олардың өз «ақылы» болады екен: «Адамдардың бірін-бірі алдайтыны, арбайтыны, мұзға отырғызып кететіні рас қой. Мен неге сөйтпеймін» дейді ішкі ойы. «Бүгін маған бұйырмаса – ертең басқаға бұйырады» дейді бақай есебі. «Жалғыз мен бе күнәкар?» дейді жұбату үні. Міне, санасыздықтың ауыр қылмыстарға апаратын соқпағы осы.

«1975 жылы алғашқы ұлым дүниеге келіп, әйелдер босанатын үйде жатқанымда мен бір сұмдықтың куәсі болдым. Бізбен бір палатадағы қазақ қызы екі тәуліктен соң баласын емізуден үзілді-кесілді бас тартты. «Күйеуім жоқ. Мен мұны қайтемін» дегенінде өңінен өз пікірін

өзгертпейтіндігі білінген. Асханада, дәлізде шашы жалбырапқарап тұратын. Баласын емізіп отырған аналарға мағынасыз көз тастайтын. Ақыры сол қыз бір түнде қашып кетіпті. Бейкүнә нәрестені кейінгі босанған әйелдер кезекпен емізіп қайтарады. Бірнеше рет мен де ақ сүтімді бердім. Аман болса, қазір балалар үйінде шығар... «Баласынан безген» деген қандай ауыр сөз. Қалай дәті барды екен? Жүрегі тас шығар. Ар-ұяты жоқ шығар әлгі шөп желкенің. Естісем сенбес едім, көзіммен көрдім ғой. Ана деген ардақты атқа кір келтіретін мұндайларды соттаса да артық емес.

Бағдат Нәдірова
Талдықорған қаласы».

Бір қарағанда бұл да жеке бастың шаруасы сияқты. Жас қыз шалыс басқан болу керек, бәлкім опасыз жігіті орға итеріп кетті, мүмкін әкесіз бала өсіруден «арланды». Қайткенде де ол осы бір тағдырдың тарлау өткелінде дұрыс шешім қабылдай алмаған. Оның әкесі қатал шығар, шешесі айбатты шығар, дос-жарандары жоқ шығар... Әйтеуір, ол жап-жас басымен жападан жалғыз әйелдер босанатын үйден бала көтеріп шығуды ұят санады. Ақылының жеткен жері сол. Қазір сол қыз сақ-сақ күліп, бір үйдің келіні болып отыр-ау. Ал оның ар-ұяттан айрылған жан екенін ешкім білмейді де. Іштен шыққан перзентін лақтырып тастап жүре беретіндер психологиясын жеткізу қиын. Бұл азғындықпен қатар айыпталуға тиіс қылық екендігін қалың жұртшылық құптайды. Олай болса, біздің қоғамда әрбір жеке адамның ар-ұжданы таза болуына барша қауым жауапты. Сын сағатта, тұтқиыл шешім қабылдар кезде жалған ұятты емес, адамгершілікті жоғалтып алмауды ойлау керек екен. Ол үшін ар-ұятыңа ақылың оң төрелік жасасын.

«Бұл жөнінде араға уақыт салып барып жазармын деп ойлағанмын. Бірақ Майраның алғашқы қадамының өзін үлкен ерлік санағандықтан қолыма қалам алдым. Досым Төлен Өскенов қаладағы № 3 таксопаркте жүргізуші болып істейтін. Кенеттен ол қайғылы қазаға ұшырады. Таңғы сағат төрт жарым мөлшерінде машинасын таксопаркке қоюға әкеле жатып, бетон бағанға соғылып мерт болды. Дәрігерлік анықтама «мидың қатты шаршауы себепті, рульде отырып қалғып кетуден» деп тапты. Осының алдында ғана ол «Жақында үйленемін, тойыма шақырамын» деп жүрген. «Болашақ қалыңдығым» деп Майрамен таныстырған. Бәрі де бітті: жас ғұмыр өшті, арман үзілді дестік. Жоқ, өшпепті, үзілмепті... Майра қатты күйзеледі, жылайды, ақыры ешкімге айтпаған сырын әке-шешесіне ақтарады. Олар да абыржып, не істерге білмей, Майраға «дәрігердің көмегіне сүйенсеңші» деп ақыл-кеңес береді. Міне, осы тұста Майра солқылдақтық танытпайды. Төлenniң өмірінің жалғасы болатын нәресте жарық дүниеге келуі керек деп шешеді. Ол – екіқабат екен. Өз әке-шешесінің қарсылығына қарамай Майра Төлenniң қаладағы әпкесін сұрастырып, іздеп тауып, мән-жайды түсіндіреді. Төлenniң ата-анасы, туған-туысқандары хабарланып, солардың келісімімен кеше ғана арыстай азаматынан айырылған шаңыраққа бірер ай өтпей жатып келін түскеніне куә болады Байсерке станциясының тұрғындары. Қыздың ауылында ұзатылу тойы да өтеді. Келіндерін алып қайтуға барған Төлenniң туыстары көз жастарын көрсетпеуге әзер шыдайды. «Күйеу бала қайда?» деген сауалға көпшілік нақты жауап таба алмайды. Игі тілектер айтылады. Төлenniң әке-шешесінің үйінде Майра босанып, шекесі торсықтай ұлдың кіндігін кестіреді. Қамкөңіл қариялар немерелеріне ат қойып, той жасайды. Досым – Төлenniң өмірінің жалғасы бар! Сен ардақты анасың, Майра!

Бекенбек,
Алматы қаласы».

Оқиғасы ауыр болса да, басқаларға берер тағылым өнегесі қандай биік, жоғары! Жалған ұяттың жетегінде кетіп, бәрін жасыру Майраның қолынан келер еді ғой, бірақ оған ар-ұжданы жібермеген. Жоғарыдағы ана күйініші Майра туралы естігенде сәл болса да басылар, бәлкім. Адамның ар-ұяты бейкүнә сәби сияқты. Кейде озбыр ақыл, кейде қызба сезім оның жағынан шапалақпен тартып жіберіп, екі бетін қызартып қояды. Мұндай дәрменсіз халге түсірмей, демеу болатын да – өжет ақыл, өткір сезім. Ақылы мен ар-ұяты бірдей жоғары болған жағдайда адам не бір қиын өткелдерден кірленбей өтеді. Майра осындай жан екен. Ол – көптің бірі. Тіпті, жайшылықта жұрт арасында елеусіз де болуы мүмкін. Ал ар-ұятының тазалығы жөнінен ол өзгелерден әлдеқайда асқақ тұр.

«Қазіргі ғылыми-техникалық революцияның заманында адамның кез-келген ұсақ-түйекке жаны ауырмайтын болып барады. Адам сезіміне әсер ету қиындап кетті. Кейінгі ұрпақты да сезіміне ықпал тигізу арқылы емес, көбінесе ақыл мен білім арқылы тәрбиелеп жүрміз. Мәселен, ағаштары оталған орманды көрсетіп: «Не бір әдемі қарағай, қайың,

шыршалар өскен бұл жерде. Қайда сол сұлулық!» десеніз: «Барлық жерде осылай ғой» деп әріптесіңіз әңгімені басқа жаққа бұрады. Ал егер оған: «Мына орманда Мемлекеттік «Қызыл кітапқа» кіруге тиіс Шренк шыршасы, қара арша, қандығаш өседі» десеніз ол ойланады. «Табиғатты қорғау» деген ұғым оған таныс, түсінікті, ал, «ағашты аяу» дегенге – баланың ісі деп қарайды. Бір кітаптан оқыдым ғой деймін: балаға әке-шешесі әдемі тотықұс сатып әпереді. Бір күні сол құс өліп қалыпты. Бала жылап, уанбайды. «Тотықұсымды тірілтіп бер» деп қиғылық салады. Жылай-жылай ұйқыға кетеді. Ояна салысымен тағы да мазаны ала бастайды. Сол кезде әкесі ештеңе деместен киініп, сыртқа шығуға беттейді. «Қайда барасың?» деген әйеліне: «Зоомагазинге» деп жауап береді ол. «Сонда қалай, балаң: өлгенді тіріге айырбастап алуға болады екен – деп ойласын дейсің бе?» – дейді әйелі наразы кейіпте. Міне, мұнда адамның аяушылық сезімін ояту – тәрбиелік мәні бар мәселе екендігі тұспалданған. Аяу жоқ жерге – ар қайдан болсын!

Ұ.Төлепбаев,
Шығыс Қазақстан облысы».

Иә, ар-ұяттың оянуы да – тәрбиенің жемісі. Адамның ақыл, санасы бірте-бірте толысатыны сияқты, ар-ұяты да жастайынан қанына сіңіп, қалыптасуы керек. «Осыным дұрыс па?» деген сауал алдында тұрғанда «Онда не тұр» деп қолыңды бір-ақ сілтеп, «өзіме болсын» деген ниетпен тәуекел жасасаң – соңынан досыңның, жолдасыңның, замандасыңның бетіне тура қарай алмай жүретін кездер болады. «Сүрінбейтін тұяқ жоқ». Дегенмен, ар-ұяты мол адам аздап жаңылысқан жерден – ар-ұяты аз адам оңбай қателеседі. Мұрттай ұшады. Екеуінің де ішкі ойы белгісіз. Бірақ, бұл ақыл мен білімнің бұған қатысы аз деген сөз емес. Әрбір ақылды адам – моральға, этикаға жетік болуға тиіс. Логикалық қорытынды: сөз жоқ, ол адамның ар-ұяты көзсіз сезімнің емес, саналы әрекеттің жағында.

«Еңбек демалысымды алып «Сарыағаш» санаторийіне тынығуға келгенмін. Осында әу дегеннен-ақ әңгімеміз жарасқан ақтөбелік Кеңес деген азамат болды. Сол «атасына нәлет» деп қойып, ренжіп отырып айтқан бір жайды талқыға салуға ұйғардым. Алыс туыстығы бар бір ауылдасы қалада ұзақ жылдар оқып, ғылым қуыпты. Біреулер «кандидаттығын қорғапты» десе, біреулер «минимумын тапсыра алмай жүр» деген алып-қашпа сөз алмасып жетіп жатады екен. Былтыр сол жігіттің бір туысына сала құлаш тізімі бар хат келіпті. Онда «Мен деген ағайын-туған, таныс-біліс жандар көмектессін. Қорғағалы жатырмын» деген өтініш жазылыпты. Өлгі туысы ағайынан бастап ауыл арасын түгел адақтап шыққан ғой. Алды жүздеп, соңы 30–40 сомнан ортақ қазанға ақша құйған. Тізімде ауылдың бір ақсақал қариясының аты-жөні де көрсетілсе керек. Жылу жинаушы мән-жайды түсіндіргенде қария: «Әй, ол пысықты мен көрмегелі тура жиырма жыл. Кандидат болса қайтейік. Жиырма жылда бір рет келіп «Ассалаумағалейкум» деп қолымды алмаған тексіз немеге көк тиын да бермеймін. Оқыған екен. Жетіскен екен. Зәнталақ» – деп ауыл ақсақалы қатты ашуланыпты. Ел іші кейде тым кешірімшіл ғой. Өлгі «ғылым қуған» жігітке көл-көсір көмек беріпті. Ал ол болса беттің арын белбеуге түйіп жинаған жылуын нендей кәдеге жаратқаны белгісіз. Одан қандый ғылымды өркендетер адам шықпақ?!»

Қ.Бегімбетов,
Шымкент облысы».

Осындай қулық өзін алпыс айлалы түлкі сезінуден туады да. Аңқау елден алудың жолын таптым деп мәз болған шығар «кандидат» жігіт. Соншалықты арзандауына апарған жол қайсы? «Көп оқығандығы» ма? Ол белгілі бір ғылым саласынан әжептәуір хабардар болуы да мүмкін. Онысын ертең нендей мақсатқа жұмсайтыны да осы бір іс-әрекетінен қылаң беріп қалады.

«М.Горькийге: «Сіз егер кенеттен байып кетсеңіз қайтер едіңіз?» дегенде, «Көп кітап сатып алар едім» деген ғой. Мен басқаша істер едім, – деді жазушы болуды армандап жүрген бір жігіт, – Ең алдымен бес бөлмелі үй сатып алар едім... Машина... Қара теңіз... Курорт... Ақшаны қызық үшін оңды-солды пашар едім». «Ал, жазушылық ше?» «Оны көрерміз...»

Осындайға ойысқыш психология болмайды деп ойлайсыз ба? Жаңағы жігіт қалжыңдап айтып тұрғанына кепілдік бере алмайсыз ғой. Ендеше, ар-ұяттан аттап өтпеу жөніндегі әңгімеге әлі де талай оралуымызға тура келеді. Философия ғылымдарының докторы В.Н. Сагатовский кезінде «В.И. Лениннің жауынгер атеизмге айрықша мән бергені сияқты, қазіргі таңда жауынгер этика жөніндегі мәселе күн тәртібіне шұғыл қойылуы керек» деген ой айтады. «Весы Фемиды и суд совести», М., 1982).

Ал, мына бір хаттың мазмұны бөлектеу:

«Балаларым! Сендерді сырттай осылай атағаным болмаса, енді бұрынғыдай жақын барып, әкемін деп айтуға хақым жоқ. Қысқа ғұмырдың жартысынан көбін мағынасыз, мақсатсыз өткізіп алғаным өкінемін. Бәрінен де арыма түскен дақ қинайды. Өкініштің түрі көп қой. Күнделікті өмірде қолы жетпеген қымбат дүниеге, табылмаған киімге, бара алмаған жеріне, қатыса алмаған тойына бола өкінгендерді ұшыратып жүрміз. Бұл ештеңе емес екен. Тіршілік болса – бәрі де болады. Бірақ... сендердің «әке» деген сөзден үрейленетіндеріңді, жек көретіндеріңді ойласам – түн ұйқымнан шошып оянам. 1977 жылы семьямызға үшінші бала – сендердің бауырларың келді. Ол да биыл тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттайды екен-ау. Соған дейін тату-тәтті тұрып жатқанбыз. Шешелерің босанатын үйде болғанда мен жаман жүріске түстім. Үйге бейтаныс келіншектерді әкеліп жүрдім. Кейіннен сендер мұны шешелеріңе айтып қойғанда, шімірікпей, «жала!» деп, сендерді шырқыратып сабадым-ау. Марат, Дайда, Төлеуғали деген семьяда бұзылған жігіттерге ілесіп, бұрыс жолға түстім. Арақ ішіп, азғындыққа салындым. Сендердің болашақтарыңды ойлап, семьяны бұзбауға тырысқан аналарыңды да түсінбедім. Ақыры, ажырастық. Айықпас дертке шалдығып, жазамды тарттым. Мұның бәрін неге жазып отырмын? Сендер тағдыры бөлек таза жансындар. Кешірім сұраймын, бірақ одан не өзгерер... Менің бейшара халімді өзгелер ұқсын, қателеспесін, ар-ұяттан безіп, адамгершіліктен айрылмасын. Осы ғана еді бар айтайын дегенім... С. С.»

Өзін-өзі жоғалтқан, моральдық тұрғыдан күйреген әкенің сөзіне құлай құлақ түресіз. «Бұрынғың қате болған, соңғы сөзің дұрыс» деп аяушылық білдіресіз. Сірә, бұл оның ар сотының алдында өзін «айыптымын» деп мойындауынан шығар. «Арым – жанымның садағасы» деп әйтеуір қыбырлап жүргендермен салыстырғанда, өзін-өзі тергейтін, өзіне-өзі үкім шығаратын, түзелудің жолын тапқандарға адасқандар ретінде, «алды – жөн, арты – соқпақ» адамдар ретінде көңіл бөлуіміз сондықтан.

Адамзат дамуының әр түрлі сатысына байланысты, таптық көзқарастарға байланысты ар-ұятты бағалау да әр түрлі болғанға ұқсайды. Құлдық дәуірде адамды пұл ретінде алу, өткізу құл иеленушінің беделін титтей де түсірмеген. Феодалдық дәуірде шығыс елдерінде көп әйел алуды кәдімгідей мақтан тұтқан. Капиталистік қоғамда, ақша үстемдік құрған кезде өкімет басындағы орынның өзін миллионерлердің сатып алуы дағдыға айналған. Осының өзі ар-ұяттың өлшемі тек адамдардың жеке басына байланысты деп түсінуге болмайтындығын көрсетеді. Қоғамдық санадан тысқары алып, ар-ұятты әркім өзіне қажетті-қажетсізіне қарай қолдануын құптау – мүлде қате көзқарас. Бір ойшыл назар аударған мына бір мысалға көңіл бөлейік: суға секіретін адамның қимыл-әрекетінде жайшылықта моральға қатысты ештеңе де жоқ. Спорттың бір түрі. Оның әрбір жетістігі де – спорттық көрсеткіштер. Ал егер осы адам кенеттен суға тұншығып бара жатқан біреуді құтқарып қалу үшін суға секірсе ше? Енді оның қимыл-әрекетінде моральдық сипат бар. Ол адамның ар-ұяты жөнінде де айтуымызға болады. Ал күнделікті өмірімізде мұндай моральдық сапа-қасиеттерге толы іс-әрекеттер қаншама!

1984 ж.

ДОСТЫҚ ДЕСТЕЛЕРІ

Түскі үзіліс кезі. Бригада қосы дабыр-дұбырға толы. Таң бозынан тұрып алқапқа шыққан жігіттердің басы қосылғаны осы. Біреулері келіп, біреулері кетіп жатыр. Асығыс. Қысқа-қысқа хал-жағдай сұрасады. Асхананың алдында аз-кем аялдайды. «Қызғыш борщқа тойған соң, өңің қызыл шырайланып шыға келді ғой», дейді құрдасын қағытқан біреуі. «Күрең шайға қанбаса, қабағы ашылмайтын сен ғой деймісің жұрттың бәрі» дейді екіншісі. Есепші жігіт С.Жүнісов кеше кімнің қанша астық орғанын көрсеткіш тақтаға жазды. Бәрі соған назар аударысты. Қолындағы бордың тұқылын шошайтып тұрып Серік: «Бәрің де ана Иван мен Қабболладай қимылдаңдар, 800 гектар арпа өсірілген алқаптың 300 гектары екеуі орып тастады, Бес күннің ішінде» деді жан-жағына барлай қарап. «Түстік ішу керектігін ұмытып кетпесін бүгін», деді қушыкеш біреу қалжыңдап. «Олар әлі тоқтаған жоқ, алқапта жүр», деді бізге бригадир Мұрат Доспаев мұның сыры неде дегенді сөзіне салмақ үстеп аңғартып. Механизаторлармен тілдесіп көргенде байқағанмыз – ортақ істері жайлы айтқанда олар Иван мен Қабболла есімдерін ең алдымен атайды екен. «Біз де солар сияқты» дегендеріне қарап-ақ, ол екеуінің коллектив арасында құрметке бөлене бастағандарын байқау қиын емес болатын.

«Ораққа жұптары жазылмай, қатар шығып жүргендеріне биыл төртінші жыл. Алқаптары – бір, дестелері – қосар, табыстары – ортақ». Бригадирдің бұл түсініктемесінен кейін біз қос басында көп аялдаған жоқпыз. Егінжайға тарттық. Қос комбайнды алқап жиегінде тұрып күттік. Жүзіп келеді.

Ел ырысы тұнған егістік алқаптың күздегі ажары алабөтен ғой шіркін. Сап-сары егін, көкпеңбек аспан, қып-қызыл комбайн... Бұдан басқа бояу атаулының өңі қашқандай. Сары, көк, қызыл. Дикан қауымының да айырықша бағалайтыны осы үш түрлі түс болу керек.

Иван Шандр мен Қабиболла Доспаев комбайндарын келесі айналымға түсе бере тоқтатты. Моторларын өшірген жоқ. Осының өзі «көп аялдайтын шақ па қазір, мүмкіндігінше бізді шаруадан қалдырмаңыздар» дегендері сияқты. Орайы келген сәтті қағыс жібермейтін дағдымен жанымыздағы фото-тілші оларды комбайнның жанынан ұзатпай кідіртті де: «Суретке түсер кезде күліп тұрғанға не жетсін», деп өтінішін білдіріп жатыр. Сол кезде Қабиболла: «Мынау алқаптардың астығын жинап біткеннен кейін ойнаймыз да күлеміз, тіпті билеп те береміз» дегенде, оны құптап Иван езу тартты. Фотоаппарат шырт етті. Қабиболланың алқапты нұсқаған қолы ауада ілініп қалды. Екеуі де күліп тұр.

Қыста екеуі қар тоқтатқан, көктемде екеуі тұқым сепкен, енді міне екеуі тағы да бірге егінін жинап жүрген алқапқа сырт көздің өзі сүйсінеді. Былтыр да, арғы жылы да, одан арғы жылы да тер төккен танаптары. Бірақ, өткен жылдың өнімі биылғыдай емес еді. Әр гектардан 10,2 центнерден айналған-тұғын. Кейбір сортаң жерлер үшін бұл да әжептәуір көрсеткіш. Дегенмен, биік меженің аты – биік меже. Мынау берекелі алқаптың қаншалықты бап пен күтім тілейтінін оның төсінде жүргендерден артық кім білер. Биылғы міндеттеменің, гектар шығымдылығын 14 центнерге жеткізу жөніндегі жаңа шешімнің кездейсоқ қабылданбағаны анық.

«Биыл тасымалға шықсаң қайтеді, тәжірибелі жүргізушісің ғой?» деген бригадир сауалына Иван: «Қабиболла ше?» деп қарап тұрғанда қасындағылар ду күлген. Қатар жүретіндері, дестені қосарлап салатындары, бір-біріне қарайласып отыратындары – бәрі рас. Комбайндарды егінжай алқаптарына қос-қостан аттандыру тәжірибесі бұлар еңбек ететін № 4 бригадада бертіңде ғана қалыптасты. Бұған комбайншыларды қалай болса солай бөле салуға болмайтын еді. Орақтың отты күндеріндегі алға тосылатын сынақтарда сыр бермейтін, сенімді, төзімді, іскер сыңар табуға кім-кім де ынталы. Бірақ адам өз бойындағы мінін жайшылықта аңғара бермеуі мүмкін. Жанындағы жолдасыңа қарап, өзінің қаншалықты іскер, шаруақор екендігінді уақыт өте келе ұғасың. Орақтағы достық та көңіл жарастығы арқылы жүзеге асатынын осы екеуі дәлелдеп келеді. «Иван жүрейік» деген кезде – мен «жүрейік» десем – екеуіміз де кері тартпай, бері тартамыз» дейді күліп Қабиболла. Осынау дикан лебізінің мағынасы қымбат екендігіне жеке комбайнмен жүргендер мән бермеуі де мүмкін. «Қай уақытта жүремін, қай уақытта тоқтаймын, қанша орам, қанша бастырам – мұның бәрі өзіме байланысты. Штурвалда отырып шаршаған шағымда – аялдап, аз ғана тынықсам, демалсам, кім қой демек. Күндік тапсырмам орындалса болғаны» деп өз ойын бүкпесіз айтқан бір жігіттің пікірі ағат болмағанмен, біржақтылық басымдау еді. Қатар жүргендегі олардың ұтатыны – біреуінің комбайнынан ақау табылғанда екіншісінің дереу қол ұшын беріп көмекке келетіні; жалғыз өзі жарты сағатын, бәлкім одан да көп уақытын жоғалтар жөндеу жұмыстарын екеулеп демде бітіретіні; көңіл-күй төмендеп, тілсіз техникамен тіл табыспағанда жанындағы жолдасының әзіл-қалжың араластыра жігерлетіндіретіні екеуінің жұптарын жазбастан, жыл сайын ораққа жалындап қатар шығуының бір сыры осында.

Үнемі бірге, қатар жүретін, доскөңіл, сырлас адамдардың мінезінде де, өмірге көзқарасында да ғажап ұқсастық болады деседі. Болса болар. «Екеуінің салған дестелері қандай түп-түзу екендігін байқаған шығарсыздар, олардың өмірлік мақсаттарына апаратын жолдары да сондай» дейді совхоз жұмысшылар комитетінің председателі Т.Қуанышев. Әсірелеп айтқандай көрінгенімен, осында әспеттеуге боларлық шындық жатқаны анық. Өйткені, олар достық дестелерінің түзулігіне риза кейіпте, қатар тұрып, қиырға қарайды.

1985 ж.

КИІЗ ҮЙ

қазіргі таңда малышлар қауымының мұқтажсы ретінде де, халықтық қолөнердің қымбат қазынасы ретінде де айрықша көңіл бөлуі қажет етеді.

Сарысу аудандық тұрмыс қажетін өту комбинатында киіз үй жасайтын цех бар екенін естіген соң, арнайы бұрыла кетуді жөн көргенбіз. Малшылар қауымы жаз, күз айларында көшіп-қонып жүріп, сондайда тұрмысқа аса қолайлы киіз үйлерді көбірек тұтынады. Ал оның сапасы қандай деген сауалға әзірге мақтанарлықтай жауап болмай келе жатқаны да белгілі. Шопан мұқтажы қозғала қалғандай жағдайда киіз үйлердің кереге, уықтарының өте сапасыздығы тез сынып қалатындығы, туырлықтарының тым жұқалтаң болатындығы, бір-екі рет қатты жауған жаңбырдан соң су сорғалап кететіндігі жиі айтылып жүр. Киіз үйлердің ою-нақышқа, түрлі өрнектерге бай бұрынғы үлгісін қазір көзге елестетудің өзі қиындап бара жатқандай. Сүйегі жеңілдеп, өңі қоңырайып, тым жұпыны күйге түскен. Жасыл жайлау төсіне тігілетін ақ боз үйлержөнінде ауызының суы құрып айтатын көнекөз қариялар да азайып барады. Осы орыда, киіз үйлер бүкіл малшы қауымының мұқтажы ретінде де, халықтық қолөнердің қымбат қазынасы ретінде де айрықша бағаланып, айрықша көңіл бөлуді қажет етеді-ау деген ой келеді.

Күздің сол бір шағында Сарысу өңірінде ауа райы күрт бұзылып, жапалақтап қар жауып тұрады. Күздеуге енді түсе бастаған шопандардың жағдайы қалай қиындап кеткендігі айтпаса да түсінікті. Мұндайда олардың киіз үйлері қаншалықты қамсау болатындығына да көп нәрсе байланысты. Қар жауып тұрған күні киіз үй жасайтын цехты араладық. Қажетті материалдар мен цех өнімдерінің көпшілігі ашық алаңда, қар астында қалды. Сонау 1948 жылдан бері жұмыс істейтін бұл цехта жабық қоймалардың әлі күнге жабдықталмағаны өкінішті-ақ. Цех бұрнағы кездерде жыл сайын 1 мың киіз үйге дейтін шығарады екен. Қазір жылына 200 үйдің айналасында. Негізінен аудандағы шаруашылықтар мен малшыларды қамтамасыз етумен шектеледі. Цех бастығы Үйсінбай Дүйсекеев былай дейді:

– Біздің цехтағы жұмыстар негізінен қол күшімен атқарылады. Отыздан астам жұмысшы еңбек етеді. Олардың арасында жиырма-отыз жылға жуық осы цехтан табан аудармай еңбектенген ардагерлеріміз де бар. Қазір жылдан-жылға біз үшін ағаш табу қиындап барады. Солқылдаған сәмбі талдардан иіп жасаған уық керегелерге не жетсін. Соңғы жылдары сонау Жаңарқа ауданынан да ағаш тасыдық. Қолдан иіп жасаған уықтар, керегелер Үштөбедегі киіз үй фабрикасының өнімдерімен салыстырғанда сырттай сұлу көрінбегенімен, аздып кедір-бұдыры білініп тұрғанымен, берік те сапалы екендігі даусыз. Киізді Талғардан аламыз. 1981 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде біздің шығарған киіз үйлеріміз алтын медальға қол жеткізеді. Ал халық игілігіне қосылар үлесті арттыру үшін қамқорлық қажет.

Бұл пікір қол өнерінің құпиясын меңгеріп, қиын да ұзақ тер төгуді қажет ететін киіз үй жасаушылардың мұқтажы ескерілсе дегенді білдіру үшін айтылды. Шопан, малшыларға берік те төзімді, қолайлы киіз үйлер керек, ал киіз үй жасаушыларға – солқылдаған сәмбі тал керек. Міне, проблема. Үштөбеліктер киіз үйдің ағашына қарағайларды пайдаланады. Оқтай тұзу, бір қалыптан шыққан уық-керегелері бір көргенге әдемі болғанмен, көшіқон кезінде тез сыр береді. Сәл салмақ түссе, шарт сынады. Сарысулықтар киіз үйдің сүйегі асыл болу керек деген ең басты қағиданы әзірге ұстанып отырғаны байқалады. Бірақ, мұның қаншалықты қолдау табуы цех жұмысына жанашыр орындардың назарынан қағыс қалмауына да тікелей тәуелді екендігін ескерте кеткенді жөн санадық.

Бұл цехтың жұмысшылары, сондай-ақ, шаңырақ жасауда озық тәжірибе жасап, оны іс жүзіне асырып отырғандығын көрдік. А.А.Шмидт бастаған бір топ шеберлер шаңырақты иіп-құрастыратын қондырғының жұмысын жетілдірген. Сол арқылы берік те мықты, аязда шытынамайтын, жаңбырда қалса, кепкеннен кейін жарамсыз болып қалмайтын, мейіздей қатқан шаңырақтар шығара бастапты.

Жоғарыда айттық, киіз үй жасаушылардың дені егде жастағылар. Жастардың қол еңбегін қиынсынатынын, 120 сомдық жалақыны азсынатынын, одан гөрі техниканың тетігін меңгеріп, өнімді жұмыстар атқарғанды тәуір көретінін мұндағылар жасырмайды. Ол да дұрыс шығар. Техникалық прогресс өмір тынысымызға айналууда. Дегенмен, хас шебердің қолынан шыққан киіз үй де қымбат екенін ұмытпасақ дейміз. Бұл үшін ағаштан түйін түйетін шеберлікті меңгеру қажет. Ал жастарға үйретері бар өнегелі адамдар мұнда аз емес. Киіз үй жасау цехының жұмысшылары Исахан Баққұлиев, Рахманқұл Көшерев, Тұрғанбай Ержанов, Балта Сариевтер – бесжылдық белесіне бұрын шыққандар. Мәселен, Б.Сариев – 1956 жылдан бері киіз үй жасау цехында еңбек етеді. Озат жұмысшы, үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері. «Тұрмыстық қызметтің еңбек сіңірген жұмысшысы» құрметті атағы бар. Еңбек ардагері

медалін тағып, биыл құрметті пенсияға шықты. Қол өнерін бәрінен жоғары қоятын осы кісі сияқты шеберлерден үйренем десе жастарға әр уақытта да жол ашық.

Жас талдардың қабығын аршитын, уықтарды иетін, керегелерді көктейтін, киіздерді пішіп дайындайтын, шаңырақ жасайтын жұмыстармен таныса келе киіз үй жасаудың меңгерілмеген, кенжелеу қалып келе жатқан қосалқы жұмыстары қаншама деген ойға қаласыз. Шаңырақтың, уықтың әшекейі, туырлықтың, түңіліктің, үзіктің, дәдегенің ою-өрнегі, кереге мен туырлық арасына тұтылатын шидің түрлері, оның келісімі... – әрине бұлар туралы да айтпасқа болмайды. Өйткені киіз үй дегеніміз – жәй әншейін ықтасынды күрке емес қой.

Қабықталған уық бойы талды пеш қызуына ұстап, әбден қыздырып алғаннан кейін тезге салып түзеп, иіп, уық жасап жатқан жұмысшы Сатыбалды Төлебаев айтады: «Тал тапшы екендігін қайталай бергеннен не шығары белгісіз. Мынау – Бестоғайдан әкелінген сәмбі талдар, тезден өткеннен кейін де кедір-бұдыры қалады. Бірақ, фабриканың шығаратын қарағай уықтарынан әлдеқайда жақсы. Шопандар біздің киіз үйлерімізді қуана алады».

Түйенің терісінен таспа тіліп, кереге көктеп отырған Ізтілеу Райымбекова айтады: «Бұл жұмыспен төрт адам айналысамыз. Өзімнің осы мамандықтың құлағынан ұстағаным 24 жыл болыпты. Әрқайсымыз күніне бір жарым, екі керегеден көктеп шығуымыз керек. Көктеу қиын емес. Түйе терісінің иін қандырып, таспа тіліп, дайындап шығуға қаншама уақыт кетеді. Көзге көрінбейтін жұмыс қой...».

Сарысу аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатындағы киіз үй жасау цехының келешегі қандай болмақ деген сауал еріксіз тіл ұшына оралады. Киіз үйге қажеттілік бар. Сұраныс та бар. Сапалық сұраныс та арта бермек. Олай болса, осы мәселелер төңірегінде мамандардың пікірі қалай екен? Бұл сауал тек киіз үй жасаушыларды ғана толғанып отырмағандығы түсінікті.

1985 ж.

ЖАБЫРҚАТҚАН ЖАҒАЖАЙ

Күн – жексенбі. «Сайран» жағажайы ыстық құм мен салқын судан жанға шипа іздегендерге толы. Тек демалыс күндері ғана емес, бұнда жайшылықта да қайнаған тіршілік. Қалалықтардың қолдары қалт еткенде демалып, тынығатын орындарының бірі – осы, жағажай... Ал жабырқаудың сыры неде?

Алматылықтар үшін мәдени демалыс проблемасы көп ретте жақсы жолға қойылған деуге әбден болады. Жасыл желекке оранған қаланың сұлулығын сұқтанған көзден сақтасын. Бәрі бар. Парктер, театрлар, стадиондар, демалыс үйлері, жағажайлар... Бұлардың өзі біреу емес, бірнешеу. Қаланың төрт құбыласында үңірейіп бос тұрған бір орын жоқ сияқты.

Жағажай да демалыс орнына жатады. Және қандай демалыс орны десеңізші! Жаз өтіп бара жатқанын байқамаймыз-ау. Байқасақ, бірер демалысты көл жағасында суға шомылып, күнге қыздырылғанға арнаудың өзі неге тұрады. Қаланың батыс бөлігіндегі «Сайран» су қоймасын білмейтіндер кемде-кем. Абай даңғылының бойымен жан-жағына назар сала бір жүріп өткен жолаушының да көз алдында жарқыраған айдын суреті қалары сөзсіз.

Бұл жерден бір кезде құрылысқа қажетті материалдар құм, тас, топырақ қазып алынған. Кейіннен, 1971 жылы Үлкен Алматы өзенін бөгеу нәтижесінде «Сайран» су қоймасы пайда болған. Көлемі 2,3 миллион куб метр. Орташа тереңдігі – 12,1 метр. Жағалауы – қалалықтар үшін демалыс орны. Құм төселген жағажай, қайық станциясы бар. Қаласаңыз, қай уақытта болмасын, келіңіз де демалыңыз, суға жүзуді үйреніңіз, қайықпен серуендеңіз. Бірақ... жағажай болған соң, тынығуға келгендер үшін қажетті жағдайлар да жасалуы керек қой. Тек қана суға шомылу немесе қайықпен серуендеу жұртшылықтың тілегіне қанағаттандыра қоймасы анық. Күннің шыжыған ыстығында шөл басатын сусындарға сұраным көп. Ал мұнда шырын, сусын, балмұздақ тұрмақ, кәдімгі ауыз суға зар болатынын келушілердің көбі кейіннен түсініп, өкініп жатқандары. «Балам шөлдеп барады. Бір жұтым су беріңізші» деп қайықшыға жалынып тұрған келіншекті де көресіз. «Сендер – көпсіндер. Мен – жалғызбын. Бес-ақ литр су алып шыққанмын. Қайсыңа жеткіземін. Таусылуға айналды», - деп қайықшы азар да безер. «Сайран» жағажайы демалыс орны ретінде ашылғанына он бес жылға жуықтапты. Содан бері су құбырын он орап тартуға болар еді ғой. Бірде-бір су қолонкасы жоқ. Жарайды делік. Құбырды қойып, басқасына көшелік. Қайықты жалға беретін пункттің бастығы Тимофей Семенович Шлейхердің

айтуынша, қайықтар мен сувелосипедтерін күн сайын орташа есеппен 300-400 адам, демалыс күндері 500-600 адам тұтынады екен. Қазіргі пайдалануға жарамды 12 қайық пен 12 су велосипедтері аздық етуде. Бұрындары 40-қа жуық қайық болған екен. «Жанар» фирмасы жабдықтар санын көбейтуді емес, жылдан-жылға азайтып келе жатқаны түсініксіз. Осының бәрі айналып келгенде еңбекшілердің мәдени демалысына немқұрайды қараудың салқыны емес пе? Әрине, жағажайды нағыз демалыс орны ретінде жабдықтау бір ғана мекеменің шеше салар шаруасы еместігі белгілі. Жауапты құрылыс басқармалары, «Жанар» фирмасы, сауда мекемелері, мәдениет мекемелері, қоғамдық ұйымдар ұйымдастырғанда ғана жүзеге асатын шаралар қозғаусыз жатыр.

«Сайранның» бойы көңіл құлазытады. Бір қарағанда, айналасында биік-биік үйлер мойын созған, бір қапталында автовокзал, екінші қапталында Алматы үй құрылысы комбинаты тиіп тұрған «Сайранның» осы уақытқа дейін назардан қағыс қалуы таңқалдырады. Өтген, анау селдіреп, шегініп кеткен тал-теректерге қайтадан қатар түзетсе, жағажайдың анау тұсында шырын, сусындар сататын дүкен, мына тұсында спорттық ойындарға арналған алаңдар, спорт құралдарын жалға беретін пункттер салынса... Қазіргі күнде қалалықтар «Сайранның» гөрі Үлкен Алматы каналының Баум бағын қиып өткен тұсындағы демалыс орнын біршама қолайлы көруде. Мұнда қайықпен серуендеуге мүмкін емес, бірақ су велосипедтерін пайдалануға болады. Қалың ағаштың саясында волейбол, баскетбол, бильярд, теннис ойнайтын алаңдар жабдықталған. Қажетті спорт құралдарын беретін пункт бар. Түрлі шырын, сулар, тәтті тағамдар,, шашлық сатуды ұйымдастырған. БАҚ-тың бойынан осындай 5 демалыс орны, жағажай ашу көзделген екен. Бұған жұртшылық, әрине, қуанады. Тағы бір назар аударған көрініс, жаңағы демалыс орнында тынығушыларға арнап 4 киіз үй тігілген. Киіз үйдің ішінде телевизор, тоңазытқыш, кереует қойылған. Ортада – аласа стол. Жанында самаурын тұр. Қазақтың қоңыр домбырасы ғана жетіспейді. Киіз үйді бір сағатқа пайдаланудың құны – 1 сом 80 тиын. Ал енді сіз семьяңызбен немесе жора-жолдастарыңызбен жағажайға келдіңіз делік, суға түсіп, құмға аунап, күнге қыздырындыңыз. Біраз сергідіңіз, аздап шаршадыңыз. Содан соң әлгі киіз үйлердің біріне келіп, сары самаурынды ортаға алып, домбыраға қол созыңызшы... Көңіліңіз көтеріліп, жаныңыз жадырайтыны сөзсіз.

Еңбекшілердің жұмыстан бос уақыттарын, демалыс күндерін жаңа мазмұнмен байытып, келесі жұмыс аптасын немесе жұмыс күнін зор құлшыныспен бастап кетуіне жағдай жасаудың жолдары көп. Мұндайда мәдени демалыс орындарының қызметіне айырықша көңіл аудару заңды да. Ал «Сайранға» барған адамның басынан күн өтіп, кенезесі кеуіп қайтатынын қайтерсіз. Сол күні «Сайранға» келген бір топ чехословакиялық туристерді көрдік. Олар төрт-төрттен бөлініп, бірнеше қайықты жалға алды да, көлдің ортасына қарай жүзіп бара жатты. Күн шыжып тұр. Сәлден соң жағаға қайтып оралып, сусын іздейтіндері анық. Бәлкім, олар да анау тұрған автовокзалдың буфетіне жүгірер...

Міне, жағажайдан жабырқап қайтуымыздың сыры осындай. Айшықты Алматының «Сайран» да бір алқасы, ал, оның ажарын аша түсу өзіміздің қолымызда. Алыстағы Қапшағайға ат арытпай-ақ іргеде тұрған көлдердің, су қоймаларының жағалауларында жаңа талаптарға сай жағажайлар ашып, базарлы шақтың қызығын тамашалау қиын ба соншалық? Әрине, бұл айтылғандар тек қана «Сайранға» қатысты деп ойлап қалуға болмас. Тек астанамызда ғана емес, облыс, аудан орталықтарында да өзен-көлдердің бойынан ашылған жағажайлар жаз күндерінде аялы қамқорлыққа зәру. Мұның бір себебі – осы уақытқа дейін бос уақыт проблемасына байланысты жағажайдағы демалыстың мәніне терең назар аудармағандық. Қайта құру талаптары шаруашылық экономика, әлеуметтік салалардың бәрін қамтиды. Мәдени демалыс – әлеуметтік жағдайымыздың жоғарылығының бірден-бір кепілі болмақ. Ендеше, бұған қатысты мәселелердің ұсақ түйегі жоқ. «Сайран» туралы сөздің түйіні де осыған саяды.

1986 жыл.

БҰЙЫҒЫ АУЫЛ, БЕЙҚАМ ЖАСТАР

Шағын ауылдардың, бөлімшелердің, ферма орталықтарының қазіргі келбетіне жергілікті тұрғындар көбіне-көп риза емес. Әсіресе, ауыл жастары редакцияға жолдаған

хаттарында «біздің ауыл бір шетте... көңілсіз» деп жиі жазады. Осындай бір хат жолға шақырған еді.

Қаңтарда жауған қалың қардан жұқанақ та қалмаған. Қоңыр төбелердің күнгеі жақ беткейінен көкшіл бу көтеріледі. Құдды көктемдегідей. Көктемге дейін әлі қайда!

Қарлығаш селосы Андреев ауданының дәл іргесінде деген. Аудан іргесіндегі ауыл. Қалайша бір шетте болады? Аудан тұрмақ, совхоз орталығынан 40-50 шақырым шеткері қоныстанған ауылдар да бар ғой. Өне, соларды шалғайда деуге лайық. Дегенмен, бара көрерміз.

«Бір көрген адам аулымыздың сыртқы көрінісіне қызыға қарары сөзсіз. Табиғаты сұлу, жері бай, ауасы таза, адамдары ақжарқын. Тұрмысы да тәуір екен деп ойлайды. Бірақ, біздің ауыл тым көңілсіз. Шағын елді мекенде 105 түтін бар. Сегізжылдық мектеп, клуб, кітапхана, кішкентай дүкен... Бұдан артық не керек деп ойлауыңыз кәдік. Шындығында, аты ғана...».

Қызық екен. Шағын ауылдың шама-шарқына лайықтағанда шынында, бұдан артық не керек? Көріп жүрміз ғой, тіпті, кейбір жүз түтіні бар ауылдарда сегізжылдық мектеп те болмайды. Клуб пен кітапханасы кеңсенің ішіндегі бір бөлме мен ұзын залдан табылады. Әйтпесе ол да жоқ. Бар ғой сондай ауылдар. Жаздың желек ашқан шағында орталықтан келген автоклубты ортаға алып, мақпал түнді жамылып, кеңсе үйінің қабырғасына 2–3 метрлік ақзонды керіп тастап кино көріп отыратын ауылдарды көрген жоқсыз ба? Жаман да болса, қыста кино көретін бір клубымыз қашан болар екен деп зарыға күтіп жүрген ауылдар жоқ деп ойлайсыз ба? Онда неге, қолда бардың қадірін білмейміз?

«Балаларымыз 7 жастан 1-класқа барады. Шыны керек, бірден онға дейін санауды жарты жылда әзер үйренеді. Неге дейсіз ғой. 1 – 2 және 3 – 4- класс оқушылары біріктіріліп оқытылады. Аядай бір бөлмеге екі қатар қойылған парталардың бір қатарында 1-класстың, екінші қатарында 2-класстың оқушылары отырады. Орталарында жалғыз мұғалім. Отызыншы жылдары да бұлай оқытпаған шығар. Бірінші класстың оқушысына «Е» әрпін үйретпек болып мұғалім тақтаға жазып болғанша, екінші класстың оқушылары «Мынау – Е», «Жоқ, «Е емес «Ө» ғой» деп шулап кетеді. Бірінші класстың балалары да содан соң біресе «Е», біресе «Ө» деп отырғандары. Мектеп реформасы біздің ауылға соқпай, айналып өтпек пе?».

Көз алдыма осыдан аз ғана уақыт бұрын Семей облысы Шұбартау ауданының Алғабас селосындағы орта мектептегі 6 жастан оқуға алынған бүлдіршіндерге жасалған жағдай келе қалды. Қала мектептерінен бір де кем емес. Кең де жарық класс бөлмесі, ойын бөлмесі, төсек орын жабдықтары, спорт залы... ертегідегідей! Бәлкім, бұл тәжірбие ғой дерсіз. Бұл тәжірбие жеті жастан мектепке барғандардың жағдайын бұрынғыдан да жақсарта түсу үшін жасалуда ғой. Жеті жастағыларға білім беру әбден жетілдірілді деп есептеледі емес пе? Ендеше, Қарлығаштағы сегізжылдық мектепті қай санатқа қосамыз? Олар ертең оқушыларды 6 жастан мектепке қабылдамақ түгілі, 7 жастан оқытудың методикасын меңгермеген сияқты ғой...

«Ауылдары неге көңілсіз деген ой келер. Клубымызда анда-санда кешкісін кино көрсетеді. Болды-бітті. Ешқандай үйірме деген жұмыс жүргізбейді. Күні бойы жабық. Кітапханамыз жер үй сияқты. Адам аяғын баспайды, ешкім ат ізін салмайды. Оның ішіне кіріп, кітап оқудың өзі қорқынышты. Дүкеніміз – біреу. Азық-түлік, киім-кешек, темір-терсек, айна-тарақ, т. б. – бәрі де ені 9 метр, ұзындығы 9.5 метр қуысқа үйілген. Дүкенге жаңа заттар түсіпті деп естіген ауыл адамдары тұмсығын да сұға алмайды. Бес адам кірсе айналуға жер тар... ».

Клуб мекемелерінің жұмысын жақсарту жөніндегі үкімет қаулысынан кейін де республикамызда жанды қозғалыс әлі баяу. Әсіресе, ауыл-селолардағы клубтардың жағдайы мәз емес. Кино көрсетумен ғана шектелсе, ондай мекемені клуб деудің жөні қайсы? Клуб меңгерушісі деген атты ғана малданып, ауылдастарының ортасында алшаң басып жүргендер қаншама.

Аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары С. Солтанханов хат мазмұнымен танысқаннан кейін, жолға жиналды. Ол Қазақ ССР-інің 30 жылдығы атындағы колхоздың № 2 товарлы сүт фермасы «Қарлығашқа» қатысты пікірлерін «Қазіргі кішкентай ауылдардың қай-қайсысы да осыған ұқсас» деп қорытатынын байқады. Ауылды көркейтуге жастар мен комсомолецтердің нақты үлесі қандай болу керек деген сауалдың басы ашық емес. Әйтпесе, аудан комсомолецтерінің жетекшісі «Ашына жазылған ақиқат екен, бұл мәселе өткір қозғалуға тиіс» дер еді ғой. Олай демеді. Колхоз партия ұйымының секретары Нұрғали Ысқақов «Фурманов селосындағы онжылдық мектепке 7 – 8 жылда әзер қол жеткіздік. Қарлығаштағы мектеп үйі ескі екені рас. Бір-ақ күнде бәрін өзгерту қиын ғой. Бірте-бірте жаңарады. Хат қазіргі талапқа сай, орынды мәселе көтерген екен» деп ой түйді.

Сегізжылдық мектептің аядай ғана мұғалімдер бөлмесінде ауыл еңбекшілері мен жастарының өкілдері қатысуымен хатты ашық талқылау өткіздік.

Сегізжылдық мектептің оқу ісінің меңгерушісі Ш. Смағұлованың сөзінен аңғарғанымыз: Мектеп 1966 жылы пайдалануға берілген. 17 мұғалім 140 оқушыны қамтиды. Кейбір кластардың біріктіріліп оқытылу себебі – оқушылар санының аздығынан. Көрші ауылдардағы Фурманов орта мектебінде де, «Төңкеріс» және «Байзерек» сегізжылдық мектептерінде де жағдай осындай. Аудандық, облыстық оқу бөлімдері бұдан хабардар, осылай оқытуға рұқсат еткен. Білім сапасының бұдан төмендейтіндігі анық. Бірақ, әр кластағы 5, 7, 10 бала үшін жеке сабақ өткізуге мұғалімдер бөлінбейді.

«37 жыл болды бала оқытқаныма. Осы мектеп ашылған күннен бері бастауыш кластарға сабақ беріп келемін, – деді шашын қырау шалған Нұрғали Мұхамедиев, – екі класты қатар оқыту оңай емес. Өзара талай рет айтыстық. Ренжіскен де кезіміз болды. Аудандық оқу бөлімі берген нұсқауды орындамасқа шара жоқ. Сабақтан шаршап, оқушыларға ойындағыны түгел айтып үлгере алмай шығатын кездеріміз де болады. Хат орынды мәселе көтерген деп ойлаймын». «Бұл туралы жазса да, жазбаса да нәтиже шықпайды» деді көп ішінен біреу дауыстап. Неге нәтиже шықпасын! Өміріміздің болашағы, ертеңі бүлдіршіндердің тиянақты білім алуына селқос қарауға бола ма? Қандай қиын түйіннің де шешуі бар. Тек соған ел азаматтары елгезек қарап, тиісті мекемелерге дәлелді ұсыныс қоюды қолға алса болғаны. Фурманов пен Қарлығаш селоларының арасы бірер шақырым шамасында. Шаруашылық басшылары оқушылардың барып-келіп оқуына жағдай жасаса, көлік бөлсе де бұл істен нәтиже шығаруға болар еді. Ал мектептің аңғал-саңғал бөлмелері, көрнекі құралдарсыз жүдеп тұрған кластар бұл мектептің мұғалімдер ұжымының жұмысы қандай дәрежеде екенін айғақтайды.

Пікір алысу кезінде ауыл жастарының шаруашылық басшыларына өкпесі, шаруашылық басшыларының жастарға көңілі толмауы кереғар келді де отырды.

– Бұрын мен де комсомол ұйымының секретары болып істегем, – деді колхоз кәсіподақ комитетінің председатели Мәліс Омаров. – Жастар жүрген жер жаңғырып жатар еді. Еңбек озаттарын ынталандырудан, музыкалық аспаптарды алып беруден кенде емеспіз. Комсомол ұйымының секретарына, клуб меңгерушісіне, кітапханашыға жастардың басын біріктіріп, ұйымдастыр дейміз. Ұйымдастыра алмайды.

– Осының бәрі жастарға қамқорлықтың жоқтығынан, – деді «Талап» сауыншы комсомол-жастар бригадасының топ комсоргі Гауһар Мұратова. – Ауылымызда көңілсіз. Клуб ескі. Айына бір-ақ рет би-сауық кеші болады. Жаңа жылды қалай қарсы алдық деңізші. Жаяу-жалпы шұбырып көрші Фурмановқа бардық.

– Шыны керек, жастар демалысын қалай ұйымдастырамыз дегенге ешкім бас ауыртпайды. Біз 25 бала мектепті 1981 жылы бітірдік. Ауылда қалған – төртеуіміз. Өзім содан бері шаруашылықта механизатормын, – деді, Сәтбай Сүлейменов, – жұмыстан қол тимейді. Сәл-пәл тыныс алған кезде клубқа, кітапханаға бас сұқсақ, келдің-ау, кеттің-ау дейтін ешкім жоқ. Екпінді селосының жастарына қызығамыз. Бастары жиі қосылады.

– Былтыр «Ауру тістер» деген пьесаны сахнаға әзірлегенбіз. Бригадир білетін шығар? – деді клуб меңгерушісі Ажархан Ахметова аңтарылып. «Кинодан кейін үйірмелер жұмыс істейді» деді де төмен қарады. «Осы сөзің қиыспады-ау» дегендей бригадир бастаған бір топ қозғалақтап қойды.

Ферма бригадирі Лескен Халметов әңгіме арнасының қалай қарай бұрылып бара жатқанын бағамдады да, қосымша түсініктеме беруге тырысты. Бұл № 2 сүт фермасы мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындау жөнінен аудан көлемінде бірінші орынды иемденеді екен. Қарлығашта жекеменшік тұрғын үйлерді салуға колхоз құрылыс материалдары арқылы көмек береді екен. Селоның орталық көшесіне тас төселген. Ауызсудың тауқыметінен құтылу үшін тұщы су құбырлары тартылып, колонкалар орнатылған (Әзірге жұмыс істемейді). Ауылда 13 Ұлы Отан соғысының ардагерлері тұрады. Олардың үшеуінің үйіне телефон орнатылған (әзірге телефон жүйесі де жұмыс істемейді). Клубтың жанына көктемде ағаш егіліп, қоршау тұрғызылған (қазір қоршау да, ағаштар да жоқ). Жастар құлықсыз, ұйымдастыру жетіспейді.

Ал аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары С. Солтаханов пен колхоз комсомол ұйымының секретары Әбілқайыр Төлебиев қозғалған мәселелер туралы жұмған ауыздарын ашқан жоқ. Механизатор, сауыншы комсомолецтер сөз алып, реніштерін бүкпесіз жайып салып тұрған кезде екеуі де селт еткен жоқ. Бәлкім, бұл айтылған сөздер Қарлығаштан ұзап қайда барады деп ойлады ма екен? Осы бір көңілсіз кездесу тезірек ұмытылса дегендей.

Ертеңіне екеуі де облыстық комсомол конференциясына аттанды. Конференция делегаттары қатарында қайта құру кезеңіндегі комсомол ұйымдарындағы жұмыстары талқылауға қатысты. Қарлығаштағы кездесуге іштей қандай баға берді екен деп әлі күнге ойлаймын.

Ашық пікірлесу кезіндегі ауыл азаматтарының лебізі хаттағы жазылған жайттарды түгелге дерлік растады. Әрбір ауыл тұрғынын дәрігерлік пунктте телефон болмауы неге толғандырмасын. Аяқ астынан біреу сырқаттанып қалғанда «Жедел жәрдемнің» көмегі ауадай қажет қой. Көптеген әйелдер үй шаруасымен ғана айналысады. Селодағы 593 адамның мәдени-тұрмыстық қызметке сұранымы күн өткен сайын арта түспесе, кемімейді. Байланыс бөлімшесі, паштараз, балабақша, жөндеу шеберханалары қай ауылға да аса қажет. Қарлығаштың тұрғындары әзірге бұл аталғандарға зәру. Ауылдық Советтің председателі Т. Дөненбаев «Балабақша мәселесін аудандық және облыстық атқару комитетінің алдына қойғанбыз. Әзірге шешілуі белгісіз, «қиындау» деді күмілжіп. Қарадомалақ балалар үлкендердің не ойлайтынын қайдан білсін. Бір ауылдың өзінде шешімін күткен қаншама проблемалар бар десеңізші!

«Қазіргі кішкентай ауылдардың қай-қайсысы да осыған ұқсас» деген пікірге сіз қалай қарайсыз, замандас?

1987 жыл.

ДӘРІ МЕН ДӘРУ

Тісі қақсаған кісі қайтеді? Әрине, әуелде шыдауға тырысады. Шыдатпайды. Төзімі таусылады. Содан соң тіс дәрігеріне барады да «Доктор, өтінем, құтқар мына бәледен, жұлып алып тасташы!» – дейді жалбарынып. Ал тіс жұлу – шеге суыру емес қой. Оп-оңай болып па? Бар-жоғы 32 тісті ауырды екен деп бірінен соң бірін жұлдыра берсеңіз не қалады? Сондықтан болар, дәрігер көбінесе тісіңізді емдеп жазуға тырысатынын мәлімдейді. Қалай? Қайтіп? Міне, мәселенің үлкені осында.

Тістің сыртын эмальды қабық жауып тұратынынан хабардармыз. Ал тістің ішінде қуысы болатыны, ол қуыста клеткааралық заттардан, нерв талшықтарынан және қантамыр жіпшелерінен пайда болған клеткалы-байланыстырушы орналасатыны да тіс мамандарына ежелден белгілі көрінеді. Оны тіс ұлпасы (пульпа) деп атайды екен. Күтімсіз тістің эмальды қабығына түскен дақ оны бұзады. Сөйтіп тісті кеулеген тесік пайда болады. Міне, сол кезде тіс ұлпасы қабынады. Жаныңызды көзіңізге көрсететін, тістің қан қақсап ауруы дегеніміз – осы.

Тіс ұлпасын емдеуге талпыныс қадым заманда қолға алынған көрінеді. Мәселен, бұдан 4 мың жыл бұрын Көне Қытайда тіс ұлпасын инемен емдеуге тырысқаны қызығарлық факт. Одан бері тіс емдеудің қаншама әдісі жаңарып-көнерген десеңізші. Ал қазіргі таңда тіс ұлпасының қабынуын (пульпит) емдеудің ең көп тараған тәсілі – күшән (мышьяк) пастасын қолдану. Тіс ұлпасын жансыздандырып тастайтын бұл әдісті 1836 жылы американдық Спунер дейтін орта білімді ғана маман ашқан. Одан бері 151 жыл өтсе де, мышьяқтың адам организміне зиянды әсері болатынын біле тұра, дәрігерлер көптеген елдерде бұл әдістен қол үзе алмай келеді. Оның себебі біреу-ақ – мышьяқты ауыстыратындай тіс ұлпасын жансыздандырып тастайтын басқа дәрі белгісіз.

Тіс ұлпасының қабынуын емдеудің ендігі бір тәсілі – тіс ұлпасын ауыртпай жұлып алу (бұл үшін инемен ауырғанын білдіртпейтін дәрі егіледі де тіс ұлпасын жұлып алып, содан соң тістегі қуысты бітеп тастайды). Тиімділігі төмен болғандықтан, бұл әдіс мышьяк пастасын ауыстыратындай дәрежеде емес.

Әрине, американдық дәрігерлердің 1960 жылдан бері мышьяк пастасын қолданбайтындығы – олардың оны ауыстыратындай басқа бір паста ойлап табуымен де байланысты болуы мүмкін. Ал біздің елімізде мышьяк пастасынан қол үздіретін жаңа әдісті іздеу ұзаққа созылады.

Ал енді осы орайда, Алматы мемлекеттік Еңбек Қызыл Ту орденді медицина институты терапевтік стоматология кафедрасының ассистенті Ғабит Үмбетәлиевтің тістің ауырғанын басатын, ауыртпай емдейтін жаңа әдісі айрықша назар аударарлық! 7 жылдан бері үзбей айналысқан жұмысының нәтижесі қалай бағаналары, тағдыры қалай шешілері жас маманға әлі белгісіз. Бірақ ол өзінің ізденісі жөнінде үстіміздегі жылдың март айында КПСС Орталық Комитетінің Ғылым және оқу орындары бөліміне хабарлаған. Ғ.Үмбетәлиевтің ой-пікірлері СССР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық ғылыми советінде осы жылдың 21 апрелі күні қаралады да ғылыми советтің кепілдемесімен тіс ұлпасының қабынуын емдейтін жаңа да тиімді әдісін Өнертапқыштық және жаңашылдық істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне

жіберуге ұсыныс жасады. Одан кейін, 20 майда, Ғабит Үмбетәлиевке тіс ұлпасының қабынуын аппликациялық анестезия жолымен емдеу әдісіне № 4240471-ші беделді анықтама берілген.

Осыдан соң Ғ.Үмбетәлиев жаңа әдіспен өздері өтініш-тілек білдірген адамдарды емдей бастаған. Нәтижесі өте қуантарлықтай екен. Ғабит маған өзіне емделуге келгендердің аты-жөнін тіркеп, талап-тілектерін жаздыртып алып жүрген қызғылт түсті қалың журналды көрсетті.

5 ноябрь күні Болат Буитов былай деп жазыпты: «Мен, мамандығым бойынша, тіс дәрігерімін. АГМИ-дің балалар стоматологиясы кафедрасында істеймін. Ғабит Үмбетәлиевке келіп, 7-ші тісімнің терең шұңқырын емдеттім. Өуелде тісті бормашинамен емдегенде ауыратынын байқағанмын. Ғабит ауыртпай емдейтін әдісін қолданбақшы болды. Келістім. Аппликациялық жолмен анестезия жасағаннан кейін 7-ші тісімнің қуысындағы ауру сап тиылды. Ем қолданғаннан кейін де ауырсынған жоқпын».

23 ноябрь, А. Мұзапаров: «Тісімді қолма-қол жаңаша әдіс арқылы ауыртпай жұлып алып тастады».

23 ноябрь, Ғ. Қасенова, 26 жаста, Алматының тұрғыны: «Тісімді Үмбетәлиевтің қолданатын ерітіндісімен емдеуге келісім беремін. ...Ем қолданылғаннан кейін ерітінді тістің ауырғанын басатынына көзім жетті. Осы уақытқа дейін тісімді емдетпей келуімнің бір себебі – бормашинаның ауыртатынынан қорқатын едім, енді тісімді уақытында емдетіп тұратыныма сенімдімін, мүмкіндігінше осы әдіспен».

27 ноябрь, Нина Безгина, Алматы: «Тісімді ауыртпай жұлуға келісім бердім. Жаңа әдістің нәтижесі тамаша. Қатарынан екі тісімді жұлғыздым және ешқандай ауырған жоқ. Үмбетәлиевтің жаңалығына табыс тілеймін».

Байқап отырған шығарсыздар, әңгіме – біреу, тілек – біреу. Емделушілердің кейбірінің жұмыстағы және үйдегі телефон номерлері жазылғанын да байқап, олардың бірнешеуімен сөйлесіп, Үмбетәлиевтің қолданған еміне дән риза екендіктеріне тағы да көз жеткізе түстік. Мәселен, М. Баймұранов, М. Шорохов, Е. Щедрина, М. Мырзабекова және басқаларды атауға болады.

Тісті ауыртпай емдеу тек медициналық проблема ғана емес. Мұның үлкен әлеуметтік проблема екенін де естен шығармайық. Егер Ғ.Үмбетәлиевтің жаңа әдісі ғылыми негізделіп, жаңалық ретінде қолдау тауып, медицинада кеңінен қолданыла бастаса – ұтарымыз көп екен.

Ой жүгіртіп көрсек, тісін емдетуге инеден қорқып жоламайтындар, сөйтіп жүріп әбден ауруын асқындырып алатындар қатары азайған емес. Накоз қабылдаудың қатерлі әдіс екендігі дәрігерлердің өздерін де қатты ойлантады. Тістің шіріген тұсы мен тіс қуысының арасы бірнеше миллиметр ғана болады. Ал осы бірнеше миллиметрден өтіп, тіс ұлпасын емдеу үшін қазіргі мамандарға 24 яки 48 сағат керек. Бұл уақыт ішінде тісі ауырған адамның қаншама азап шегетінін айтып жату артық. Емнің ұзаққа созылуы ауруды асқындырып жіберетін де кездері кездеседі.

Мышыяқ пастасын қолданудан тартынған емханаларда тіс ұлпасының қабынуын инемен дәрі жіберіп ауырғанын басу (инъекционное обезболивание) арқылы емдеуге көңіл бөлініп келеді. Бірақ бұл әдістің тиімділігі, шипалылығы төмен болғандықтан көптеген емхана әкімшілігі нұсқау берсе де іс жүзінде тіс дәрігерлері оны көп пайдаланбайды екен. Тісі ауырғандардың өздері де көп ретте наркоз арқылы емдеуге жиі келісім береді. Бірақ, тісті емдеу әдістерінің ішінде ең тиімдісі, қарапайым да қолайлы түрі – сырттан ауырғанын басу, инемен дәрі жібермей-ақ ем-дом қолдану (аппликациялық анестезия). Мұндай ем қолданудан кейін әртүрлі қосалқы аурулар да өршімейді. Ал енді осы аппликациялық анестезияны тістің асқынбаған қаріесін (жегі) емдеу үшін қолдануға соңғы 100 жыл ішінде ғалымдар 172 түрлі ұсыныс жасаған екен. Оның авторлары өздері ұсынған, ауырғанды басатын дәрілердің тиімділігі 71–100 процент аралығында екеніне қол қояды. Бірақ осы 172 түрлі әдістің (анестезиялық) Алматы емханаларында жаңағыдай емдеу кезінде қаншасы қолданылатынын (бәлкім біреуі де қолданылмауы) білсеңіз қайран қалуыңыз да кәдік!

Тіс дәрігерлері тұтас тістің өзін ауыртпай жұлуға жақсы машықтанған, ал оның қатты бөліктерін немесе тіс ұлпасын ауыртпай жұлуға келгенде шарасыздық байқатады.

Ал Ғ. Үмбетәлиевтің денсаулық сақтау практикасына енгізгісі келетін жаңа әдісінің құндылығы неде дейсіз ғой:

1. Мұның күшән және басқа пасталар сияқты денсаулыққа зияны жоқ.
2. Ауырған тісті ине салмай-ақ ауыртпай жұлып алып тастауға болады.

3. Бұзылған тіс қуысына қойылатын дәрілік ерітінді шыланған тампонды бар-жоғы 3 – 5 минут қана ұстап, содан соң қабынған тіс ұлпасын жұлып алып, тіс қуысын қайтадан бітеп береді. Бұрынғыдай тісті емдету үшін 2-3 рет келудің қажеті жоқ.

4. Ауыз қуысындағы кілегей қабығының кейбір ауруларын да емдеуге болады.

5. Бұл жаңа әдіс бірте-бірте медицинаның басқа салаларына да тарауы мүмкін.

6. Бұл жаңа әдіс қайта құру кезеңіндегі республика жас ғалымдарының маңызды ғылыми ізденісінің нәтижесі болмақ.

Сонымен, тісті ауыртпай емдеудің жаңа әдісі өмірге келіп, әзірге авторлық куәлікке ие бола қоймаса да, ерікті түрде емделушілерге (40-қа жуық адам) қызмет көрсетті. Нәтижесі өте жақсы екенін жоғарыда айттық. Медицина тарихында жалпы наркозды ең алғаш стоматологтар тісі ауырғандарға пайдаланып, көріп, содан кейін жалпы хирургияға енгізілгені белгілі. Бәлкім, Ғ. Үмбетәлиевтің жаңа әдісі де сондай жолдан өтуі әбден мүмкін.

1987 ж.

ҚОЮ ТҮТІН ҚАШАН СЕЙІЛЕДІ?

Бұл аймақты мекен еткен адамдарды экологиялық екі проблема қатты алаңдатады. Оның бірі – Балқаш көлінің тағдыры, ал екіншісі – Балқаш қаласының ауа тазалығы. Көлге қатысты қозғалған әңгіме көп. Ұзақ жылдар бойына табиғаттың тамаша сыйына қатыгез қараудың неге әкеп соқтырғаны көпшілікке мәлім. Көптеген дау-дамайлардан соң ғана көл деңгейін 341 метрден төмендетпей ұстау жөнінде мәмілеге келген сияқтымыз. Енді осы көрсеткіштің өзін жыл сайын емес, ай сайын, айсайын емес, күн сайын қадағалау қажет. Балқаштың өмір сүруінің бірден-бір кепілі – белгіленген деңгейін сақтау. Ал оның «өлі» көлге айналмауын ойлау, бауырында балығы тайдай тулаған бұрынғы қалпын табуына көмектесу – балықшылардың арманы ғана емес, баршамыздың борышымыз. Ал Балқаш қаласының ауа тазалығы жөніндегі мәселеге келсек ше? Бұл да дабыл қағарлық халге жеткені анық. Өйткені...

Балқаш кен-металлургия комбинатының өнімдері Одаққа мәлім, басқа жұрттар да бейхабар емес. Биыл 24 ноябрьде мыс ошағының алғашқы кен рудасын шығарғанына 50 жыл толады екен. Бұл да атап өтуге лайық мерейтой. Ал енді бірлестік кәсіпорындарының көк тіреген 8 алып тұрбасынан будақтаған қою түтін қаланың үстін тұмшалап, кейде тіпті күннің көзін көрсетпей қоятыны қалыпты жағдайға айналып бара жатса ше? Оңтүстік-батыстан соққан жел қалаға түтінмен қоса тыныс тарылтатын күкіртті газ иісін толтырып жібереді. Есік-терезелерін жауып алған қала халқы бұлыңғыр аспан қашан ашылар екен деп көкке телміреді. Желдің солтүстік-батыстан соғуын күтеді. Ылғи осылай. Тіпті, қала тұрғындарының бұған бойы үйренген деуге де болады. Көнбістік пе? Иә, тоқырау кезеңінде қанымызға сіңіп, санамызды улап тастаған көнбістік пен көнтерілік осындай халге жеткізген.

Балқаш – іргшетасы бертінде ғана, 1937 жылы қаланған қала. 100 мыңнан аса тұрғындары бар. Көлдiң жағасында. Тіпті, аспаны шайдай ашық күндері көлден самал лекітіп соғып тұрған шақта, газ бен түтін жөнінде әңгіме қозғаудың өзі ретсіз сияқты. Бірақ бұл алдамшы көрініс екендігіне араға бірнеше сағат уақыт салып-ақ көз жеткізесіз.

Қала ауасының тазалығына зиянын тигізуші – ең алдымен комбинат. Елу жыл бойы қанатын жайып, кеңейіп, қаланың қалқаны сияқты бой түзеген алып кәсіпорынның беретін өнімдері қымбат саналды. Қазір де солай. Ең алдымен жоспар орындалуы қажет. Ал комбинат болса, он екі жыл бойы (1973-1985) мемлекетке мыс тапсыру жоспарын, сегіз жыл бойы күкірт қышқылын өндіру жоспарын орындай алмай, берешек болып, борышқа белшесінен батқан еді. Ондай жағдайда, кәсіпорын цехтарындағы озық технология, жоғары еңбек өнімділігі және соған сай жасалған жеңілдіктер жөнінде сөз қозғаудың өзі артық саналған. Газ, түтін, шаң-тозаң аралас ауа кәсіпорын цехтарындағы жұмыстардың атқарылуын қиындатумен бірге, байқаусыз болса да адамдар денсаулығына кері әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Бұл мәселеге кезінде мүлде көңіл бөлінбеген еді. Бір өзгеріс керектігін уақыттың өзі күн тәртібіне қойды.

1986 жылы кен-металлургия комбинатына жаңа басшы келген кезде мұндағы жағдай сын көтермейтін еді. Комбинат жұмысшыларының сондағы талап-тілектеріне назар аударайық: еңбекақыны көтеру керек, тұрғын үй салу керек, азық-түлік, әсіресе ет өнімдерімен қамтамасыз ету керек, сондай-ақ газ бен шаң-тозаңнан ауаны тазарту керек! Бірлестіктің бас директоры Д.Т. Хагажеев міне мәселенің қойылысы осындай ретпен шешілуге тиіс болды деп түсіндіреді.

«Балхашмедь» өндірістік-бірлестігінің бас инженері Марат Раджибаев айтады: – 1985 жылы комбинат өзінің ең төменгі құлдырау сатысына жеткен-тұғын. Тұйықтан шығудың жолын іздестірген кезде, ең алдымен, өндірісті модернизациялау, тиімділігі жоғары технологиялық процестерді енгізу, соның бастысы – мысты сұйық ваннада балқытуды (ПЖВ) жедел қолға алу керек болды. Егер мұны ескерусіз қалдырсақ – комбинаттың жабылып қалу қаупі туғаны анық еді. Мысты сұйық ваннада балқытудың құрылысы біздің комбинатта елең еткізерлік оқиға болды. Бұл Одақта, тіпті дүние жүзінде бірінші рет жүзеге асқан жаңалық десем қателеспеспін. Сонымен қатар, күкірт қышқылы цехын жаңа техникалық құралдарға негіздеп салу ісін де бастадық. Ал бұл күкіртті газдың ауаға таралуын азайтып, күкірт қышқылына айналдыру арқылы, қоршаған ортаны сақтауға үлкен септігін тигізбек. Бұл жұмыстардың алғашқы нәтижелері белгілі бола бастады. Бірақ ақырына дейін жету үшін уақыт керек. Ал мысты сұйық ваннада балқытып алу кезінде күкіртті газдың көбірек бөлінетіні рас. Міне, комбинат қала ауасын күкіртті газға толтырып жіберді деген әңгіме осыдан шығады.

Жаңа агрегаттың (Ванюков пеші) іске қосылуы күткен нәтижені бере бастаған. Комбинат жоспарын орындайтын жағдайға қол жеткізген. Мемлекетке берешегін түгел өтеген. Он екінші бесжылдықтан бастап өндіріс тиімділігі бір жылда жеті есе артқан. Қосымша қаржы игерілген. 1987 жылы тұрғын үй құрылысына 4,3 миллион сом ақша бөлініп, 18 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы пайдалануға берілді. Тұрғын үй алу кезегінде тұрғындардың 20 процентінің сұранымы қанағаттандырылған. Егер өткен 50 жылдың ішінде 8 мың метр ғана теплица пайдалануға берілсе, аз уақыттың ішінде 18 мың метр теплица салынған.

Осының бәрі комбинат өзін-өзі қаржыландыруға көшкен жағдайда, өз қаржысын бөлу арқылы қамтамасыз етілген.

Комбинат басшылары осындай жетістіктердің бәрі тиімді технологиялық процестерді өндіріске батыл енгізудің нәтижесі деп түсіндіреді. Ең алдымен Ванюков пештерін (ПВ-1, ПВ-2) іске қосу арқылы мысты сұйық ваннада балқыту жүзеге асқаннан кейін үлкен табысқа қол жеткіздік деп есептейді. Комбинаттың соңғы екі жылдағы бетбұрысын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ауа тазалығының проблемасы бұрынғыдан да қиындай түскен жоқ па деген сауал көпшілікті жиі мазалайтынын да байқаймыз. Неге?

Балқаш қаласының атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі инспекциясының кейбір деректеріне үңілейікші, ауаны газбен бүлдірудің негізгі көзі – металлургия және күкірт қышқылы өндірістеріндегі жоғары концентрациялы күкірт ангидридін мөлшерден тыс ауаға шығарудан. Мұның басты себебі – негізгі технологиялық құрал-жабдықтардың жүйесіз жұмысы, конверторлардың жұмысындағы үйлесімсіздік. Мәселен, бір ғана апрель айындағы конверторлардың жұмыс үйлесімділігі 50-ақ процент болған.

Жобада көрсетілген газсорғыш құралдардың істен шығуы немесе мүлде іске қосылмауы салдарынан конверторлардан шыққан газ цехтың ішін, өндіріс алаңдарын алып кету қалыпты жағдайға айналған. ПВ-1 және ПВ-2 пештерінің жүйесіз жұмысы күкірт қышқылы өндірісіндегі бірқалыпты реттеу ырғағын бұзады, көміртегі газының ауаға көп таралуына соқтырады. Технологиялық құрал-жабдықтардың талапқа сай келмеуі бірлестікте қазіргі кезде екінші кезегінің құрылысы жүріп жатқан күкірт қышқылы цехының зиянды газды пайдаға жарату жөніндегі жұмысына көп кедергі келтірері сөзсіз. Ал, бұл деген сөз, Балқаштың ауа бассейнін тазарту оп-оңай жүзеге аспайтынына алаңдаушылық туғызады. Комбинатпен салыстырғанда, қаладағы жылу-электр станциясының газтазартқыш құралдары қалыпты деңгейде, технологиялық талаптарға сай деуге болады. Оған қарағанда, №1 және №2 микроаудан тұрғындары тарапынан нан заводы мен «Прибалхашстрой» тресінің адресіне айтылар шағым көбейе түсуде. Өйткені, бұл завод пен трестің мұржаларынан шығатын қара күйе қалалықтардың үйлеріне қонақтап, бөлмелерін ыстап қана қоймай, жуып, жайған ақ көйлектің заматта түсін өзгертеді. Осындай көріністі ет комбинаты мен сыра заводы орналасқан ауданның тұрғындары да алға тартады. Міне, қаланың ауасы қандай деген кезде ұзақ-сонар хикая осылай өрбиді. Бұл мысалдардың әрқайсысына тоқталып, таратып байқасаңыз – бірімен-бірі салаласа сабақтасып, күрмеуі көп күрделі проблема болып шығады.

Біздің байқағанымыз, комбинат басшылығы мен қарапайым жұмысшылар, қала жұртшылығы арасында ауа бассейнінің ластануына байланысты, әсіресе, бір мәселе төңірегінде кереғар көзқарас жиі төбе көрсетеді екен. Бұл айтыс жедел мерзімде іске қосылған Ванюковтың екі пеші (ПВ-1, ПВ-2) төңірегінде қозғалады. Жоғарыда айттық, комбинат басшылары осы екі пештің арқасында өткен жылы көп уақыттан кейін алғаш рет мемлекеттік жоспарын орындап шыққандықтарын, пайда тапқандықтарын, оны комбинат

жұмысшыларының мүддесіне жұмсағандықтарын медеу тұтады. Ал қалың көпшілікті бұл неге қанағаттандырмайды? Осы орайда, олардың көңіл түкпіріндегі келіспеушілікке назар аударып көрейік. Бұл – неге алдымен адам денсаулығын, содан соң жоспардың орындалуын ойламаймыз деген үлкен сауалды алға тартады. Қаланың ауа бассейнін зиянды күкірт газын бөліп бұзатын болғандықтан, аталмыш екі пештің құрылысын бастаған кезде күкірт қышқылы өндірісінің қуаты оны пайдаға жаратуға жетпейтіндігі неліктен ескерілмеді? Неліктен Ванюков пештерімен қатар күкірт қышқылы өндірісінің әрбір кезегі іске қосылмады? Сонда зиянды газ көп мөлшерде ауаға таралып, қазіргідей дабыл ұрғызбас еді ғой! Мәселен, аталған пештер биылғы жылдың өзінде бірнеше рет авариялық жағдайда тоқтатылған. Ал бұл пештердің әрбір тоқтатылуы күкірт қышқылы өндірісінің технологиялық режимін бұзады да, күкірт газдың өте көп мөлшерде ауаға таралуына әкеледі екен. Ескертпе өте орынды сияқты. Бірақ комбинат басшылары бұндай ескертпелерге басқа дәлелдерін қарсы қояды. Егер 1985 жылы күкіртті ангидридті пайдаға жарату, яғни, күкіртті газды ауаға жібермей күкірт қышқылына айналдыру 20,3 процент қана болса, 1987 жылы 43,0 процентке артты. 1987 жылы комбинат бірінші рет газ бен қатты заттарды пайдаға жарату жоспарын орындап шығыпты. 1986 және 1987 жылдары, яғни Ванюков пештері іске қосылған кезде, күкіртті ангидридті ауаға шығару 40 мың тоннаға кеміген. Бұл жаңа пештің технологиясын игерудің қиын кезеңіндегі, бірнеше рет тоқтап қалған жағдайдағы көрсеткіш. Қалай болғанда да, бұрынғы жылдармен салыстырғанда аз да болса ілгері басушылық байқалатын сияқты. Комбинат әкімшілігі соңғы бір жарым жылда ай сайын бірнеше миллион сомның өнімін артық бере бастады, ал ауаға шығарылатын зиянды заттар мөлшерін әр айда 22,4 мың тоннадан 20,8 мың тоннаға кеміттік деуі де көңіл аудартады.

Күкірт қышқылы цехының екінші кезегінің құрылысы қазір қарқынды жүргізілуде екен. Ал неліктен алдымен осы цехтың құрылысын салудан бастауға болмады деген сауалға комбинат әкімшілігінің уәжі бар. Әу баста бұл да талқыға түскен ұсыныстың бірі екен. Бірақ онда цехты мемлекет қаржысына басқа мекеме салуға тиіс екен. Сондай-ақ құрылыс жобасы 1989 жылдың бірінші тоқсанында дайын болмақ, құрал-жабдықтарға заказ беру және оны алу 1990–91 жылдардың үлесінде, бәрі оңтайлы шешілген күнде цех 1992 жылы ғана іске қосылмақ еді. Комбинат өз күшімен, СССР Түсті металлургия министрлігінің тарихында бірінші рет, бес жылдың орнына 8,5 айда ПЖВ-2 (мысты сұйық ваннада балқыту) құрылысын аяқтап, іске қосқан. Күкірт қышқылы цехын да өз күштерімен салуда, құрал-жабдықтарды, финанс қорын өз есептерінен пайдалануда. Сөйтіп, биылғы жылы бұл мәселені толық шешпекші. Әрине, бұл жұмыстарды атқаруда іске жаңаша көзқарас, жоспарлаудағы батыл шешімдер бағалануға тиіс. Мәселе, тек мұнымен қанағаттанбауда сияқты.

Қазіргі таңда қоғамдық пікірдің ашық айтылуынан сескенуге болмайды. Қоғамдық пікірдің қозғауы да ақиқаттан тамыр алатындығы анық. Бұдан 5–10 жыл бұрын шаруашылық мүддесіне қайшы келетін пікірлердің қандайына да болса тойтарыс берілетінін ұмыта қойған жоқпыз. Нақтылай айтқанда, шындық көбінесе бүркемеленіп, жасырын, жабық қалатын. Соның зардабын араға уақыт салып барып, аңғарып жататын едік қой. Ендеше, ең дұрыс деген шешімнің өзін жүз қайтара салмақтап, айқындап отырудан ұтылмасақ керек. Бұл ойды неге суыртпақтап отырмыз? Өйткені, біз қалалық-санитарлық эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері Елжетті Мұхамедияровтың пікірін де оқырмандар назарына ұсына кетуді жөн көрдік.

– Дәл бүгінгі таңда табиғат пен адамның әртүрлі уытты заттардан күн сайын зардап шегетіндігі, алдын алмасақ, қорғансыздықтың құрдымына түсіп кетуіміздің қаупі күшейіп келе жатқандығы алаңдатады, – дейді бас дәрігер Е.Мұхамедияров.

– Судың, азық-түліктің, ауаның құрамындағы улы химикаттар, әртүрлі газдар көбейе түскен сайын бұл мәселеге көз жұмып қарауға болмайтындығы айқындала түсуде. Мәселен, біздің Балқаш қаласының жағдайы да бұл тұрғыдан алғанда мәз емес. Қаламызда балалардың тыныс жолдары ауруларына жиі шалдығатыны, әртүрлі аллергиялық сырқаттардың түрлері көбейіп кеткендігі, тіпті ересектердің созылмалы ауру түрлерінен айықпайтыны белгілі болғаны тек бүгін ғана емес. Экологиялық проблеманы Балқаш көлінің қиын халі асқындыра түсті. Қоршаған орта мен адамдар денсаулығына «Балхашмедь» өндірістік-бірлестігінен ауаға таралатын уытты газдар айрықша зиян тигізуде. Комбинаттың жаңа әкімшілігі, жекелеген өндіріс жетекшілері технологиялық процестерді жаңаша құруды қолға алуда, бірақ бұл экологиялық мақсаттан гөрі экономикалық мақсатты көбірек көздейтіні белгілі болып отыр. ПВ-1, ПВ-2 пештерінің іске қосылуынан атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды заттардың мөлшері кеміген жоқ, қайта арта түсті. Сұйық ваннада балқыту пеші іске қосылған кезде газсорғыш жүйесі мүлде ескерілмеді. Бұл – ең алдымен ескерілуге тиіс болатын. Соның

салдарынан бүкіл технологиялық операциялар күкіртті ангидридті ауаға бөлу арқылы өтеді. Күкірт қышқылын алу технологиясы мүлде «тағылық» сипатта жүргізіледі. Өйткені, құрал-қондырғылардың бәрі ескірген, жарамсыз дүниелер. Сондықтан, Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің ауа райы қолайсыз жағдайдағы бұл өндіріске белгілеген жұмыс режимі бар. Алайда, жоспар қуған жағдайда ол орындалмайды. Мәселен, үстіміздегі жылдың 16 майында мыс заводының әкімшілігі жауапқа тартылды. 30 майда комбинаттың бір цехы 12 сағатқа жабылды. Мұндай шара бұрын қолданылған емес. Одан кейін де нәтиже шамалы, 1-2 июнь күндері қаланың тұрғын үй кварталдарында газ концентрациясының белгілі нормадан 10 есе артып кеткендігі тіркелді. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі заң талаптарына қарамастан «Балхашмедь» өндірістік-бірлестігінде ауаға шығарылатын зиянды заттардың шектеулі мөлшері қандай болуы керектігі әлі күнге зерттеліп, белгіленбеген. Міне, сол себепті күкіртті ангидридтің жасыл желекті солдырып, адамдардың денсаулығына тигізер зиянды әсері туралы айтпау мүмкін емес. Осы орайда, қалалық коммуналдық шаруашылық қызметінің де өте төмен деңгейде екеніне назар аудартамыз. Су құбырларының істен шығуы жиі қайталанатын. Қалада ауа тазалығымен қатар, су тазалығына да көңіл бөлінуі керек. Балқашқа ат басын бұрған адам ең алдымен қала сыртындағы тау-тау үйінділерге тұмсық тірейді. Қаланың айналасы – күл-қоқыстың «көрмесі» іспетті. Оны тазарту жөніндегі әңгіме әлі күнге аяқасты қалып келеді. Міне, қаланың экологиялық жағдайы қандай дегенде, мұндай «ұсақ-түйектерге» де тоқталмауға бола ма?

Бұл айтылғандар әсірелеу де емес, аққа қара бояу жағу да емес, ақиқаты осындай. Қаладағы өндіріс орындарының бірқатарының жанында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастауыш ұйымдар бар, бірқатарында мүлде жоқ. Экологиялық проблеманы шешудің орталықтандырылған жүйесі болмайынша, шаруашылық мүддесіне қайшы келе алмайтын бытыраңқы табиғат қорғау ұйымдарының атқарар ісі шамалы. Сондай-ақ қалалық комсомол комитетінің экологиялық мәселелерді күн тәртібіне қойып, қоғамдық пікірдің өрістеуіне қосып отырған үлестері байқалмайды. Қала мен комбинат аралығында ВЛКСМ-нің 30 жылдығы атындағы парк бар. Оны комбинат комсомол комитеті шефтік-қамқорлыққа алыпты. Бірақ сөз жүзіндегі қамқорлықтың берері шамалы ғой.

Жуырда қалалық партия комитетінің XIV пленумы болып, онда әлеуметтік және табиғат қорғау мәселелеріне байланысты Балқаш кен-металлургия комбинаты партия ұйымының есебі тыңдалды. Әсіресе, экологиялық проблема төңірегіндегі көптеген сауалдарға байланысты комбинаттың бас инженері Марат Раджибаев кеңірек тоқталды. Соның алдында біз қалалық партия комитетінің секретары Галина Александровна Велькпен әңгімелескен едік.

– Экологиялық проблема – күн тәртібіне өткір қойылуда, – деді Галина Александровна, – Қала атмосферасының тазалығын сақтау жөніндегі мәселелер өте орынды көтерілуде. Өз басым тек осыған байланысты жыл басынан бері комбинат директоры Д.Т.Хагажеевпен бес рет кездесіп, қолданылатын шараларды талқыладық. Әрдайым, қорытынды шығарудың жолдарын іздестіреміз. Біз комбинаттың қазіргі ұстанған бағытын дұрыс деп есептейміз. Атқарылатын жұмыстар баршылық. Түпкі нәтижеге жету үшін де уақыт керек. Экологиялық проблема бір күнде шешілмейді. Оң өзгерістерді де көре білу керек. Өйтпесе, кейбір жолдастар кейде біржақты талап қоюға бейім.

Біз, әрине, бұл пікірден экономиканы өркендету мен экологиялық проблемаларды шешуді ұштастыра жүргізу керектігін аңғарамыз. Мәселенің күрделілігі де осы себептен ғой. Яғни, жоспарлаудағы біржақтылыққа бақылау жасайтын кез жеткендігі сөзсіз. Бұған барлық қоғамдық ұйымдардың да жауапкершілігі арта түспек.

Балқаш қаласының тағдыры алып комбинаттың тыныс-тіршілігімен ажырағысыз байланыста. Комбинаттың жүрегі соғып тұрғанда қала да өсіп, өзіндік келбетімен көріне алады. Тек, әйтеуір, алып комбинат ару қаланы газ бен түтінге тұншықтырып алмаса болғаны. Өйткені, аспанды торлаған бұлттың түсі бөлек.

Жаңбыр бұлттына ұқсамайды.

1988 ж.

ӨЗІҢ ІЗДЕЙТІН ӨТКЕЛ

Оқырмандарымыз хабардар болуға тиіс, осыдан аз уақыт бұрын (4.11.88.) газетіміздің бетінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, ақын Мұхтар Шахановпен

сұхбат жарияланған болатын. Онда көптеген мәселелерге байланысты туындаған сауалдарға орай ақын өзінің ой-пікірлерін, көзқарасын білдірген еді. Осы ретте, мектептерде қазақ тілі, әдебиеті, тарихы сапалы түрде өткізілмейтінінен өрбіген ойды М. Шаханов былай деп жалғастырған: «...жуырда мынадай бір келеңсіз оқиғаға тап болдым. Ахмет Жұбанов атындағы республикалық қазақ музыка мектебінің ата-аналар жиналысына қатысуыма тура келді. Жиналысты басқарған ата-аналар комитеті председателінің сөзіне түсіну қиын болды. Тіл шұбарлаудың «тамаша» үлгісі дерсің. Одан кейін сөз алған мектеп директоры Эмиль Жолымбетов ана тілінде дұрыс сөйлей алмағандықтан ата-аналар алдында күлкіге ұшырады. Мектепте негізгі сабақтардың мұғалімдері орыс тілінде сөйлейтін болғандықтан балалардың көбісі қазақ тіліне өте шорқақ. Шөре-шөре. Сонда бұл қалай? Соңғы кездері бір топ жас музыканттар бой көрсетті. Ана тілінде сөйлей алмайтын, өз ұлтының тарихынан, мәдениетінен, дәстүрінен бейхабар дүбәра музыканттар шыға бастады. Олардың әндерінің түсініксіз болуының сырына үңілейікші. Ең алдымен ұлттық льнер бойына дарымай қалған, яғни тамыр жоқ. Ал тамырсыз өнер – өнер емес».

Осыдан кейін көп ұзамай аталған мектеп-интернаттың мұғалімдері, тәрбиешілері (барлығы 19 адам) қол қойған шағым-хат редакция почтасына келіп түсті. Хат мазмұны, негізінен, айтылған сынды мойындамағандықты білдіреді. Біржақты, асығыс пікір деп түсіндіреді.

Асылы, баспасөз бетінде халыққа тарайтын әрбір сөздің бүкпесіз шындық, боямасыз ақиқат болуы қазіргі жариялылық кезеңінде аса қымбат. Сондықтан, қолына қалам ұстаған әрбір адам айрықша жауапкершілікті сезінуге керек. Ақиқатты кім айтып, кім айта алмай отыр деген оймен, қолымызға газеттегі мақала мен мұғалім-тәрбиешілердің хатын қатар ұстап, мектеп табалдырығынан аттадық. Әрине, оқушы болып емес, шәкірттердің мүддесін ойлап.

Мұғалімдермен, тәрбиешілермен сөйлестік, оқушылардың өздерін тыңдап көрдік, сабақтарына қатыстық, ата-аналарымен пікірлестік. Осыдан соң бұл мектеп-интернат туралы ұғым-түсінігіміз кеңейе түскен тәрізді. Қадау-қадау проблемалары да төбе көрсетті.

А.Жұбанов атындағы республикалық арнаулы музыкалық қазақ орта мектеп-интернатының іргетасы 1964 жылы қаланған. 1968 жылдан бері арнаулы музыкалық білімі бар түлектерін түлетіп келе жатқан өнер ұясы. Әуелден-ақ Ахмет Жұбановтың арманы – кең-байтақ Қазақстанның алыс аудандарында, шалғай елді мекендерінде тұратын малшылардың, егіншілердің, басқа да ауыл еңбеккерлерінің бойында дарын-қабілеті бар ұл-қыздары музыкалық сауатын ашып, өнер әлеміне қанат қақса, ұлттық музыка кадрлары дайындалса, халықтық өнердің қадірін түсінетін мамандар болып шықса деген арнада еді ғой. Қазір мұнда домбыра, қобыз, баян, виолончель, скрипка, пианино, кларнет, гобой сияқты 22 түрлі арнаулы бөлімдер болашақ музыканттарды өнерге баулиды. Шәкірттер орта мектеп бағдарламасына сай жалпы біліммен қоса, арнаулы музыкалық дайындықтан өтеді. Мұның бәрі жақсы, әрине...

Жуырда телевизиялық хабардың біріне қатысқан Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының бірінші секретары Е.Рахмадиев республикамыздағы 10500 мектеп пен жүздеген кәсіптік-техникалық училищелерде музыка пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің саны 500-ден аспайтынын қынжыла баяндады. Жиырма жылдан бері республикамыздағы жалғыз қазақ музыка мектебі шәкірттерін қайда жіберіп жатыр деген сұрақ туады. Рас, бірқатар талантты түлектері Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің консерваторияларына оқуға түскен. Бірқатары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген немесе бітірейін деп жүр. Бірақ, олар саусақпен санарлықтай ғана ғой. Ахмет Жұбановтың арманы толық жүзеге аспағаны ма деген сауал да көлденеңдейді. Енді мұның себебіне үңілсек – еріксіз «дүбәра музыканттар» деген сөз тіркесін қолдануға тура келеді. Мектеп директоры Э.Жолымбетов былай деп атау мүлде қате, білместік деген болатын.

Аристотельдің сөзімен айтқанда: «Платон – менің досым, алайда ақиқат қымбат қой». Не онда жоқ, не мұнда жоқ, әрі-сәрі күйде қалып қоюдың түп-төркіні ана тілін білмеу, ұлттық өнердің қайнарынан қанып сусындамау дер едік. Мектептегі 350 оқушының 220-сы облыстардан, қалғаны – қалалық балалар. Қаланың балалары қазақша нашар сөйлейтіні, ауылдан келген балалар үшін бастауыш кластардан бастап теориялық сабақтардың (сольфеджио, гармония, т.б.) орысша өтуі өте қиын тиетіні түсінікті. Бірақ, бұған бас ауыртып, тұйықтан шығатын жол іздеген мектеп басшыларын көре алмадық. «...проблема послевоенного поколения, выросшего в городах, не знающего родного языка, известна. Не будем углубляться в причины и следствия этого безусловно негативного явления» деген жолдар бар редакцияға

жолдаған хатта. Келеңсіз екенін біле тұрып, себебіне үңілмеу деген сөз – жас ұрпақтың ертеңгі болашағына да көз жұмып қарау емей немене?

Біз бұл мектептің мұғалімдерінің бәрін біржақты кінәлаудан аулақпыз. Екі тілде еркін сөйлейтін, шәкірттерінің жан-дүниесіне жылуын төгіп, білім мен сенімін қатар оятып, тәрбиелейтін ұстаздар бар. Солардың бірі – Арно Александрович Винтерголлер. Ол бізбен әңгімелескенде былай деді: «Бұл мектептің проблемалары үлкен. Менімше, қазақ өнерін қазақша, орыс өнерін орысша – екеуін де өз дәрежесінде өткізу керек. Біз осыған қол жеткізе алмай келеміз. Өз басым Гетенің орысша, қазақша көп аудармалары болса да, оны тек неміс тілінде оқып тұшынамын. Мен «Ер Тарғын» жырын 3-класта оқып жүргенде білдім. Кейіннен «Ер-Тарғын» операсын көріп-тыңдағанда маған қосымша түсініктеменің қажеті болған жоқ. Қазіргі оқушылар халық ауыз әдебиетін мүлде білмейді. Оларға ауыз әдебиеті шығармаларын бастауыш кластарда оқытып-үйрету керек. Жоғарыда айтылған ата-аналар жиналысында бір қария «Менің балам «Елім-айды» білмейді, сонда не оқытасыңдар?» дегендей кінә қойғаны рас. «Елім-ай» әнін радиодан да естімейміз ғой. Ал Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда кейбір пәндерді неге екі тілде өткізбеске? Сонда біздің мектепті бітірушілерге де өріс ашылар еді...»

Біз бұл пікірді толық құптаймыз.

Ұлттық льнерді меңгеру деген сөз – нотаға қарап бірер музыкалық шығарманы орындап беру немесе әнші-композиторлар өмірінен там-тұм ғана хабары болу емес қой. 6 «а» класындағы 17 оқушыға бірнеше сауал қойдық. «Ықыластың қай туындысын білесіңдер?» дегенімізде, біреуі тұрып «Қорқыт күйі» деді, қалғандары ләм деп ауыз ашқан жоқ. Дәулеткерейдің күйлері жөнінде сұрағанымызда «Сылқылдақ», «Былқылдақ» дегеннен ары аспады. Ал бұл оқушылардың дені қобыз, домбыра бөлімдерінде оқитындарын білгенде қалай ренжімессіз.

Мектепте іс қағаздары екі тілде жүргізілмейді екен. Мұғалімдер арасында қазақ тілі үйірмесінің жұмысы мүлде байқалмайды. Ауылдан келген балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізетін болғандықтан мұғалімдердің қос тілді қатар білмеуіне немқұрайды қарауға бола ма? Алдағы жазда мектеп мұғалімдері аттестациядан өткізілмекші. Міне, сол кезде, қос тіл білу мәселесін оқытушылар арасында өткір қою керек деп білеміз!

Музыка тарихымен таныстыратын сабақтардың екі тілде өткізілмеуін қалай түсіндіруге болады? Музыка мектебінде «Қазақ музыкасының тарихын» оқушылар өз тілінде өтпегеннен кейін, сапалы білім туралы әңгіме қозғаудың өзі артық сияқты.

«Оқулықтар жетіспейді» деген сылтау ғана. Біз бұл жөнінде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның халық аспаптары факультетінің деканы М. С. Қалауовпен пікірлескенбіз: «Оқулықтарды қазақ тіліне аударатын музыка мамандары баршылық. Соларға қолдау жоқ. Мәселен, облыстардағы музыка мектептерінде, училищелерде теориялық сабақтардың оқулықтарын өздерінше аударып-түсіндіріп жүрген оқытушылар тәжірибесін неге таратпасақ? Олар ауылдан келген балалармен әу баста солай тіл табысады. Мұны мен Қызылорда педагогика институтында бірнеше жыл қызмет істегенде өз басымнан да өткердім. Қазір ғой, мәселен, ауылдағы мектептерге пианистер жетіспейді. Ал аталған музыка мектебінде оқыған пианист шалғай түпкірдегі ауылдарға барғанда не бітірмек? Міне, кадр мәселесін көтергенде мұны да ойластыру керек. Өз аспабында қазақ музыкасын ойнай алмайтын шәкірттен не қайыр? Тіл жоқ жерде – әдебиет пен өнердің көсегесі көгермейді. Бұл – ашы шындық».

Осы орайда, айта кету керек, консерваторияда да ұлттық музыкаға қатысты сабақтардың ана тілінде өткізілуін ойластыратын кез жетті. Сондай-ақ, консерватория жанынан арнайы музыка мұғалімдерін даярлайтын музыкалық-педагогикалық факультет ашылса деген ұсыныс орынды айтылуда. Факультетте сабақ екі тілде жүргізілуі керек деп ойлаймыз. Теориялық пәндерден кандидаттық диссертация қорғау үшін тақырыптар алып, аспирантурада оқитын жастарды пән оқулықтарын аударуға неге тартпасақ? Олар екі тілді білмесе, ұлттық музыканың тарихы мен теориясын қайтып зерттемек? Міне, бұл мәселе де күн тәртібіне шұғыл қойылуға тиіс.

Баласы осы мектепте оқитын, Алматы облысының Калинин атындағы колхозындағы аудандық музыка мектебі филиалының оқытушысы Е.Көшербаевтың: «Біздіңше, бұл мектеп-интернатқа оқушылар тек ел ішінен алынуға тиіс. Содан соң 5-6 класқа дейін сабақтар екі тілде жүргізілуі керек. Әйтпесе, теориялық сабақтар қиын тиеді. Бұл қиындықтан шығудың жолы өнерге бейімі бар балаларды ел ішінен іздемей, көбінесе облыс орталықтарындағы,

қалалардағы мектептерге көз сүзу емес» – дегені көкейге қонатындай. «Ауылдан келген балаларға музыка пәндерінің қиын соғатыны салдарынан мектептен шығып кетуі болып тұратынын жасырмаймыз. Ондайда жоғары кластардың өзіне қала мектептерінде оқитын қабілетті балаларды ана тілін білмесе де алуға тура келеді» деген болатын бізге мектеп директоры Э.Жолымбетов. Бұл пікірді қуаттағандай, оқытушы Л.Воронова «Былыр Павлодарда болып, балаларды іріктеп келуге қатыстым. Қазақ мектебі десек, ата-аналар бізге балаларын бергісі келмейді» дейді иландырмақ болып. Ел ішінде баласының ұлттық музыкалық мектепте оқығанын құптамайтын ата-аналар бар дегенге сену қиын. Бірді-екілі кездессе кездескен шығар. Бірақ оны көпшіліктің ой деп түсіну асығыс тұжырым.

Ал соның салдарынан арнаулы қазақ музыка мектебінде балаларын оқытуға шалғай аудан-ауылдарда тұратын шопандардың, механизаторлардың, диқандардың қолдары жетпеуге айналып бара жатқанын аңғармау мүмкін бе? Биылғы оқу жылында 1 «а» класына қабылданған 21 оқушының 9-ы қаладан, 2 «а» класындағы 19 оқушының – 13-і, 6 «а» класындағы 17 оқушының – 10-ы, т.б. қалалық балалар. Бұл – музыкалық қабілеті бар балалар тек Алматыдан табылады екен ғой деген ойға қалдырмауға тиіс, қабілетті балаларды алыс аудан, ауылдардан іріктеп алуға жұмысқа немқұрайды қараушылықтың айғағы.

Одақта осындай 28 мектеп бар көрінді. Негізінен, ұлттық музыка кадрларын даярлауға арналған мектептер. Олардың тәжірибесін зерттеп, оқу бағдарламасында басшылыққа алар мамандар бізде бар ма екен? Өзірге жоқ сияқты. Ешкім де тарихты, тілді білудің қажеті жоқ деп ашық айғай сала алмайды. Ондайлар ішіп тынады. Қазіргі уақыт талабы тарихынды таны, тілінді, әдебиетінді, өнерінді өркендет, халықтық мұраларды қастерле дейді. Ал бұған салғырт, көз жұмып қараудың кез келген түрі бізді алаңдатады.

Ендігі мәселе: тиісті орындар мен жауапты мекемелер аталған мектептің атына заты сай болуына барынша назар аударса дейміз. Бұл мектепте байқалған проблемалардың оң шешімін табуы да – ұлттық өнеріміздің өркендеуіне игі ықпалын тигізбек.

1988 жыл.

«ӨЗІҢ ІЗДЕЙТІН ӨТКЕЛ»

• Жазылған жайға қайта ораламыз

Бірінші хат

Соңғы кездері республикалық «Лениншіл жас» газетінде біздің мектепке қатысты бірнеше мақала жарияланды. Мақалаларда көтерілген мәселелер мұқият та терең талдауды қажет ететіндігі дау туғызбайды, сондай-ақ оның шешімін ізетті түрде іздестірген жөн.

Ана тілінің проблемасы қазіргі таңда күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Біздің мектепке қабылданатын балалардың ішінде республикамыздың алыс аудандарынан келген – орысша білмейтіндері де, қалада тұратын – қазақша нашар сөйлейтіндері де бар. Оқу процесі кезінде, бір-бірімен қарым-қатынас барысында, олар екі тілді де меңгереді. Бұл ретте, біздің мектеп формальды емес қостілділіктің тамаша үлгісі дер едік. Қос тілді білудің сапасына, ой-өрісі мен интеллектінің дамуына келер болсақ, кәсіптік шеберлікті жоғарылатуды айтпағанның өзінде, бұл бүкіл коллективтің алдында тұрған маңызды мәселе болып табылады. Бұл орайда, бізде проблемалар аз емес, кемшіліктер де кездеседі. Міне, бұл жөнінде бәріміздің бірігіп ойласқанымыз оңды болар еді. Творчестволық интеллегенцияның көмегі де өте қажет тұс – осы.

Біздің балалар қазақ әдеби тілін жақсы меңгермейді дегенге келісеміз, бірақ олар қазақ тілінде еркін сөйлей алады.

Біз жалпымектептік шаралар (пионер, комсомол жиындары) ана тілінде аз өткізілетінін мойындаймыз.

Біз мектеп қабырғасында оқытушылардың да, оқушылардың да аузынан көбірек қазақша сөздер естілуі керек деп есептейміз.

Бізге қазақ тілі үйірмесінің жұмысын жандандыру, оған жергілікті ұлттан емес педагогтарды көбірек тарту қажет, бірақ, қазақ тілін оқып, үйрену еріктілік негізінде ғана.

Мектепті, оның кластарын, интернатты безендіруде өзіндік ұлттық белгілері болуына көңіл бөлу қажет.

Қазіргі таңда А.Жұбанов атындағы республикалық музыка мектебі – қазақ тілін білетін профессионал музыканттар даярлап шығаратын бірден-бір мектеп. Консерватория біздің кадрларымызға, әсіресе, музыкатанушыларымызға ілтипат білдіреді. Өйткені, осы уақытқа дейін, А.Жұбановтың зерттеулерін есептемегенде, қазақ музыкасы жөнінде ана тіліндегі ғылыми еңбектер жоқ. Музыкалық-теориялық пәндерге байланысты қазақ тілінде оқу-методикалық құралдардың болмауы мұғалімдердің жұмысын қиындатады.

Мектепке оқушылар қабылдау кезінде қиындықтар сезінеміз – көптеген жылдардан бері конкурс жоқ, сондықтан тамыз-қыркүйек айларында қосымша қабылдау жариялаймыз. Жыл сайын мұғалімдерді мақсатты түрде қабылдау үшін облыстарға жібереміз. Өкінішке орай, жергілікті жердегі тиісті органдар тарапынан қажетті көмек көрсетілмейді. Ал газет мақаласы біздің мектепке түсуге ниет білдірушілердің санын көбейтеді деп ойламаймыз.

Журналистің біз қалалық балаларды өз жұмысымызды жеңілдету мақсатында қабылдайды дегені көңілге тиеді. Қазақ ұлтының әрбір баласы қай жерде тұратынына қарамастан, жоғары музыкалық қабілеті болса, біздің мектепке түсіп, оқуға толық правосы бар.

Бізге автордың қала балаларын ауыл балаларынан, халық өнерін дүниежүзілік мәдениет жетістіктерінен бөліп алып қарау қажет деген ойы қате көрінеді. Мәселен, мынадай пікірдің себеп-салдары түсінікіз: «Ешкім де тарихты, тілді білудің қажеті жоқ деп ашық айғай сала алмайды. Ондайлар іштен тынады. Қазіргі уақыт талабы тарихыңды таны, тіліңді, әдебиетіңді, өнеріңді өркендет, халықтық мұраларды қастерле дейді. Ал бұған салғырт, көз жұмып қараудың кез-келген түрі бізді алаңдатады. Одақта осындай 28 мектеп бар көрінеді. Негізінен, ұлттық музыка кадрларын даярлауға арналған мектептер. Олардың тәжірибесін зерттеп, оқу программасын да басшылыққа алар мамандар бізде бар ма екен? Әзірге жоқ сияқты».

Автор КСРО-да мұндай мектептің бар-жоғы 28 екенін дұрыс көрсеткен, қазіргі уақыт талабы жөнінде де дұрыс айтады. Бірақ бізді не үшін кінәлайтыны түсініксіз.

Бұл мектептердің барлығы, оның ішінде біздің мектеп те, КСРО Мәдениет министрлігі бекіткен бірдей программа бойынша, бірдей оқу жоспары бойынша жұмыс істейді. Ал егер тілші оқу жоспарына немесе сабақ кестесіне көз жүгірткен болса, біздің балаларымыздың басқа пәндермен қатар, ана тілін, әдебиетін, Қазақ ССР тарихын, Қазақ ССР географиясын, Қазақ музыкалық әдебиетін өтетінің білген болар еді. Қалайша бізге өз халқымыздың тарихын, тілін және мәдениетін білуге «көзді жұмып қарайды» деп айтуға болады?! Тағы да цитат келтіреміз: «Өз аспабында қазақ музыкасын ойнай алмайтын шәкірттен не қайыр?» Автор әрбір оқушының оқу программасына міндетті түрде қазақ композиторларының шығармалары енгізілетінінен хабарсыз. Мектепте А. Жұбанов атындағы конкурс жүйелі түрде өткізіледі.

Автор мұндай оқу орнының ерекшелігін білмейді, біздің мектеп консерваторияның базалық мектебі екенін ескермеген.

Мектебіміздің коллективі көпұлтты: жалпы білім беретін пәндердің мұғалімдері мен тәрбиешілері – жергілікті ұлттан. Өйткені негізгі пәндер қазақ тілінде оқытылады; музыканттар – әр түрлі ұлттан, өйткені музыкалық пәндер екі тілде жүргізіледі.

Р. Мұқашева,
К.Андарбаев,
Т.Нұралиев,
барлығы 90 адам қол қойған.

Екінші хат

А. Жұбанов атындағы орта арнаулы қазақ музыка мектеп-интернаты 1964 жылдан бері шәкірттерін оқытып-тәрбиелеуде. Бірақ, соңғы жылдары ол өзінің қазақ музыка мектебі ретіндегі статусын жоғалта бастағандай. 1986-1988 жылдар бойы мектеп әкімшілігі оны К. Бәйсейітова атындағы қалалық музыка мектебінің типінде болуға ыңғайластырып, жұмыс жүргізуде. Барлық мәжілістер, жиналыстар, педагогикалық советтің отырыстары, ата-аналар жиналысы, іс қағаздарын жүргізу – барлығы тек бір ғана тілде – орыс тілінде өтеді. Музыкалық-теориялық пәндер, оның ішінде қазақ музыка тарихы да ана тілінде өткізілмейді. 9 тоғыз бөлім меңгерушілерінің екеуі ғана – Асқаров пен Жәкеев – қазақша біледі. Көп ұлтты коллектив ішінде жалғыз Винтерголлер ғана қазақ тілінде сөйлей алады. Мектептің бұрынғы директоры Э. Жолымбетов, өзі ана тілін білмегендіктен, бұл мәселеге мүлде салғырт қарады.

Қазақ тілін оқып-үйренушілердің үйірмесіне мұғалімдерден 5-6-ақ адам қатысады, ал бұл тілді білмейтін музыкант мұғалімдер 90 процентке жуық. Міне, мектептің статусын өзгерту жөніндегі ниет те осыдан келіп туындайды.

Алыс аудандардан келетін, қасында ата-аналары жоқ балаларға музыкалық пәндерден орыс тілінде өтілетін сабақтарды бірден меңгеріп кету өте қиынға соғады. Мұны көріп-біле отырып, үндемей жүре беру мүмкін емес. Мұғалімдер мен оқушылар арасында тілдік кедергінің болуы, ана тіліндегі арнаулы оқулық-құралдардың жетіспеушілігі, сөз жоқ, білім сапасына да кері әсер етеді.

Үстіміздегі жылдың 13 май күні мектебімізде болған сол кездегі Қазақ ССР Оқу министрлігінің көшпелі коллегиясы кезінде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның ректоры Д.Қ. Қасейінов былай деген болатын: «Жұбанов мектебінің шәкірттері қазақ тілін де, орыс тілін де өте нашар біледі».

А.Қ.Жұбанов мектептің статусын анықтай отырып, армандаған еді: «оның түлектері қазақ халқының рухани байлығын, тілін, мәдениет, музыкасын игеріп, республиканың түкпір-түкпіріне тарататын мәдени интеллигенция өкілдері болып шығады, солай болуы керек» деп.

4 февральда «Лениншіл жас» газетінде М. Шахановпен интервью шықты. Онда біздің мектептегі кемшілік орынды сынға алынды. Бұдан соң мектеп әкімшілігінің баспасөзге қарсы өршеленген байбаламы басталды. 27 апрельде осы газетте Ә. Қайырбековтің «Өзің іздейтін өткел» атты мақаласы жарық көрді. Мектеп әкімшілігі бұған қарсы үй сыпырушы, аспаз, күзетші, жүргізушілерге дейін қол қойғызып, арыз жазумен болды. 30 июльде редакцияның арнайы жауабы және СССР Халық артисі Р. Бағланова мен СССР Халық артисі, Қазақстан Композиторлар одағының бірінші секретары Е.Рахмадиевтің келешекке жол сілтеген орнықты пікірлері жарық көрді. 23 июльде «Учительская газетада» мектеп әкімшілігінің әділетсіз, адамгершілікпен сыйыспайтын әрекеттері сыналды.

Бірақ әзірге өзгерген ештеңе де жоқ. Біз мынандай шаралар шұғыл қолға алынуы қажет деп есептейміз:

1. Мұғалімдерді аттестациядан өткізу керек.
2. Қос тілді жақсы білетін музыкант-мұғалімдерге конкурс жариялау қажет.
3. Мектеп директорын сайлау.

Бір жыл бұрын мектеп директорының резервіне коллектив Ш.А.Асқаров пен Т.Кәрібаевты ұсынған болатын. Сондықтан директорлыққа Ш.Асқаров жолдасты лайық деп санаймыз. 11 жылдан бері осы мектепте қызмет істейді. Оның проблемаларын жақсы біледі. Халық аспаптары ансамбльдерінің 1985 жылғы Бүкілодақтық байқауының, музыка мектептері мен училищелері арасындағы 1986 жылғы байқаудың, «Жігер-87» және «Жігер -88» фестивальдерінің лауреаты, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі.

Т.Есалиев,
Р.Жадыраева,
К.Айдарқұлов,
барлығы 104 адам қол қойған.

Редакциядан:

Аталған мектептің проблемалары жөніндегі ойлар газетімізде (4 февраль, 27 апрель, 30 июнь күндері) жарияланған болатын.

Мақала «Өзің іздейтін өткел» деп аталған еді. Себеп: коллективтегі қалыптасқан іштей, өзара түсініспеушілікті реттеу, мектеп дирекциясының, педагогтардың өздерінің қолынан келер деп үміт артқан едік.

Газетімізде жарық көрген мақалада (27.IY.88) А. Жұбанов атындағы мектептің творчестволық коллективі ішіндегі моральдық-психологиялық ахуал, музыкалық білім беру-оқыту процесіндегі олқылық, ұлттық мектептің кадрлар даярлау ісіндегі проблемалары айтылған еді. Осыған орай, мектептегі екі топ өкілдерінің редакцияға жолдаған хаттарын жариялап отырмыз.

Іс жаңа директор сайлаумен бітпейді. Газетімізде бірнеше қайталап көтерілген бұл мәселе енді дұрыс шешімін табады деп ойлаймыз. Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінен нақты шара және жауап күтеміз.

«Лениншіл жас»,
27.09.1988 ж.

«ӨЗІҢ ІЗДЕЙТІН ӨТКЕЛ»

Осы тақырыппен газетіміздің 27 апрель күнгі санында мақала жарияланған болатын. Онда редакцияның ұйымдастыруымен өткізілген «Сұхбат-телефонда» (4.02.88) тілге тиек болған бір мәселеден өрбіген басқа да проблемалар қозғалады. Мақалада А.Жұбанов атындағы республикалық арнаулы қазақ музыка мектеп-интернатындағы бірқатар проблемалық мәселелер нақты көрсетіліп, назарға ұсынылған еді. Арада екі ай өткеннен кейін Қазақ ССР халыққа білім беру министрінің бірінші орынбасары М.Жолдасбековтен төмендегідей жауап келді:

«Шындығында да қазақ тілі мен орыс тілін өткізуде елеулі кемшіліктер жібергендігі анықталды. Ана тілі мен ұлттық мәдениетке баулуға, оқушылардың интеллектуалдық білім дәрежесін көтеруге, профессионалдык шеберлігін арттыруға мейлінше көңіл бөлу керектігі ескерілді.

Педагогикалық коллективтің қалыптасу принциптеріне, мектептің құрылымы мен мақсатына мақала иесі тереңдеп бара алмаған. А.Жұбанов атындағы мектептің негізгі мақсаты - шәкірттерді, орындаушы-музыкант кадрларды еліміздегі арнаулы музыкалық жоғары оқу орындары мен Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсуге дайындау, кәсіптік мамандық білімін тереңдетуге ықпал жасау. Жиырма төрт жылдың ішінде ол мектепті 459 оқушы бітірді, оның 400-і профессионал музыканттар. Соңғы төрт жылдың ішінде жас орындаушылардың республикалық байқауында 20 түлек лауреат атанды, қазақтың халық аспаптар оркестрі 1988 жылы өткен «Жігер» фестивалінің жеңімпазы атанды. Мектеп коллективі құрамында жалпы білім беретін пән мұғалімдері, тәрбиешілермен қатар арнаулы музыкалық білімі бар мамандар, әртүрлі ұлт өкілдері қызмет істейді. Негізгі пән сабақтары қазақ тілінде жүреді, ал арнаулы музыкалық сабақтар орыс және қазақ тілдерінде өтеді. Мектепте қазақ тілін үйрену үйірмесі жұмыс істейді.

Мұғалімдердің жұмысын жақсарту, олардың білім дәрежесі мен мәдениетін көтеру, сабақтардың сапасын арттыру жөнінде, мектептің оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде бірқатар нақты шаралар белгіленді.

Мектеп директоры Э.Жолымбетов өз өтініші бойынша қызметінен босатылып, ол №5 музыка мектебінің директорлығына өтініші бойынша ауыстырылды. Қазірге кезде бұл мектептің директорын сайлауға әзірлік жүргізілуде».

РЕДАКЦИЯДАН: Аталған мақалада бұл мектеп-интернаттың шәкірттері орта мектеп программасына сай жалпы білім алумен қатар, 22 бөлімде арнаулы музыкалық мамандықтар бойынша дайындықтан өтетіні, талантты түлектерінің Москва, Ленинград, Киев консерваторияларына оқуға баратыны, бірқатары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тәмамдайтыны нақты аталған болатын. Бұл арнаулы музыка мектебінің «құрылымы мен мақсатын» түсінбегендік болмаса керек. Мәселе ұлттық өнеріміздің өркендеуіне үлесін қосар музыка мамандарын әзірлеудегі бұл мектептің үлесі жөнінде. Тек қана қобыз, домбыра, баян бөлімдерінің талантты түлектері қол жеткізген табыстармен ғана қанағаттануға бола ма? Рас, халық аспаптары оркестрінің жетістіктеріне жастар газеті әр кездерде баға беріп отырған. Бізді ойландыратыны – ұлттық өнердің қайнарынан қанып ішпеген, дүбәра музыканттардың көбейіп бара жатқандығы жөнінде еді. Ал республикадағы жалғыз қазақ музыка мектебіне бұл проблема қалайша қатыссыз болады?

Осы орайда, мақалада мынандай мәселелер шешімін күтетініне аударылған еді ғой:

Біріншіден: Аталған мектептің бұрынғы директоры Эмиль Жолымбетовтің ана тілін білмейтіндігі. Ал қазақ музыка мектебін басқаруға мұндай адамдардың сай келмейтіндігі өзінен-өзі түсінікті емес пе? Бұл кемшілікті – кемшілік деп атап көрсеттік.

Екіншіден: Бұл мектептің арнаулы бөлімдерінде республикамыздың шалғай түпкірлерінен келген балалар, негізінен жергілікті ұлттың өкілдері оқитын болғандықтан барлық теориялық пәндер (оның ішінде «Қазақ музыкасының тарихы» да) тек орыс тілінде өткізілетіні нәліктен?

Үшіншіден: Осыған байланысты мақалада арнаулы бөлімдердің бәрінде 6-7 кластарға дейін музыкалық пәндерді екі тілде өткізу жөнінде ұсыныс айтылған еді.

Төртіншіден: Арнаулы музыкалық оқулықтардың, көмекші құралдардың осы уақытқа дейін қазақ тіліне аударылмай келуі түсініксіз. Мұны жедел қолға алу керек. Аудармашы мамандар табылмайды деген сылтау ғана.

Бесіншіден: Оқытушы-мұғалімдердің арасында қазақ тілін оқып-үйренуге байланысты үйірменің жұмысы (қазақ музыка мектебінде!) формальды түрде жүргізіледі, талапқа мүлде сай емес.

Алтыншыдан: Халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқытуды бастауыш кластардан бастау қашан қолға алынды? Музыка мектебінде мұның мәні өте зор.

Жетіншіден: Аталған мектепте іс-қағаздарының бір ғана тілде жүргізілуі де түсініксіз. Бұған ешкім көңіл аударып отырған жоқ.

Сегізіншіден: Ата-аналар жиналысы, педсоветтің отырыстары, комсомолдар жиналысы, т.б. екі тілде өткізіліп, қабырға газеттері екі тілде шығарылуы керек емес пе?

Тоғызыншыдан: Арнаулы қазақ музыка мектебінің мұғалімдерін аттестациядан өткізген кезде қос тіл білу мәселесіне айрықша назарт аудармаса болмайды.

Оныншыдан: Бойында талант ұшқыны бар балаларды ел ішінен көбірек іздестіру керек. Кейінгі кезде әртүрлі сылтаулар айтып, алысқа ұзамай, қаланың балаларымен қатарын толықтыруға көбірек ыңғай танытушылық байқалады. Бұл ретте биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында қандай ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде?

Мінеки, «Өзің іздейтін өткел» атты мақалада қозғалған қадау-қадау мәселелер осылар еді. Біз министрліктегі жауапты жолдастардан да, мектеп әкімшілігінен де нақты жауап болар деп күткенбіз. Қазіргі уақыт талабын сырғытпа жауаптар қанағаттандырмайды, нақты іске көшуді дйттейді.

Бізді толғандыратыны – жас жеткіншектердің, ұлттық өнеріміздің өркендеуіне өз үлестерін қосатын музыкант кадрлардың бүгіні мен болашағы. Талантты жасөспірімдердің тәрбиесіне қатысы бар проблемалық сауалдарға Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі қайтадан назар аударып, атқарылатын нақты іс-шараларды белгілейді деп үміттенеміз.

ОРЫНДЫ МӘСЕЛЕ

Республикалық жастар газетінің «Өзің іздейтін өткел» атты мақаласында қозғалған мәселелер орынды әрі дер кезінде көтерілген. Әрине, бұл жөнінде бұрын да сөз болған. Қазақстан Композиторлар одағы өзінің осыған байланысты дйттеген мақсаттарына қол жеткізе алмай келеді. Мәселен, республикамызда бірнеше онбіржылдық, 400-ден астам жетіжылдық музыка мектептері бар. Осылардың барлығында да қазақ музыкасының классикалық үлгісіне тәрбиелеу жолға қойылмай келеді. Ортақ проблемаларды көріп-біле отырып, нақты шараларды жүзеге асыруға келгенде кібіртіктей береміз. Бұған дейін музыка училищелері бір министрлікке, музыка мектептері екінші министрлікке қарайтын. Енді жаңа оқу жылының қарсаңында бұлар Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарамағына көшпекші.

Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының оқулықтары жоқ. Теориялық пәндер тек орыс тілінде өтеді. Музыкалық училищелердегі біздің мамандар қазақша лекциялар оқумен ғана шектеледі. Латын, неміс, итальян, ағылшын тіліндегі музыкалық терминдердің дәл баламаларын тауып бере алмай жүреміз. Оқулықтарды дайындауды қолға алғысы келетіндер Композиторлар одағынан көмек қажет етсе, одан біз бас тартқан жоқпыз. Өзім кезінде бірнеше рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советіне бұл жөнінде мәселе көтеріп, хаттар жолдағанмын.

Музыка мектептеріне арналған, әрбір музыка аспаптарының ерекшеліктерін ескере отырып жазылған, оқулықтарды көбейту керек. Өз халқының ғасырлар бойы қалыптасқан музыка өнерін қанына сіңірген адам ғана оның дамуына үлес қоса алады. Сондықтан ана сүтімен бойға даритын өнердің тұнық бастауларын тұмшаламай, көзін ашып, үлкен арна табуына көмектесейік. Біз қазір музыка мектебінің әр класындағы балалар орындайтын шығармалар жазуды қолға алдық. Жалпы, балаларға арнап музыка жазу, оқулықтар шығару, олардың жас ерекшеліктеріне лайықтап ұлттық музыка аспаптарын жасау – еріккеннің ісі емес. Көңіл бөлінбей келгені рас. Бұл жекелеген министрліктердің кінәсінен деп түсінбей, біреулердің бітіретін шаруасы деп сілтеме жасамай, әрбір интеллигенттің үлесін қосар абыройлы міндеті болуға тиіс.

Халқымызда «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мақал бар. Өте терең түсінік. Ар бар жерде – намыс бар, намыс бар жерде – патриоттық сезім бар. Біз домбыра, кобыз арқылы, халықтық өнерді бойға сіңіру арқылы патриоттық тәрбие беруге болатынын ұмытып кетеміз. Ұлттық өнердің бойға сіңбеуі – ең алдымен тілдің шұбарлануына ұрындырады деп ойлаймын. Өз халқының өнерін сүйіп өскен адам – өзге халықтың өнеріне де құштар болады, құрметпен қарайды. Бұл – өмірде дәлелденген ақиқат.

Ертеректе әрі ақын, әрі әнші, әрі композитор, әрі балудан – қысқасы «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматтарын халқымыз сері деп таныған. Қазір әртүрлі творчестволық одақтарда қызмет істейтін кейбір замандастарымыз тек өз мүддесін көбірек ойлайды. Өнер – халықтікі дейміз. Ендеше, мүдде де ортақ болуға тиіс қой.

Кейбір елеусіз нәрсе деп елемейтіндеріміз қаншама. Мәселен, жалпы білім беретін мектептердің қабырғасында белгілі ақындарымыздың, жазушыларымыздың портреттері ілулі тұр. Ал музыка мектептерінде ше? Белгілі халық композиторларының портреттерін іліп қою үшін де нұсқау күтеміз бе? Бұл жөнінде айтып та жүрміз.

Ал музыка мектебін басқаратын маманға қойылатын талап үлкен. Оған бір ғана өлшеммен қарауға болмайды. Ең бастысы - азаматтығы, өнер шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті ұштасып жатсын. Ана тілін білуге тиіс. Білмесе – үйренсін. Оған да мүмкіндік берілсін. Өнер мектебін, ең алдымен, өнерпаз адамдар басқаруы тиіс деп ойлаймын.

Еркеғали РАХМАДИЕВ,
СССР Халық артисі, Қазақстан
Композиторлар одағы басқармасының
бірінші секретары

ОҢ ШЕШІМІН ТАПСА

«Лениншіл жас» газеті ұлттық музыка кадрларын даярлау мәселесін бір мектептің мысалында өте орынды қозғап отыр. Республикадағы жалғыз қазақ музыка мектебіне сапалы оқулық та, ұлттық өнердің өркендеуіне жанашыр оқытушы-мұғалімдер де, қабілетті шәкірттер де қажет екендігі сөзсіз. Ең алдымен бұл мектепті екі тілді жетік білетін адам ғана басқаруға тиіс!

Осы орайда, қазақ әнін, күйін, музыкасын білсін деген сөзді бұрмалап біржақты түсінгісі келетіндерге батыл тойтарыс берген жөн. Бұдан ұлтшылдық іздемесін. Өз ана тілін және орыс тілін білетін музыканттың қос қанаты бар. Биік қалықтап ұша алады. Бұған менің көзім анық жеткен. Ал өз халқының гимні іспетті болып кеткен ән-күйлерді білмеу – музыканттың соры. Оларды жарымжан десек, артық айтқандық емес.

Менің 1949 жылдан бергі көкейкесті арманымды – сүйемелдеуші қазақ пианисім болса деген – біреу біліп, біреу білмейді. Шыны керек, небір шебер пианист ұлттық әуендерді орындауға келгенде нәзік иірімдерін дөп баса алмай, мүлт кетеді. Соның түп тамыры – тілді білмеу, ойды түсінбеу екендігін жасырып қайтеміз. Жоғары білім алған біздің музыканттарымыз Моцартты, Бетховенді, Гайдиді, Чайковскийді, Шубертті, Шуманды жақсы игереді де, ал өз халқының ән-күйлеріне келгенде тұсалып қалады. Неге? Меніңше, шын мәніндегі музыкант, қай ұлттың өкілі болса да өз халқының ұлттық әнін, ұлттық күйін классикалық дәрежеге жеткізе орындауы керек. Біздің кейбір музыканттарымыз шет елге шыға қалса өздерін «қазақпыз» деп таныстырады, ал халық музыкасынан бір әнді, яки бір күйді орындап бере алмағанда неге жүздері жанбайды? Неге ұялмайды? Бұл жөнінде бір-бірімізге сыбырлап айтатын кез өтті. Ашық айтатын кез жетті.

Өз басым Е.Хасанғалиев, З. Қойшыбаева, Ғ.Есімов сияқты бірен-саран әншілерден басқасының әннің ішкі ырғағын бұзып айтатынын байқап қаламын. Ал кейінгілерді қалай оқытып, үйретіп жүрміз? Міне, қазақ музыка мектебіндегі жағдай сондықтан да толғандырады. Олар өз кемшіліктерін өздері көріп, соны түзетуге ыңғай білдірсе ғой. Мен мақаладағы Арно Александрович Винтерголлердің пікірін толық қуаттаймын. Өзін білмесем де пікірміздің бір жерден шыққанына тәнті болдым. Нағыз мәдениетті азамат екен деп ой түйдім.

Жақында біздің елімізде Үндістан фестивалі болып өтті. 200 жыл бойы ағылшындардың қол астында болып келсе де ұлттық мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жоғалтпаған халық! Міне, мұндай халық өмір сүре алады.

Музыка мектебінің проблемасы үлкен. Бұған салғырт қарауға болмайды. Енді дауысқа салып жаңа директор сайлаумен ғана іс бітпейді. Үмітімізді ақтаудың бұл тек басы ғана

болмақ. Біз өз халқымыздың әндерін әлемдік классикалық дәрежеде шығаруымыз керек. Ұлттық музыка кадрларын даярлаған кезде бұл мұқият ескерілсін. Проблеманың қойылысы осы себептен. Бұл халықтың көкейкесті тілегі деп түсінеміз. Ал мәселе көтерген адамдарға «осы қалай» деп қарауды қою керек.

Біз – Советтік Социалистік Қазақстанбыз. Тең праволы ерікті елміз. Проблемалық мәселелерге Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі тереңірек үңіліп, іс жүзінде оң шешімін табады деп ойлаймын.

Роза БАҒЛАНОВА,
СССР Халық артисі.

ОЙҒА ҚАЛДЫҚ

Біз мақаланы оқып шығып, ойға қалдық. Арнаулы қазақ музыка мектебінде орын алған олқылық пен келешек өнер иелерінің тағдырына деген селқостыққа, жауапсыздыққа ренжігенімізді жасыра алмаймыз.

Газет тілшісі сыпайы түрде болса да мектепте орын алған көп түйткілдің бетін әділетті түрде ашып көрсеткен. Уақыт қойған талап тұрғысынан айтылған сын пікірлері жаңаша ойлана білер мектеп басшысы мен коллектив мүшелеріне аса үлкен жауапкершілік пен тез шешуді қажет ететін жауапты міндеттер де жүктейтіні сезіліп тұр. Біз газет бетінде шет жағасы жұқалап айтылған әрі күнделікті өмірде өзіміз де сырттай танып, өкіне жүрген бір құбылысты, яғни алыстағы ауылдан келген әрі орыс тілінде өтілетін сабақтарға даярлығы пісіп-жетілмеген мектеп балаларына ең басты пән – фонодан өз тілінде сабақ өтілмеуін дәл бүгінгі талап тұрғысынан қарағанда қалай түсінеміз? Бұл бір жағынан бала психологиясы мен ұғымына «мәдениетті» түрде жасалған зорлық емес пе?

Музыкадан берілетін теориялық, практикалық білім-танымдарды өз ана тілінде оқи алмаған шәкірттердің жаны жарымжан, ұғымы шала болуы себепті, олардан айтулы өнер иесінің жетіліп шығуы да екіталай болмақ.

Педагог, ең болмағанда орыс тілінде оқытса да, баланың түсінбеген жерін ана тілінде ұғындыра алатындай қабілеті бар маман болуы керек емес пе еді. Мұндай қолайсыз жағдай біздің республикамыздан басқа республикалардың бірінде де орын алмауы көп нәрсені аңғартса керек.

Осы себепті КПСС-тің ХІХ конференциясының қабылдаған қаулысында: «...Ұлт тілдерінің мемлекеттік, қоғамдық және мәдени өмірдің әртүрлі салаларында белсенді жұмыс істеуіне көбірек қамқорлық жасалсын» деген аса тегеурінді талап қойылды емес пе? Міне, партия ана тілінің әрекет өрісін кеңейтуді талап етіп отырғанда А.Жұбанов атындағы арнаулы музыкалық мамандық беретін жалғыз қазақ орта мектебінде қайта құрудың заманында мұндай олқылыққа орын беруге болмайды деп білеміз.

Фонодан, қай ұлттың өкілі болса да мейлі, екі тілді білетін мамандармен қамтамасыз етілуі керек. Бұл – қай жағынан алып қарағанда да заңды талап. Өйткені, музыкадан сабақ беруге қос тілді мамандардың астанадан табылатынына сеніміміз мол. Бұл іспеттес, аз болса да мән-мағынасы зор мәселеге көңіл бөлмеуден көп нәрседен ұтылып келеді емеспіз бе? Мұндай бойкүйездік бүгінгі рухани дүниемізде жүргізіліп жатқан қайта құрудың пәрменді қарқынына сай келмейтінін еске саламыз.

Р. ДОСЫМБЕКОВА,
М. ӘКІМБАЕВА,
Н. МҰХАМЕТХАНОВ,
С. МАЙЛЫБАЕВА,
М. ӘКІМОВА.

Алматы.

«Лениншіл жас», 30.07. 1988 ж.

ЖАҚЫНДА ДИРЕКТОРДЫ САЙЛАЙМЫЗ...

Астанамыздағы А. Жұбанов атындағы республикалық арнаулы қазақ музыка мектеп-интернатының проблемалары соңғы кездері баспасөзде жиі жазыла бастады. Мұның өзі қуанарлық та құптарлық жәйт. Өйткені, «Сын түзелмей, мін түзелмейтіні» ақиқат емес пе? Ал

біз керісінше, ұзақ жылдар бойы бұл мектептің өз мүмкіндігінен мүлде төмен, теңізге құйған тамшыдай ғана жетістіктерін мақтаныш етіп келдік.

Осы орайда, «Лениншіл жас» газетінің биылғы жылғы 27-апрельдегі санында жарияланған Ә. Қайырбековтің «Өзің іздейтін өткел» деп аталатын проблемалық мақаласы тың серпіліс туғызып еді. Аталмыш мақалада А. Жұбанов атындағы мектепте орын алған негізгі кемшіліктер нысанаға дәл алынып, түбірлі мәселелер көтерілген болатын. Сол мәселелердің бірі, біздіңше бірегейі – бұл мектептегі ұстаздардың 90 процентке жуығы қазақ тілін білмейтіндігі еді. Мұндай елеулі кемшіліктің белең алуына бұрынғы мектеп директоры Ә. Жолымбетовтің өз ана тілін, туған халықының рухани мұрасын түсінбейтіндігі тікелей әсерін тигізген-ді.

«Лениншіл жас» газетінде жарияланған мақалаға Қазақ ССР Халыққа білім беру министрінің бірінші орынбасары М. Жолдасбековтен арнайы жауап келген («ЛЖ», 30 июль, 1988 ж.). Ол жауапта: «Шындығында да қазақ тілі мен орыс тілін өткізуде елеулі кемшіліктер жіберілгендігі анықталды» дей келіп, «мектеп директоры Ә. Жолымбетов өз өтініші бойынша қызметінен босатылып, ол № 5 музыка мектебінің директорлығына өтініші бойынша ауыстырылды. Қазіргі кезде бұл мектептің директорын сайлауға әзірлік жүргізілуде» деп атап өтілген болатын.

Бірақ... (иә, осы «бірақ» деген түйткіл болмаса, бұл хат жазылмаған да болар еді). Бірақ жуырда ғана А. Жұбанов атындағы мектептің Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарамағына ауысуына орай, бұрынғы басшы қайта оралмақшы. Дәлірек айтқанда, Ә. Жолымбетовтің фамилиясы мектеп директорлығына ұсынушылардың ішінде. Шынымызды айтсақ, «Лениншіл жас» газетіндегі: «Аранулы қазақ мектебінің мұғалімдерін аттестациядан өткізген кезде қос тіл білу мәселесіне айрықша назар аудармаса болмайды» деген сөздерден соң көңілдеріне күдік ұялап қалған өз ана тілдерін білмейтін мұғалімдердің көпшілігі бұрынғы директорды өз орнына қайта сайлауға қуана тілек білдіріп, сол арқылы «жабулы қазанды» ашпай-ақ, жылы жауып қоюға тырыса ма деген қауіміз басым. Біздіңше музыка мектебінің директоры болып өз ана тілі мен өнерін сүйетін, өз халқының рухани байлығын терең түсінетін маман сайлануға тиісті. Ондай жанның табыларына сеніміміз кәміл. Олай болмаған жағдайда, елден келген жеті жасар балалардың ұлттық өнеріміздің қайнарынан мейірі қанғанша сусындаған өнерпаз болып шығарына күмәндіміз.

Сонымен, директорды сайламақпыз.

Қалай болар екен?...

Г. МЫРЗАХМЕТОВА,
Р. ЖАДЫРАЕВА,
А. САЛҚЫНБАЕВА,
А. Жұбанов атындағы республикалық
арнаулы қазақ музыка мектеп-интернатының
мұғалімдері.
«Қазақ әдебиеті»,
19 тамыз 1988 ж.

СӘТ-САПАР, НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ!

Жақында Алматы жұртшылығы қалалық атқару комитеті мен облыстық кәсіподақтар советінің ұйымдастыруы арқылы М.Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркінде театрландырылған «Наурыз» мейрамының өткізілуін тамашалады. Жаңа мазмұнға ие болған бұл халықтық мерекенің қайта жаңғыруына газетімізде жарияланған «Тамырыңды терең жібер» (4 ақпан, 11 наурыз) сұхбаты және оған үн қатқан бір топ ақын-жазушылардың ұсыныс-пікірлері дәнекер болды деп ойлаймыз. Орталық паркке апаратын Гоголь көшесінің бойындағы ағылған жұртты көрсеңіз сол күні. Бүкіл Алматы көшіп келе жатқандай! Жүздері бал-бұл жанған жасөспірімдер де, еңсесін тік ұстаған ересектер де, ақ шапты ардагерлер де асыққан еді айтулы мерекенің ашылу салтанатына.

Мерекеге барлығы 500-ден астам көркемөнерпаздар мен кәсіби өнер коллективтері, әртістер, студенттер мен оқушылар қатысты. Парктің барлық алаңдарында – Орталық эстрада паркінде, Жазғы театрда, Спартак стадионында, Балалар қалашығында, Ленин атындағы сарайдың алдында мерекелік шеруге қатысушылар халқымыздың бай өнері мен мәдени мұрасына зор ілтипат білдірді. «Наурыз мейрамы» жұртшылықтың күткеніндей мазмұнды өтті. Осының бәрі ерекше бір үйлесім тауып, халықтар достығы тамырының тереңдей түскеніне тағы да көз жеткізді. Тек қана көне дәстүрдің аясында қалып қоймай, Наурыз мейрамының қазіргі заманға сай жаңаруы, жетілуі, тамырын тереңге жіберуі қалай болғанда да халықтық мүддені аңғартады. Наурыз мейрамы қалың қауымның күткеніндей, шын мәніндегі өнер мерекесі болып гүл ашты. Ақын Мұхтар Шахановтың «Алпыс екі жылдан соң...» атты өлеңі тойдың беташары іспетті болды. «Сан ғасырлар сән берген даламызға, // Өзгеше бір әні едің байтақ елдің. // Сәлем, Наурыз! Сен біздің арамызға // Алпыс екі жылдан соң қайта келдің!» деп жар салды ақын.

Мариға Шөкенова, Алматы облысының Қаскелең ауданындағы № 87 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі: – Наурыз мейрамы өтеді деген соң, төрт баламызды ертіп арнайы келдік. Әншейінде, ауыл-үйдің арасындағы той-томалаққа да дәл мұндай асықпаспыз. Ертеректе әжелерімізден, апаларымыздан еститінбіз, бірақ Наурыз тойының шын мәніндегі халықтық мереке екендігіне енді көзіміз жеткендей.

Айтыс өнері соңғы жылдары жұртшылықтың назарына аударыла бастағаны белгілі. Бұл жолы да айтыстың ұйымдастырылуы Наурыз тойына шырай үстеп тұрғандай. Осыған алдағы уақытта да айрықша көңіл бөлу керек. Мәселен, өз басым үлкен айтыстан кейін оқушылардың айтысын қызықтадым. Қандай әсерлі өнер сайысы. Біздің мектепте де осы дәстүр қолға алынар деп сенемін. Бір ескерер жайт: адамдар өте көп жиналғаны байқалады, бірақ ұлттық тағам түрлері өте аз дайындалған.

Әбдісадық Тоқтамысов, республикалық дәрежедегі дербес пенсионер, еңбек ардагері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері:

– Ең алдымен, осынау жаңғырған жақсы салт-дәстүріміз «Наурыз мейрамының» қайта құру кезеңінде өмірге қайта келуімен құттықтаймын барша қауымды. Өз басым сонау 1926 жылға дейін, Наурыз тойының қалай өтетінін көзбен көрген кісімін. Асыра сілтеудің салқыны тиіп, ұзақ жылдар бойы үнсіз қалған мерекеміз еді.

Енді, міне, әрбір халықтың озық салт-дәстүрлеріне деген қамқорлықтың арқасында «Наурыз мейрамы» қайтадан өмірге келді. Бүгінгі күннің талабына сай жаңаша мазмұнда өткізілуін де құптаймыз. Қазіргі жастарға айтарым: «Наурыз мейрамын» жаңаша мазмұнда өткізе беруге өздерің тұтқа болыңдар. Халықтың қолдауы көп сырды аңғартады. Наурыз тойында ынтымақ, достық, өзара түсінісушілік және сыйластық іздендер.

Василий Федорович Рыбак, дербес зейнеткер:

– «Наурыз мейрамының» ұйымдастырылуы жақсы деңгейде деуге болады. 1970 жылдан бері осы М.Горький атындағы мәдениет және демалыс паркіне әрбір мереке сайын келіп тұрамын, бірақ дәл осы жолғыдай адамдардың лек-лек толқын болып, ерекше жиналуын көрген жоқпын десем, өтірік айтпаймын. Тіпті, әншейінде айналасы атшаптырым көрінетін парктің көлемі тарылып кеткендей, толқын арнасына симай бара жатты. Мұның өзі халықтың мерекесіне деген ерекше ықыласын білдіреді емес пе! Қазіргі қайта құру заманы қастерлі санайтынның бәріне де халықтың өзі баға беруіне өріс ашып отыр. Кезінде болмашыдан секемденіп, барының өзін жасырып, ашып көрсете алмай келгендігін жұртшылық енді түсінді. Өртүрлі ұлттық ойындар, жарасымды салт-дәстүрдің молдығы соны аңғартады. Әрине, алғашқы рет ұйымдастырылып отырғандықтан шығар, кейбір көңіл аударатын тұстар да баршылық. Мәселен, осы парктің ішінен өзім бір-ақ киіз үй көрдім. Қымыз ішуге жиналған жұрт киіз үйдің сыртында ошарылып, ұзын-созбақ кезекке тұрды. Көптеген киіз үйлерді жасау-жабдығымен көрмеге қойып, қымызды сырттағы оңтайлы бұрыш-бұрыштарда құйып тұрса ыңғайлы болар ма еді. Сусыны қанған жұрт қызықтайтын мәдени шаралар да аз болмаған сияқты. Тағы бір түйген ойым: осы парктің көлемін ұлғайтуды ойланатын кез келген сияқты.

Ақындар айтысы алты сағатқа созылды. Жазғы театрда ине шаншар жер болған жоқ. Айтыс десе делебесі қозатын ағайындардың бәрі де осында жиналған. «Наурыз мейрамының» салтанатына орай ұйымдастырылған ақындар айтысын жыр алыбы Жамбылдың немересі Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Әлімқұл Жамбылов ашып, алты сағатқа созылған өнер сайысын Жамбылдың шөбересі 6 жасар Бағлан аяқтады. Облыстардан 8 ақын қатысты. Қазақстанның халық ақындары М.Көкеновтің шәкірті Н.Раманқұлов

(Қызылорда), К.Шәкеевтің шәкірті Қ.Мырзабековтер айтыс өнеріне төселіп қалған айтыскерлер екенін байқатты. Алматы қаласының өзінен 6 ақын қатысты. Үш жұп пионерлер айтысы да тартымды өтті. 32 жеке орындаушылар өнер көрсетті. Жалпы, айтыс туралы айтылатын әңгіме аз емес. Бір ауыз сөзбен тұжырып айтқанда, осы мерекені ұйымдастыру комиссиясының мүшесі, фольклорист-ғалым Мардан Байділдаев былай дейді: Менімше, Наурыз мерекесін ашық аспан астында өткізіп тұру керек. Наурыз мерекесіне халық таланттарын көбірек қатыстыру керек. Ақындар айтысын дәл осы Наурыз тойына сәйкестендіріп жылына бір рет өткізіп тұру керек деген жөн пікір.

Ұлттық спорт түрлеріне кең жол ашылса... Алматыдағы М.Горький атындағы мәдениет және демалыс паркінде «Наурыз мейрамының» спорттық мерекесі аса қызықты өтті. Парктің түкпіріндегі «Спартак» стадионының трибунасы дәл бұлай лықа толмағалы талай болған шығар. Төрешілер ұлттық спорт түрлерінен өтетін бәсекелерді хабарлап, сапқа тізілген спортшыларға сәт-сапар тілеген кезде стадионның отыратын орындарында ине шаншар орын жоқ болатын. Наурыздың спорттық бәсекелерін көруге ынтыққан халық кіреберісте, жол жиектерінде, сәл алысырақтағы тал түптерінде шоғырланып тұрған.

Осы жарыстың құрметті қонағы ретінде шақырылған елімізге танымал спорт ардагері, тоғызқұмалақшы, республиканың еңбек сіңірген жаттықтырушысы Рахымбай Кәрімбаев пен Алматы қалалық спорт комитетінің төрағасы Әкішай Жайлаубековтың сұхбаты осы тақырыптан басталды.

– Раха, қалалық спорт комитеті ұлттық спорттың бес түрінен – қазақша күрес, тоғызқұмалақ, жамбы ату, аударыспақ, арқан тарту – өткізген жарысты көруге деген ынтаның керемет екенін көріп отырсыз. Бұл қуанышты оқиға емес пе?

– Қуанышты орынды, балам. Мен сексен жылдық өмірімде талай той-томалақты, мерекені бастан өткергем. Талай мереке, тойда күреске де түскем, бәйгеге де шапқам, тоғызқұмалақ сайысына да қатысқанмын.

Ал, өзімнің бүгін көріп, көңіліме түйгенім мынау – ниет жақсы. Стадионға қазақша күрес пен тоғызқұмалақты әкелдіңдер, тамаша, халық көрді, риза болды. Тоғызқұмалақ үйреніп жатқандарды да көзім шалып қалды. Өнерді қадірлегендері. Ал өзге спорт түрлері ше? Аударыспақ дедіңдер. Ортаға гимнастиканың снарядтарын қойып, содан бірін-бірі сүйреп түсіру де аударыспақ па? Жоқ, Әкішай, балам, аударыспақты дәл сол табиғи күйінде өткізу керек. Әрине, биыл бәрі асығыс болды, даярланып та үлгермеген боларсыңдар, мен мұны болашақ үшін айтып жатырмын.

– Раха, өте орынды айтып отырсыз. Сіз секілді тағдыры тарих адамдар айтпағанда, кім айтады. Сыныңыз орынды, бұл айтқандардан аларымыз көп.

– Әйтеуір ренжи көрме, Әкішай айналайын, менің мақсатым, ойларыңа ой қосу ғой, әлгі спорт атаулың өз ретімен өте берер, чемпионатың ба, Европаң ба, Олимпиадаң ба, олар өз алдына. Ал, «Наурыз мейрамы» мүлдем басқа, бұл – халықтық той. Олай болса, ат жарыс, жаяу жарыс, атан жарыс көрмей көңіл қайдан орнықсын. Өттең, жарыс далада өтер ме еді...

Алтыбақан басына халық көп жиналды. Астананың алты жоғары оқу орнының студент жастарын ортаға алған жұртшылық әсем ән тыңдап, қыз бен жігіт айтысының, сөзжұмбақтың, Алдар Көсе мен Тазша бала ұйымдастырған «Соқыр теке», «Аударыспақ» сияқты тартымды өткен түрлі ойындардың куәсі болды. Белін қынап көйлек киіп, көктемгі қырмызы гүлдей құлпырған қыздармен алтыбақан тебу үшін өзара өнер сайысына шыққан жігіттердің ішінен суырып-салма ақыны да, термешісі де, жыршысы да табылды.

– «Наурыз мейрамы» бәрімізге ортақ қой, – дейді КазГУ-де оқитын монғолдық студент Аманжол Саршалұлы. Бізде оны Бұлғын Сұмын мейрамы, еңбек мейрамы дейді. Қазақша баламасы Ақ ай мерекесі. Ауыл жастары жиналып бұл күні таң атқанша алтыбақан тебеміз. Сіздердің де халықтық мейрамды ұмытпай, тойлап жатқандарыңыз қуанышты-ақ.

Кешке дейін алтыбақан басынан ән үзілмеді. Абайдың «Көзімнің қарасы» мен қырғыздың халық әні Тұмарым», орыстың халық әні «Ой, Мороз» қатар айтылды.

Наурыз мейрамы көшеге шықты. Күндіз күні бойы М.Горький атындағы мәдениет және демалыс паркі ішін кернеген мерекелік көңіл-күй кешкілік астананың кең көшелерінің бойына құйылды. Көше бойы жанданып сала берген.

Шеру басталысымен, ән естілді. Сан дауысты қиналмай тұтатын у-шуы мол кең көшеде бұл жолы әдемі әуен еркін қалықтады. Домбыра ұстап, сап түзеген қыз-жігіттер қосыла «әу» дегенде көңілді үндер бірден әуелей жөнеледі. Халқымызда әдемі ән көп. Әрі өрімдей жас қыз-жігіттер көтеріңкі сезіммен шырқағанда қайсыбір ән де құлпырып кеткендей ме, дейсің. Бірде

«Әгүгәй, домбырам», бірде «Әй-әй, бөпем» естіледі. Бәрі де сазды. Әр кезеңнің әндері болса да қазіргі көрініспен жарасымын тауып тұр.

Бір кез домбырамен жарыса сазды сырнай үні естілген. Бояуы қайталанбас татар әні ерекше құштарлықпен шырқалды. Татардың ұлттық киімін киінген талшыбықтай екі қыз топ алдында дөңгелене билеп келеді. Бұлармен қатар частушка айтып, орыс биін билеген тағы бір топ көрінеді.

Арғымақ мініп, басына дулыға, үстіне сауыт киген, қолына найза ұстаған жігіттер...

... Қызыл-жасыл киінген әнші-биші топ... Наурыз шеруінің бояуын осылар қанықтырады. Мерекелік шеруге қатысушылар астананың 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы паркінен В.И.Ленин атындағы Сарай алдындағы алаңға дейін жүріп өтіп, шеру соңы осындағы кәсіби және әуесқой өнер коллективтерінің концертіне ұласты.

Бұл репортажды дайындауға Н.Жүнісбаев пен Р.Ханалиев (фото) те қатысты.

1988 ж.

ҚАЛАНЫ КӨРСЕҢ КӨК МҰНАР...

Көп жылдар бойы кенді Алтай өңірінің ғажап табиғатына тамсанумен келсек, асыл қазынасын игеруде қол жеткізілген табыстарды әспеттеп, жар салумен келсек, енді бүгін үлкен сауалдың алдында тұрмыз. Жер астындағы ұшан-теңіз байлықты халық игілігіне жарату жолында игі қадам жасаған кезде жер үстіндегі мыңдаған адамдардың мекені болатын қалалардың тынысын тарылтпау, ауасын таза ұстау, адамдардың денсаулығына зиянды заттармен қоршаған ортаны ластамау ескерілмейті. Республикамыздың шығысындағы көк мұнарға оранған көп қалалардың бірі – Өскемен. Бұл қаланың тұрғындары да кешегі күнге дейін, яғни қайта құрудың сәуір самалы соғып, санадағы мұзды еріткенге дейін, экологиялық жағдайға ашық алаңдаушылық білдіре алмаған.

Өскемендіктер үшін өткен жыл осы өзекті мәселені күн тәртібіне өткір қоюмен ерекшеленеді. Маусым айында экологиялық жағдайға ерекше алаңдаушылық білдірген жастардың әрекетшіл тобының бастамасымен Комсомол аралында қала жұртшылығының митингісі өткізілген. Шілде айында халық депутаттары облыстық Кеңесінің алтыншы сессиясы «Облыстағы экологиялық жағдай және кеңес, шаруашылық органдарының қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі міндеттері туралы» шешім қабылдаған. Облыстық, республикалық, одақтық баспасөзде Өскемен қаласының ауа, су бассейні талапқа сай еместігі әлденеше рет сыналды.

Осы уақытқа шейін экологиялық сауат ашу сабағы қалың жұртшылықтың назарынан мүлде қағыс қалып келгендігі, экономикалық тиімділік үшін экологиялық тиімділік ескерілмей қалатын тұстар кездесетіні алаңдаушылық бұлтын ыдыратар емес. Қала территориясында ғана 176 өндірістік кәсіпорындар шоғырланған. Бұлар, негізінен, түсті металлургия, энергетика, машина жасау, құрылыс индустриясы, жергілікті өнеркәсіп, автомобиль транспорты, тамақ өнеркәсібі салаларына жатады. Атмосфераның ластануына, әсіресе, түсті металлургия кәсіпорындарының тигізетін зияны елеулі (ауаға шығарылатын зиянды заттардың 60,4 проценті). Сондай-ақ, соңғы кездерде қаланың ауасындағы, суындағы зиянды заттардың мөлшерін анықтауға байланысты жүргізілген зерттеулер 50-ге жуық химиялық заттар мен түзілістердің бар екендігін анықтап отыр. (қорғасын, мышьяк және оның түзілістері, фтор, хлор, т.б. улы химикаттар).

Бытырғы жылы қала экологиясына байланысты жергілікті тұрғындардың алаңдаушылығы күшеюі себепті бірнеше одақтық, республикалық комиссиялар жұмыс жүргізген. Мәселен, КСРО Денсаулық сақтау министрлігінен келген комиссияның (қараша, 1988 ж.) деректеріне үңілсек, мынадай фактілер ойлантады: белгіленген мөлшерден бенз (а) пирен – 15 есе, қорғасын – 10 есе, азоттың қос тотығы – 9 есе, күкіртті ангидрид пен көміртегі – 6 есе, т.б. асып кетеді екен. Әртүрлі зиянды заттардың орташа тәуліктік нормасы белгіленген деңгейден 2-10 есе артық. Өткен жылдың ақпан-қыркүйек айларында ғана қорғасынның жоғары мөлшерде таралуы 89 рет тіркелген. Осы уақытқа дейін Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының алаңында 200 мың тоннадан аса құрамында мышьяк бар өндірістік қалдықтар сақталуда. Бұл

қаладағы негізгі өндіріс орындарындағы жұмысшылардың уақытша еңбек қабілетін жоғалтып, ауруға шалдығуы республикалық көрсеткіштен 11, 5 пайыз артық.

Әртүрлі ауру түрлерінің көбеюі байқалады. Мәселен, балалардың тыныс жолдары ауруына шалдығуы 1985 жылмен салыстырғанда 14 пайыз, ал ересектерде – 60 пайызға өскен. Жүрек-қан тамырлары жүйесінің ауруына шалдығуы 52 пайызға жоғары. Экологиялық зардаптардан адам мен табиғат қатар зардап шегуде. Адам денсаулығы үшін медициналық көмекті жетілдіру мәселенің бір ғана пұшпағы, ең алдымен қоршаған ортаны сауықтыруға нақты шара қолданылуы керек қой! Арнайы зерттеу, тексеру жұмыстарының нәтижесінен жергілікті орындарындағы жауапты мекемелердің тиісті қорытынды шығармауы таңқалдырады.

Өткен жылы қорғасын-мырыш комбинатының қала атмосферасын ластауына тыйым салынуын өтініп, 4 мыңға жуық адам қол қойып, КСРО Жоғарғы Кеңесіне хат та жолданған. Нәтиже бар ма?!

Өндірісті жаңа технологияға көшіру арқылы экологиялық проблемаларды шешу бағытында комбинаттың қолға алған жұмыстарын жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдарда кәсіпорын зиянды заттардың сыртқа шығуын санитарлық нормаға жақындатуды көздейтін реконструкциялау жұмыстарын атқаруда. Әлемдік практикада тұңғыш рет КИВЦЭТ-тік балқыту кешені салынған. Соның нәтижесінде бұрын ауаға шығарылатын зиянды газдардан қышқыл өндіріледі. Бұл ізденістер өте құптарлық бола тұра, қала ауасын ластаудағы қорғасын-мырыш комбинатының үлес салмағы жоғары болып, дабыл үстіне дабыл қақтыруда. Қала жұртшылығын ауаға шығарылатын мыңдаған тонна зиянды заттардың ондаған тоннасын кемітумен алдарқату мүмкін бе? Әрине, мұндай жағдай қаладағы ірі кәсіпорындардың бәріне де қатысты. «Казполиметалл» өндірістік-бірлестігінің кәсіпорындары, конденсатор зауыты, титан-магний комбинаты, «Востокмашзавод», «Казтэжпромарматура» өндірістік бірлестігі, құрылыс материалдары комбинаты, приборлар зауыты, жылу электр орталығы, т.б.

Табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитет өткен жылдың желтоқсан айында Өскемен конденсатор зауытында қолданылатын трихлордифенил (қысқаша – ТХД) деп аталтын сұйықтықтың топыраққа, суға, ауаға тигізетін зияны жөнінде күн тәртібіне арнайы мәселе қойып қараған. ТХД конденсатор құрастыратын шетелдік фирмаларда пайдаланылмайтын көрінеді. Ал Өскемен конденсатор зауыты болса ТХД-ның көмегенсіз конденсатор шығара алмайтындай. Комитеттің өткір талабынан кейін зауыт әкімшілігі 1 жылдың ішінде ТХД-ны зиянсыз сұйықтықпен алмастыруға уәде берген. Ал уәде қалай орындалатынына көп ұзамай-ақ көз жеткізуге болады. Соңғы кезде облыстық «Коммунизм туы», «Рудный Алтай» газеттерінде апта сайын табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитеттің қала атмосферасының зиянды заттармен ластану деңгейін қалың жұртшылыққа хабардар етіп тұру тәжірибесі құптарлық. Бұл – экологиялық сауаттылықтың әліппесі ғой.

Біз табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитет председателінің орынбасары В.Савельевтен қаладағы экологиялық жағдай туралы сұрадық:

– Өндірістің дамуы мен қала халқының өсуі нәтижесінде экологиялық проблема өткір сипат алуда. Табиғи үйлесімділіктің бұзылуына біржақты қарауға болмайды. Өндірісті дамыту, экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын жақсарту – қажеттілік әрі міндет. Осы орайда, табиғат пен адамның арақатынасында сәйкессіздік сызаты түспеуі керек. Экологиялық проблемалар осы сәйкессіздіктен туындайды.

Өскемен қаласының экологиясындағы қазіргі қолайсыздықтың бірнеше себептері бар: өндірістік қуаттардан табиғат қорғау объектілерінің қуаты көп төмен, тазарту құрал - қондырғылары бүгінгі талапқа сай емес, негізгі қорлардың жаңартылуы, баяу, табиғат қорғауға байланысты қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы қатаң бақыланбайды, жергілікті Кеңестер мен шаруашылық басшылары әлі де жаңаша іс-қимылға батыл көше алмай келеді, ауаға таралатын зиянды заттар мөлшерін анықтау мен бақылаудың әдістері тиімді емес, оның алдын-алу жолдары нақты белгіленбейді, көптеген кәсіпорындарда зиянды заттардың ауаға таралуының шектеулі нормасы сақталмайды, тікелей табиғат қорғау объектілерінің құрылысына бөлінген күрделі қаржының игерілуі қанағаттанарлық емес. (Мысалы, облыс бойынша 1988 жылы бұл мақсатта игерілген күрделі қаржы 61 пайыз ғана).

Ал енді осындай қиын жағдайдан шығудың жолы қайсы дер болсақ: біріншіден, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарында «Экология» бөлімі ең негізгісі болуы керек. Екіншіден, жоспарлы көрсеткіштерде күрделі қаржының көлемі емес, зиянды заттарды шығару деңгейін төмендетудің нақты шаралары назарға алынғаны жөн, әрбір кәсіпорын бұл жөнінде арнайы тапсырма алып отыруы қажет. Үшіншіден, экономикалық дамудың жоспарлары өндірістік

кәсіпорындардың зиянды заттарын жинақтауы мен сыртқа шығаруын тікелей ескере отырып жасалуы керек. Егер, тазарту жұмыстары шешілмейтін болса, кәсіпорындардың өнім өндіру көлемін ұлғайтуды шектеу қажет. Ең соңында, экология мәселелері бүкіл экономикалық қызмет салаларымен тығыз сабақтастықта қаралады. Басқаша болуы мүмкін емес. Табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитеттің жұмысы негізінен осы бағытта жүргізіледі.

Облыстық санитарлық - эпидемиологиялық станцияның бөлім меңгерушісі Эдуард Миллердің Өскемен қаласындағы ауа, су тазалығына байланысты екпін түсіре назар аудартқан мәселенің бірі – құрамында улы заттар бар өндіріс қалдықтарына қатысты еді. 1985 жылы облыстық атқару комитеті өндірістік кәсіпорындардың улы қалдықтарын көмуге арналған алаң құрылысын салу жөнінде шешім қабылдаған екен. Бұл алаңның құрылысын жобалау және оған бөлінетін жерді анықтау, инженерлік-геологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және құрылыс жобасының документтеріне заказ беру Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына тапсырылған. 1985 жылдың қазан айында қабылданған бұл шешім 10 айдың ішінде орындалмағаннан кейін облыстық атқару комитеті 1986 жылы тамызда Ұлан ауданының «Передовой» совхозы территориясында аталған алаңның құрылысын жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде тағы да шешім қабылдайды. 1986 жылы бұл да аяқсыз қалады. Ал 1987 жылы бұл да аяқсыз қалады. Ал 1987 жылы «Казгипроцветмет» және «Восток ГИИЗ» институттарының тақырыптық жоспарына алаң құрылысы мүлде кірмеген. Комбинат 1988 жылды да әр түрлі сылтаумен шығарып салған. Сөйтіп, міне, 4 жыл бойы өндіріс қалдықтары сақталатын алаңның жобасы әзір емес. Ал жобасы әзірленбеген құрылыс жөнінде не айтуға болады?

– Тіпті, бұл өндіріс қалдықтары сақталатын алаңның өзі проблеманы толық шешпейді, – дейді Э.Миллер – өйткені бірқатар кәсіпорындар алаң құрылысына қаржы беруден тартыншақтап, тысқары қалып қойып отыр. Ал өндірістік қалдықтар ше? Тонна-тоннасымен үйіліп жатыр, ауаны, суды, топырақты, қоршаған ортаны ластап, адамдар денсаулығына қауіп төндіруде. Алаң қажет. Өте қажет. Біздің есебімізде тіркелген тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың 149 үйінділерінің бірде-біреуі қарапайым санитарлық-гигиеналық нормаға сай келмейді. Ал шаруашылық есепті сылтауратқан кәсіпорындар мен ведомстволардың басшылары істің ілгері басуына құлықсыз. Санэпид станцияның санкциясымен (10 сом айып) ешкімді қорқыта алмайсың. Жергілікті жерлерде Кеңестердің бұл мәселеге көңіл бөлуге уақыты да жоқ, басқа шаралар бастан асады. Ал өндіріс қалдықтарының бей-берекет жинақталған жерінде қауіпті жұқпалы ауру бұрқ ете түссе ше?! Онда оған медицинаның да шамасы келе қоймас. Бұл проблеманы шешудің бір жолы – өндіріс қалдықтарын, күл-қоқыстарды өңдейтін зауыт салу, жоғарыда айтылған жобасы жоқ алаңның құрылысын тезірек жобалау, жобаны жүзеге асыру.

Бұл – кеңес-патия органдарының қолдауымен ғана шешілетін мәселе. Ал санэпидстанцияның өткен жылғы прокуратураға тапсырған үш ісі, 608 айып төлеттіру жөніндегі санкциясы мәселенің бергі жағы ғана.

Өскемен қаласының бас санитарлық дәрігері В.Н.Голдобин жолдастың бізбен әңгіме үстінде аңғартқаны да осындай шарасыздық пен қолбайлауға ойысқан. «Тек, әйтеуір, баспасөз өкілдері бәріне санэпидстанция кінәлі деп ойлап қалмасын» дегендей ниетпен өзінің қызметкерлеріне тапсырып, қаладағы 1981-1988 жылдар аралығындағы зиянды заттардың ауаға шығарылу көрсеткіштерінің картасын алдымызға жайып салған. Біз қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының қай кезде де батыл дабыл қағып, қолдан келгенше экологиялық қолайсыз жағдайды болдырмауға мүдделі екендігіне, сол үшін дер кезінде тиісті орындарға дәл мәліметтер беріп, сақтандыру шараларын ескертіп отыратындарына ешқандай күмән келтірмейміз. Бұл – көптеген документтер арқылы да дәлелденетін шаруа. Бірақ қолда бар мүмкіндік пен правоны толық пайдалану керек дер едік. Облыстық комсомол комитетінде экология мәселесімен айналысудың қазіргі іс-шараларымен таныса алмадық. Қала экологиясына байланысты мәліметтерді жинақтап, комсомолецтер мен жастардың бұл бағыттағы жұмысына ұйтқы болып отыруға тиіс қалалық комсомол комитетінің бірінші секретары Евгений Филимонов іске кіріскеніне санаулы айлар ғана болғандықтан ықпалды шараларға баруды алғы күндерге жоспарлап отырғандықтарын тілге тиек етті. Металлургтер сарайының жанында экология кабинеті жұмыс жүргізетінін, алдағы уақытта Ульба аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары В.Славиннің жетекшілігімен комиссия құрылатынын, негізгі бағыттарын белгілейтінін, т.б. болашақтағы болжамдарын көбірек алға тартты. Әрине, болашақта бәрі де жақсы болуға тиіс дейтін оптимистік ойлармен проблеманы шешу мүмкін еместігін комсомолдың жауапты жетекшілері түсінер деп ойлаймыз. Әзірге, комсомол экологиялық проблемаларға сырттай бақылаушы ғана болып отырғандығы анық. Облыстық,

қалалық комсомол комитетіндегі жолдастар түсінсе – қазіргі таңдағы экология мәселесі тек ересектерді ғана толғататын проблема емес, комсомол-жастардың белсенді позициясын, жігер-күшін, іскерлігін, ұйымдастырушылық қабілетін қажет ететін өте жауапты іс-қимыл бағдарламасына айналуы қажет.

Мыңдаған жұмысшылары бар зауыттардың шығаратын өнімдерінде комсомол қыз-жігіттердің де маңдай тер үлесі бар. Қала атмосферасындағы күкірт, қорғасын, т.б. улы заттармен тыныстайтын, денсаулығына нұқсан келтіретін тұрғындардың арасында да комсомолецтер мен жастар мыңдап саналады. Ендеше, олардың алаңдаушылығына құлақ асар, олардың талап-тілектерін тиісті орындарға жеткізер, бірігіп тұйықтан шығар жолды іздестіретін комсомолдық штабтар неге салғырт, кейде тіпті неге бейтарап қалмақ бұл проблемадан? Осы сауал да қатты ойлантады. Бұл сапарда менің қасымда Қазақ радиосының облыстағы тілшісі Жұмағазы ИГІСІНОВ бірге болды.

Өскемен,
1989 ж.

АЛМАТЫДАҒЫ БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ

Кешегі қар аралас жаңбырдан кейін, дәл «Наурыз мейрамының» айлығы аяқталар кезде Алматыда аспан шайдай ашылды. Ағаштар бүршік жарып, құс тіліндей қылтиып көк шықты. Наурыз нұры адамдардың жүрегіне қуаныш пен шаттық, жаңару, жасару лебін құйып жатқандай...

Астанамыз Алматыдағы В. И. Ленин атындағы алаңда сап түзеген «Көш-керуен» сән-салтанатымен, қызылды-жасыл мерекелік шеруімен, үкілі ән-жырымен баяу қозғалып, Коммунистік проспектімен жоғары өрледі. Академик Сәтбаев атындағы алаңда қала жұртшылығы дәстүрлі халықтық әрі интернационалдық мерекенің салтанатты ашылу рәсіміне куә болды.

Театрландырылған көрініс – «Көш-керуеннің» әсерлілігі ерекше еді. Әрине, егер 62 жыл бойына «Наурыз мейрамы» тойланбай, халық жадында көмескілене бастағанын ескерсек, бәрін де басынан бастауға тура келгенін түсінеміз. Қазіргі жастардың, жасөспірімдер мен бүлдіршіндердің он екі мүшел – жыл иелеріне таңырқай қарауының өзі көп жайды аңғартады. Рас, ежелгі Күн мейрамы – жыл басы – Наурыздың мән-мағынасын жас ұрпаққа жан-жақты түсіндіру қажет. «Көш-керуен» осы міндетті атқаруға өз әлінше үлес қосты. Әрі бұл Алматыдағы биылғы Наурыздың мазмұнын байытпа түскенін байқаймыз. «Құт-береке», «Көк өгіз», «Көк ат», «Ертегі ауылы», «Көк қошқар», «Мүшел», т.б. шартты атаулармен аталған автомашиналар тізбегі, ол автомашиналар үстіндегі Өзбекстаннан қонаққа шақырылған әжелер, «Алматы аруы» мен оған ерген қошеметші сұлулар, шет ел студенттерінің өнерпаздар тобы және басқалары жұртшылық назарын өздеріне аударғаны анық. Әсіресе, әжелердің шеру басталғаннан соңына дейін қос қоржыннан уыстап-уыстап шашқан шашулары әлдебір сағыныш оятады. «Халайық, ырысың ортаймасын! Құт-береке дарысын!» деген ақ тілеу асқақтайды.

Орталық стадионның айналасындағы алаңдарда буы бұрқыраған қара қазандарды қоршаған жұртшылық наурыз көжеден таласа-тармаса ауыз тиеді. Айран-сүт, тәтті тағамдар мол болды. Әрине, қазы-қарта, жал-жая, құйрық-бауыр астана тұрғындары үшін тапшы екендігі белгілі. Дегенмен, жылына бір рет тойланатын «Наурыз мейрамында» ондай мүмкіндікті де жасауға болар еді ғой...

Сауық-сайранның сәні – ән мен жыр, өнер жарысы. Бұл ретте, ару Алматы ғана емес, «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай», республикамыздың көп ұлтты достық жарасым-өнер гүлін ашқандай әсер сыйлағаны даусыз. № 163 балабақшаның бүлдіршіні Әлия мен 66 жастағы Мәртбала апаның аралығында қаншама өнерпазға қала халқы ризашылықпен қол шапалақтады десеңізші. Өзбектің билері, азербайжан әндері, қазақтың күйлері, КСРО халықтарының сан-алуан әуендері әлемдегі жалғыз ортақ тіл – музыка тілі арқылы әр жүрекке жетіп жатты. «Ұлар», «Мирас», «Жазира», «Саржайлау», «Балдырған», т.б. көптеген фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, Пионерлер сарайының жоғары оқу орындарының, мектептердің, әртүрлі еңбек коллективтерінің көркемөнерпаздар тобы өнерлерін ортаға салды. Халық әндері, батырлық жырлар, дастандар, термелер ең жаңа үлгідегі музыка жанрларына ұласып, мейрам тынысын кеңейте түсті.

Кейінгі жылдары, «Наурыз мейрамы» сияқты сағына табысқан айтыс өнеріне деген ынтызарлық арта түсуде. М. Әуезов атындағы драма театрының алдындағы алаңда айтыс басталған кезде ине шаншар орын болмады. Күн төбеде тұрған кезде басталған айтыс іңір қараңғысы шымылдығын түсірген шақта эзер таркады.

КСРО халықтарының түрлі ұлттық ойындары, спорт ойындарынан өткізілген жарыстар, көңілді конкурстар мен викториналар, қолдан жасалған бұйымдар жәрменкесі, кітап жәрменкесі, т. б. бәрі-бәрісі «Наурыз мейрамы» дейтін үлкен арнаға құйып жатқан өзендер мен бұлақтар іспетті еді. Бұл Наурыздың шын мәніндегі халықтар достығы мерекесі екендігіне айғақ.

Әйткен Айманов, еңбек ардагері, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі: – Жасым 89-да. 1900 жылғымын. Екі заманның куәгерімін десем артық емес. Дүрбелең кезеңдердің талайын бастан өткердік. «Наурыз мейрамы» қайта туып, кең қанат жая бастағандай. Біздің тұсымызда ән-думанмен өтетін мерекелер аз болды ғой, үлкен басқосу, жиын-тойлар болмаса. «Ат ауыздықпен су ішіп, ер етікпен саз кешкен» жылдардың өзі-ақ асыл дәстүрлердің дидарына көлеңке түсірді. Сондай шақтарда да, күн мен түннің теңелген уағында, наурыз көже ішісіп, ауыл-ауылдардағы шал-шауқан, қыз-бозбала ежелгі дәстүрді шама-шарқынша еске алысып тұратын. Кейін бұл да ұмытылды. Енді, міне, Наурыз – той сәні, жанарған дәстүр болып өмірге қайта келді. Өзімен бірге әртүрлі халықтық ойындарды жаңғыртуда. Айтыс өнері шырайын ашуда. Мұның бәрі бірлікке, татулыққа, береке-байлықтың ортаймауына ықпал жасайтыны сөзсіз. Ниеті түзу барша халыққа, әрбір семьяға Наурыз құт әкелсін, ынтымақ дарытсын! Тілек – осы!

Зейнап Саидқасимова, өзбекстандық, мәдениет қызметкері:– Алматыға алғашқы келуім емес. Жиі жол түсіп тұрады. Бірақ дәл мынадай халық көп жиналған мерекені көремін деп ойламаған едім. Қазақ ағайындар халықтық салт-дәстүрге жаңа мазмұн үстеп, нағыз достық шеруіне айналдыра беретініне сенімдімін.

Сергей Логвиненко, украиналық, инженер: – Бүгін іс-сапарымның соңғы күні болғандықтан, қаладағы мәдени шаралардың бірі ретінде жолдастарым «Наурыз мейрамын» көруге ұсыныс білдірді. «Көштің» этнографиялық мазмұнын бұдан да гөрі аша түсуге болар деп ойлаймын. Ал айтыс туралы естуім бар, бірақ синхронды аударманың жоқтығынан тамашалай алмайтын болдым. Бәлкім, бұл да алдағы уақытта ескерілер. Жалпы, халықтық мейрамдарға кең өріс ашыла бергенін құптаймын.

Биылғы «Наурыз мейрамы» қала тұрғындарын былтырғыдан да гөрі молырақ қамтығаны байқалды. Ұсыныс-тілектер де көп. Мәселен, бір жас келіншектің «Бұлай боларын білгенде, сәукеле, қамзол киіп, қос етек көйлек тіктіруім керек еді» деп өкінгені қуантты. Наурыз тойы күні әр халық өкілдері ұлттық киімдерін киіп шығуды дағдыға айналдырса қандай жарасымды. «Көш жүре түзеледі» дейді халқымыз. Ең бастысы – бағыт-бағдары айқын «Көшкеруен» орнынан қозғалды. Мазмұны тереңдей түседі деген сенімдеміз.

1989 ж.

ҚЫЗЫЛ ҚАРЫНДАШ

Мұратбек қарияның жасы 74-ке келсе де үзеңгілестері қызыға қарайтындай тың, ширақ көрінеді. «Жетпісті орталаған шалдарды білеміз ғой, ширағы несі?» деуіңіз де мүмкін. Бар кілтипан осы күнге дейін еңбектен қол үзбеуінде екендігін өзіңіз де бағамдарсыз. Қазіргі күннің қарбаластарының бел ортасында жүреді, аудандық кино жүйесінің директоры, жастардың ақылшы-ұстазы.

1944 жылы Талдықорған облысы құрылыпты. 1945 – 50 жылдары Мұратбек Нұрпейісов облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары болып қызмет істеген. Осы бір деректің өзі бұл кісімен әңгімелесуге шақырып тұрғандай. Әсіресе, бүгінгі таңда комсомол беделі жөнінде өткір пікірталастар өтіп жатқан кезде байырғы комсомол қызметкерінің пікірін білу, өмірбаян жолдарына үңілу артық болмас.

Еңсесін тік ұстайтын, жанарын тыңдаушысына тура қадап, ойларын нақпа-нақ жүргізетін қарияның көкейінде көп сырлар жатқаны анық. Өз өмірбаянына қатысты құжаттарды мұқият қаттап жинағанына да куә болдық. Әр сөзіне тиянақты сарғайған қағаздардан тауып, дәлелдейтіні де қызық. Қойын дәптерлерінің бірінің арасынан ұшталған қызыл қарындаш шықты. Кәдімгі қарындаш.

– Осы бір қарындашты сақтап жүргеніме қырық жылдан асып барады, – деді Мұратбек қария. – Сыртындағы «1949» деген жазу да өшкен жоқ. Сол жылы Москвада ВЛКСМ-нің XI съезі өткен болатын. Делегат болып қатыстым сол съезге. Соғыстан кейінгі бүлінген шаруашылықтарды қалпына келтіру, күйзелген елдің экономикасын көтеру ісіне комсомолдың бар қажыр-қайратын жұмсап, атсалысқанын кейінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс. Ол жылдардың шежіресі тарихта қызыл қарындашпен жазылуға керек деп түсінгенбіз. Қызыл қарындашпен жаздық та... Мынау соның бір белгісіндей болған соң ба, әйтеуір, қымбат маған.

Қызыл қарындаш өткен жылдардан сыр суыртпақтауға себепкер болды. Мұратбек қария 1932 жылы Көкшетау педагогика техникумында оқып жүргенде комсомол қатарына өткенін, Қарқаралыда, Қарағандыда оқу бөлімдерінде қызмет істеп, 1937 жылы Алматыға келіп, Қазақ педагогика институтына оқуға түскенін, денсаулығына байланысты демалыс алғанын, Талдықорған облысының Қоғалы ауданында, Үштөбеде мектеп директоры болғанын, Қаратал ауданында 1941 жылдың қарашасынан бастап аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары болып комсомол қызметіне ауысқанын, 1944 жылы облыстық комсомол комитетіне секретарь болып келгенін асықпай баяндады. «Ол бір ауыр жылдар еді ғой» деп күрсінді.

Мешін жылғы аштық апатында адамдардың қойдай қырылғанын техникум оқушысы өз көзімен көріп қана қойған жоқ, бір тілім нанға зар болудың қаншалықты қымбатқа түсетінін өз басынан да өткерді. Көкшетаудың көшесінде аштан өлгендерді арбаға тиеп қала сыртына алып кетіп бара жатқанда үрейленген оқушылар үн-түнсіз қарап тұратын болған. Кей күндері қайнаған қара судан ғана қуат алып, өзектері талғанын қалай ұмытсын.

– Комсомол жұмысына техникумда жүрген кезімнен арластым, – дейді Мұратбек қария. – Ол кезде жастардың бойында бұйығылық деген болмайтын. Кеудесінде оты бар жас қолынан келгенше қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын. Мына бір куәлікті де қастерлеп сақтап жүргенімнің де себебі бар.

Шет-шеті сарғайған бір жапырақ қағазда былай деп жазылыпты: «Удостоверение. Предъявитель сего, т. Нурпеисов Муратбек, действительно работает в Кокчетавском РК ВЛКСМ информатором орг. Отдела с 3.VII – 33 г. по 4.VIII – 33 года. Секретарь РК ВЛКСМ Шашкин».

– Белгілі жазушы Зейін Шашкин аудандық комсомол комитетінде секретарь болып қызмет істеген кезінде өз қолынан алған куәлігім бұл. Өр жылдардағы қойын дәптерлерім де сақталған. Уақыт бөліп қараған адамға қойын дәптерден де таратып әкелер әңгіме туар еді. Әрине, бір адамның қойын дәптерлері тұрмақ, қалың-қалың тарихымыздың парақтары қатталған қаншама архивтер жатыр ашылмай, ескеусіз, елеусіз, – деп бір қойды.

– Сіз – комсомол ардагерісіз. Қиын кезеңдерде аудандық, облыстық комсомол ұйымдарына жетекшілік жасаған екенсіз. Қазіргі қариялармен әңгімелесе қалсақ, жастарға көңілі толмайтындығын, қазіргі комсомолдың ықпал-беделден айырылып бара жатқанын тілге тиек етеді. Өзіңіз қалай ойлайсыз, ұрпақтар арасында сабақтастық сақталуға тиіс пе? – деп сауал тастадық. Қария мұндай сауалды күткендей екен. Көп кідірген жоқ.

– Белсенділікті бюрократтық жеңіп кеткен кезеңнің ащы өкініші кеудемізден кетер ме! Бәрі де соның кесірі ғой. Біздің кезімізде комсомол жетекшілері жаяу-жалпы, жол үстінде кездескен көлікке мініп жүріп талай шаруа тындыратын. Ал қазір ше? Комсомол жетекшілері кабинеттен шықпайтын болды. Жастардан қол үзіп қалды. Әкімшілдік-әміршілдік басқару тәсіліне бой ұрған жастар көптеп кездеседі. Обкомолдың бірінші хатшысының астында бір «Волга», бір «Нива» бар. Жаяу жүрсін демеймін, бірақ «Нива» мінген аудандық комсомол комитетінің хатшысы тұстарынан олай бір, бұлай бір зуылдап өте шыққанда, қатардағы комсомол-жастар не ойлап тұрады десеңізші. Қалың көпшіліктен бөлектенудің, ерекшеленудің басы осы емес пе екен деп ойға қаламын кейде. Кейінгі кезде жастардың әртүрлі формальды емес ұйымдарға көбірек ден қоюының да бір сыры осында.

Комсомол ардагері осылай дейді. Өз басынан көп қиындықтарды өткерген адамның мұқалмаған сеніміне тәнті боласыз. Жеке басқа табыну жылдарында көптеген қиянаттар орын алғаны белгілі. Жазықсыз жапа шеккендердің сенімін жоғалтқандары қаншама. Мұны айтып отырған себебіміз: осындай бір кезді Мұратбек қария да басынан өткеріпті. 1950 жылы «Бұл – байдың баласы. Әкесі 1928 жылы кәмпескеленген» деп партия қатарынан шығарылады.

– Менің әкем ауқатты шаруа болған. 1929 жылы өз еркімен колхозға кірген екен. Іздендім. КПСС XX съезіне жазған аппеляциям қаралып, кейін қайтадан партия қатарына алындым. Қаншама әуре-сарсаңға түстім. Бірақ, сенімімді жоғалтқан жоқпын.

Мұратбек ақсақалдың сөзінің жаны бар. Білімнің өзі сенімге тәуелді ғой. Қалтасында қос дипломы болса да айқын бағыт-бағдарын анықтай алмай, бірде олай, бірде бұлай ауытқып жүретіндер өмірде кездеспейді емес. Бәлкім, ең қауіпті адамдар солар шығар. Әсіресе, қазіргі қайта құру мен демократия жағдайында бұлталақтап, бүйірден қосылған ағыстың жетегінде кетіп қалатындар – ең алдымен, сенімін жоғалтқандар емес пе екен? Бұл кімді де болса ойландырады.

Заман өзгеруде. Халқымыздың басынан кешкен ауыр оқиғалардың ақиқаты айтыла бастады. Бір кездерде есімдерін атауға үрейленген ел арыстары өмірге қайта келуде. Көнекөз қариялардың көкірегінде беріш болып жатқан қаншама шындықтар жатыр десеңізші...

– 1937 жылы Қарағандыда басшылық қызметте істеген революционер Абдолла Асылбековтің үйінде алты ай бірге тұрдым. Асыл азаматтың ақыл-кеңесін тыңдадым. Есіл ердің тектен-текке жалаға ұшырағаны көз алдымда. Сәкен Сейфуллин, Смағұл Садуақасов, Тұрар Рысқұлов, Санжар Асфандияров сияқты халқымыздың аяулы ұлдары туралы да есіме жиі аламын. Бұлардың өнегелі өмірлері жөнінде әңгіме қозғап, жастардың құлағына құйып отыруға тырысамын. Үйде де, түзде де, – дейді М.Нұрпейісов.

Жұбайы Күлзипа екеуі бес бала тәрбиелеп, өсіріп отыр. Отасқандарына 47 жыл болады екен. Балаларының бәрі де жоғары білімді мамандар. Немере сүйіп, шөбереден үміткер.

Мұратбек қария үш мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен марапатталған екен. ВЛКСМ Орталық Комитетінің қаулысымен 1968 жылдан мәңгілік комсомол мүшесі.

Осы мақаланы жазуға қызыл қарындаш түрткі болды. Қырық жыл сақтаған қарындашын алып, қойын дәптеріме бір сөз жаздым: «СЕНІМ». Қызыл қарындаш мұқалмапты...

1990 ж.

ДАҚ

«Құрметті редакция! Алматыдағы үлкен мәдени ошақтардың бірі – Қазақ ССР-інің А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы екені белгілі. Тамыз айының 22 – 26 жұлдыздары аралығында ол оқырмандарына қызмет көрсеткен жоқ. Жабық тұрды. Естуімізше, қатты жаңбырдан кейін оның төбесінен су аққанға ұқсайды. Осы рас па?

М. Меңлібаев,

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Астрофизика институтының ғылыми қызметкері.

31 тамыз 1990 жыл».

Хат ойға қалдырды. Республикамыздағы маңдайалды, мақтаныш тұтып жүрген ұлттық кітапханамыздың төбесінен су ақса, «тамшы тас теседі» дейді, онда басқасына не жорық. Зәуде бір, қажет кітабына осы кітапханада қолы жеткен оқыманның қырқылған, жыртылған парақтарды көріп, шарасыз халге жәутеңдегеніне талай куә болғанбыз. Енді сарғайған, су тиген, бүлінген парақтарға сығалап отырғандарға не деп жұбату айтпақпыз?

Анық-қанығын білу үшін, алдымен, Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті кітапхана бөлімінің меңгерушісі И.Д. Мукасееваға телефон шалдық: «Кітапхананың бірнеше күн жабылып қалғаны рас. Жаңбырдан кейін төбесінен су ағып, электр желісіне ылғал тиген. Сол себепті кітапхана жұмыс істемеді. Материалдық шығын болған жоқ. Рас, кітапхана оқырмандары бірнеше күнін текке жоғалтты. Таза рухани-моральдық шығын деп есептеймін».

Бұл жауап көңілдегі түйткілді жоя алмады. Көзбен көріп, мән-жайға толық қанықпасақ болмайтынын ұқтық. Кітапхана табалдырығын аттағаннан-ақ, оның кейбір қызметкерлері қойған сұрағымыздан ат-тонын ала қашып, «білмейміз, көрген жоқпыз, естіген жоқпыз» дегендеріне таңқалдық. Мәселен, сирек қолжазбалар мен кітаптар бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы Күләш Есжанова біздің бұл келуімізді оғаш санайтынын, бүлінген ештеңе жоқтығын, естіп-білмеген нәрсесі жайында мазалап уақытын алмауымызды өтінген кезде, «Япыр-ай!» демеске шара қалмады.

Сонда кітапхана қызметкері неден тайсақтайды? Әлде, басшыларына жаманатты болып қалудан қорыққаны ма? Шын жаны ашыған адам, кітапханадағы кітаптардың кейінгі ұрпақтарға асыл мұра ретінде аман жетуін ойлаған жан мұндайда ащы шындықтың алдында ақтарылуы керек еді ғой. Кітапхананың төбесінен бүгін су тамшыласа, ертең қабырғасы құлап қалмасына кім кепіл? Немесе, бүгін сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры са тұрғанын ғана

қанағат тұтып, өлкелік әдебиеттердің бүлініп жатқанына немқұрайды қарауға бола ма? Уақыт өте жылдам ғой. Қаншама ұзақ көрінгенмен де, ғасырдың өзі – қас-қағым. Қазір қолымызға сиясы кеппей тиіп жатқан өлкелік әдебиеттер де сирек кітаптарға айналатыны хақ. Ендеше, әр кітапқа ғана емес, оның әр парағына ұқыпты қарауға тиіспіз.

Кітапхананың үшінші қабатында негізінен оқу залдары мен мерзімдік басылымдар залы орналасқан. Сыздықтап енетін саңылау тапқан жаңбыр суы тек үшінші қабаттың төбесінен тамшылап тоқтаса бірсәрі, екінші қабаттағы қазақ тіліндегі әдебиеттер қойылған, күнделікті сұранымдағы өлкелік әдебиеттер жинақталған 1-ші кафедраның төбесінен сорғалаған. Оны да көктей өгіп, бірінші қабаттағы абонемент бөліміне жеткен. Едендегі кілем-төсеніштерді ылғалға бөктіріп, ең төменгі қабаттағы кітапхана қоймасына апаратын саңылау іздеген. 21-нен 22-не қараған түнде жауған жаңбырдың залалын кітапхана қызметкерлері ертеңгілік жұмысқа келгенде бір-ақ сезінген. Толарсақтан саз кешіп жүріп, тіс жармауларына қарағанда, бұл үйреншікті оқиғаға айналып кеткенге ұқсайды. Келесі жаңбыр жауғанға дейін, жанұшырып, су тиген дүниелерді, кітаптарды кептіріп алмақ па сонда?!

Кітапхана директорының орынбасарлары Ботакөз Иманбаева мен Марат Досжанов болған уақиғаны бүркемелеп, ақиқаттың бет-пердесін ашпауға тырысып бақты. Әуелгі әңгіме кезінде «Аздап су тиген кітаптарды түгелдей кептіріп, орнына қойдық. Электр желісін қалпына келтіргенше, бір-ер күн ғана кітапхана жабық болды. Оның есесіне айдың ақырғы күнінде түгелдей жұмысқа шықтық» деп, одан кейінгі әңгімені өзге арнаға бұруға, тіпті, редакцияға қоңыраулатып жүргендерді кінәлап, дүрлігетіндей, дабыра жасайтындай уақиға болмағанына сендіруге күш салды. Бәлкім, басшылардың бұл сөзіне иланып та қалар ма едік, төбеде аққан судың тигізген кесірін көзбен көрдік қой. Ал көзбен көрген соң – көңілде дақ қалды.

Екінші қабаттағы өлкелік әдебиеттер қойылған бөлімде 500-ге жуық кітаптар бүлінген. Су тиген парақтары мен мұқабалары сарғайған, айғыздалған Абайдың, Жамбылдың, Ілиястың, Мұхтардың кейбір томдары мүлде іске жарамсыз күйде. Кейбір кітаптардың кеше ғана баспадан шыққанына күмәнданасыз. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының қос томдығының бірнеше данасы енді қайтадан оқырмандар қолына тимейтіні анық. Ұлттық әдебиетіміздің классиктерінің кітаптары да баспадан күнде шығып жатқан жоқ қой. Мұны елемеуге, ескермеуге, жүрдім-бардым қарауға қайтіп дәтіміз шыдайды! «Өнер» баспасы оқырмандарына ұсынған, әсем безендірілген суретті кітаптардың халі тіпті мүшкіл. К.Барановтың «Қазақ бейнелеу өнерінің шеберлері» (1986), Х.Наурызбаевтың кітабының (1987) суретті жылтыр парақтары бір-біріне жабысып, желімдеп тастағандай жымдасып, қағаз-кірпішке айналғанын көру қандай аянышты.

Қоймадағы кітаптардың былтыр, биыл дәл осындай жаңбырлы түндерде қандай зардапқа ұшырағаны дәл қазір бізге белгісіз. Онда да жағдай оңып тұрмаса керек. Бірақ, мұның бәрін жасырғаннан, жауырды жаба тоқуға тырысқаннан директордың екі бірдей орынбасары не ұтқанын түсінбедік...

Республикамыздың шалғай түкпіріндегі, алыс аудандарындағы кітапханалардың бірінде осындай жағдай болса, жергілікті басшылардың жауапсыздығы, қырсыздығы, салғырттығы, немқұрайдылығы деп кінәні үйіп-төгер едік. Ұлттық қазынамыз сақталған Алматыдағы қасиетті мекенге назар аудармай, көңіл бөлмей отырған кім сонда? Соншалықты жайбарақат қарап, «материалдық шығын болған жоқ» деп өзімізді жұбатардай жағдай ма бұл?!

Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетіндегілер осы кітапхананың асханасында осы жағдайдан аз уақыт қана бұрын өрт шыққанын, сол себепті асхана әлі күнге дейін жабық тұрғанын біле ме екен?! Өткен жылы ғана Қазақ Совет Энциклопедиясы Бас редакциясының үйі өртеніп кетті. Енді сондай күйге А.С. Пушкин атындағы кітапхана ұшыраса, оған кім жауапты болмақ? Ұлттық мәдени қазынамыз сақталатын бірегей мекемелерге айрықша қамқорлық қашан жасалады? Бұл күбірткелі сауалдар ұлт интеллигенттерін қатты ойландырса дейміз.

Енді аз-кем шегініс жасайық. Мемлекеттік кітапхананың бұл мекен-жайға орналасқанына жиырма жыл болыпты. Кезінде арнайы жобамен салынған сәулетті ғимарат ретінде бағаланған. 1972 жылы кітапхана үйінің құрылысын жобалаушы сәулетшілерге Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы да берілген. 1988 жылы ЮНЕСКО-ға, Совет Одағындағы ең үлгілі кітап қоймаларының бірі ретінде, осы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана туралы деректі фильм түсіріліпті. Сол жылы «Юность» журналында белгілі қаламгер Ю. Домбровскийдің бұдан 50 жыл бұрын жазған «Қазақстанның кітап байлығы» дейтін мазмұнды мақаласы жарық көрген. Торквато Тассоның, Г.Галилейдің, Эразм Роттердамскийдің,

Низамидің әлденеше ғасырлардан өтіп, сақталған құнды кітаптары, ХҮІІІ ғасырдағы француз энциклопедиясы, ХІ ғасырда жарық көрген Құран, революциядан бұрын шыққан қазақ газеттерінің, кітаптарының жалқы даналары, құнды қолжазбалар бар кітапхана қорында.

Мемлекеттік кітапхананың республикамыздағы кітапхана ісінің дамуына қосып отырған нақты үлесін, ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Методикалық, ғылыми-зерттеу, үйлестіру орталығы ретінде қыруар жұмыстар атқарылуда. 20-шақты бөлім бар. Тоқсан сайын жарық көретін «Қазақстан туралы жаңа әдебиеттер», «Қайта құруды дамытып, тереңдете түсейік», «Қазақстанда 1990 жылы аталып өтетін және еске алынатын күндерге ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші», т.б. кітапшалар күнделікті сұранымға ие. «Қазақстандағы кітапхана ісі» құжаттар мен материалдар жинағының 1918-1945 жылдарға арналған алғашқы кітабы жарыққа шыққан. Шоқан Уәлихановтың, Олжас Сүлейменовтың, Жұбар Молдағалиевтың шығармаларының библиографиялық көрсеткіштері жеке жинақ болып шыққан.

Бөлімдермен селекторлық байланыс орнатылған. Пневмопочта іске қосылмақшы. Барлық оқу залдарын қамтитын 8 камера арқылы теледидардан кітапханадағы оқырмандарды көңіл-күйін, іс-әрекетін бақылап отыратын мүмкіндік бар. Бұл кітап парақтарын жыртып, жымқырып кетуге әуес «оқырмандар» үшін құрылған тұзақ. Қара басының ғана қамын ойлайтындар бұдан кейін сұғанақтықтан аулақ болған жөн.

Кітапхананың кітап қоры жыл өткен сайын ұлғая түсетіндігі сөзсіз. Кітап қоры 1931 жылы 64 мың ғана болса, 1982 жылы 4 миллион том болған, қазір 5 миллион томға жеткен. Жыл сайын кітапхана қорына 200 мыңға жуық жаңа кітаптар қосылып отырады екен. Күн сайын 3 мыңға жуық оқырман рухани нәр алып, білімін байытады. 500-ге жуық кітапхана қызметкерлері міндеттерін өтейді. Әрине, бұл мекеменің де көптеген ішкі проблемалары бар. Өңгіме арқауы қозғалған мәселемен тікелей сабақтас. Мұны 28 шілдеде Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары В.И. Кутовойға жолдаған Мемлекеттік кітапхана директоры Р.А. Бердіғалиеваның хатынан аңғарамыз. Хат мазмұны қысқаша мынадай: А.С.Пушкин атындағы кітапхана, өзінің барлық қызметін қамти келгенде, ұлттық кітап қоймасы болып табылады. Күн сайын кітапханаға келетін 3 мың оқырманға көрсетілетін ақпараттық қызмет деңгейі бүгінгі күн талабына сай емес. Мекен-жайы тарыла бастаған. Кітап қоймасы 3,5 миллион томға лайықталған, ал қазіргі кітап қоры – 5 миллион. Ауа тазарту, салқындату, технологиялық қызмет және өрттен қорғау жүйелерінің бәрі ескірген және бұдан былайғы пайдалануға жарамсыз. Кейбір тұстарда кітап қорын сақтау принциптері бұзыла бастады. Қаржы бөлген жағдайда, Қазақстан Сәулетшілер одағы мен Дизайнерлер одағы жаңа жоба ұсынуға әзір. Жобаның құны мен ғимаратты қайта жөндеуге 700 мың -1 миллион сом қаржы қажет. Әуел бастағы жобалауда кеткен кемшіліктің салдарынан кітапхананың төбесінен су ағады, еңкіш шатырмен қайта жабу қажет. Сметалық құны – 108 мың сом, құрылыс ұйымдарымен келісім жасастық, қаржының жоқтығы қолбайлау. Ескірген, тозған мебель, кітапхана құрал-жабдықтары: сөрелер, столдар, орындықтар, жұмсақ инвентарьлар, т.б. түгелдей жаңартуды тілейді. Кітап қоймасы тарыла бастағандықтан, жаңа ғимарат салуды кешіктірмей қолға алудың қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде. 1989-1990 жылдарға бөлінген қаржыға 5 компьютер салып алынды. Ақпараттық-кітапхана жүйесін толық автоматтандыру үшін жыл сайын 1 миллион, жалпы 8 миллион сом қаржы керек. Бұл бесжылдыққа жоспарланып, кезеңмен жүзеге асырылмақ. Коллективте тұрғын үй мәселесі өте қиын түйін. Үй кезегінде 40 адам тұр. Бес жылдан бері жылына 1 пәтер ғана пәтер берілуде. Калинин аудандық атқару комитетінің шешімімен жер алып, кітапхана қызметкерлеріне үй салуға 100 мың сом сұраймыз. Қазан айында, Алматыда, біздің Мемлекеттік кітапхана базасында ведомствоаралық кітапханалар советінің Бүкілодақтық пленумы өткізілмекші. Кітапхана өзінің мәртебесіне сай түрде болса дейміз.

Кітапхананың бүгінгі таңдағы мұқтаждары біршама қамтылған бұл хатқа ресми жауап келмеген.

Шілденің 28-жұлдызында бүкіл елімізде мәдениет мүддесін қорғауға арналған акциялар өткені мәлім. Бұл күні А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапхананың коллективі де оқырмандарының қолдауымен митинг өткізіп, өткір проблемаларын ортаға салған. Онда республика Президенті Н.Ә. Назарбаев жолдастың атына үндеу-хат қабылданған. Белгісіз себептермен бұл үндеу-хат өз адресіне жолданбаған.

Тамыздың 13-жұлдызында Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Қ.Б. Саудабаев жолдастың атына да жоғарыда қозғалған мәселер қамтылған № 257-хат жазылыпты. Әлі күнге жауапсыз.

Мемлекеттік кітапхана директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары: М.Б. Досжановтың уәжі: – Кітапхананың төбесі 20 жылдың ішінде 10 рет қайта жөнделіпті. Оған 500 мың сомдай қаржы жұмсалған. Одан нәтиже шамалы. Былтыр, бір жылдың ішінде, төбеден 11 рет су ақты. Төбесін тұтастай жаңартып, қайта жабу қажет. Оған қаржы жоқ. Ал жыл сайын аққан су ойдым-ойдым тұстарды бітеп-жамағанмен шаруа оңалмай тұр. О баста ғимаратты жобалаушылар төбесін ылди, су іркілмей ағып кететіндей жасамаған. Қар суы, жаңбыр суы жиналып қалады. Жұмсақ, жайпақ жабын 5-6 жылға әзер шыдайды. Бізге, ең дұрысы, су жиналып қалмайтындай, сырғыма, еңіс шатыр жасату. Қазақстан Сәулетшілер одағының шатыр жобасын жасауға келісімін алуға әрекеттенудеміз. Қаржы жағы қинайды. Биыл бір құрылыс кооперативімен келісіп, төбесін жартылай қайта жаптырып жатқан кезде жаңбыр жауып, мынадай жағдай болды. Мемлекеттік комитеттен биыл 105 мың сом қаржы алдық, оның бәрін тек шатырды жөндеуге ғана жұмсай алмаймыз ғой...

Мемлекеттік кітапхана директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Б.Р.Иманбаеваның уәжі: – Біздің мұқтажымызды Орталық Комитет те, Министрлер Советі де, Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитет те біледі. Жыл сайын хат жолдаймыз. Көмек сұраймыз. Кітапхана төбесін жөндеуге бұған дейін 108 мың сом қаржы қажет деп келген едік, соңғы есептеулерімізге қарағанда, бұл да аз, 500 мың сом керек. Әрине, мәдени мекемелердің ішінде кітапханалардың өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндігі шектеулі. Соның өзінде табыс көздерін табудың жолдарын іздестірудеміз. Бірақ, кітапхана «Қазақконцерт» немесе В.И.Ленин атындағы сарай емес қой. Мұқтажымызға миллиондаған сом қаржыны кім бөледі? Шілде айының соңындағы мәдениетті қорғауға арналған митингіден кейін республика қаржы министрінің орынбаары келіп, әңгімелескен болатын. Әңгіме сөз жүзінде ғана қалды. Әзірге бір тиын да көмек алған жоқпыз.

Оқырмандарымыз қызық. Сыртымыздан ғайбаттамай-ақ, өзімізге келсе, себеп-салдарларды түсіндірер едік қой. Жалпы, кейбір адамдар түймедейді түйедей етіп көрсетуге әуес. Көлеңкелі жағымыздан ғана қарауға болмайды ғой. Мәселен, біздің әңгімеміз кітапхананың ғылыми-зерттеу, методикалық жұмыстары, мәдени байланыстары, сирек қолжазбалар мен кітаптардың қызық тағдырлары жөнінде болуы керек еді. Менің бұл қызметке ауысып келгеніме бір жылдан бір ай ғана асты. Бұл мәселе бұдан бес жыл, он жыл, тіпті, он бес жыл бұрын неге өткір қозғалып, шешімін таппаған?..

Өкінішті-ақ, егер кінәні өзгеге аударып, жоғарыдан келіп түсетін нұсқаусыз тұйықтан шығатын жолды табуға болмайтын болса, онда жағдайымыздың бұрынғыдан да қиындай түскені ғой! Қара күздің апталап жауатын қара жаңбыры төбесі қырық жамау, қырық тесік мәдениеттің қара шаңырағын қандай күйге ұшыратар екен?!..

Мемлекеттік кітапхана басшыларының дәрменсіз тірліктерінен дәйек таппай, күмілжіп, ашып айтпаған ақиқатты дәлелді деректермен толықтыра келіп, дәл жауап пен нақты шешімдерді Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеттің өзінен күтсек дейміз.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің, тарихы мен өнерінің құнды шежіресі жинақталып-сақталатын бірегей ұлттық кітапханамызға төнген қатер неге ескерусіз қалып отыр?

Өткен жылы кітапхана төбесінен 11 рет (!) су аққан кезде неліктен шұғыл шаралар қолға алынбады?

Бір аптаға жуық кітапхана жабылып қалған кезде, 500-ге жуық кітапқа су тиіп, бүлініп, пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, үшінші, екінші, бірінші қабаттардың төбелері мен едендеріне, электр желілеріне, мекеме мүліктеріне нұсқан келген «елеусіз» оқиғада, шынымен, материалдық шығыр болмады деп есептеле ме? Болса, материалдық шығынның көлемі қаншалық және оны кім төлейді?

Еліміздің бірқатар ірі кітапханаларында болған келеңсіз оқиғалардан неге сабақ алмасқа? Өрт шығу қаупі болғандықтан (асханадағы өрттің айыпкері электр құдайы емес шығар), кітап қоры көбейіп, бұрынғы мекенге сыймауға айналғандықтан, кітапхананың жаңа үйін салуды қолға алғанға дейін В.И.Ленин музейіне арналған ғимаратты кітапханаға бере тұру керектігі жөніндегі сұранымды уақыт пен жағдайдың өзі тудырып отыр.

Ұлттық кітапханамыз жер сілкіну қаупі бар аймақта орналасқанына да жайбарақат қараймыз. Армениядағы, яки Шығыс Қазақстандағы алапат қайталанбай-ақ қойсын, ондай бола қалған күнде біз асыл қазынамыздан түгелдей дерлік айрылатынымыз анық. Өйткені 25 мың сирек қолжазбалар мен кітаптардың да, бүкіл қазақ ақын-жазушыларының шығармаларының да

микрোকөшірмесі жоқ. Өркендеген, өскен елдерде ондай микрোকөшірме табиғат апатынан оңаша, қауіпсіз қалалардың бірінде сақталады екен.

Республика мақтанышына айналатын ұлттық кітапхана әлемдегі ең озық кітапханалардың деңгейінен табылуы тиіс. Ал біздің кітапханамыздың материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі және автоматтандырылу деңгейі одан 20-25 жылға кейіндеп қалып отыр. Қайтіп қанағат тұтасыз?!

Әңгіменің түйіні мәдениетке қамқорлыққа келіп тірелетінін аңғарамыз. «... күн сайын әр адамның мәдени мұқтажына мемлекет үш тиынға жетер-жетпес қаржы жұмсайды» деп жазды «Советская культура» газеті (№ 24, 16 шілде 1990 жыл). Бұл біреулердің ақталуы үшін ұсынылған дерек емес... Қандай қиын жағдайда да тұйықтан шығатын бір жол болуы керек қой...

1990 ж.

АТЫРАУДА ӨТКЕН АЙТЫС

Биылғы күз атыраулықтар үшін той тойға ұласқан нағыз думан думанды шақ болды. Қыркүйек айында республикамыздағы көне қалалардың бірі – Гурьевке 350 жыл толуы атап өтелді, қазан айының басында облыста Махамбет поэзиясы күндері болып өтті. Ал, 18-21 қазанда жас ақындардың Махамбет атындағы жұлде үшін «Жыр-семсер» атты республикалық айтысы дүбірлеп өтті. Қазақстан мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдығына және «Лениншіл жас» газетінің 70 жылдығына арналған бұл мәдени шара арқалы ақын, аруақты батыр Махамбет бабамызға деген ұрпақтарының шынайы құрметіндей еді.

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Ел қорыған мен едім,

Мен де айырылдым елімнен,

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен» деп аһ ұра күрсініп, «...құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп күні» демеп пе еді ер Махаң?! Осылайша, қара халықтың қамын жеген жауынгер-ақында әсте ұмытуға, оның рухына бас имеуге, есімін ардақ тұтпауға, рухын көтеріп, айбынын асқақтатпауға бола ма?! Иә, азамат туған жерімен тұғырлы, есі бар ұрпағымен ғұмырлы. Туған Нарын төсінде кең-байтақ азақ жерінің түпкір-түпкірінен жиналған ұрпақтары ақберген алмас жырларды маздатып, Атырауды дүр сілкінткен шақта ұлы Махаң «разымын, ұрпақтарым» деп бір аунап-ақ түскен шығар-ау. Ақын туған топырақта «Жыр-семсер» атты жас ақындардың республикалық айтысы басталар тұста біздің көңілімізге осы бір ой ұшқындары қонақтай берді.

Расында да, көңілді алай-дүлей етер мазасыздықтың да орын бар. Неге біз ісі қазақтың айбыны болған арысымызды осылайша ардақтауға осы уақытқа дейін мән бере алмадық екен? Қазақтың Пушкинін десе болмас па Махаңды?! Неге ғана біз кемді-күн қарын тоқтығына мәз болып, «қара қазан, сары бала» қамы үшін «толарсақтан саз кешіп» өткен «кесекті ердің сойына» аруағы разы болғандай құрмет-ілтипат көрсете алмай келдік?! Әрине, бүгінде бар кінәні өткен шаққа – әміршілдік-әкімшілдік және тоқырау кезеңдерінің көзінің алдындағыдан әріге ой жүгіртпенген тоқмейіл жылдарына жабамыз. Қалай дегенмен де, кейінгі кездерде санада бір серпіліс, көңілде бір құлшыныс бары хақ. Осы Махаң атындағы республикалық айтысты өткізуге ұсыныс жасап, «Лениншіл жас» газеті бастама көтергенде оны Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен Гурьев облыстық комсомол комитеті қуана қостап, іліп әкетті. Тіпті, Атыраудың бір топ шаруашылықтар, атап айтқанда, Махамбет ауданының «Заурал» (директоры Рахымғали Дауылбеков), Исатай ауданының «Забурын» (директоры Жанай Беркәлиев), Балықшы ауданының «Теңдік» (директоры Төлеген Сидешев) совхоздар, Балықшы ауданының Ленин атындағы колхозы (төрағасы Төремұрат Есенғалиев) демеуші болып, айтысты дүбірлетіп өткізуге үлес қосты. Бұл жолы біз осындай белсенділікке қуандық.

Республикамыздың түпкір-түпкірінен осы ақын Махаң құрметіндегі тойға жиналған ақындар, әнші-күйшілер, жыршы-термешілер және астаналық қонақтар ең алдымен, Гурьев облыстық партия комитетінде қабылданды. Олардың алдында облыстық партия комитетінің хатшысы Ә.Бисенов Атыраудың географиялық, экономикалық, мәдени дамуы хақында әңгімелеп берді. Одан соң қонақтар шырмалай аққан арналы Ақжайықтың төсінде кемемен

саяхат құрды. Ежелгі қазақ өзенінің көркін қызыға тамашалаған өнер адамдарына Гурьев қалалық туристік клубының төрағасы В.К.Афанасьев Жайық бойындағы тарихи орындар жөнінде майын тамыза баяндады. Бұрын-соңды бұл өңірде болып көрмеген дүбірлі шара – дауылпаз ақын Махамбет атындағы жас ақындардың республикалық айтысына қатысушыларды қарсы алуға арналған мәдени кеш іңір түсе «Арай» кафесінде жалғасты. Жыр-додасында алыстан ат арытып жеткен ақындардың делебесі осы жерде-ақ қызып, бірін-бірі айтысқа шақырды. Торғайлық Әлфия Орманшина мен шығысқазақстандық Абаш Кәкенов отырғандарды кестелі жыр бұлағымен бір сусындатып тастады. Бұдан соң шымкенттік талапкер Бекарыс Шойбеков, алматылық Есенқұл Жақыпбековтер де дүбірге елең ете, қос құлағын қайшылаған сәйгүліктердей, қызып сала берді. Қарап тұрсаңыз, бейне ертеңгі басталар үлкен айтыстың әзірлігі іспетті бұл әсем отырыс жанды жаз, көңілді көктем етті.

Ертеңіне елең-алаңнан жолға шыққан автобустар шеруі Индер ауданына бет түзеді. Сол ауданның «Қарой» атырабындағы Малайсары қорымында қазақтың ұлы ақыны, әрі батыры Махамбет Өтемісұлының зираты бар. Баба рухына тағзым етуді мақсат тұтқан өнерпаздар жолдың ұзақтығын елең қылған жоқ. Қайта автобус ішінде-ақ әсем ән мен тәтті күй, айшықты жыр сайысы сәт санап қыза түсті. тек бір ғана көңілге түйткіл түсірген жайт – «Қарой» атырабына кіргеннен кейін асфальт жолдан Махамбет зиратына дейінгі бар-жоғы он төрт шақырым аралықтың шаңы аспанға шығып, қолқаны қапқандығы. Осы таяқ тастам жолды тақтадай етіп асфальттауға осы уақытқа дейін неге құнт етпедік екен? Махамбет қара қазақтың қамы үшін жанын пидә еткенде, біздің -кейінгі ұрпақтарының осындай сүлесөк, енжар болуымыз сүйекке таңба емес пе?! Тіпті, қазіргідей өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан шақта да арыстарымызды ардақтауға әлі де батылдығымыз жетпей жүргені ме? Неге Махамбет ауданындағы «Заурал» совхозына Махамбет Өтемісұлының, Индер ауданындағы «Индер» совхозына Исатай Тайманұлының есімдерін бермеске? Шүкір, Исатайдың атын жаңадан құрылған ауданға бердік, бұл орайда оны Малайсары қорымына не Аққыстаудың маңындағы «Тасқран» төбесіне әкеліп қайта жерлесе қайтер еді? Махамбет ақынның зираты басына да күмбезден әсем ескерткіш орнатудың уақыты жеткені хақ. Батыр баба басына жақындаған сәтте бізді толғандырған ойлар осылар еді.

Міне Махамбет ақынның бейіті. Әп-сәтте-ақ батыр зиратының басы алқызыл гүл шоқтарына оранды. Тіпті, қазақтың аңызға айналған батыры Бауыржан Момышұлының туған келіні, жазушы Зейнеп Ахметова астанадан арнайы ала шыққан ақ орамалын байлап, баба рухына тағзым еткен сәтте көңілдерге айрықша бір арай жүгіртіп өткендей-ді. Шынында да, қандай жарасымды: батырдың басында – батырдың келіні. Аруақты бабаның бейітінің басына келіп, оның рухына бас ию ақындардың да арқасын қоздырды. Қарақалпақстаннан келген қазақ ақыны Базарбай Иманов:

Мінсем деп ақ Жайықтың кемесіне,
Шықсам деп Орал таудың төбесіне.
Атуға арамдықты, мәңгүрттікті,
Қол создым махамбеттің жебесіне!

Рухына табынбайды атам деп кім,
Келеді оны өсірген жапанды өпкім,
Киелі қара жерді құштым сүйіп,
Көргенде жатқан жерін Махамбеттің!

Аруағына табынып отырмын,
Көзін ашып келеді соқыр әнім.
Бойтұмар ғып бойыма тағып алдым,
Махамбеттің аунаған топырағын.

Тұрқыңнан мәңгілікке нәр аламын,
Кездессе басын кесем арада мұң.
Дүниені оятып жатыр бүгін,
Төрінен жүрегіңнің тараған үн!

Атпаған оғыңды да мен атамын,

Қорғап жат, жат жандардан ел атағын.
Махамбет деп өзгертсе Гурьевті,
Аунап түсер аруағы ер атаңның,

– деп жүрек сырын төкті. «Қаройда» жыр-семсер одан әрі жарқылдады...

Көптен аңсай күткен айтыстың ашылу сәті де келіп жетті. Махамбет атындағы қазақ драма театрындағы айтыстың шымылдығын салтанатты түрде ашу рәсімінде Гурьев облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Е.Халидуллин кіріспе сөз сөйлеп ашып, айтыскерлерді, барлық өнерпаздарды Махаң туған топыраққа келулерімен құттықтады. Осы айтысты ұйымдастырушы – «Лениншіл жас» газетінің редакторы, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бюро мүшесі, жазушы У. Қалижанов жыр додасына түскелі тұрған ақындарға сәт сапар тіледі.

– Елсіз ен далада күндіз аспанда көшкен бұлттармен сырласып, жұлдыздармен тіл қатысып, қазақтың асыл ұлы, айбынды ақыны, Махамбет Өтемісұлының үндемей жатқанына да бір жарым ғасыр уақыт өтіпті. Күреспен өткен қайран өмір зорлықпен өлтірілсе де, оның жарық сәулесін соққан жел де, өшіккен пенде де өшіре алмады. Оның ер кеудесін ескек құм да, жүйрік жыл да баса алмады, – деп тебірене сөйледі айтыстың әділқазылар алқасының төрағасы, Қазақ КСР Мемлекеттік және Қазақстан Ленин комсомолы сыйлықтарының лауреаты Тұманбай Молдағалиев.

– Ақынның дауылпаз рухынан барлық әділетсіздік, айлакерлік, жамандық жеме-жемге келгенде тайсалды да Тарих-Ана өзінің кесімді сөзін айтты, өктем үкімін шығарды. Махамбет Өтемісұлы мәңгі өлмейтіндердің қатарына кірді де, Абаймен, Құрманғазымен, Жамбылмен бірге жарық дүниеде бүгін, ертең, бізден кейінгілермен келер күндерге, келер жылдарға қарай кете беретін болады.

Айтыстың шымылдығын республикалық айтыстардың жүлдегері, ақсақал ақын Сембай Бердімұратов жырмен ашты:

... Ақын ба – ар-намысқа тер төкпеген,
Өлең бе – ел жүрегі селт етпеген.
Халық үшін Махамбетше семсер жырды,
Сілтейтін қайсар ақын көрсек деп ем.

Жолында зор сайыстың із қалады,
Жүйріктің кім бақытын қызғанады.
Жүлде алып, абыроймен аттаныңдар,
Атанып Атыраудың мұзбалағы!

...Халқым-ау, қолдан келген бар амалым,
Кәрілікте бір кәдеңе жарағаным.
Көрейік жас жүйріктер жосылғанын,
Жасадым «тұсар кесер» жорамалын.

Осы бір сәтті күткендей-ақ жыр додасы басталып жүре берді. Содан түн ортасына дейін, келесі күні таңертеңнен түнге шейін айтыс бір сәтке де толас таппады... Махамбет жүлдесі үшін тұңғыш рет Атырауда өткен жас ақындардың республикалық айтысына қатысушылардың арасында есімдері белгісіздер бірен-саран ғана еді. Осы күнде көгілдір экран арқылы айтыс ақындары аз уақыт ішінде алты алашқа танылатын болды емес пе. Ал олардың ортасында топжарған ерен жүйріктерін халық қолма-қол қошеметтеп, кәдімгі өз баласындай көріп, әр семья тілеулесі болып отырғанына талай куәгерміз.

Бұл жолы Гурьев қаласындағы М. Өтемісұлы атындағы облысаралық қазақ драма театрының үйінде үш күн бойы ине шаншар бос орын болмады. Гурьевтіктердің де айтыс өнеріне деген ықыласы өзгеше екендігін аңғардық. Халықтың қайта түлеген ұлттық өнерімізге сусап отырғандығы, әл-әзірге сусыны қана қоймайтындығы ғажап. Домбыраның шанағынан ұшқан әуенді Атыраудың шағалалары іліп алып, теңіз төріне әкетіп жатқандай. Алқалы топты көргенде арқасы қозып, айтар сөзін алдындағы қарсыласына түйдек-түйдек толқындардай жөңкілтетін айтыскерлер республикамыздың түпкір-түпкірінен жиналған еді. Олар – Қатимолда Бердіғалиев (Орал облысы), Баянғали Әлімжанов, Құдайберлі Мырзабеков (Көкшетау облысы), Шорабек Айдаров (Жамбыл облысы), Есенқұл Жақыпбеков, Ермек Жұматаев (Алматы облысы), Абаш Кәкенов, Хасен Закариянов (Шығыс Қазақстан облысы),

Әлфия Орманшина (Торғай облысы), Серік Ыдырысов (Қызылорда облысы), Абай Нұрмағанбетов, Жұлдыз Тойбекова (Қарағанды облысы), Әзірбай Тұрмағанбетов, Мәлс Қосымбаев, Нұрлан Қосымбаев (Маңғыстау облысы), Бекарыс Шойбеков (Шымкент облысы), Еркін Мұсабеков (Жезқазған облысы), Сәрсенғали Бисенғалиев (Орал облысы), Рысқұл Ақниязова, Амангелді Есенғалиев, Салауат Исаханов, Әбдіқан Есенғалиев (Гурьев облысы).

Атырау жерінде өткен бұл айтыс республикалық деңгейдегі дәрежесінен төмендеген жоқ. Тақырыптық, мазмұндық шеңбері бұрынғыдан да кеңейе түскендігін, айтыс өнеріне тән алғырлық ақындардың бойында айқын көріне бастағандығын аңғардық. Алқалы топта бірнеше рет сөз сайысына түскен айтыскерлердің өзіне тән мақамы, сарыны да құлаққа сіңісті болып, осы күнде жұрт олардың ойын аулауға бейіл. Мәселен, Қатимолда, Баянғали, Шорабек, Абаш, Есенқұл, Құдайберлі, Мәлстердің «бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеуін» қалың қауым қатты қадағалайды. Өзіне тән мақамын тапқан айтыс ақыны үшін ең қиыны – өзіне тән ойлау жүйесін қалыптастыру шығар. Бұл ретте, шарқ ұрған шағаладай ізденіс үстіндегі ақындарымызға тек сәттіліктер тілейміз.

Айтыстың ажарын ашу – бір-бірімен өнер сайысына түсетін қос ақынның өзара сәйкестігіне, үйлесімділігіне, сайма-сайлығына да көп байланысты екен-ау. Әлфия мен Абаштың, Шорабек пен Есенқұлдың айтыстары кезінде осындай бір сәтті үйлесім, айрықша көрініс тапты. Бір-бірімен үзеңгі қағыса отырып, ұзаққа сілтейтін кең тыныстылық көп ретте дәл мұндай жарасым таба бермейді. Айтыс ақынының ішкі дайындығының күштілігі, талант темпераменті жоғары деңгейде ұштасқан кезде сөз сиқыры мың құбылып, алуан түсті сәуле шашады. Сондай сәттердегі тыңдаушы қауымның ризашылығын, сүйсінуін де айтып жеткізу қиын. Әлфия мен Абаштың сөз сайысы қыз бен жігіт айтысына тән тамаша сипатымен жүректерге жылы ұялағаны анық. Сыпайы әзіл, сыйласты көңіл, өткір қалжың, өрнекті тіл – бәрі-бәрі іздегенге сұраған. Ал Шорабек пен Есенқұлдың да айтысында бір-бірін өзара құрметтей отырып, өнеріне ілтипат білдіре отырып, қалжыңмен қағыту, әзіл-шыны аралас ақиқатты айту, ұтқыр шешімдер тауып, ойды тиянақтай білу – әдемі жарасымдылық тапты. Оралдық Қатимолда Бердіғалиев пен көкшетаулық Баянғали Әлімжановтың сөз қақтығысуынан аңғарғанымыз – екеуі де оң жамбасқа түсіруді көздейтін, оңтайлы сәт іздейтін айтыскер екен, яғни қарсыласының түрткілеп, өзі тисуін күтетін ыңғай іздейді. Тәжірибелі айтыскерлерге тән бұл тәсіл тыңдаушысының төзіміне сын. Осы жолғы айтыста Қатимолданың да, Баянғалидың да ағыл-тегіл ақтарылмауының бір себебі осында ма дедік. Дегенмен, жекелеген тұстарда оңтайлы шешім, ұтқыр жауаптар екеуінен де табылды. Баянғали мен қызылордалық Серік Ыдырысовтың айтысы кезінде тақырып сақал төңірегінде ғана шектеліп, екеуін тұсап тастағандай әсер қалдырды. Бұл да айтыс ақындарына сабақ болатындай. Әрине, екеуі о баста осы тақырыпты таңдап алып, осы төңіректе жарыса ой қозғайтынын жүйелеп алғанда, бәлкім, тақырып та өзін-өзі ақтауы мүмкін еді. Бірақ, екеуі де бұл мәселеге кездейсоқ ұрынғанын мойындағандай, бойларын аулақ салуға тырысып бақты. Нәтижесінде, шектеулі уақыт өте шықты. Дегенмен, сақал төңірегіндегі сақалды сауалдарға екеуі де салиқалы жауап беріп кеткені анық. Бірақ, соны екеуі де, тыңдаушылары да іштей мойындамағандай.

Бұл айтыста елеңдескен ел-жұрттың назары маңғыстаулық жас айтыскер Мәлс Қосымбаевты елеусіз қалдырмауға тырысты. Мәлс – кейінгі кезде кенеттен көзге түскен, екпінді, төкпе, нөсерлі айтыс ақыны екендігі даусыз. Оның бойындағы осы бір ерекше қасиет қандай ортада, қандай қарсыластың алдында жарқырай көрінеді деген сауал көп жанкүйерлерін ойға қалдырғаны анық. Мәлспен айтысқа түскен алматылық Ермек Жұматаев та, шығысқазақстандық Хасен Закариянов та, жамбылдық Шорабек Айдаров та – жыр-семсерді онды-солды сілтеген кезде анау-мынау сөз қуғандарды жанынан түңілтетіндер. Бірақ, қарсыласының қысқа қайырып, нақты, дәл, ұтымды уәжге ден қоятынын арынды айтыстың жас ақыны алдағы уақытта жадында тұтса артық емес. Алайда, арқан ала қашқан асаудай құла түзге шығандап кетуге бейім бұла мінезге басқадай бол деуден аулақпыз. «Айтыс, бұл – ақындардың қансонары» деп Мәлс орынды айтады. Оның «Түйе беріп, түйе алған» деген қанатты сөзге қоғамдық мән жүктеп айтуы да жарасымды.

Айтыскерлердің қай-қайсысы да ұлы Махамбет аруағына сыйынып, киелі топыраққа тәжім жасап, содан кейін сөз тиегін ағытуы арқылы арналы дәстүрдің шын жалғастырушылары екендігін танытты. Қазақстанның құс қанаты талатын алыс қиырларынан Атырауға туысқандық жүрек сәлемдерін алып жеткен ақындықтың елшілеріне халық дән риза болды.

Талдықорғандық талантты айтыс ақыны, суық қолдың құрбаны болып, қыршын кеткен Жандарбек Бегімбетовті еске түсіріп, көкшетаулық Құдайберлі Мырзабековтің:

... «Өндері тұрақ тапқан заңғар көктен,
Айырылдым асыл досым Жандарбектен.
Мезгілсіз кете барды-ау бір сапарға
Үзілген үмітінен жандар кеткен.

Айта алмай соңғы сөзін ақын өтті,
Ері ауып, шылбыр сүйреп, аты кетті.
Ұры қол қанжар салған есіл ерім,
Оранды қан шылаған ахиретті.

Қан жылап әлі де тұр қара аспаным,
Танылған «Илигайлап» алашқа әнің
Тіл тауып о дүниеде жатырмысың,
Айтыстың аясына жарасқаным?!»

деп тебіренуі қалың жұртшылықтың қабырғасын қайыстырды. Айтыс ақындарының бір қатары – Әлфия да, Құдайберлі де, т. б. – «Илигай» әуенімен жыр толғағанда Жандарбектің даусы құлаққа шалынғандай...

Айтыс кезінде қалың жұртшылықтың айызын қандыратын ең алдымен ұтымды жауап, шәлкем-шалыс ойлар, тапқырлық екендігі даусыз. Айтыс барысында ондай сәулелі сәттер мол болды деп ойлаймыз. Тіпті, кейбір сөз шарпысуларының қызуы басылмай, жадымызда жатталып қалатынын қайтерсіз. Гурьевтік Рыскүл Ақниязова алматылық Ермек Жұматаевқа әзілдеп: «Жеңемізді неге ертіп келмедің?» деген кезде ол: «Жеңгенді мен жаныма ертіп жүрер, Президент Горбачев емеспін ғой» деуі қандай ұтымды. Шорабектің Құдайберліге «Ей, Құдаш, ежірейме Ежов құсап» деуі де езуге ащы күлкі үйірді. Шығысқазақстандық Хасен Закарияновтың «Тек қана ақын екен деп ойлама, жаурыны жерге тимес балуанмын» деп шалқуында да әдемі жарасым жатыр. Әлфия «Заманның соғып кетер құйыны бар» деп алмағайып кезеңнің ауырлығын аңғартса, Мәліс «Батырдан көпес артық болған заман» деп айыптау сөзге салмақ үстейді. Шорабек «Салмаққа қарап неге шығармайды?» деп қалжың жүгіртсе, Әлфия «Теннистің шаригіндей домаланып» деп қарсыласы Абашты әзілмен түйрейді. Шымкенттік оқушы Бекарыс Шойбековтің «Атырау, саған айтар бір тілегім, көліңе қайта келсін қызғыш құсын» деуі де, қарағандылық Жұлдыз Тойбекованың «Шет жерге кетіп жатыр қызыл балық, біздегі Қарағанды көміріндей» деуі де жеке бастың мұны емес, қалың бұқараның арман-тілегімен астасып жатқан ойлар.

Айтыс барысында «әттеген-ай!» дейтін кемшіліктер айтыскерлер тарапынан болған жоқ. Айтыс мәдениетін сақтауға, аталы сөзге тоқтауға сөз сайысына түсушілердің жасы да, жасамысы да ден қойып, өзара сыйластық пен құрмет басым түсіп жатқаны куантады.

Махамбет жүлдесі үшін тұңғыш рет өткен жас ақындардың республикалық айтысы көп ойға қозғау салатыны анық. Жыл сайын Махамбет поэзиясы күндері кезінде айтыскерлерді де шақырып, тақырып белгілеп, өнер сайысын өткізіп тұруға әбден болады екен. Сондай-ақ республикалық ақындар айтысын тек астанада ғана емес, облыс орталықтарында да жыл сайын өткізудің мәні зор. Алдағы уақытта бұған қамқорлықпен қарап, ұйымдастыру жұмыстарына айрықша көңіл бөлінсе дейміз.

Міне, үш күнге созылған айтыс та мәреге жетті. Халық қошеметінде шек жоқ. Махамбет атындағы Қазақ драма театрының кең залында көрермендердің көптігі сонша, иін тірескен халық. Үш күн бойы ақындармен бірге айтыстың ара-арасында есімдері республикаға танымал өнерпаздар Нұрлан Өнербаев, Ержан Белғозиев, Марат Омаров, Айгүл Үлкенбаева, Секен Тұрысбеков, Бақтыгерей Сандыбаев, атыраулықтар – Манарбек Дәулетов, Елемес Мағазов, Мекес Төрешевтер қалың жұртшылыққа «талант табағын» тартты. Олар орындаған ән-күй, жыр-термелерге өнерсүйер қауым тәнтілікпен қол соқты.

Махамбет атындағы тұңғыш республикалық айтыстың қорытындысына арналған салтанат драма театры алдындағы алаңда өтті. Қаумалаған қалың елдің алдында әділқазылар алқасының төрағасы, ақын Т. Молдағалиев жыр сайысының жүлдегерлерін атады. Махамбет атындағы бас жүлде – ақ аруанаға торғайлық ақберген ақын Әлфия Орманшина ие болды.

Суырыпсалма ақын Әлфия: «Ат мінген ақын қыздар толып жатыр. Бірінші жетектедім ақ аруананы», – деп бастап, табан астында жыр маржанын төгіп-төгіп жіберді. Сатырлай соғылған алақандар, «әп, бәрекелді», «өнерің үстем болсын», «пай-пай, шандозым-ай» деген сүйінішті дауыстар қаумалауында Әлфия үстінде көркем безендірілген жабуы бар ақ аруананы жетектеді. Екінші жүлделердің иелерін де халық ду қол шапалақтай құттықтады. Яғни, Мұрат Мөңкеұлы атындағы жүлде – ақтабан атқа жамбылдық Шорабек Айдаров, Сүйінбай атындағы жүлде – ақбоз атқа маңғыстаулық Мэлс Қосымбаев мінді. Ал, үшінші бәйге де ерен жүйрік жыр бедерінің еншісіне тиді. Олар – оралдық Қатимолда Бердіғалиев Шашубай атындағы жүлдеге, Алматылық Есенкүл Жақыпбеков Сара атындағы жүлдеге, шығысқазақстандық Абаш Кәкенов Нартай атындағы жүлдеге ие болды. Сондай-ақ, Ермек Жұматаевқа (Алматы облысы), Құдайберлі Мырзабековке (Көкшетау облысы), Әзірбай Тұрмағамбетовке (Маңғыстау облысы), Әбдіхан Есенғалиевқа (Гурьев облысы) арнайы сыйлықтар, Жұлдыз Тойбековаға (Қарағанды облысы) Гурьев облыстық «Атырау» газетінің арнаулы жүлдесі, Бекарыс Шойбековке (Шымкент облысы) Гурьев облыстық телевизия және радиохабарларын тарату комитетінің арнаулы жүлдесі табыс етілді.

Жұлдегерлер мен бірқатар өнерпаздарға «Лениншіл жастың» Құрмет грамотасы және сыйлықтары берілді. Репортажды дайындауға Ә.Қойтанов, И.Балмағанбетов, Р.Ханалиев (Фото) қатысты.

1990 ж.

ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ МҮДДЕСІ

Алматыдағы Достық үйінде Қазақ КСР-інің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев баспасөз конференциясын өткізді. Оған бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, республикалық, одақтық және шетелдік баспасөз өкілдері қатысты. Осы күнгі баспасөз қызметкерлерінің қолына Президент Назарбаевтың «Молодая гвардия» баспасы «Без правых и левых» деген атпен орысша, «Қазақстан» баспасы «Әділеттің ақ жолы» деген атпен қазақша жуырда шығарған кітаптарының алғашқы даналары тиді.

Әңгіме бірден бүгінгі күннің өзекті проблемалары мен шешімін шұғыл күтіп тұрған мәселелер төңірегінде өрбіді. Н. Ә. Назарбаев ең алдымен қазір қалың жұртшылықтың назарындағы басты мәселе – Одақтық Шарттың төңірегіндегі ойларын ортаға салды. Одақтық Шартқа Қазақстанның шын мәніндегі егеменді республика болып қол қоюы үшін күрескенін, республика мүддесін көздегенін, бұл Шарттың тарихи маңызын терең байыптап түсіну керектігін, бұл орайда баспасөз тарапынан да білікті көзқарас қажеттігін айтты. Одақтық Шартқа республикалар төрт тур арқылы қол қоятынын, ең алдымен Қазақстан мен РСФСР арасында және Өзбекстан, Белоруссия, Тәжікстан республикаларының қатысуымен Одақтық Шартқа қол қоюдың алғашқы туры өткізілмекші. Қалған республикалардың Шартқа қол қоюы араға сәл уақыт сала отырып, күз айларында өтеді.

Президенттің екінші бір тоқталған мәселесі Қытай Халық Республикасына барып-қайтқаннан кейінгі алған әсерлер. Қытайдың ешқандай дабырасыз-ақ осыдан 10 жыл бұрын реформаға көшуінің нақты жемістері, жоғары экономикалық даму жолынан өткендігінің дәлелдері алға тартылды. Қытаймен арадағы темір жол байланысының жақсаруы ежелгі «Жібек жолының» жаңғыруы іспетті. Алдағы уақытта бұл темір жол арқылы Қытайдан Иранға, Түркияға, Жерорта және Қара теңіздерге шығатын мүмкіндіктер көзделмек. Негізінен, экономикалық ілгерілеудің кілті енді екендігінебаса көңіл аударған Президент Н. Назарбаев ең алдымен жеке меншікке, арендаға өріс ашу арқылы, ауыл шаруашылығын дамытудың осы бір іс жүзінде өзін ақтаған тәжірибелеріне сүйену арқылы ғана экономикалық реформаға баруға болатынын баса айтты.

АҚШ Президенті Джордж Буштың Мәскеуге келіп қайтқан сапары, КСРО Президенті М. С. Горбачевпен кездесуі кезінде Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевпен де АҚШ пен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстар төңірегінде әңгіме болғандығын білеміз. Бұл ретте мұнай өнімдерін игерудің, өндірудің көптеген мәселелері әлі де шешімін күтуде екен.

Келесі бір көкейкесті мәселе – еліміздің экономикалық жағдайы, бүгінгі ахуал, тығырықтан шығатын жол іздеудің нәтижелері төңірегінде болды. Биылғы ауа райының қиындықтарына қарамастан, Қазақстан халқы астық өнімдерінен тарықпайды деп күтілуде. Ұн болады деп сендірді Президент. Қантқа байланысты қиындықтардың себебі бар. Сондықтан қант, шәй, темекі сияқты қат заттарды шет елдерден де алдырудың жолдары іздестірілуде екен.

Президент Н. Ә. Назарбаев баспасөз конференциясы кезінде қосымша көптеген сұрақтарға жауап берді. Кітабын шығаруға атсалысқан баспаларға және кітапты орыс тілінен қазақшаға аударған жазушы, «Егеменді Қазақстан» газетінің бас редакторы Ш. Мұртазаевқа өз алғысын білдірді.

«Лениншіл жас»,
1991 ж.

АРМАНЫ АСҚАҚ АҚТОҒАЙ **жерінде халық ақыны Кенішбай Жұбандықұлының 125 жылдық мерей тойы мен** **«Лениншіл жас» газетінің күндері өтті**

Алматы аэропортынан көтерілген «ТУ-154» лайнері күміс қанаттарын бір жарқ еткізіп, ақшулан бұттарды бауырға ала, қайқая бұрылған соң бағытты Арқа даласына түзеген.

Серіктестеріміз Әбиірбек Тінәлиев, Айгүл Үлкенбаева және ҚазМУ-дың оқытушылары Құныпия Алпысбаев пен Әбдіғани Жиенбаевтардың кеуделерін қандай күйдің тербей бастағанын кім білсін, біз, осы азаматтармен бірге Тоқырауын топырағында болмақшы халық ақыны Кенішбайдың мерейтойы мен өз басылымымыздың күндерін өткізуге бара жатқан әдеби қызметкерлер жағы абың-гүбің әңгімеге кіріскенбіз.

Сөз көбінесе Әлихан Бөкейханов, Әсет Найманбаев, Уғар Жәнібеков, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Мағауия Хамзин-сынды көптеген аяулы тұлғаларды мәпелеген Ақтоғай атырабы жөнінде өрбіген. Бүгінде көпшілікке әбден танымал замандастарымыз Жеңіс Қашқынов, Дәуітәлі Стамбеков, Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкеновтер де осы өлкеде туып-өскен екен.

«Ер – елдің көркі» дегендей, ердің де еңсесін көтеретін ең алдымен сол ұрпақты өсіріп-өндіретін елі-жұрты болса керек қой. Бізді осындай ұл-қыздары бар қасиетті қауыммен қауышатындығымыз, әсіресе ұзақ жылдардан соң ортаға қайта оралған алты арысымыз секілді есімі кейінге дейін беймәлімдеу болып келген ақын Кенішбай әруағын тірілтуші халықпен жүздесетіндігіміз қуантқан. Өзінің тоқсан төрт жыл өмірінде алмастың жүзіндей ақпа-төкпе өлеңдерімен заманын талмай жырлап өтсе де, ел есінен тысқарылау қалып келген Кенішекеңдей дарынның өшпес жаңа ғұмыры басталатындығы, сөйтіп, халық қазынасының тағы бір жарқын тұлғамен көркейе түсетіндігі көңілді тасытқан...

Арқа астанасы атанған Қарағандыға дейінгі бір сағаттық әуе трассасы осы сарындас сырларды қозғауға мол жетті.

Аяқ жерге тигенде кеудені кернеген Сарыарқаның сары самалы өзгелерімізден гөрі Секен күйші мен Әбиірбек әншіге көбірек әсер еткендей еді. Бәлкім, Тәттімбеттер, Мәдилер мен Сәкендер жүрген жердің жұпар желі көкейлерін саз кернеген қос таланттың сонау арманда өткен ағаларына деген сағыныштарын оятқан шығар.

Әйтеуір Секеннің сонда шертілген «Көңіл толқыны» мен «Ақ жауыны» бұрынғыдан да сыршылдау естілген. Әбиірбектің терең сазды әндері де жүрек түкпіріндегі тәтті бір мұндарды қозғаған...

Содан соң, Айгүлдің орындауындағы Құрманғазы бабамыздың серпінді күйлерін тыңдап, көз алдымызға жер апшысын қуырған тұлпарлар тұяғының дүбірін келтіріп алдық та, ақ шулан, көк шулан мәшинелерге мініп алып, Ақтоғайдың қара жолымен Кенішбай жұртына қарай жүйткіп бара жаттық.

Бір ғажабы – тойға бара жатқан тобымыздың бірде-бір мүшесі өнерден құралақан болмай шықты. Қарағандыдан қосылған талантты әнші-күйші қарындасымыз Шәмшия Ахметованың үкілі қоңыр домбырасы қолдан-қолға көшкен.

Қаладан ұзай әдебиетші Құныпия ағамыз Арқа әндерін нәшіне келтіре аңыратты дейсіз. Халық әндерінің табиғатын терең түсінетін Құнекеңнен кәсіпқой өнерпаздардың да алар сабағы көп пе деп қалдық. Ал Әбдіғани ағаның ерекшелігі – ағылшын тілінің маманы бола тұра, ол түркі тілдерін түгелге жуық білуіне сәйкес сол халықтардың әндерін де рубаб аспабына қосыла тамылжыта шырқайды екен. Сарыарқа жерінде бірінен кейін бірі – қырғыз, өзбек, түркімен,

тәжік, әзірбайжан әндерінің самғауы керемет жарасымдылық тудырған. Біз бұл әндерді бауырлас ағайындардың жыр кеніші Кенішбай атамыздың айтулы тойына деген шашудай қабылдадық.

Әйтеуір Қарағанды мен Ақтоғай арасындағы 240 шақырым жол бойы әсем әуен үзілген жоқ. Бізге бір сәт тіпті Алматы мен Ақтоғайдың арасын да ән мен күй жалғап жатқандай көрінген. Содан соң «Қандай қиын уақыттарда да қазақтың қазақтығын танытатын осы ғажап көрініс, елдің елдігін паш ететін осынау қасиетті дәстүрлер ешқашан бұзылмаса екен!» деп ойлағанбыз.

Жетігеннің жеті шегіндей үндескен Ақтоғай ауданына қарасты «Қызыларай», «Кеңшоқы», «Ақтоғай», «Жәмші», «Қоңырат», «Еңбек», «Сарыарқа» совхоздары қалың ағаш арасына тойға арнап әкелген ақ боз үйлерін жапа-тармағай тігіп тастапты. «Той дегенде қу бас домалайды» демекші, бүкіл аудан жұртшылығы еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейін тайлы-тұяғымен осында жиналған екен. Сонадайда бір-бір шапанды жамылып алып, шаруалары жайланып, көңілдері орныққан сынай танытқан үлкендер жағы көрінеді. Тұлымдары желбіреп, ойын қызығына тоймай құлындай шапқылаған бүлдіршіндер жүр. Алдымыздан анда-санда шолпыларының сыңғырымен жастауларымыздың жүрегін лүпілдетіп айнамақоз арулар өтеді.

Бұл да қасиетті қазекемнің көркіне көрік қосар көріністер болатын.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем берер» деген ғұрыппен меймандарға амандасушы жұртшылықтың арасынан ақындар Жәніс Қашқынов пен Аппаз Қаражігітовті танығанбыз. Олар бізді «Қоңырат» совхозы тіккен үйден дәм татуға шақырған.

Қазақтың әңгімесі қымыз үстінде шырайланбай ма! Мейман бауырларына қонақжай құшақ жайып, ыстық ықылас танытқан ел ағалары – Жаңабек Қойлыбаев, Ғабдолла Нөкербаев, Сейіт Хамитов, Өмірзақ Қарабеков, Бағдат Омашевтармен сыр-сұхбат тұнығына бас қойысып, келе-келе қазақша қарқ-қарқ күлісіп, Сәуле мен Мәдеш жеңгелеріміздің бал-қымызына қанып шыққанша күн де еңкейген еді.

Кешкі салқын түсе жұрт аудан орталығының жазғы демалыс бағына қарай жөңкілген. Онда Секен, Әбиірбек, Айгүл, Шәмшиялар Кенішбай ақын асы мен «Лениншіл жас» күндеріне арнап дайындаған концертін берді. Ақтоғайдың ән-күймен тыныстаған талғампаз қауымы астаналық артистердің өнеріне ұзақ қол соқты.

Аса табысты өткен ойынның соңы Жезқазған, Қарағанды облыстары ақындарының айтысына ұласқан. Ай төбеге келгенше жалғасқан сөз додасында бас бәйгені бұл жолы да кейінгі кездері Арқа өңірінде шашасына шаң жуытпай жүрген жас сері Қойлыбай Асанов әкетті. Айтыс десе ішкен асын жерге қоятын намыскер Қуат Мақсұтов, Хасен Сәкиев, Сержан Байсеркин сияқты жігіттер айтқандай, қазақ топырағындағы өнер көші жас саңлақтармен сәнді екен ғой. Қойлыбайдың ізбасарлары – Есенгелді Қабыкенов, Рамазан Сәттібаев, Абай Нұрмағамбетов, Айгүл Кептербаевалар болғалы тұрған арқалы айтыскерлер екенін танытқан.

Тойдың ресми сәті ертеңіне басталды. Әлеуметті Кенішбай Жұбандықұлының өмірбаян жолдарымен таныстырудан бастаған Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Рымбек Жүнісов ақынның заманында атқарған роліне тоқталған. Содан соң халық тағдырына шын жанашыр болып жүрген республика жастары басылымы күндерінің нақ Ақтоғай атырабында өткізіліп отырғандығына қуанатындығын білдірген.

Сөз кезегін алған «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижановтың да ұрпаққа ұлағаттай естілген толғанысы жұртты терең ойларға бастады. «Көсегесі кегеретін ел азаматтарын, ақынын ардақтайды» дегендей, қашанда ұлттық дәстүрдің қаймағын бұзбай келе жатқан Ақтоғай халқының қоғамның осынау тығырыққа тіреліп, әлеуметтік ахуалдың бәсең тартқан бір тұсындағы қиындықтарға қарамастан дүрілдетіп ақын тойы мен «Лениншіл жас» күндерін өткізуі шынында да ерлікке пара-пар іс болатын.

Кенішбайдың немересі Баймырза Ырғалымов ақсақалдың ақын атасына арнаған өлеңі де көп көңілінен шыққан. Д. Тойымбеков, А. Қаражігітов, Д. Дүйсебеков, А. Кенжебековтердің тілектері де елді бірлікке шақыруға, дәстүр жалғастығын сақтауға арналған.

Бір байқағанымыз, Ақтоғай жұртшылығының республикалық жастар басылымына деген ілтипаты ерекше екен. Соның айқын белгісіндей, біздің мерейімізді өсірген хабар – Ақтоғай селолық Кенесінің жарлығымен аудан орталығындағы Ломоносов көшесінің «Лениншіл жас» газеті атындағы көше болып өзгертілгендігі еді. Жергілікті «Арқа еңбеккері» газетінің той күнгі арнайы санында да «Лениншіл жас» газеті атына оқырмандардың жүрекжарды лебіздері берілді. Басылымның мерейтойына арналған құттықтаулар той мінберінен де көп айтылды.

Салтанатты рәсім соңын аты көпке әйгілі «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблі жалғастырған.

Өз жолын шағын көркемөнерпаздар үйірмесі ретінде бастаған аталмыш ансамбль кейін өнер кеңістігінде еркін самғап, республика және Бүкілодақтық байқауларының бірнеше дүркін лауреаты атанған болатын. Сан рет Одақ қалаларының сахналарына шығып, Украинада өткен Қазақ ССР-і өнері мен әдебиетінің онкүндігінде өнер көрсеткен талантты ұжым Кенішбай ақынның мерейтойы мен «Лениншіл жас» күндеріне арнаған жаңа репертуарымен жиналған қауымды тағы бір сүйсінтті.

Концерт аяқталған сәтте жұрттың бір бөлігі бәйге төбеде басталған ат жарысы, қыз қуу сияқты ұлттық ойындарды тамашалауға ағылған. Қалған ел жазғы бақта өтіп жатқан қазақша күрес, кір тасын көтеру, арқан тарту секілді спорт қызықтарын көруге беттеген.

Жарқын кездесулер «Қызыларай» совхозында да жалғасты. Мұхтар Әуезовтың «Салқын тау, самал бел» дейтін теңеуін еске түсіретін бұл жері жәннат, сулы да нулы, саф ауалы мекеннің әсем табиғаты жайлы кезінде әйгілі Әлкей Марғұлан атамыз да тамсана жазған болатын. Жергілікті жұрттың «Ақсорандай биік бол!» деп беретін батасы Орталық Қазақстан өлкесіндегі ең биік таулардың бірі осы Ақсораң-Қызыларай шыңдарына бағытталып айтылады екен. Сол тау етегіндегі ит тұмсығы өтпес ну тоғай арасына тігілген ақшаңқақ үйлер көз алдымызға тағы бір сәт халқымыздың ерекше бір тартымды тірлігінің көріністерін әкелген.

Мұнда да алдыңғы кезек тамылжыған ән-күйге берілді. Жергілікті «Әуен» ансамблінің әуелете шырқаған әні осынау мамыражай тірлікті одан сайын сұлуландырып, баяу тербетіп тұрғандай еді.

«Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей, мұндағы кездесулеріміз де үлкендері – Аскен Жоламанов, Серіккәрім Іңкәрбаев, Совет Аққанов, Шекен Сымбеков, Кәрібек Баймұханов, Зейнолла Досмахов сияқты азаматтардан бастап, ең кіші, бала кейіпкеріміз Берік Сопыхановқа дейін халқымызға тән ақ жүрек, ашық пейіл, ыстық ықыластарымен көңілді баураған. Тіпті елгезек тілшілеріміздің бірі ұмытып қалмайын дегендей, адал ниетімен дәм-суын алдыға тартқан Гүлбану Рәшева жеңгесінің есімін де қойын дәптеріне түртіп алып жатты...

Дүрілдетіп той да өткен. Әрине, бәрі бірдей кем кетіксіз болды деуге келмес. Алайда, ақын Кенішбай Жұбандықұлы мен «Лениншіл жас» күндеріне арналған мейрам «Қызыларай» совхозы партия ұйымының хатшысы Қанат Түсіпбаев айтқандай, үш жүз ұрпақтарының басын қосып, елдің елдігін танытқаны үшін де ұзақ уақыт есте қалып, ұрпаққа үлгі болатын аса маңызды шара-тын.

...Астанаға бағыт алған «ТУ – 154» ішінде бастапқыдағыдай абын-гүбің әңгіме қозғалған жоқ. Газеттің арнаулы тілшілері Айтбай Сәулебеков, Рахымбай Ханалиев, Құлтөлеу Мұқашев бар, әрқайсымыз өз сезімімізбен өзіміз едік. Бұл жолы Ақтоғай мен Алматының арасын ән емес, әдемі әсерлер жалғап келе жатты.

1991 ж.

БӨЛІНУ ҮШІН ДЕ БІРІГУ КЕРЕК немесе парламентаралық ассамблея хақында

Иә, Алматыда және бір мәртебелі жиын өтті. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Жоғарғы Кеңестері басшыларының консультативтік кеңесі өткен жұмада өз жұмысын аяқтады. Онда қабылданған құжаттар да жарияланып, жұртшылыққа жетіп үлгерді. Кеңестің көздеген мақсаты қазіргі кезде қоғам бастан кешіріп отырған дағдарысты жағдайдан шығудың жолдарын жеке-дара іздемей, қиындықтан көп болып келісе отырып құтылу. Яғни, халқының ақылы – іс, жалпының ақылы – күш.

Сол кеңес кезінде журналистердің Руслан Хасбулатовқа қойған сауалының бірі Парламентаралық Ассамблея туралы келісімге делегациялардың бәрі бірдей қол қоя ма деген мәселе еді. Өйткені, кеңестің көп толғантқан көкейтесті мәселесінің бірі де осы болды. Оның үстіне бұл бас қосуға Молдова мен Түрікменстан өз өкілдерін мүлдем жібермеген болса, ал Әзірбайжан бақылаушы ретінде қатысты. Р. Хасбулатов «Парламентаралық Ассамблеяға бәрі бірдей қол қоймады, не оған қатыспады деп үнжұрға түсетіндей ештеңе жоқ, интеграция бір күннің шаруасы емес, оған әркім өзінің қажеттігіне орай ойысады» деп жауап берді.

Ал Украина Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Иван Плюш тілшімізбен сұхбатында Прапарламентаралық Ассамблеяны қолдамайтындығын ашық айтты. Мәскеудегі кездесуде бұл

құрылым бір орталыққа бағындыруды көздейді деп қауіптенген украиндық делегация осы жолы да сол күдіктен арыла алмай, аталған құжатқа қол қоймады. Украина ең алдымен парламентаралық комитеттер мен комиссиялар жұмысын жолға қойып, Жоғарғы Кеңестер басшыларының жоғары деңгейдегі консультациялық кеңесі түріндегі байланыстарды нығайтуды көздейді. Әзірбайжан бақылаушыларының да оған бүйрегі бұратыны белгілі болды.

Көріп отырғанымыздай, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің парламенттері арасында бұл мәселе жөнінде пікір қайшылығы бар екен. Дегенмен, кеңеске келген тоғыз республиканың жетеуі аталған құжатқа қол қойды. Мұның өзі де көп нәрсені аңғартады. Себебі олар Украина айтқан қауіпті ескермеді дейсіз бе, ескерді. Сондықтан да құжатта Парламентаралық Ассамблеяны кеңесші институт деп атаған. Оған қоса бұл құрылым ешкімге ештеңені күштеп таңбайды, әрі ол мемлекеттен жоғары тұрған да орган емес. Құжаттың 1-бабында былай делінген: «Келісуші жақтар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясын ортақ мүддені білдіретін мәселелерді талқылау мен құжаттардың жобаларын қарауға арналған консультативтік институт ретінде құрады». Шынтуайтына келгенде, оны құруды тек Достастықтың дүниеге келуімен байланыстыруға болмайды. Мұның өзі дүниежүзілік озық тәжірибеден алынып отыр.

Оған қол қойған мемлекеттердің Жоғарғы Кеңесі басшыларымен әңгімелескенімде мұндай құрылымның бүгінгі күні өте керек деінде мән бар. Себебі Орталық күйреп, тәуелсіздік алған мемлекеттер өз үйінің шарбағын тарс жауып алуға болмайтындығын түсінді. Сөйтіп, ТМД-ға он бір мемлекет мүше болды. Одан кейін ТМД басшыларының кеңесі, Үкіметтер басшыларының кеңесі құрылды. Олар мемлекеттік мәселелерді өз күзіретінде шешіп келеді. Бірақ өркениетті елдерге сәйкес ТМД-ға қатысушы елдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы байланысын тең дәрежеде әрі баянды болуы үшін парламентаралық қатынас құралы керектігі айқын сезілді. Тәуелсіздік тізгінін айырылмастай қолға ұстау үшін парламенттің, қала берді барлық деңгейдегі Кеңестердің іргелі мәселелерге өз ықпалын білдіріп отыруына тура келеді. Өкінішке орай, парламентаралық байланыстар біздің мемлекеттер арасында күні осы уақытқа дейін жөнді жолға қойылмаған еді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясының тапсыруымен парламентіміздің басшысы С. Ә. Әбділдин ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғарғы Кеңестеріне хат жолдап, онда Достастықтағы атқару органдары шын мәнінде өміршең қабілетке ие болуы және нақты міндеттерді шешуде еркіндік алуы үшін мемлекетаралық байланыстарға тағы бір күштің – қалың жұртшылықтың мүддесін білдіретін өкілетті биліктің қатысу қажеттігін атап көрсеткен болатын.

Бұл жерде мәселеге кеңінен қарасақ, мемлекеттік мүдде мен халықтың мүддесі арасындағы көпір, дәнекер халықтың өзі Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары В. И. Шолодонов өздерінің президенттік басқаруға көшпегенмен де көштен қалып жатпаған, жалпы елдің тағдырын бір адамның жеке игілігіне бергеннен гөрі саясаткерлер ұжымы – парламентке берген жөн екенін және ол дайындалып жатқан жаңа Конституцияларының жобасында парламенттік басқарудың мақұлданып отырғанын айтады. Сондай-ақ ол жеке адамның қолына билік беру бүкіл саясат соның көзқарасымен жүретіндігін де бүккен жоқ.

Осы пікірде бір жағы шындық бар, өйткені қарапайым халықтың мұң-мұқтажымен есептеспей, мемлекеттік мәселелер біржақты шешіліп кететін жәйттер кезінде Ресей Президенті мен үкіметінің тарапынан кездесті емес пе. Мәселен, Ресейде баға ырықтандырылған соң оны басқалар, оның ішінде біз де қолдануға мәжбүр болдық. Ресей үкіметінің сол жолы «кішілер» қайда барады дегендей өпірім саясаты шаң беріп қалған. Қазақстан амалсыздың күнінен бағаны босатуға тура келгенде республикамыздың парламенті жетінші сессиясында бірқатар азық-түлік түрлерінің бағасын қайта түсіруді үкіметтен батыл талап етті. Бұл – бір. Екіншіден, қазіргі кездегі Ресейдегі үкімет пен парламенті арасындағы «қақтығыс» болуының да сыры бар, Ресей парламенті Президентінің бірер Жарлығының күшін жоюға, мойындамауға дейін барды. Бұдан шығатын қорытынды не десек, ол – қай республиканың парламенті болсын алдымен өз халқына жаны ашуы керек. Әрі барлық жерде атқару билігі күшейтіліп отырған кезде демократияны жалғастыру және халықтық мәселеге халықтық көзбен қарау үшін барлық деңгейдегі Кеңестердің рөлін, беделін көтеру қажет екендігі тағы түсінікті. Заң шығару билігі ешқандай бұра тартуға жол бермеуді заң жолымен заңдастыруы керек, солай десек Парламентаралық Ассамблеяда талай-талай кеңесер мәселе аз болмас.

Кешегі қираған империяның бұғауынан құтылған тәуелсіз мемлекеттердің бүгінгі бастан кешіріп отырған қиындығы бір-біріне ұқсас. Ал оны бірлесіп шешіп алмай бет-бетімен кете салуға ондаған жылдар бойы қалыптасқан байланыстар жібермей тұр. Оны шорт үзуге болар, бірақ онда біреу ұтады, біреу ұтылады. Оған сіз де, біз де көз жеткіздік. Сондықтан бөліну үшін тап қазір бірігу керек екен. Яғни, заң жолымен болатындай ақылдасып алар шаруа шашетектен. Мысалы, Беларусь делегациясының басшысы өз парламенттерінде жекешелендіру туралы құжатты талқылауға Парламентаралық Ассамблея көмегі керектігін айта келіп, оның бірінші мәжілісінің күн тәртібіне осы мәселені енгізуді өтінуі еріккеннің ермегі емес. Парламентаралық Ассамблея ендігі жерде келісуші жақтардың ортақ мүддесі саласындағы мәселелер бойынша үлгілік заң актілерін жасай алады. Бірақ оны бұрынғыдай жоғарыдан таңылатын заңдар деп емес, парламенттерге заң шығарушылық қызметте көмек, үлгі ретінде болмақ деп түсінген абзал.

Бұрынғы Одақтың меншігі әлі өз иелерін тауып болған жоқ. Біреудің біреуде қалған есесі көп. Тіпті ортақ пайдалануға мәжбүр ететін объектілер де кездеседі. Баспасөз конференциясында қойылған Байқоңыр мен Ресейдегі ақша жасайтын станок туралы сауалдарда мән жатыр. Біздің түсінігімізше, Парламентаралық Ассамблея біреудің «ағалық» жасап, «кішіге» қиянат етуіне жол бермейді деп ойлаймыз. Сондықтан сан-салалы байланыстарымызды парламентаралық ынтымақпен шешуден үркүдің еш қажеті жоқ тәрізді.

Алматыдағы консультативтік кеңес өтер алдында Минскіде өткен кездесуге бармаған Өзбекстан делегациясы Парламентаралық Ассамблея бұрынғы орталықтандыру жүйесін қайта алып келеді деп қауіптенгендіктен, бұл жолы кеңеске бақылаушы болып қатысады деген әңгіме естігенбіз. Бірақ Өзбекстан делегациясы кеңеске қатысып, аталған құжатқа қол қойғаны белгілі, демек көзқарастары ойлана келе өзгерген деуге толық негіз бар.

Ал Украина өз көзқарасында қалып, аталған құжатқа қол қоймағанын жоғарыда айтқан едік. Оның негізгі ойы парламентаралық комитеттер мен комиссиялар жұмысын жолға қою және парламент басшыларының жоғары деңгейдегі тұрақты консультациялық кеңесі түріндегі байланыстарды нығайту.

Бірақ бұл жерде бір айта кететін жәйт, тек қана комитеттер мен комиссиялар деңгейіндегі байланыстардың өзіндік кемшін тұстары көлденеңдейді. Себебі, Ресей Жоғарғы Кеңесінде 22 комитет болса, басқаларындағы саны одан едәуір кем, тіпті екі-үш есе аздары бар. Сонда парламентаралық байланыстың осы түрінде өзіндік қиындықтар туатыны түсінікті. Демек, Парламентаралық Ассамблея оған қарағанда өзара байланысқа оңтайлы. Бірақ ол үйлестіру органы емес, кеңесші қызметін атқарады. Оны Европарламент немесе дүниежүзілік парламентаралық одақпен салыстыруға келмес. Өйткені, онда баяғыдан қалыптасқан қадау-қадау дербес мемлекеттер парламенттері біріккен. Ал біздегі жағдай мүлдем өзгеше. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің алдында ең алдымен ес жиып, етек-жеңімізді жинап алу міндеті тұр. Әрине, ол уақытты талап етеді, яғни асығыс қимылдау опық жегізетіні белгілі.

Жетпіс жыл бойы коммунизмге асыққанымыздың ақыры не болғанын кім білмейді. Демек, ендігі жерде аяқты аңдап баспаса, болашаққа болжай қарамаса болмайды. Кім біледі, Украина күдіктенгендей Парламентаралық Ассамблея әлі де болса асығыстық шығар, бәлкім өзін-өзі ақтар да. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің парламенттері ішінде Европарламентке, дүниежүзілік парламентаралық одаққа мүшелікке ұмтылатыны да кездесер. Мүмкін Парламентаралық Ассамблея тәуелсіз мемлекеттердің Европа мен Азиядағы дінгекті Ассамблеясы дәрежесіне көтерілер.

Неде болса үміт пен күдікті қоса алып келген Парламентаралық Ассамблея құрылды. Күдіктендіретіні ертеңгі күні кеңесші орган қайтадан үйлестіруші немесе орталықтандыратын органға айналып кетіп, бюрократтық далиған аппарат шекпенін киіп, Достастықтағы мемлекеттердің парламенттерінде бұрынғы Одақ секілді сойылын сүйретіп жүрмей ме деген секем. Ал үміттендіретіні – Достастықтағы мемлекеттердің парламенттері тең дәрежеде байланыс жасап, ортақ мәселені ойласып шешіп, қабылданатын заң жобаларына орынды ұсыныс айтатын нағыз кеңесші институт болады деген сенім.

Дейтұрғанмен бір нәрсе анық, ТМД дүниеге келіп, оның басшыларының кеңесі, үкімет басшыларының кеңесі тәрізді жаңа құрылымдар пайда болғанда, ТМД шеңберінде заң шығару билігінің, яғни парламенттің одан сырт қалуға ешқандай қақысы жоқ. Өйткені, өзара парламентаралық байланысты жолға қойып, зерделі заң шығару арқылы халық мүддесін ойлап, атқару билігінің қоғамды заңдылық аясында ілгері апаруына көмектесуі қажет.

Қорыта айтқанда, Алматыда өткен консультативтік кеңес жемісті болды, ондағы ұсынылған барлық құжаттарға қол қойылды. Делегациялар өзара достық, түсіністік рәуіште келісті. Р. Хасбулатов кездесудің сәтті өткендігін, қонақтарды қазақстандықтар жылы шыраймен қарсы алғандығын, сондай-ақ Серікболсын Әбділдаұлының кеңеске келісті төрағалық еткенін айта келіп, «шебер басқарғаны сондай, кейбір құжаттарға қол қоймау мүмкін емес еді» деп, бір жағы әзілге сүйеді. Дегенмен, саясаткерлік пен дипломатиялық қасиеттер сын шақта өз қолтаңбасын көрсетеді ғой. Айтқандай, келесі консультативтік кеңес Бішкекте өтетін боп белгіленді.

1992 ж.

ДӘСТҮРДІҢ ДАМУЫНА ДӘНЕКЕР

*Жақында Қазақтың ұлттық «Жаңғыру» орталығы құрылды.
Бұр – ерікті қоғамдық бірлестік.*

Қазіргі қым-қуыт экономикалық қиғаштықтар қыспағы мәдени-рухани дамуымызға қолайлы тиіп тұрған жоқ. Мәдениет ошақтарының қуаты бұрын да әлсіз еді, енді нарық жағдайында тіпті қорғансыздың күнін кешуде. Ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-жоралғылардың ұмыт болғандарын тауып-танып, түстеп-түгендей бастаған кезде, тарихымыздағы зобалаң жылдар тақсіретін тартқандарды анықтап-ақтап ала бастаған тұста, санаға сілкініс әкеліп, қалғыған намыстың оянуына ықпал жасай бастаған шақта қымбатшылық пен алыпсатарлық қызыл тырнағы шаужайға жармасты. Мұндайда мемлекеттік қамқорлыққа зәрулік мәдени-рухани игіліктердің ұясы болып табылатын орталықтарда айрықша сезілуде. Міне, Қазақстан ұлттық «Жаңғыру» ерікті қоғамдық бірлестігі осындай қиын да күрделі кезеңде халықтық мүддені қорғауды мұрат тұтады. Әрине, қуана құптарлық қадам.

Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді көбейте берудің қажеті қанша дейтіндер де табылар. Мәселе олардың санында емес, сапасында ғой. Нені бірінші кезекте қолға алып, нені жүзеге асыратынына, не үшін қызмет ететініне үңілген жоқ. Біздің байқауымызша, ұлттық «Жаңғыру» орталығының бағдарламасы жан-жақты, ауқымды. Негізінен, қазақтың өнері, ғылымы, тарихы, т. б. салалардағы интеллектуалдық, рухани қуаттардың көзін ашуды, қалың бұқараның тарихи санасын оятып, халықтың қамын ойлайтын азаматтардың іскерлік белсенділігін қолдауға ықпал жасауды көздейді. Осы уақытқа дейін бізге бір нәрсе жетпей келсе, ол – ата-бабамыздан қалған мол рухани-мәдени мұраларымызға жанашырлықпен қарау, асыл жәдігерліктерді көздің қарашығындай сақтау, келер ұрпаққа бүтін күйінде аманаттау. Ұлттық орталық осы олқылықтың оңалуына мұрындық болатын сыңайлы.

«Жаңғыру» орталығының алдағы уақытта облыстық, қалалық, аудандық ұйымдары да құрылмақ. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңес қабылдаған қолданыстағы заңдарын және өз жарғысын басшылыққа алады. Мұсылман дінінің шарият талаптарын қабылдай отыра іс-әрекет жасайтынын да бағдарламасына енгізген.

Орталықтың қызмет аясында тарихи-этнографиялық, мәдени-ағарту, тәрбие-қайырымдылық, экологиялық, ғылыми-практикалық, сәулет-құрылыстық, консультация-праволық, анықтама-ақпараттық, үгіт-насихаттық, сыртқы экономикалық, ұйымдастыру-шаруашылық сияқты бөлімдер салаланған. Ұлттық жаңғырудың жолдары кең өрісті, көп салалы болуы көңілге әбден қонады. Бірақ, әр нәрсенің басын бір шалып, бір мақсатқа жұмсалатын күшті шашыратып алмауды да осы бастан ойланған жөн сияқты. Ол үшін әр бөлімнің нақты қызмет бағдары болуы керек. Және жалпыадамзаттық құндылықтар, мәдениет мәртебесі, тұрмыстық мінез-құлық ерекшеліктері, халықтардың мәдени туыстығы, т. б. деген сияқты «интернационалдық» асқақ мұраттарды көздеген қоғамдық бірлестіктер бізде бұрын да болғанын, алайда, сол ауыз толтырып айтатын жалпыадамзаттық мүдделерді қорғау ең алдымен ұлттық мүдделерге деген көзқарастан басталатынын ескертуге тиіспіз.

Мәселен, «Жаңғырудың» жарғысында тарих пен этнография бөлімі «қазақтардың бұрынғы жазуын зерттеумен және қалпына келтірумен шұғылданады» деген жолдар бар. Шындығында тарихымызды тануға төте қадам осыдан басталуға тиіс. Осы уақытқа дейін араб, латын, орыс алфавиттерін бірінен соң бірін ауыстырып қабылдап жүрген кезде шаң басқан архивтердің қойынында талай асыл мұрағаттарымыз ұрпақ кәдесіне аспай, жабулы күйінде қалды. Араб, латын жазуымен жазылған көне қолжазбаларымызды кедергісіз рухани кәдемізге жаратудың жолы қайсы? Бірен-саран «ескіше» білегін ғалымдардың, мамандардың мүмкіндігі

шектеулі екендігі белгілі. «Жаңғырудың» бұл саладағы жұмысына тарихшыларымыздың, халық ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың, ұлт мүддесіне жанашыр оқытушы, студенттеріміздің қыруар көмегі, қолғабысы қажет. Егер осыған ұйтқы, жолбасшы бола алса, онда «Жаңғырудың» жұмысына қызығушылық пен құрмет оянаттынына күмән жоқ.

Мәдени-ағарту саласындағы жұмыстарын тұрақты және жылжымалы көрме-музейлер, тақырыптық лекция-оқулар, әр түрлі мәдени шаралар, жарыстар, байқаулар, т. б. өткізумен ұштастырмақ. Бұл әрине, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлесе атқарылатын шаралар екендігі түсінікті. Ұлттық «Жаңғыру» орталығының республикалық «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесе жүргізетін жұмыстарына соны серпін керектігін осы бастан құлаққағыс жасар едік. Тәуелсіз мемлекет болсақ та, мемлекеттік тіліміз бар деп жар салсақ та – бәрі ойдағыдай деу қиын. Әсіресе, тіл тағдыры жөнінде тоқмейілісін жөніміз жоқ. «Жаңғыру» орталығы ана тілін ұмытқан қазақтармен арнайы жұмыс жүргізіп, олардың ұлттық ортасын табуына жәрдем-септігін тигізсе, қанеки. Бұл өте күрделі шаруа. Бірақ, қолдан қазақ жасай алмайтынымызды бағамдап, адасқандарды үйіріне қосуға ұмтылсақ – бұл да игілікті іс.

Қазіргі қоғамдағы үлкен өзгерістер кезінде уыстан шығып кетуі кәдік, тізгінді бұра тартып бара жатқан бір сала – тәрбие мәселесі. Әсіресе, жастар тәрбиесінің болашағы алаңдатады. «Жаңғырудың» тәрбие және қайырымдылық шараларына назар аударуға, әсіресе, соғыс және еңбек ардагерлеріне, қарттарға, мүгедектерге, сырқаттарға, мұқтаждық торына түскендерге көмек беру жолдарын қарастыруға ниет етуі көңілге жылылық ұялатады. Мектеп-интернаттың балаларына, қаражаты аз студенттерге, экологиялық апат аймақтарының адамдарына, үйсіз-күйсіздерге, жұмыссыздарға әр түрлі қайырымдылық шараларын, мейірімділік қозғалыстарын ұйымдастыру арқылы жәрдемдеспек.

Ғылыми-практикалық жұмыстар бағдарында Орталық өзінің Халық академиясын құруды көздейді екен. Сәулет-құрылыс объектілерін жобалау-салуға, мешіттердің, асханалардың, қымызханалардың, шайханалардың безендірілуіне, ұлттық сәулет өнерінің дамуына, өзінің дизайнерлерін дайындауға жаңғыру талаптарына сай көңіл бөлмек. Мағлұматтар банкісін ашпақ. Озық тәжірибелерді насихаттайды.

Ұлттың дамуы дәстүр сабақтастығын жоғалтып алмауына тікелей байланысты. Дәстүр-салтын ұмытқан халықтың болашағы да бұлыңғыр. Ендеше ұлттық «Жаңғыру орталығы» өзіне жауапты міндет жүктейді.

«Жаңғыру» орталығының құрушы-құрылтайшылары «Азат», «Шаңырақ», «Атамекен», «Ақ ниет», «Ақиқат», «Мұрагер», т. б. қозғалыстары мен қоғамдық ұйымдары. Ортақ ұлттық мүдде тұрғысынан бірлесудің мұндай мысалы қалың қазақтың қолдауын табуға тиіс. Ататүрік айтыпты ғой: «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, ісімізбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн» деп. «Жаңғыруға» ақ жол тілейтініміз де сондықтан.

1992 ж.

ЕЛ БАЛАСЫНЫҢ ЕНШІСІН ҰМЫТПА

«Жетім балалар» немесе «тастанды сәбилер» дейтін атаулар өзі құлаққа түрпідей тиеді. Амал қанша, асқынған дертіміздің бірі – осы. Адамдарда иман азайып, қайырымдылық пен мейірімділік жетіспеген кезде, әсіресе, жетімдердің тағдыры қиындай түседі. Ал оларға қамқорлық жасау – мемлекеттің де, қоғамдық ұйымдардың да, жеке адамдардың да ең басты борышы болуға тиіс. Өйткені, олар – тірі жетімдер – басқа планетадан келген жоқ. Сәби анасынан айырылса да панасынан айырылмауы керек. Ендеше, «Ел баласы» деп еміренуге ертеңін, болашағын ойлаған әрбір ұлт мүдделі болса дейміз. Қазіргі қоғамдық қайшылықтар асқынған қиын кезеңде қазақ балаларының да қамқорлыққа зәру әлеуметтік үлкен тобы барын ұмытпайық.

Алматыда 29 – 30 мамыр күндері Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы Тарих және этнология институты, «Ақ ниет» халықтық қайырымдылық орталығы Орта Азия мен Қазақстан

аналары мен балаларының проблемаларына арналған аймақтық ғылыми-практикалық конференция өткізбек. «Ақ ниет» халықтық қайырымдылық орталығының бас директоры М. Матқановтың айтуына қарағанда, конференцияның бағдарламасы «Анасыз бала болмайды, баласыз қоғам болмайды» деген тақырыпқа бағындырылмақ. Балалардың қоғамдағы орны, экономиканың ықпалы, отбасындағы шапағат, денсаулығын қорғау, білім беру, тәрбие мәселелері, жетімдіктен арашалау, заңдық хұқылары сияқты ауқымды салалар бойынша арнайы әңгіме қозғалмақ. Конференцияға қатысып, өзекжарды өткір пікірлерін ортаға салғысы келетін азаматтар болса, 10 мамырдан кешіктірмей, аты-жөнін, мекен-жайын, қызметін көрсетіп, ұсыныс түсіруі қажет екен. (Хат-хабар үшін:480021. Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28-үй, Қазақстан ҒА Тарих және этнология институты, этнология бөлімі. Тел: 60-13-27). Конференцияның соңғы күнінде (30 мамыр, сенбі) «Анасыз бала болмайды, баласыз қоғам болмайды» деген тақырыпта Халықаралық телерадиомарафон өткізу жоспарланған. Бұл 1 маусым – Балаларды қорғаудың халықаралық күніне арналмақ.

Осы орайда, жақында Ақтөбе қаласында халық депутаттарының қалалық, аудандық, поселкелік және ауылдық Кеңестерінің төрағалары қатысуымен облыстық мәжіліс болып өткенін. Онда «Ақ ниет» республикалық халықтық қайырымдылық орталығының бас директоры М.Матқановтың жоғарыда аталған іс-шараға байланысты хабарламасы тыңдалып, бірқатар шешімін күткен мәселелер күн тәртібіне өткір қойылғанын атап айтар едік. Мәжілісте «Ақ ниет» орталығының бастамасына толық қолдау білдірілген. Көп балалы аналар мен жетім сәбилердің мүддесі үшін, халықтық қайырымдылық пен ізгілік қозғалысының жаңғыруы үшін – 1992 жылды – Аналар мен балаларды әлеуметтік және хұқтық қорғау жылы деп жариялау жөніндегі ұсынысты әбден орынды деп тапқан. «Ақ ниет» орталығының облыстық филиалын құру ұйғарылған. Бұл үшін облыстық әкімшіліктің құзырындағы айрықша көмек пен қолдауды қажет ететін, шешімін күтетін мәселелер нақты көрсетілген. Барлық мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларына, қоғамдық және діни ұйымдардың жетекшілеріне, колхоздар мен совхоздардың, түрлі кооперативтердің, басқа да құрылымдардың тізгінін ұстаған азаматтарға қорғансыз қалған жетім балалар мен көп балалы аналардың қоғамдағы қиын жағдайын ескеріп, қол ұшын созып, жәрдем жасауы қажеттігіне назар аудартуы арқылы ақтөбелік азаматтар «Ақ ниет» қайырымдылық орталығының мақсат-мұратын қапысыз түсінгендігін аңғартады. Өмірге келген әрбір жаңа бастама бүкілхалықтық қолдау тапқанда ғана баянды болмақ. Ендеше, «Ақ ниет» халықтық қайырымдылық орталығының қазіргі алдына қойып отырған міндеттері мен бағдарламасын әлеуметтік әділеттілік жолындағы игілікті шаруа деп түсінгеніміз абзал. Қорғансыздар мен панасыздарға көрсетілетін мейірбандылық – қарыз бен парыз. Қайтарымы – халық үшін. Жетпіс жыл бойы «Жетімдіктің зары жойылған. Бізде бәрі де жақсы. Жетістік. Жетілдік» деп өзімізді-өзіміз бір алдаған едік. Енді «Бүгін болмаса да ертең нарық бізді қарық қылады» деп көзсіз үміттің жетегінде тағы да жүрміз. Қайырымдылық қозғалысын қазіргідей аласапыран уақытта, өзімізді иландырып жүрген өтпелі кезеңде, өлара шақта өрістетудің мәні өте зор.

Сөз соңында әр түрлі қорлар көбейіп кеткен қазіргі таңда ана мен бала тағдырына бейжай қарамайтын жанашыр жандар табылатынына сенім білдіреміз. Республикалық «Ақ ниет» халықтық қайырымдылық орталығының шот-есепі: №700222. «Алтын дән» акционерлік-коммерциялық банкі, коды – 777, МФО – 190501777, Алматы қаласы. «Таңғы нәсіп – тәңірден» деп бейғам жүретін қазақпен енді түсінетін шығар. «Ел баласы» демеске, шарамыз қайсы!?

1992 ж.

ЖАРЫЛЫСТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ЖҰРТТА

Семей десе бұл күнде кім-кімнің де көз алдына қырық жыл бойы айналасына қасірет шашқан полигон елестейді. Полигонға жақын маңда тұратын адамдардың денсаулығы, тұрмыс-халі, мұң-мұқтажы туралы мәселе арнайы көңіл бөлуді қажет етуде. Міне, Парламент басшысының бұл жолғы Абай еліне сапары құлақпен естігенді көзбен көріп, жарылыстың зардабын шеккендермен жүзбе-жүз тілдесіп, істің мән-жайына толығырақ қанығуды мақсат тұтқаны анық. Әрі облыстық Кеңестің сессиясында осы жолы қаралатын «Семей ядролық полигонның ядролық сынақтардың қасіретін шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңның жобасы Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясына ұсынылмақ.

Алматыдан шыққан ұшақ тұмсығын Курчатова қаласына барып бір-ақ тіреді. Кезінде жұрттан жасырып, картаға да белгілемей, әскерилердің мүддесі тұрғысынан орнаған қала осы.

Ертістің жағасында. Мұнда Серікболсын Әбділдаұлын Семей облысының басшылары, полигонда қызмет істейтін шенді әскерилер қарсы алды.

Полигон бастығының орынбасары, генерал-майор Ф.Ф.Сафонов қазіргі кездегі ахуалдарын түсіндіріп, қысқаша хабардар етті. 18,5 мың шаршы шақырым жерді алып жатқан полигон территориясы қазір екі есеге жуық қысқартылған. Яғни, Семей облысының 5320 шаршы шақырым, Қарағанды облысының 1320 шаршы шақырым жері қайтарылған. Әрине, бұл жердің халық шаруашылығына пайдаланылатыны белгілі. Ал ондағы топырақтың ашық радиацияға шарпылғанын білеміз. Ендеше, оның зардабы ұзақ жылдар бойына сақталатынын ескерсек, сауал көп.

Парламент басшысы полигон бастығының орынбасарынан жарылмай, жер астында қалған бомба жөнінде сұрады. «Оның өздігінен жарылып кетіп, қасіретке ұшыратуы мүмкін емес пе?» деп қадағалады. Ондай бір бомбаның жер астында жатқаны рас екен. Оны жоюдың екі түрлі жолы бар: бірі – абайлап алып шығу; екіншісі – тұрған орнында құрту. Жүрекке қадалған тікен сияқты, қашан көзін құртқанша бұл да уайым. Бірақ бұрынғы жіберілген қателіктер қайталанбас деп ойлаймыз.

«Дегелең» сынақ алаңының 1990-91 жылдардағы жағдайы зерттелген «Балапан» сынақ алаңында 600 метр тереңдікте ядролық зарядты жарып, бекітіп тастаған скважина бар екен. Осындай 10 скважинаның 4-еуін істен шығарыпты. Ал қалғандары ше? Әйтеуір, полигон қасіретінің түп-тамыры тереңде жатқаны ойлантады. Бұл полигонға сынақ алаңы ретінде бұрын басқа республикалар да (мәселен, Ресей, Украина) «қызығып» келген екен. Бұл күндері көзқарас басқаша. Ең бастысы Курчатова қаласының енді толық республикалық бағыныстағы қала болуға мүдделі екендігі. Полигон Қазақстанның меншігіне көшті. Осыған орай, Ұлттық ядролық орталықтың құрылуы – үлкен оқиға. Мұндағылар Мемлекеттік техникалық университет ашуды тілек етуде. Онда атом энергетиктері және азаматтық қорғаныс мамандары оқытылып, даярланбақ. Құны 1 миллион 500 мың сом тұратын «Сияние» қондырғысы, «Инспекция» аппаратуралар кешені, т.б. халық шаруашылығына, ғылыми зерттеулерге пайдаланылса деген ұсыныстар бар көрінеді. Полигон басшылығы бейбіт мақсаттағы жұмыстарға бейімделуге ыңғай таныта бастаған сияқты. Курчатова қаласындағы көптеген ғылыми лабораториялар негізінде ғылыми-зерттеу институтын құрсақ, ТМД елдерімен де бірлесіп қызмет етсек деген ұсыныс-тілектері болды. «Луч» ғылыми-өндірістік бірлестігіндегі қондырғыларды да тиімді пайдалану алдағы уақыттың үлесінде. Қазақстанда 5 атом реакторы бар екен. Соның біреуі – Ақтауда, біреуі – Алматыда, үшеуі – осы Курчатова. Ядролық реакторларды бейбіт мақсатта пайдалану жөнінде көптен әңгіме жүруде.

Курчатова қаласынан ұшып шыққан екі тікұшақ Абай аулына қарай бағыт ұстады. Екі аралық 270 шақырым десті. Төменде жарылыстардан жаралы болған жер жатыр. Қар жұқа жауыпты. Көзге шалынар тіршілік белгісі жоқ. Бұрынғы жарылыс болған жерлерде пайда болған көлдердің суына мұз қатпайды екен. Мұндай көлдерде балық өседі, тіршілік жойылмайды деушілер асырып айтатын шығар. Жарылыстар тоқтағаннан кейін адамдар бұл жерде бұрынғыдай тіршілік жалғасар деп дәмеленеді ғой. Әй, қайдам!

Серікболсын Әбділдаұлы Жидебайдағы Абай зиратын, ескерткішін, музейін көрді. Ұлы ақынның 150 жылдық тойы жақын қалған қарсаңда Жидебайдың жүдеу күйде екендігіне көз жеткізді. Абай зиратын қалпына келтіріп, басындағы ескерткішін қайтадан жасатуды ойластырып жатқан аудан басшыларының ескерткішті әк тастан құю жөніндегі сәулетші жобасымен келіскендерін естіп Серікболсын Әбділдаұлы «Абай ескерткішіне мәрмәр тас табылмағаны ма?» деп сауал тастады. Шынында да қазақта Абай біреу-ақ қой. Оның тұлғасын сомдауға табылмаған мәрмәрдің кімге қажеті болмақ? Әк тас мәрмәрдан берік емес қой. Ендеше бұл мәселені ақылға салып, ойласып шешкен орынды шығар. Қаражат қанша кетсе де Абайдың, Шәкәрімнің басына мәрмәр ескерткіш орнатылғаны жөн. Жидебайдағы Абай музей-үйінің құрметті қонақтар қолтаңба қалдыратын пікір-тілек журналына парламент басшысы былай деп жазды: «Абай бабамыздың дарынды ақылдылық ерекшеліктерін ұрпақтары ғасырлар бойына жалғастыра беруін тілеймін. С. Әбділдин».

Бұдан соң Абай ауданының орталығы Қарауыл селосында жұртшылықпен кездесу болды. Онда Жоғарғы Кеңес Төрағасы бұл сапарының мән-жайына тоқталды. Әкімдер мен Кеңес төрағаларының пікірлерін білетінін, заң жобасы таяуда Жоғарғы Кеңестің сессиясында қаралатындықтан, жергілікті жердегі халықтың көңіл-күйін өз ауыздарынан естігісі келетінін айтты. Абайлықтар іштегі шер-мұңдарын армансыз ақтарды. Парламент басшысы алдында әсірелеусіз, боямасыз, болған шындықты, шеккен қиындықтарын жайып салды. Зейнеткер

ақсақалдар Т.Жұмаділов, Т. Сіләмбеков, Ұ. Байырбеков, А. Имантаев, Р. Ғабдуллин, Х.Матаев, аудан әкімі О. Арғынбековтер елдің шеккен бейнеті, тартқан тақсіреті ауыр екендігін, палигон жабылса да зардабы жойылмағанын, оның үстіне қазіргі тұрмыстың қиындап, қымбаттап кетуі де күнкөріске көлеңке түсіріп тұрғанын баяндады.

Бұрын ауыл ақсақалдарының жүрекжарды жанайқайын тыңдайтын құлақ табылмағанына қынжыласыз. «Етімізден ет кесіп, сонау Ленинградқа алып барып зерттеді, бізді сөйтіп те қорлады» деген Т. Сіләмбеков қарияның сөзін бей-жай қабылдау мүмкін бе? Әр отбасының палигондағы жарылыстар әкелген қайғы-зарын түгел тізбелеп шығу да оңай емес. «Мен 9 туысымнан (3 апаман, 2 қарындасымнан, 2 інімнен, жиендерімнен) айырылдым» деген Ұ.Байырбековке кім не жұбату айта алады?! Мұндай отбасылар біреу не екеу емес. Соңғы жылдарда өзіне-өзі қол жұмсау фактілері жиілеп кеткені жөнінде естиміз. Бір ғана Саржал селосында 111 адам қылтамақтан, 43 адам өзін-өзі өлтірген. Не себепті? Қай дәрігерлік мекеме немесе ғылыми-зерттеу орталықтары осының сырын ашып береді?. «Үш жастағы немеремнің тілі шықпай қалды, аяғын баса алмайды» деген Қайролла қарияға қолдан келер қайран қайсы? Анемия дейтін сырқат түріне шалдығушылардың қатары көбейсе түсуде. Көзге көрінбейтін радиация дейтін бәленің ұрпақты құртып, тамырды қиятын алапат екендігін жұрт енді білуде. Жарылыстардың зардабын жою үшін полигонға жақын орналасқан елді мекендердегі ахуал терең зерттеліп, үнемі бақылауда тұруы керек. Қарауылдықтар жол қатынасының қиындықтарын да шегіп жүр. Темір жол алыс. Ауырып-сырқаған адамдарды қалаға жеткізу үшін 200 шақырым ары-бері жүру керек.

Ардагерлер зейнетақыларын уақтылы ала алмайтынын, 2-3 ай кешіктіріп жеткізетінін, қарияларға бұрынғыдай көңіл бөлінбейтінін тілге тиек етті. Бағаның шарықтап өсуін тоқтатар шара ойластырылса деді.

Абай ауданы, негізінен, қой өсірумен айналысатын шаруашылық. Малшы қауымның мұң-мұқтажы таусылмайтыны рас қой. Биылғыдай қарашада қырбық қар ғана жауып, ауа райы жайлы болып тұрса бір жөн. Жемшөп, отын, көмір, т. б. толып жатқан тұрмыстық мәселелер де әңгіме арқауына айналды.

Жергілікті халықтың өкілдерін асықпай тыңдап алып, соңынан Серікболсын Әбділдаұлы өзі көкейге түйген ойларын ортаға салды. Халық басына түсіп тұрған ауыртпашылықтар аз емес. Бұрын Одақ құрамында жүргенде «көппен көрген ұлы той» еді. Семей полигонының дүниеге келуі саясаттың жемісі-тұғын. Өкініштісі, сол кезде көзі ашық азаматтардың өзі қатты алданды. Жарылыс зардабын ешкім болжап, сезіп, білмеді. Одақ ыдырағаннан кейін құрсаулы тордан құтылды. Полигон зардабы жөніндегі мәселе соңғы жылдарда өткір қойылуда. Бұл – халық қайғысы. Оған қабырғасы қайыспайтын адмды ел перзенті деу қиын, әрине. Жер астында 4 бомба жатыр деген қауесет шықты. Шынында, төртеу емес – біреу. Оны залалсыздандырудың жолы қарастырылуда. Жарылыстар болып, бітті. Енді полигон от бүрікпейді. Қырық жыл бойғы жарылыстардың адам организміне тигізген зияны зерттелуде. Әрине, күш шағын.

Халық басындағы тағы бір күйзеліс – әлеуметтік жағдайдың күрт төмендеуі. Зейнеткерлер аз жәрдемді ала алмай бейнет шегуде екен. Зейнетақы мөлшерін екі есе өсіріп, көмектесу ойластырылуда. Бағаның өсуін тоқтату үшін – өнімді молайту керек. Бірақ өндіріс салаларындағы көрсеткіштер кейінгі жылдарда ылғи құлдырауда. Тәртіп жоқ. Жанын салып еңбек ететіндер азайып барады. Сондықтан тәрбие, тәртіп, ынтымақ орнатудағы биліктің үш бұтағы арқылы да қолға алу қажет.

Абайлықтардың Негізгі Заң жобасына қатысты ойлары да айқын. Мемлекеттік тіл – тек қана қазақ тілі болуы керек. Басқа ұлт өкілдерімен жанжалдаспай-ақ тіл табысып тұруымыз керек.

Жоғарғы Кеңес Төрағасының қасиетті Абай жеріне осы сапарда әдейі ат басын бұрып, көнекөз қариялардың ой-пікірлерін мұқият тыңдағанының куәсі болдық. Ауданда 40 соғыс ардагерлері қалыпты. «Даламның бір-бір бөлшегі» демекші, Абай мен Шәкәрімнің сөздерін жаттап өскен, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің өмірдегі тікелей ұрпақтары аспанда Ай, Күн аманда қырық жылдық қырғынға ұшырап, тірідей тамұққа түседі деп кім ойлаған.

Жидебайда бомба жарып тітіреткендерді Абайдың аруағы құр жібермес. Енді полигондағы жарылыстардан зардап шеккендердің кейінгі ұрпақтарының көз жасына қалмайық. Сонау жарылыс жасалған жылдарда ауданның партия – шаруашылық басшы қызметінде болған бір азаматтың «Әлі күнге дейін өзімді кінәлі сезінемін!» деуінде өкініш жатыр ғой... 1989 жылы Саржал ауылына Алматы, Мәскеу, Ленинградтан үш рет дәрігерлік

комиссия келіп, тексеру жүргізіпті. Эндокринолог дәрігерлер Саржал орта мектебінің 881 оқушысын қарап, бәрінің тамақ бездері ауруға шалдығып, зоб ауруымен ауыратындықтарын анықтаған. Ал 243 адамның қанын тексергенде барлығы да анемияға ұшырағаны белгілі болған. Осынау деректердің өзі-ақ полигон зардабын шеккен өңірдегі адамдарға шұғыл жәрдем беруді қолға алудың қажеттігін дәлелдейді. Невада полигонына жақын тұратындарға АҚШ үкіметі жылына 1 миллиард доллар өтемақы төлейді екен. Ал 43 жылда тым құрыса бір ауыз жылы сөз естімеген Семей полигонына іргелес ауылдардағы қазақтарды қалай аямайсыз. Чернобыль апатынан зардап шеккендерге де салыстырмалы түрде әжептәуір жәрдем берілді. Саржал ауылының, Тельман атындағы совхоздың азаматтарынан биылғы шілде айында облыстық Кеңеске телеграмма келіп түседі. Онда бір жылға берілетін 200 – 300 сомдық жәрдемнен бас тартатындарын, арнайы жәрдемақы көлемін қайта қарап, көбейтуді талап еткен.

Болмашымен алдап-сулап баяғыда, Кеңес өкіметі кезінде адамдарды жұмыс істетуге болатын. Тұрмыс тауқыметтері талайларды тығырыққа тірей бастағандай. Халықтың қабырғасын қайыстырған бұл мәселе – әсіресе полигон зардаптарын шеккен өңірде оңтайлы шешім іздетуде. Міне, облыстық Кеңестің кезекті он бірінші сессиясында талқыланған заң жобасына тарихи құжат деп үлкен үміт артып, жарылыс зардабын шеккен ел елендеуде.

Облыстық Кеңестің он бірінші сессиясында күн тәртібіндегі негізінен екі мәселе төңірегінде кеңірек әңгіме болды. Бірі – Қазақстан Республикасының «Семей полигонындағы ядролық сынақтардың қасіретін шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының жобасы туралы, екінші – облыс әкімі В. Ф. Черновтың «Облыс территориясындағы іс жағдайы туралы» баяндамасы.

Сессия жұмысына қатыса отырып Серікболсын Әбділдаұлы бұл екі мәселеге де мұқият көңіл аударды. Жарыссөзге шығып сөйлеушілердің бірін-бірі толықтырған деректері мен дәйектері заң жобасын пысықтауға өмірдің өзі итермелеп отырғанын, бұдан әрі мұны кешеуілдетуге болмайтының аңғартқандай. Заң жобасы 2,5 айдың ішінде дайындалғанын айтқан Жоғарғы Кеңестің комитет төрағасы Тәңірберген Тоқтаров өз сөзінде бірақ бұл асығыстықтан ада, байсалды да сарабал ақыл таразысынан өтті деп тиянақтады.

Бұған дейінгі Чернобыль апатына қатысты, Арал өңіріндегі экологиялық апаттарға байланысты қабылданған заңдар, Ресей үкіметінің Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың әсеріне ұшыраған Алтай өңіріндегі елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын және тұрғындардың денсаулығын сауықтыру туралы қаулысы зерттелген. АҚШ-та да ядролық сәулеленуге байланысты жәрдемақы жөнінде арнайы заң бар көрінеді. Біз апат апанының ортасындағы қазақ ауылдарының, Семейдің, Павлодардың, Қарағандының, Шығыс Қазақстанның полигонға жақын орналасқан елді мекендерінің, ондағы адамдардың жағдайын айтудан кенде емеспіз. Енді, міне, Жоғарғы Кеңес Төрағасының өзі арнайы көңіл бөліп, бұл мәселенің заңды шешімін табуына ықпал етпекші.

Биылғы жазда Барнауылдағы Алтай өлкесінің әкімшілігі Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың өздеріндегі зардабын жою жөнінде комитет құрып, іске кіріскен. Ал полигон Алтайға жақын ба, Абайға жақын ба? Айтпаса да түсінікті. Сондықтан заң жобасындағы көрсетілген зардап аймақтары төңірегінде дау-талас болмауға тиіс. Өз билігі өзіне тиген ел, егеменді ел ең алдымен адамдарының денсаулығын сақтауды ойласа керек.

Бір кезде таратылып, атом сынағының шарпуында қалған, қазір қайтадан жеке аудан болған Абыралының әкімі Д. Қошқарбековтің, Абай ауданының әкімі О. Арғынбековтің өзекжарды сөздері сессияға қатысушылардың зердесінде қалды. Осы Абыралы жерінде 1953 жылы сутегі бомбасы сыналғанда бір шопан өрісте жүріп опат болыпты. Қазақта құн дауы деген бар еді ғой! Өрістегі шопанын да, кеңседегі атқамінерін де жалмаған тажалға еш қайран болмағаны ма? Бұлай ашынып сөйлегендерді түсіну керек. Әскерилер полигонды қорғап бұрынғыдай өршеленбесе де, қазақтарға әбден обал болды деп әлі де айта қойған жоқ. Әйтпесе, қазіргідей нарық жағдайында, баға шарықтап аспандаған кезде зардап шеккендерге бөлінетін аздаған жәрдемақыны додаға салғылары келмес еді ғой. Семей қаласына қатысты радиацияның мөлшері 35 – 100 бэр болған дегенге Курчатовтан келген полковник В.Н. Вялых күмән келтіреді. Ол кезде радиациялық сәуленің мөлшерін анықтай алатын санаулы дәрігерлер Мәскеуде отырды. Бұл жақта не болғанының нақты деректері белгісіз деуін түсіне алмадық. Саржалдағы сұмдықтарды көзімен көріп, жаны шырылдап, араша сұрап жүрген азаматтың бірі – совхоз директоры, халық депутаты Т. Қорғанбаев. Ол биылғы 13 сәуірде «Саржал» совхозы территориясында жер астында әлдебір қопарылыс болғанын, жер асты жарықтарынан шығып жатқан радиацияны ғылыми түрде зерттеп, тоқтату үшін шара қолдану керектігін айтты.

Курчатоваға ғылыми-зерттеу институтының директоры В.И. Гусевтің бұл полигонды бірігіп пайдаланғандар (Ресей, т. б.) енді оның зардабын жоюға да үлестерін қоссын деуінде үлкен мән бар. Бұл мәселе енді мемлекетаралық деңгейде шешімін тапса оңды болар еді.

Сессия облыс әкімшілігі мен облыстық кеңестің назарын қиын экономикалық дағдарыс кезеңінде тұрғандықтарына аударады. Өндіріс өнімі мен күрделі құрылыс көлемі едәуір төмендеген. Ауыл шаруашылығында, әсіресе, мал шаруашылығында жағдай тым нашарлап кетті. Әлеуметтік қорғау бойынша қамтылған шаралар тұрғындардың аз қамтамасыздандырылған тобының өмірлік деңгейін жақсартуға септігін тигізе алмай отыр.

Облыстағы мұғалімдердің, зейнеткерлердің, оқушылардың, байланыс саласындағы қызметкерлердің, т.б. шаруашылықтың әр саласындағы еңбеккерлердің қай-қайсысының да маңдайы жарқырап тұрғаны шамалы. Мемлекет неге дотация бермейді деп қос алақанын жайып отырғандары қаншама. Әсіресе ауылдағы ахуал қиындап барады. «Біреуден бір сабақ жіп алуың үшін екі сабақ жіп беруің керек» деп бір депутат ащы шындықты айтты.

Облыстық Кеңес сессиясына қатысушы депутаттар заң жобасының Жоғарғы Кеңестің сессиясына ұсынылуын бірауыздан қолдады. Сессияның соңында парламент басшысы Серікболсын Әбділдин күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты ой бөлісті. Полигон зардабын жоюға халық мүддесі тұрғысынан қарағанда атқарылмайтын шаруа жоқ. Топырақ пен кірпіш үйінділеріне айналып, сансыз адам қырылған Хиросима мен Нагасаки қалаларының тәжірибесі бізге де жағдайды түзеуге әлі кеш еместігін аңғартады. Кеше ғана полигонды алып мемлекеттің айбары санадық. Енді бүгін тізгінді өз қолымызға алып жатырмыз. Экономикалық дағдарысты экономикалық реформа деп атадық. Бөлініп шығып байлыққа белшемізден батамыз дегендер бұл күнде дағдарып қалды. Біз де солардың қатарындамыз. Жоғарғы Кеңес жеке меншікке өріс ашып отыр. Негізгі Заң да соны қорғайтын болады. Колхоз, совхоздарды сақтау керек. Қазіргі таңда республика шикізат өндіруден әріге бара алмай тұр. Сол шикізатты өндіріп, өндеп, сатудың мықты белгілері шыққанда, жағдай өзгереді.

Тәуелсіздік алғанымызға таяуда бір жыл болады. Демократиялық құқықты мемлекет құру жолындамыз. Парламент басшысы өзінің басқарудың үш бұтағы туралы көзқарасын тағы да қайталап, қиын кезеңнен ұйымшылдықпен өтуге шақырды.

Осы сапары кезінде Жоғарғы Кеңес Төрағасы Семей темір-бетон зауытында, тері-мех комбинатында және зілзала зардабын шеккен алыстағы Ақсуат ауданында болып, онда да халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәселелерге назар аударды. Жол ұзақ. Шаруа көп. Уақыт аз.

1992 ж.
Семей облысы.

ШАЛҒАЙ АУДАН. ШАРУА АДАМЫ

экономикалық қиындықтарды иығымен көтеріп келеді, енді рухани тапшылыққа ұшырамаса екен...

Ақтөбеден шыққан күре жол Алматығы адастырмай апарады деседі. Ал біз алыстағы Ырғыз ауданына да осы жолмен баратынымызды естігенде : «Е-е, үлкен жолдың үстінде екен ғой!» деп, екі аралық 500 шақырымға созылатынын да елемегенбіз. Ырғызға ұшақ қатынамайды. Темір жолдан да бұрыс жатыр. Ал автомобиль жолдары... Әңгімені осы жолдан бастайықшы.

Облыс пен аудан орталықтарын жалғастыратын жолдар әбден тозған. Тас төселген асфальт та, тас та күтім тілейді. Ойдым-ойдым шоқалақпен жүргенше, шаңы бұрқыраған дала жолын тәуір көресің. Бірақ, құмды, шөлейт өлкенің тағы бір қатал заңы: қалаған соқпағыңды қуалап тарта беру қиын. Еспе құм адым аштырмайды... Үлкен қара жолдың үстінде 10 тонналық ауыр «КамАЗ»-дар құйынперен зымырап бара жатады. Жолды бұзатын да осы ауыр жүк машиналары. Көбісі көрші мемлекеттерден, көрші облыстардан, көрші көрші қалалардан. Жолдың астан-кестенін шығарып қазып тастаса да, оларға ешкім айып-пұл салмайды... Өйткені, біздің елдің «дәстүрінде» - ештеңенің сұрауы жоқ. Бұрын да солай болатын, қазір де көп өзгеріс байқалмайды. Әңгіме – жол туралы...

Ат сабылтып жеткенде Ырғыз ауданының әкімі Лайық Шоқпаровтың өзі де жол қатынасының қиындығын алдымен ауызға алған еді. Аудан территориясындағы жол жөндеу

жұмыстары бітіп болмайтын түрі бар. Биіктетілген бәрі тақтайдай тегіс емес. «Нұра» совхозына апаратын 80 шақырымдық жолға жазғытұрым су шығып кетіп, бір жарым-екі ай бойына қатынас үзілетін көрінеді. Құм суырған жел қос қапталын биіктетіп, нығыздап, тегістеп салмаған жолды оп-оңай бұзады. Өткел бермей қоятын өзендерге көпір салудың да жыл сайын жоспарланатынын айтпай-ақ қояйық...

Әкім ауданның әлеуметтік-экономикалық келбетіне қысқаша шолу жасаған болатын. Ырғыз ауданы – республикадағы осы уақытқа дейін қамқорлыққа алынуы керек деп «арқасынан қағып қоятын» әйгілі отыз ауданның бірі. Халқы – 19 мың адам. Қазақтар. Негізінен, қой шаруашылығымен айналысады. 220 мың қойы, 13,5 мың ірі қарасы бар. Алты совхоз, алты ауылдық Кеңес. Өткен жылдары қуаңшылық болыпты. Биыл қыс жайлы өтіп, мал төлдету науқаны да аяқталып қалыпты. Ырғыздық шопандар әр жүз саулықтан 85-тен қозы ертуді межелепті. Меже алынатын күн таяу сияқты. Мемлекетке ет тапсыру жоспарын аудан бірінші тоқсанда артығымен орындапты.

Аудан орталығында мешіт, стадион салыныпты. Балабақшаның құрылысы жүріп жатыр. Сабындыкөлде үлкен демалыс орны салынып жатқан көрінеді. Құрылыс материалдарының тапшылығы қолбайлау. Былтыр 10 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілсе, биыл 1 мың шаршы метр ғана үй құрылысының жоспарлануы түсінікті болса керек.

Ең үлкен проблеманың бірі – ауыз су тапшылығы. Ауыз суды тасымалдап жеткізетін бөлімшелерді білетін едік, ал совхоз, аудан орталығына су тасымалданады дегенді осында құлағымыз шалды. Қайта-қайта сұрадық. Калинин атындағы совхозға – 13 шақырымнан, Киров атындағы совхозға – 11 шақырымнан, аудан орталығына – 11 шақырымнан су құбырларын тарту биылға жоспарланыпты. Қос бүйірден қысқан нарық тапшылығы болса мынау. Жағамыз жайлауда жүріп, тым болмаса, заманның кең кезінде ішетін суымызды да ойламаппыз-ау! Ал «Тәуіп» совхозына құбыр тарту жоспарда да жоқ! Проблемасы шаш-етектен.

Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы Қызылорда облысының Арал ауданымен іргелес жатыр. Теңіз табанынан ұшқан ақ тозаңның астында. Жер жағдайы, су тапшылығы, тұрмыс қиындығы өте ұқсас. Әсіресе, жаңағы «Тәуіп» совхозы сияқты шаруашылықтарын бөле-жарып қаруға келмейді. Бұл жөнінде Президенттің, республика Жоғарғы Кеңесінің атына жазған аудан халқының өтініш тілектері бар. Осы өңірден сайланған Қазақстан Республикасының халық депутаты Токтар Әубәкіровка ырғыздықтардың артқан аманаты екеу: біріншісі аудан халқының тұрмыс-тіршілік деңгейін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, экология зардаптарын ескере келіп Арал апат аймағына алынуына күш салу, сол арқылы бірқатар жеңілдіктер мен жәрдем-көмектерді пайдалануға қол жеткізу. Екіншісі – газ құбырларын әкелуге ықпал жасау. Былтыр ғана 138 шақырым жердегі Мұғаджардағы жылқы зауытынан бермен қарай газ құбырын тарту жоспарланған екен. Бірақ биыл баға секіріп аспанға шықты. Газ келмесе, аудан халқына 30 мың тонна көмір қажет.

Жақында Ақтөбе мен Ырғыз арасында қатынайтын автобусқа жолақы 5 мың сом болыпты. Жолаушылар күрт сейілген. Сөйтіп, облыс орталығы мен аудандар арасындағы жолаушылар тасымалы жеке меншік көлігі барлардың нәпақасы бола ма, әлде құмдағы ауылдарға қатынас тоқтай ма?

Малшы қауымның мұң-мұқтажы бұдан бұрынғы жылдарда да талай биік мінберлерден, талай шешендер мен көсемдердің аузынан айтылып-ақ жүрді. Бір қызығы, айтылатын да қалатын. Қазіргі кездегі ерекшелік – мүлде айтылмайтын болды. «Өз күніңді өзің көр!» деп оларды құм ішінде қалдырып, мүлде ұмытып кетпесек жарар еді! Бір отар қойды бағатын үш шопан 18 мың сом еңбекақы алады. Шопандардың отбасы көп балалы болып келетінін ескерсек, қазіргідей қымбатшылық кезінде шахтерден күні төмен болып шықты! Киров атындағы совхоздың директоры Хамит Өтеуовтің: «Шопандарға шай, ұн, вермишель, т.б. азық-түлікті чекпен береміз. Қолына ұстатар ақша жоқ. Киім-кешектерінің бағасы шырқап кетті. Аяқтарына керзі етік тауып бере алмаймыз. Қыстыгүні резеңке етікпен жүрген шопанды көргенде шарасыздықтан бас шайқайсыз! Адамға ең қымбатты – денсаулық еді ғой!» деп күйінгеніне куә болдық.

Аудан территориясынан екі үлкен өзен – Ырғыз және Торғай өзендері өтеді. Балығы тайдай тулаған қырық шақты көл осы уақытқа дейін бас иесіз болып, сырттан келгендердің тегін олжасына айналған екен. Балық аулаушылар Аралға, Ақтөбеге, Орскіге, Магнитогорскіге, т. б. қанша қажет болса, сонша тасып әкете берген. Ырғыздықтар енді ғана ақылға келіп, облыс әкімшілігімен келісіп, ол көлдерден балықты тек өздері аулауға, басқаларды көлдің маңына жолатпауға ұйғарыпты. Балық аулайтын екі бригада шығарып, кіші мемлекеттік кәсіпорын

құрып жатқан көрінеді. Соңғы жылдарда бау-бақша өнімдерін алуға, картоп егуге деген ықылас ояныпты. Аудан халқының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуін ойластыру – дұрыс шешім.

Шалғай аудандардағы шаруа адамдары қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың қай-қайсысын да жаздырып алып оқуға құштар. Бірақ қымбатшылық әжептәуір қолбайлау болып отырғанын да түсінеміз. Өзара әңгіме үстінде «Халық кеңесіне» деген ықылас-ынталары жоғары екенін аңғарып жүрдік. Оларына рахмет. Бірақ газет-журналдардың, оның ішінде «Халық кеңесінің» де шалғай адандарға тасымалданып жеткізілуі мүлде сын көтермейді. Бұл газетіміздің бағасын аспандатып қойған байланыс саласының қызметкерлеріне базиналық құлаққағыс. Жолсапарда жүріп, редакциядағы кезекті бір лездемеде «Теледидар бағдарламасын газетіміздің жұма күнгі нөміріне берген дұрыс па, жоқ, сенбі күнгі номеріне берген дұрыс па?» деп дауласқанымыз еске түсті... Ол газет алыс ауданға бір аптада жетеді. Сонда қалай?

Ырғыз – тарихи жер. Аудан орталығындағы мұражайға бас сұғып, ел шежіресінің тамша парақтары сақталғанына да куә болдық. 1845 жылы Ырғыз бекінісі салынған. 1868 жылы Ырғыз уезінің орталығы болған. Ырғыз көтерілісі. Мәні қорғаны. Жаныс мавзолейі. Дүйсенбі, Исатай мешіттері, т.б. Әрқайсысы тарих қойнауына жетелейтін тарихи орындар. Тайшым Орысұлы, Бөлебай Сарыбатыров, Телжан Шонанұлы, Ұзақбай Құлымбетов, қобызшы Мәлік Әлмұратов, генерал-лейтенант Жансен Кереев, т.б. есімдері Қазақ елінің тарихында сақталатын ондаған, жүздеген ел азаматтары. Бүгінгі және келер ұрпақ жадынан шығармауға тиіс өмір сабақтары...

Осы ауданға аттанардың алдында облыс әкімінің бірінші орынбасары В.Н.Голодко мен облыстық Кеңес төрағасының бірінші орынбасары Рамазан Нұржановта болғанбыз. Баспасөзге жазылу барысы қиын да болса жүріп жатқанын, республикалық танымал газет-журналдарға қолдарынан келген жәрдем-көмектерін аямайтынын айтқан болатын. Әр ауылдан жолықтырған азаматтардан да осындай ниет аңғардық. Бұл сапарда менің қасымда «Халық кеңесінің» осы облыстағы тілшісі Серік Жолдыбаев бірге болды.

1993 ж.

ЕСКЕРТКІШ БОП ТҮРЕГЕЛДІ СЫРАҒАҢ

Ақын Сырбай Мәуленовтің сырлы саздары қазақ поэзиясында лайықты бағаланып, мың сан оқырмандарының ыстық ілтипатына бөленгені белгілі. Қазақтың лирикалық өлеңдерінің алуан түсті бояуымен құлпырып, түрленуіне оның өлшеусіз үлес қосқанына кешегі аға буын, бүгінгі жаңа толқын, жалпы өнер сүйер қауым куә. Сырбай саздарының әсерімен поэзия патшалығына ат басын бұрып, оның кәусар бұлағынан сусындаған жандар қаншама десеңізші. Енді, міне, сол Сырағаңның соңына сұлу жырларын қалдырып, өзі белгісіз бір сапарға аттанып кеткеніне де бір жылдан асып барады екен. Осындайда абзал азамат, арқалы ақынды еске түсіріп, есімін ұрпақ жадында қалдырудың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерімізбен сабақтас рәсім-жоралғылары бар. Ұлы ақындар жырларымен-ақ жүректерде сақталады десек те, о дүниелік болған соң, қыр басында қалған төмпешік-қабірінің басына қолдан келсе күмбез-кесене орнату немесе ескерткіш белгі қою – ұрпақ парызы. Кеңсайдағы мұсылмандар зиратын аралап жүріп, кезінде атағы алты алашқа белгілі болған талай арыстардың мәңгілік ұйқыда жатқанын ойлап, қамшының сабындай қысқа ғұмырды ойлап, бір түрлі күй кешесіз. Құлпытастарда қашалған жазуларға үңілесіз. Елім деп еңіреп туған талай ерлер, қазақ халқының бодандық бұғауынан арылар күнін аңсап, күресіп өткен талай боздақтар, ұлтының ар-намысы – ақындар мен жазушылар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасылар мен қатардағы қарапайым күн кешкен пенделер – бәрі-бәрі ақтық демі шығып, дәм-тұзы таусылған күні осы Кеңсайдан орын тауыпты. Баршамызға аяулы Қазақстанның халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленовтің де мүрдесі осында жатыр. Тіршілік-Табиғаттың туу мен өлу дейтін қатал заңының құрығынан құтылған жан иесі жоқ әзірге. Өмірдің мәні Адам болып келіп, мазмұнды да мағыналы ғұмыр кешіп, Адам болып аттану болса керек. Сырағаң туралы замандастары сондай еді деп сағынышпен еске алады, жырларына сусайды.

Өткен жексенбіде Кеңсайдағы Сырбай зиратына зиярат етуге көп адам жиналды. Соңында қалған ұрпақтарының ұсынақты ұқыптылығының арқасында Сырбай ақын ескерткіш боп түрегелді! Қара мәрмәр тас тұғырдың үстінде ақынның таныс бейнесі көзге жылыұшырайды. Алқалы жиынның алдында бұл рәсімнің беташар сөзін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев айтты. Қазіргідей қиын экономикалық дағдарыс кезеңінде де еліміздің рухани мұрасын молайтуға үлес қосқан зиялылар ұмытылмай,

осындай құрмет көрсетілуі ғанибет екендігіне тоқтала келіп, жанашырлық күтіп жалтақтамай, жұмыла бас біріктіріп, елеулі іс тындырған ақын ұрпақтарына ризашылық білдірді. Бұдан соң ретімен сөз кезегін алған абыз ақын Әбділда Тәжібаев, партизан-жазушы Қасым Қайсенов, академик Серік Қирабаев, Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шәріп Омаров, жазушы Оразбек Сәрсенбаев, Қостанай облысы әкімшілігінің жауапты қызметкері Ғұмар Ахметшин және Сырағанның жары Гүлжамал апай бұл еске алу, есте қалдыру, ескерткіш-белгі орнату сияқты рәсімдердің маңызы зор екендігіне, бұл тек бір адамға ғана көрсетілген құрмет емес, қазақ әдебиетінің мәртебесі биіктей беруі үшін, оның халық таныған талантты өкілдерін ұрпақ жадынан шығармау үшін қажет іс-шаралар екендігіне тоқталды.

Партизан-жазушы Қасым Қайсенов айтқандай, Сырбай Мәуленов сонау 1941 - 1945 жылдардағы сұрапыл соғыстың өртіне шарпылған, ақындығы мен батырлығы майдан даласында қатар шындалған азамат еді. Оның «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Құлын», «Түбірлер» сияқты әрқайсысы поэманың жүгін арқалаған өлеңдері жадымыздан шығар ма? Ал Сырағанның соңғы жылдарда көбірек ден қойған ақ өлеңдерінің өзі, кәдуілгі қара өлеңнің ырғағын шебер өзгертулері зерттеушілер зердесіне сын – ашылмаған аралдар сияқты.

Ақынның қара мәрмәрға қашап жазылған мына екі шумақ өлеңін адамзатқа арнаған арман-аманаты деп қабылдауымыз керек:

Мың қолдар сау болсын деп
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп
Мен бір жолымды бердім.

Мың гүлдер солмасын деп
Гүлдей жастық күнімді бердім.
Мың ақын толғансын деп
Мен бір жырымды бердім.

Ақын ескерткішінің салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Әбіш Кекілбаев, оның орынбасары Қуаныш Сұлтанов, Министрлер Кабинеті мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыс бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары Сауытбек Абдрахманов және басқа да жауапты қызметкерлер, ақындар мен жазушылар, журналистер, ақынның туған-туысқандары мен қала жұртшылығы өкілдері қатысты.

* * *

Кеше ғана Сырбай ақын кешкі самалға кеудесін тосып, өткен-кеткендердің біріне сәлем беріп, екіншісінің сәлемін алып, кейде өрлеп, кейде ылдилап келе жататын мына көше – бұрынғы «Интернационал» – енді Сырбай Мәуленов атындағы көше деп аталады. Осы көшенің бойындағы №129 үйде бір кездері қазақтың үлкен ақындары Сырбай, Мұқағали және Жүмекен – үшеуі бірге тұрыпты-ау.

Кеше осы үйдің қабырғасына мұнда 1964-1982 жылдар Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Сырбай Мәуленовтің тұрғандығын білдіретін ескерткіш тақта қойылды. Бұл рәсімді Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Қ.Найманбаев ашты. Белгілі қаламгерлер Ә.Сәрсенбаев, С.Шаймерденов, М.Әлімбаев, Ш.Мұртаза, Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Омаров және басқа да осы рәсімге қатысып, сөз алғандардың барлығы да ақын рухын асқақтатып, есімін жадымызда сақтау ұлтымыздың мерейі екендігін баса айтты. Сырбайдың сыршыл саздары ұмытылмайды.

«Халық кеңесі»,
1994 ж.

РЕСПУБЛИКА АЛАҢЫНДАҒЫ АЙБЫНДЫ ЕСКЕРТКІШ

Бұдан бұрын мәлім болғанындай, Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздігіміздің 5 жылдығына орай, асқақ та айбынды ескерткіш орнатылды. Бұл жөнінде «Қазақ Елі» газеті «Тәуелсіздік тұмары» деген тақырыппен жыл басында-ақ (1996 жыл, қаңтардың 5-і) Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханның мақаласын және ескерткіштің жобаларын тұңғыш рет жариялап, оқырмандарын алдын-ала хабардар еткен болатын.

Енді, міне, тарихи мән-маңызы аса зор идея жүзеге асты. Желтоқсанның 16-сы күні астанамыздың бас алаңында Тәуелсіздік монументінің ашылу салтанатына халық өте көп жиналды. Ата-бабамыздың ғасырлар бойы армандаған Азаттығы, Тәуелсіздігі мәңгілік баянды болсын дегендей, тасқа тіл бітіп, алып мұнара асқақ бой түзеді. Биіктігі – 36 метр.

Елдіктің ерекше белгісі ретінде тас-діңгек ескерткіштер орнату тәжірибесі ежелден-ақ белгілі. Египеттің Луксор қаласындағы, Париждің Келісім алаңындағы, АҚШ астанасы Вашингтондағы сынтастар соның куәсі. Сондай-ақ Римдегі Император Троян бағанасы, Лондондағы Нельсон бағанасы, Санкт-Петербургтегі Александр бағанасы талайды тамсандырумен келеді емес пе?

Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің ашылуы ерекше салтанатты жағдайда есте қалды. Түнеріп тұрған аспан қабағын ашып, күннің шуағы мол шашырады. Алаңда ата-бабамыздың Азаттық жолындағы күресін бейнелейтін композициялық шеруден кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі. Ескерткіштің лентасын қиды. Содан соң осынау тарихи сәттің бүкіл салмағын сезініп, ескерткіштің ұшар басындағы сақ жауынгерімен, азаттық үшін арпалысқан арыстар рухымен үнсіз тілдесіп тұрды. Ескерткіштің ашылу салтанатына Қазақстанның Тәуелсіздігін алғашқы болып таныған Түрік Республикасының Президенті Сүлеймен Демирел қатысып, монументке гүл шоқтарын қойды. Алып монумент – мәңгілік Тәуелсіздігіміздің белгісіндей болып асқақтап тұра берсін! Ғасырлар бойы! Мәңгілік!

«Қазақ Елі»,
1996 ж.

«ҚҰРАНДА «ОҚЫ!» ДЕГЕН СӨЗ БАР...»

Жақында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бір топ қызметкерлері, орталарында есімі бүкіл түрік әлеміне танымал қажы Халифа Алтай бар, Талдықорған қаласында болып, онда облыс орталығында пайдалануға берілмеуші жаңа мешіт үйін көріп, Ілияс Жансүгіров атындағы университеттің студенттерімен, оқытушыларымен кездесу өткізіп, адамгершілік, имандылық, инабаттылық тақырыбында ой бөлісіп қайтты.

Нарықтық экономикаға көшу кезеңі біздің елімізде өте күрделі, қиын жағдайда жүріп жатқаны, әсіресе мұның қоғамдық ой сана мен рухани дамуды бұрынғы арнасынан аунатып, адастырып, кейде, тіпті, ауыр дағдарыстарға ұшыратып жатқан тұстары да баршылық. Мұндайда жұрттың барар бағыты мен жүрер жолының сорабынан жаңылып, қаңғалақтап, басын тауға да, тасқа да ұрып, келешекте көрешек қызығынан түңілуінен сақтасын деңіз. Бірақ, адам тағдырдың қандай тар өткелдеріне тап келсе де өзінің адам дейтін атына заты сай болғанға не жетсін. Адамзаттың ұрпағы бірін-бірі осыған шақырып, осыған тәрбиелеуі керек.

1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтіп, соның нәтижесінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылғандығы белгілі. Енді, міне, осы Қауымдастықтың жанынан халықаралық «Инабат» имандылық тәрбие орталығы отау тігіп жатқанына да куә-дүрміз. Төрағасы – бүкіл түрік елдеріне аты мәлім Халифа Алтай ақсақал. Мақсаты – инабаттылық пен имандылық нұрын тарату. Тәрбие орталығының төрағасы болып Халифа Алтай Ғақыпұлының бекітілуінде үлкен мән бар. Жасы сексенге жақындап қалған абыз қария Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінде дүниеге келіп, балалық шағын сонда өткізгенімен: тіршіліктің асау өзеніне ертерек қайық салып, талай елді шарлады. Қырқыншы-елуінші жылдардағы аласапыранда Тибет асып, Пәкістанға, одан Үндістанға өтеді. Түркияға барып тұрақтап, өмірінің қырық жылға жуығын Стамбұлда тұрып, мұсылман дінін зерттеуге арнайды. Атамекенге көшіп келгеніне екі-үш жылдың жүзі болды. Қазақстан Республикасының азаматы. Халифа қажының ең бір үлкен бітірген жұмысы – «Құран Кәрімді» қазақшаға аударуы. Сондай-ақ пайғамбар ғалайһиссаламның мүбәрақ сөздерін (хадистерін) аударып жүр. Ислам дінінің мән-маңызын талдап-түсіндіретін көптеген мақалалары мерзімдік басылымдарда шетелдерде де, өзімізде де үзбей жарияланады. (Өзімізде дегенде, әрине, соңғы, тәуелсіздік алған төрт-бес жылдың бедерінде дегенді айтамыз).

Талай-талай игі бастамалардың, оң бастамалардың ұясы Талдықорған қаласына мұсылман әлеміндегі марқасқалардың бірі Халифа Алтайдың ат басын бұруының үлкен мәні бар екен. Ең алдымен үлкен жолдың үстінде Талдықорған қаласының әкімі Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов, облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Егеубек Даданбекұлы Далбағаев, мемлекеттік діни басқарманың облыстағы өкілі, қалалық мешіттің бас имамы Адамбай қажы Ыбырайымұлы қарсы алды. Содан соң ел құрметіне бөленген, екі мәрте Еңбек Ері атағын алған марқұм Нұрмолда Алдабергеновтің зиратына барып, құран оқылды.

Халифа Алтай қаладағы пайдалануға берілгелі жатқан мешіт үйіне бас сұғып (бұл бұрынғы кинотеатр екен, бірқатар өңдеу, жөндеу жұмыстарынан соң әдемі мешіт болғалы тұр), іс басындағы азаматтардың имандылық тәрбиесіне ынта-ықылас қойғандарына, қамқорлық жасағандарына ризашылығын жасырмады. Мешітке жиналғандардың алдында «Инабат» имандылық тәрбие орталығы төрағасы Халифа Алтай, Қауымдастық Төрағасының орынбасары, белгілі жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабай бұл сапардың мақсатына қысқаша тоқталып, ой-толғаныстарын ортаға салды. Иmandылық тәрбиесі халықтық, ұлттық мүдделерімізбен үйлесетіндігі тілге тиек болды. Облыстағы шешен-ингүш мәдени орталығы төрағасының орынбасары Махаддин Абдулазимұлы дәл сол күні сталиндік депортацияға – қуғын-сүргінге ұшыраған, жазықсыз жапа шеккен қандастарын еске алу үшін, олардың аруақтарына бағыштап құран оқыту үшін мешітке келгендерін айтты. Қазақ халқына деген алғыс сезімдерін арнап, қиын-қыстау кезеңде қол ұшын беріп, бір нанды бөліп жегендерін ұмытпайтындықтарын жеткізді. Халифа Алтай аласапыранда қуғын-сүргінге ұшырап, опат болған шешен-ингүш халықтарының боздақтарына да құран бағыштады. Халифа Алтайдың өздеріне арнайы ат басын бұрғанына, мешіттің бас имамы Адамбай қажы бастап, барлық жұма намазға жиналған мұсылмандар рахмет айтты. Мешітте бас қосқандарға Халифа Алтай өзі аударған «Құран Кәрімді» таратты. Бұл Құран аудармасы 500 мың данамен Сауд Арабиясы патшалығында шығарылғандығы, оның 400 мың данасы Қазақстанға жеткізілгендігі және тегін таратылып жатқандығы түсіндірілді.

Бұдан соң Талдықорғанның Илияс Жансүгіров атындағы университетінде үлкен кездесу кеші өткізілді. Оны университеттің ректоры Аманжол Қасабекұлы ашып, жүргізіп отырды. Сұлтанәлі Балғабайдың «Қазақстан ғылымының көптеген салаларында жақсы жетістіктерге қол жеткізгенімізге ешкімнің де дауы жоқ. Бірақ дін ғылымы саласында кенжелеп қалғанымызды жасырмаймыз. Ал, міне, бүгін орталарыңызға мұсылман дінінің зор білгірі, ғұлама ғалым келіп отыр» дегенде оқытушылар мен студенттердің жүзінде ерекше бір құштарлық нұры байқалғандай еді. Шынында да, қызыл империяның тұсында «молданы, байларды қойдай қу қамшымен» деп жүріп аса бір қажет имандылық сабағынан қол үзіп қалғандай едік. 400-ге жуық адам жиналған үлкен залдан сұрақ жаңбырдай жауды. Халифа Алтай ақсақалдың білім-парасаты да жарқырап көрінді. 100-ден астам сұраққа жауап беріп отырғанда ол ойын асығып-аптықпай, дәлме-дәл, нақты, қысқа және өте түсінікті жеткізетіндігімен жақсы әсер қалдырған болар деп ойлаймыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін сауал-жауаптың бірнешеуін сол қалпында қағазға түсіріп көрелік:

– Біз, биыл осы университетті бітіретін бір топ қыздар, бұдан соң діни білім алғымыз келеді. Қыздарға арналған сондай оқу орны бар ма?

– Әзірге ондай оқу орны жоқ.

– «Құран Кәрімді» қазақшаға аударғандар кімдер? Айырмашылықтары бар ма?

– «Құран Кәрімді» алғаш рет мен 1988 жылы аудардым қазақшаға. Стамбұлда басылып шықты. Одан соң Абдул-Азиз деген кісі Шыңжаңда бастырыпты. Уақап Қыдырханұлы мен Рәтбек қажының аудармасы Алматыда шықты. Ал Нұралы Өсерұлының аудармасы тағы бар. Бірақ ол әлі кітап болып шыққан жоқ. Айырмашылықтары болады. Әрине. Бір тілдегі шығарманы екінші тілде айнақатесіз жеткізу оңай шаруа емес.

– Күннің қызылы батқан соң құран оқуға болмайды деген сөз рас па?

– Құран оқудың мезгілге қатысты, Күннің бату-батпауына қатысты шарты жоқ. Тек тәуліктің үш уағында намаз оқылмайды: Күн шығып келе жатқанда, талтүсте және Күн батып бара жатқанда. Мұның себебі, дәл осы уақыттарда Күнге табынатындармен қоса-қабаттаспау көзделгендіктен.

– Қай оқу орнын бітірдіңіз? Қажылыққа қашан бардыңыз?

– Ең алғашқы ұстазым – өз әкем. Одан соң 1934 жылы Өскеменнен Қытайға Ахметқали, Мағауия дейтін екі молда қашып келіп, сауатымды сол кісілер ашты. Ахметқали молда бізбен бірге көшіп жүріп Үндістанда қайтыс болды. Бәйбішесі Стамбұлда. Біз Пәкістанда

12 жыл тұрдық. Соның 8 жылында медреседе оқыдым. Одан соң негізгі білімді өз бетімше оқып, игердім. Ал қажылыққа алғаш рет 1973 жылдың аяғында барып, 1974 жылдың басында қайттым. Екінші рет бәйбішеммен 1994 жылы бардық.

– Құранды парсы тілінде оқып, жаназа шығаруға бола ма?
– Бұл жерде әңгіме былай: осы күнде Құранның қазақша аудармасын неге оқи бермейміз дейтіндер де бар. Құранның екі түпнұсқасы – бірі Стамбұлда, екіншісі Ташкентте мұражайда сақтаулы. Ал Інжіл мен Таураттың ондай түпнұсқалары жоқ. Сондықтан Құранның аудармасын емес, түпнұсқадағы мәтінін оқыған дұрыс.

– «Оқы, оқы және оқы!» деген Лениннің сөзі емес, Құранның сөзі дегенге не айтасыз?

– Құранда «оқы!» деген сөз бар, ал Лениннің не дегенін білмеймін.
– Қазақтардың орыс шіркеуіне баруына бола ма?
– Көріп-тамашалау үшін баруға болады. Өзім де Лондондағы шіркеуді барып, көргенмін. Бірақ құлшылық жасау үшін баруға болмайды.

– Қазіргі кезде кейбір жерлерде өлетін адамға алдын-ала көр қазып қояды. Осы дұрыс па?

– Дұрыс емес.
– Біреулер 2000-ыншы жылы ақырзаман болады деп сөз таратып жүрсе керек. Бұған не дейсіз?

– Оны білмедім.
– Кісі өлгенде неше парыз бар?
– Төртеу: өлген кісіні жуу парыз, кебіндеу парыз, жаназасын шығару парыз, көму парыз.

– Балаларыңыз нешеу, олар қайда қазір?
– Төрт ұлымыз, төрт қызымыз бар. Екі ұлым Түркияда, біреуі Францияда, біреуі өзімізбен бірге осында тұрады. Қыздарымыз түгел тұрмысқа шыққан.

– «Қадір түні» жөнінде білгіміз келеді. Бұл түнді күзетудің мәнісі неде?
– Пайғамбарымыздың бір Хадисі бар. Онда «Қадір түні бір адам сауабына иланып, Аллатағаладан үміт етіп, таң атқанша отырса, күнәсі кешіледі» дейді. Қадір түні – пайғамбарымызға Құран түскен түн. Рамазан айының 27-інші түні. Қасиетті түн. Басқа ешбір дінде мұндай атаулы түн жоқ.

– Бейіт басына әйелдердің баруына болмайды дейді. Неліктен?
– Бұл әйелдер жылап-сықтап, дауыс шығарып қояды дегендіктен айтылған сөз. Егер әйелдер өздерін ұстап, дауыс шығармайтын болса, бейіт басына барып, дұға оқып қайтуының еш артықтығы жоқ.

– Асылып өлгендердің, атылып өлгендердің жаназасы шығарылмайды деу дұрыс па?

– Үш түрлі күнәһардың жаназасы шығарылмайды: бірінші – өзінің әкесін немесе шешесін әдейі өлтіргеннің; екінші – Ислам дінінен әдейі бас тартқан адамның; үшінші – жол тонаушының. Ал басқа өзін өзі өлтіргендердің бәрінің де жаназасы оқылуы керек.

– Қазір көшеде қайыр тілеп отырғандар көбейіп кетті. Осыған діни көзқараспен қалай баға беруге болады?

– Қайыр сұрауды кәсіпке айналдырып алғандар ұшырасады. Бұлардікі жөн емес. Қаріп-қасерлер қайыр сұраса көмектескен жөн.

– Неше тіл білесіз?
– Парсыша, арабша, түрікше, қазақша оқып, сөйлеп, жаза аламын.
– Бүгінгі қазақ жастары туралы не ойлайсыз?
– Жастарымыздың имандылыққа бет бұра бастағанын көрсем қуанамын.

Алматыдағы мешітке айт намазына келгендердің көбі жастар болады. Кәрілерді енді түзеу қиын. Жастардан үмітіміз көп.

– Кейбір жерлерде қайтыс болған адамды жерлеп келгеннен кейін арақ құятын болып жүр. Осы дұрыс па?

– Дұрыс емес.
– Алланың атынан сөйлейтін әулиелер көбейіп барады. Осылар туралы не ойлайсыз?

– Әулие деген жоқ. Олардікі – бекершілік.
– Айт күндері үйді жууға, жинауға болмайды деседі...

– Неге болмасын. Үйді жуып, жинап, таза ұстауға айт күндері әбден болады. Жаңағыны шығарған жалқау қыз-келіншектер ғой, сірә.

– Қазір 250 теңгелік тұмар сататындар кездесіп қалады. Тұмарды солардың қолынан сатып алған дұрыс па?

– Тұмар сатылмауы керек.

– Аруақтарға арнап құран оқып, жеті шелпек пісіріп тарату дұрыс па?

– Аруақтарға арнап құран оқу – дұрыс, аруақтарға сыйыну – дұрыс емес. Осы күнде кейбір жерлерде «Бәленбай атамиздың аруағы қолдасын!» деп жазып қоятын көрінеді. Аруақ – о дүниелік деген сөз, сізді ешқандай қолдай алмайды. Ал оған бағыштаған тілегіңіз Алланың құлағына шалынары сөзсіз.

– Наурыз діни мерекеге жата ма?

– Жоқ. Наурыз діни мерекеге жатпайды. Бірақ, халықтық мейрам.

Мінеки, сан-алуан сұрақтардың ұзын-ырғасын елеп-екшеп алғандағысы бұлар. Университеттегі кездесу – шын мәнінде, имандылық сабағы болып өтті. Дінінен, ділінен айырылып қала жаздаған бүгінгі ұрпақтың сусауы да, шөлдеуі де, білмегенін білгісі келіп сұрақ үстіне сұрақ жаудыруы да түсінікті еді. Қажы мұнда да Құран таратты.

Осы кездесу кезінде Халифа Алтай өзінің осыдан екі-үш ай бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің қабылдауында болғанын, «Инабат» имандылық тәрбие орталығы нендей бағыт-бағдар ұстайтынын сонда түсіндіріп айтқанын, қаржылай көмек сұрағанын, Орталыққа бөлек үй-жай қажеттігін жеткізгенін және Елбасының осының бәріне түсіністікпен қарап, қолдау көрсетуге, көмек беруге уәде еткенін ортаға жайып салды.

Рас, қазіргі таңда біздің елімізде мектеп тәрбиесі мен дін тәрбиесі екі бөлек. Бірақ имандылық пен инабаттылыққа үндеу екеуіне де ортақ екенін байқаймыз. Сондықтан да шығар, Қажының: «Екі көзің де ашық болсын: бірі – дінге, екіншісі – дүние ғылымдарына» – деген сөзінің жаны барма, қалай!

Талдықорғанға барған бұл сапар – имандылық сапары болды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев бір сөзінде «Инабат» орталығының жұмысын жандандырып, өрісін кеңейтуді көздейтіндерін, алдағы уақытта Халифа ақсақалды осындай мақсатпен Ұзынағашқа – Жамбыл мұражайына және Меркіге де жіберуді жоспарлап отырғандарын айтқан еді. Ал Қажының өзі осы сапардан облыс әкімінен бастап студенттерге шейін – талдықорғандықтарға риза болып қайтты. Қауымдастықтан қасына ерген азаматтар – Сұлтанәлі Балғабай, Оразай Батырбеков. Төлеген Мағауин және жайлы көліктің тізгін ұстаушысы Бәкен – бәрімізге осы ойларын бәйбішесі Бибәтеш апай екеуі қайта-қайта тиянақтап келе жатқандай көрінді.

«Күн сыйлай алмасаң да, жылу сыйла!» депті ғой бір данышпан. Ендеше қазіргідей қиямет қиындықтар аяқтан шалып, ілгері басқан аяқ кері кетіп тұрған кезде ізгілік нұрын, имандылық шуағын, инабаттылық сәулесін адамдардың жүрегіне себездеп құюдың өзі бір ганибет-ау!

«Халық Кеңесі»,
1996 ж.

«СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ»

Өткен сенбіде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев, Қауымдастық жанындағы халықаралық «Инабат» имандылық тәрбие орталығының төрағасы, белгілі қоғам, дін қайраткері Халифа Алтай бастаған бір топ азаматтар Алматы облысы, Жамбыл ауданының Жамбыл ауылында болды. Жыр алыбының мавзолейіне зиярат жасалып, Жәкеңнің аруағына бағышталып құран оқылды. Содан соң Жәкең аулындағы қазақ орта мектебінде инабаттылық тақырыбында тартымды кеш өтті.

«Ассалаумағалейкүм!»

Үлкенсің бе, кішісің бе, жассың ба, кәрісің бе, әйелсің бе, еркексің бе – бәріңе ортақ бір парыз-міндет – жолығысқанда жайдары жүзбен амандық-саулық сұрасу. «Сәлем – сөздің анасы» дейді қазақ. «Сәлемі түзу екен» дейміз бір көрген адамның өзіне риза болғанда. «Сәлемнің де сәті бар» деудің мән-мағынасы басқашалау енді, әрине.

Кездесу кешін Жамбыл атындағы акционерлік қоғамның президенті Сыдық Байаманов ашып, жиналған жұртшылыққа бұл басқосудың имандылық тәрбие тақырыбына арналатынын қысқаша түсіндіріп өтті де сөзді Халифа Алтай ақсақалдың өзіне берді. Жасы сексенге жақындап қалған, бүкіл өмірін имандылықты, адамгершілікті, инабаттылықты насихаттауға арнаған, «Құран Кәрімді» қазақшаға алғаш рет аударған, ғылым, қоғам, дін қайраткері Халифа Алтайдың бүгінгі ұрпаққа айтары да көп, ұқтырар ұлағаты да мол.

Ол өзінің сөзін сәлемнің түзулігінен бастады. «Ассалаумағалейкүм!» деп күніне жүз рет айтсаң да, бір амандасқан адамыңмен он рет амандассаң да, артықшылығы жоқ; сәлемің сатулы болмасын, «Алланың нұры жаусын!» деп айтқаннан бағаң кеміп, тағыңнан түсіп қалмайсың; адамдар бір-бірімен амандық-саулық сұрасып, игілікті істер атқаруына тілек қосып, ізгілік пен қайырымдылық жолында табысып жатқаны ғанибет.

Жамбыл ауылының жас-кәрісі бас қосқан бұл жиынның бір өзгешелігі – бұған дейін көп әңгіме болмайтын мұсылмандықтың қыр-сырын тануға көмектескендігі еді. Шынын айту керек, әр ауылдың өзінің молдасы бар, әр мешіттің өзінің имамы бар деп көңіл жұбатқанымызбен, дін оқуын оқып келген мамандар саусақпен санарлық-ақ. Ендеше дінбұзар молдалардан теріс сабақ алғанша, осы ілімнің бас білгірлерінің бірі және бірегейі Халифа ғұламаны тыңдаудың дін жолын ұстанғандарға да, ұстанбағандарға да берер тағылымы зор екеніне көз жеткізе түскендейміз. «Имам болу үшін неше жыл оқу керек?», – дейді ауыл ақсақалдарының бірі. «Алты жыл оқыса ғана имам бола алады», – дейді абыз қария. «Пітір, садақаға жиналған ақшаны мешіттің құрылысына жұмсауға бола ма?» – «Жоқ. Пітір, садақадан түскен қаржыны түгелдей күн көрісі төмен адамдарға берілуі керек». «Қайтыс болған кісінің үшін, жетісін, қырқын, жылын беру «Құранда жазылған ба?» – «Жоқ. Ол жөнінде ештеңе де жазылмаған». «Зират басында жыртыс жыртып тарату дұрыс па?». – «Дұрыс емес. Одан да сол матаны иініне ілер киімі жоқ, асыраушысы жоқ кісіге берген сауап». «Кісісі қаза болған үйдің зират басынан қайтқандарға ет асып (жылқы, сиыр сойып), дәм татыру жөн бе?» – «Бұл керісінше, кісісі қаза болған үйдегілерге көрші-қолаңы дәм татырып, көңіл аулағаны жөн». «Қайтыс болған кісіні бір-екі сөтке үйінде түнету, содан соң ғана жерлеу дұрыс па?» – «Негізінде, қайтыс болған кісіні үйінде түнеті дұрыс емес; мәйітті жуу, кебіндеу, жаназасын шығару – бәрі мешітте атқарылатын жұмыстар. Алыстан келе жатқан туыстарын күткенде болмаса, қайтыс болған кісі кешіктірілмей, тіпті, сол күні жерленгені жөн». «Өлген адамның басына ескерткіш қоюға бола ма?» – «Жоқ. Болмайды». «Отыз күн оразаны – үш күн басында, үш күн ортасында, үш күн соңында ұстап, парыз өтеуге бола ма?» – «Жоқ. Онда тоғыз күн ораза ұстағанға есептеліп, 21 күн мойныңызда қарыз болып қалады». «Бүгінгі жастар туралы не ойлайсыз?» – «Жастардың дінге бет бұра бастағандары ұнайды. Бірақ шоқынып кетпесін. Абайласын».

«Білетінім – бір тоғыз, білмейтінім – тоқсан тоғыз» депті ғой біреу баяғыда. Біздің кезінде мұсылман дінінен ат тонымызды ала қашқанымыз өз алдына, тұрмыс-тіршіліктегі көптеген салт-дәстүрлеріміздің қайдан тамыр алып, нені мегзейтінінен де бейхабар қалғанға ұқсаймыз.

«Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай» деп жырлағаны белгілі Жамбылдың. «Аруақтарға сиыну дұрыс емес. Аруақ қолдамайды. Аруаққа бағыштап құран оқу – тірілердің борыш-парызы» деген Халифа қажының сөзінен кейін ауыл ақсақалдарының бірі Жәкеңнің жаңағы сөзін алға тартып, бұған не айтасыз деп сұрақты қабырғадан қойды. «Жәкеңнің кінәсі жоқ. Бәлкім, діни сауаты болмаған шығар. Дұрысы – аруақтарға сиынбау» деп Халекең ойын тиянақтады. Бұл ретте біз таным-түсініктің әрқилылығы туралы ойға кеттік. Мұсылман дінінен де бұрын біздің ата-бабаларымыз Көк Тәңірге табынып, сиынып келгені мәлім. Аруақтарға сиыну содан қалған салт болар, бәлкім...

Жамбыл ауылы ұлы жыраудың 150 жылдық тойы қарсаңындағы дайындық үстінде. Жаңа мешіт салынбақ. Ауыл қариялары Халифа қажыны сол кезде тағы да шақырамыз деп қояды.

Жамбыл аудандық әкімшілігінің қызметкері Рәтбек Терлікбаев, Жамбыл ауылының әкімі Мұхит Кәрібаев және басқа да азаматтар ел ішіндегі имандылық тәрбие жұмыстары осындай әсерлі әңгімелер арқылы өрістей беретініне ден қойған сыңайлы.

Халықаралық «Инабат» имандылық тәрбие орталығы алдағы уақытта бұл тақырыптағы кездесу кештерін өткізуді жалғастыра бермек. Баспахана ашып, Орталықтан тәрбиелік, танымдық кітаптар шығару да ойда жүрген көрінеді.

Қылмыс қабындап, қатыгездік аяқтан шалып, ар мен ұятты аяққа таптаушылар көбейіп бара жатқан мына қиын заманда: «Оу, ағайындар, тым болмаса имандылық сабағына қатысып,

дінге де мойын бұрып, тәубаңа келсеңші!» – деп айғай салғың келеді екен. Еститін құлақ болса, әрине, жақсы ғой...

«Қазақ елі»,
1996 ж.

«ИМАННЫҢ» ШАПАҒАТЫ

«Қоғамдық қор құрылышты» деген сөз әуелде жұртшылықты қатты елеңдететін еді. Белгілі бір қор қаржы жинап, оны белгілі бір игі мақсатқа жұмсап жатса, халыққа тиімді, пайдалы істері болса, неге қуанбасқа. Жарыса қор ашу бәсекеге айналғандай болған кез де бастан өтті. Қор құрумен қатар, ол қордың қоғамда жұртқа танымал қызмет атқаруы да қажеттілік. Кейбір қорлар ешқандай шөп басын сындырмай, аз уақыт ақана өмір сүріп, құрып кетіп жатса, оның себебі, ол қордың алдына үлкен мақсат қоймауынан, қажетті қайырымдылық шараларын жүзеге асыруда дәрменсіз болуынан деп те түсінеміз.

Өмірдің өр өзенінде ескексіз қайық ешуақытта жолаушыны алыс жағалауға жеткізе алмайды. Өзенге қайық салдың екен, ең алдымен ескегінді сайла. Сонда асау ағыстың жетегінде кетпейсің. Дегенмен, тек ескек қана емес, мықты ескекшінің болуы – басты шарт. Бұл тұрғыдан келгенде, кейбір құрылған қоғамдық қорлардың тұтқасын ұстаған азаматтарға да көп міндет жүктеледі.

1998 жылы тұсауы кесіліп, дүниеге келгенге дейін де Республикалық «Иман» қорының қаз тұрып, қанаты қатаюына сол кездегі Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде қызмет атқарған Өтеген Келебаевтың жарқағ құлағы жастыққа тимей, тынымсыз ізденгені, іздегенін тапқаны анық. Кейіннен осы қордың вице-президенті болған Өтеген Келебаев талай игі шаралардың жүзеге асуына аянбай үлесін қосты.

Ө.Келебаев – 1988 жылы Қазақстан Республикасы Орталық архиві жанынан «Ақиқат» атты қоғамдық-ағарту мақсатын көздейтін ұйым құрып, тарихымыздағы ақтандақтардың сырын ашуға, арыстарымыздың атаусыз қалған есімдері мен істерін тірілтуге алғашқы қадам жасағандардың бірі. «Ақиқат» қоғамдық ұйымы «Желтоқсан», «Азат» қозғалыстарымен бірлесе, тізе қоса қимылдап, тарихтың бұл тарауларының қайта жазылуына ықпал етті. Қазақстан Республикасы Өлкетанушылар қоғамының жауапты хатшысы қызметінде жүрген кезінде Ө.Келебаев тағы да бір игі істің басы-қасында көрінді. 1991 жылы «ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған», азаттық үшін арпалысқан арыстан Исатай Тайманұлының 200 мерейтойы Алматыда, М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында аталып өтілді. Бес облыстың өкілдері киіз үйлерін тігіп, той салтанаты қазақтың мәртебесін көтеріп, бақ-дәулетін тасытты. Исатайды еске түсіріп, ерлік істерін жас ұрпаққа өнеге, тәлім тұтуға арналған бұл мәдени шараның жақсы деңгейде көрінуіне ұйымдастырушылық қарым-қабілеттерін аямаған А.Сариев, С. Сариева, М.Құлкенов, т.б. азаматтардың белсенділігін атап өткен ләзім.

Адам бір күнде қайраткер немесе бір күнде басшы болып шыға келмейді. Жас күнінен айналасында болып жатқан әртүрлі оқиғалардан сырт қалмайтын, қажетті кезде соның бел ортасынан көрінетіндер ғана кейіннен тізгін ұстай алады.

Қазақстан Республикасы Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім меңгерушісі болып қызмет еткен жылдарында Өтегеннің ұйымдастырушылық іскерлік, адамдармен қарым-қатынаста ілкімділік қасиеттері жақсы көрінген еді. «Иман» қорының қат-қабат ұйымдастыру жұмысына тәжірибелі, іскер азаматтың қажеттігі айдан анық еді. Міне, осы тұста таңдау Өтегенге тегіннен тегін түспеген еді.

Қордың атын «Иман» деп белгілі академик-жазушы Зейнолла Қабдолов қойған болатын. Қордың алғашқы төрағасы – әлеуметтік ғылымдарының докторы Марат Тәжин еді (Ол кезде Министрлер Кабинетінің бөлім меңгерушісі). Кейіннен қор президенті, Қазақстанның халық жазушысы, аса көрнекті ақын Қадыр Мырзалиевтің:

Жылы сөзді жақсылыққа жорыңыз,
Жайсаңдардың жебеушісі – қорымыз.
«Иман» біздің – жанашыры елдіктің,
«Иман» – үміт,
Имансыздық – сорымыз! – дегеніндей,

«Иман» қоры өз алдына үлкен белестерге жетелер, халық игілігін мұрат тұтқан келелі мәселелерді басты нысана етіп қойды. Атап айтсақ: – Мемлекеттік басқару орындарының идеологиялық қызметіне қолдау көрсету; – Ұлтаралық үйлесімділік пен жарасымдылықты насихаттау; – Қазақ халқы мен басқа да Қазақстанда мекендейтін ұлттардың рухани және қолданбалы мәдениет жаңғыртуға ықпал ету; – Ұлт мәдениет дамыту арқылы патриотизм мен отаншылдық сезімді тәрбиелеу; – Қазақ халқының тереңде жатқан тарихынан тағлым алып, жас ұрпақты елін, жерін сүйуге шақырып, аталар дәстүрінен үйренуге үгіттеу, т.б. осындай маңызды мәселелер қордың темірқазығына айналды.

Қордың дүниеге келуін бір ауыздан мақұлдап, игілікті іске жұдырықта жұмылған, бастама көтерген – сол кездегі Республикалық Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитеті (төрағасы И.Тасмағамбетов) болатын.

«Иман» қорының жоғарыда аталған ізгілікті идеялары сол кездегі республикаға таныла бастаған салмақты коммерциялық фирмалардан, ірі мемлекеттік кәсіпорын басшыларынан қолдау тауып, қор өз мақсат-мүддесін іске асыруға мүмкіндік алды. Әсіресе, «Қазақстан-Каспий шельф» ұлттық мемлекеттік компаниясы (президенті Б.Қуандықов), «Қазақстан-Коммерция» сыртқы экономикалық аймақтық ассоциациясы (бас директоры Ж.Нәбиев), «Казкоммерцбанк» (төрағасы Н.Суханбердин) және «Қазақ-түрік» мұнай фирмасы (президенті Б.Ізмұхамбетов) қордың негізгі құрылтайшылары ретінде өз көмектерін аяған жоқ. Осы фирмалардың қаржылық демеуінің арқасында «Иман» қоры өз қызметін Алматы қаласында ғана емес, республика көлемінде де жүргізді.

«Қазақстан-коммерция» акционерлік компаниясының құрылтайшылық жарнасының арқасында қор өзінің жарғысында көрсетілгендей коммерциялық қызметін ғана жандандырып қоймай, мәдени бағдарламаны игеруге, атап айтсақ, 1993 жылы-ақ «Үкілі домбыра» I – Республикалық байқауын өткізуге дайындала бастады.

Бұл ретте «Үкілі домбыраның» өмірге келіп, өнердің қайнар бұлақтарының көзін ашуға Иманғали Тасмағамбетов, Шәріп Омаров сияқты азаматтардың қолдау-көмегі зор септігін тигізді.

Әсіресе, 1994 жылдан бастап «Иман» қоры көптеген мәдени іс-шаралар бойынша жұмыс жоспарын нақтылап, газет-журнал беттерінде жиі-жиі атала бастады. «Иманның» имандылық шаралары белгілі батырларымыздың бейне-портреттерін жасатудан, домбыра жасаушы шеберлердің республикалық I-II-III – «Үкілі домбыра» бәйгесін ұйымдастырудан, Қазақ мемлекеттігінің тарихи-деректі тұлғаларының сомдалуы мен «Қазақ халқының толық шежіресін жасау» қадамдарынан, Қазақ мемлекеттігінің 530 жылдығы қарсаңында жүргізген мәдени шараларынан біршама танылды. «Иман» қорының аты жұртшылық құлағына жылы естіле бастады. Осындай сан алуан мәдени шаралардың ұйтқысы да, дем берушісі де – вице-президент Ө. Келебаев болды десек, асыра айтқандық емес. Қашанда бастама көтеру оңай да, оны жүзеге асыру қиынның қиыны. Белгілі бір мақсатқа жұртты жұмылдыра білу, үнемі жастық жалынын, қызу қайратын танытып, тер төге еңбек ету айтуға ғана жеңіл.

«Егер шамаң жетсе, заманның алдында жүр, егер қолыңнан келмесе, заманмен қатар жүр, бірақ ешқашан да заманыңнан кейіндеп қалма» деген В.Я.Брюсов сөзінің мән-мағынаса дәл бүгінгі күннің жастарына айтылғандай. Ө. Келебаев та өз алдына осындай мақсат қойғандай. Іскер азамат Англия, Сирия, Араб еліне, Польшаға сапар шегіп, «Иман» қорының іс-жоспарымен ондағы қаржы құлағын ұстаған бизнесмендерді таныстырып, әріптес-инвесторларды тартудағы елеулі еңбегі зая кеткен жоқ. «Иман» қайырымдылық қорының шапағатынан жалпы білім беретін орта мектептер мен жоғары оқу орындары да кенде қалған жоқ. Алматыдағы № 59 мектепті компьютерлермен жабдықтап берсе, № 1 балалар үйін өз қамқорлықтарына алды. «Әр адамның парызы – жас мемлекетімізге қолдан келгенше көмектесу, өз үлесін қосу», – деген еді бірде вице-президент Ө.Келебаев. Шынында да, нарық қатынастары өмірімізге дендей еніп, бұрынғы қалыптасқан ереже-заңдылықтардың бәрі түбірімен өзгеріп жатқан өтпелі, аумалы-төкпелі кезеңде мемлекет қамқорлығын қажет ететін мәдени-рухани саланың дағдарысқа ұшырауы кездейсоқтық емес. Материалдық байлық алдыңғы планға шығып, руханият дүниесі жетімсіреген шақта егемендігін енді ғана алған, қаз тұра бастаған жас мемлекетімізге қоғамдық-қайырымдылық қорлардың көмегі ауадай қажет. Өкінішке орай, биік мұратты, ізгі ниетті көздеген көптеген қорлардың уақыт талабынан көріне алмай, іскерлік таныта алмай жоғалып кететіндері жасырын емес.

Ө. Келебаев Қазақстан Республикасы Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім меңгерушісі болып жүрген кезінде, 1992 жылы Сырым Датұлының 250 жылдық

мерейтойын өткізу қарсаңында тындырылып жатқан істер туралы сұрағанымызда былай деген еді: «Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойын өткізу қарсаңында оның портреттік бейнесін жасау жөнінде республикалық бәйге жарияланғаны белгілі. Жақында республикалық бәйгенің қазылар алқасы Сырым батырдың бейнесін салған бәйгеге ұсынылған 10 портретті саралап, бас жүлдені (10 мың сом) Алматы театр-көркемсурет институтының кафедра меңгерушісі, профессор, белгілі суретші Мұхит Қалимовтың шығармасына беруге шешім шығарды.

Ал ынталандыру сыйлығын Алматы театр-көркемсурет институтының студенті Мұратбек Жоламанов иеленді. Алматы мемлекеттік жобалау институтының президенті, сәулетші Сұлтан Баймағамбетов төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында академик Манаш Қозыбаев, халық суретшісі Қанапия Телжанов, жазушылар Қажығали Мұханбетқалиев, Мереке Құлкенов, батырдың ұрпағы Хамит Ұлықпанов, республикалық шығармашылық одақтардың, сондай-ақ Орал, Маңғыстау облыстарының өкілдері болды.

Маусымның екінші онкүндігінде жазушы Қ. Мұханбетқалиев бастаған, құрамында Қазақстан Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары бар ғылыми экспедиция Сырым бейітін іздеу үшін Нүкіске аттандық».

Бұл 1992 жылдың маусым айы еді. Кейіннен бұл Сырым Датов портреті, «Иман» қорының бәйге жариялауы нәтижесінде Жанқожа, Исатай, Ағыбай, Мұрат Мөңкеұлы портреттерімен толықты.

«Иман» республикалық қорының еліміздің мәдени-рухани өміріндегі ең елеулі, табысты шараларының бірі – жоғарыда келтіріп өткен домбыра жасаушы шеберлердің Республикалық «Үкілі домбыра» байқау-бәйгесін ұйымдастыруы, оны жоғары дәрежеде өткізуі. Байқау-бәйгенің мақсаты – қазақ халқының ұлттық саз аспабы – домбыраның әуендік, әуездік жоғары мүмкіндіктерін әлемдік деңгейде кеңінен насихаттау. Сонымен бірге, саз аспабы ретінде жасалу ерекшеліктерін, сапалық артықшылықтарын салыстыра көрсету де нысана етілген. Республикадағы, шет елдердегі домбыра жасаушы шеберлерді халыққа кеңінен таныстыруды, шет елдермен, аймақтармен мәдени байланыстарды орнықтыруды, ұлттық колөнеріміздің үлгілерін насихаттауды мұрат еткен байқау-бәйгеге кәсіпқой домбыра жасаушы шеберлер молынан тартылды.

«Үкілі домбыраның I – бәйгесі 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының I-Құрылтайы шеңберінде өткен болатын. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 67 домбыра шеберлері 100-ден аса домбыра түрлерін бәйгеге салды.

«Үкілі домбыраның II – республикалық байқау-бәйгесін екі жылдан кейін, яғни, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі, Білім министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Қазақстан телерадио компаниясы және «Иман» қоры бірлесіп өткізді. Бұл жолы 1 облыстан барлығы 38 шебер қатысып, қазылар алқасының назарына 50 шақты дүние ұсынылды. Бұл жолғы байқау-бәйге шын мәніндегі сапалы, творчестволық шеберлікпен дүниеге келген аспаптарды танытуға мұрындық болды. Ең таңдаулы домбыра жасаған шеберлерге алған орындарына қарай түрлі бағалы сыйлықтар берілді. Ж.Оспанов, С.Мұсаев, байқау-бәйге жеңімпаздары, М.Әділов, Ж.Тұрдықұловтар жүлдегер атанды. Осы бәйгеде көзге түскен таңдаулы домбыраларды үлкен сахнада ән шырқап, өнер көрсетіп жүрген атақты эстрада жұлдыздары Алтынбек Қоразбаевтан, Айгүл Үлкенбаевадан, Сәуле Жанпейісовадан, Бекболат Тілеухановтан көруге болады. Бұл бәйге қазақтың қоңыр домбырасының қадірін арттырып, домбыра жасаушы шеберлердің мәртебесін биіктеткені даусыз.

«Үкілі домбыраның кезекті III– байқауы 1996 жылы 4-6 маусым аралығында Алматыдағы Республика сарайында өтті. Құрылтайшылар қатарында «Иман» қорының да болуы дәстүрге айналғандай еді. Бұл жолы балалардың «Бөбек» қайырымдылық қоры ат салысып, мереке қызығын көріктендіре түсті.

Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойы және Қазақ мемлекеттілігінің 530 жылдығы шеңберінде өткізілген байқау-бәйге ауыз толтырып айтарлықтай деңгейде өтті. Бұл жолғы өнер сайысының бір ерекшелігі – бәйгеге қатыстырылған саз аспаптары – домбыра иесіне қайтарылмай («Иман» қоры жариялаған бәйге шарты осындай-тын), жетім балалар үйіне халық аспаптары оркестрін құру үшін жіберілуі еді.

Жұртшылық көп кешікпей-ақ бәйге жеңімпаздарымен де таныс болды. Олар: Жолаушы Тұрдығұлов (1 орын), Ақылбек Ержанов (2 орын), Хангелді Жакыпов (3 орын) еді. Сондай-ақ болашағынан көп үміт күттіретін өз ісінің шеберлері: балқаштық А.Садуақасов, керекулік Рақышовтар жөнінде де жылы лебіз айтуға болады. Міне, Ө. Келебаев сияқты өнерге

қамқорлық жасап, тынымсыз ізденіс үстінде жүрген іскер азаматтар дарынды, өнерлі замандастарымыздың бағы жанып, жұлдызды сәттерінің көрінуіне елеулі үлестерін қосты.

«Иман» республикалық қоры Қазақ мемлекеттілігінің 530 жылдығын кеңінен атап өту қажеттігі жөнінде республика газет-журналдарында келелі мәселелер көтеріп, үгіт-насихат шараларын кеңінен жүргізді. Бұл істің де басы-қасында жүрген Ө. Келебаев іскер азаматтарды осы шаруаға жұмылдыра білді. Бұл тек тарихи таным тұрғысынан ғана емес, үлкен саяси, тіпті халықаралық мәні зор оқиға еді. Қазақстанды егеменді ел ретінде әлем жұртшылығы танып жатқан тұста оның мемлекеттілігі қалай, қашан қалыптасты дейтін сауалдар туындайтыны сөзсіз. Тарихи сананы тұмшалаған бодандық бұғауындағы жылдарда Қазақ елінің өткеніне қатысты деректер көп бұрмаланды. Ақиқат айтылмады. Соның салдарынан бүгінге дейін Қазақ мемлекеттілігіне күмәнмен қарайтындар, әсіресе, Ресей баспасөзінде солақай пайымдаулармен шындықты бүркемелейтін пікір туғызып жүр. Сондықтан мемлекеттік іргетасы бұдан 530 жыл бұрын қаланған, отарлық езгінің салдарынан тарих көшіндегі сапары ауыр да азапты болған Қазақияны танып, білу үшін ғасырлар қатпарындағы деректерді тірілту қажет еді. Қазақ мемлекеттілігін нығайтуда өлшеусіз еңбек сіңірген хандар мен билер, батырлар тұлғалары жан-жақты танылуы керек. Тайға таңба басқандай айқын баға беріліп, ақиқат айтылғанда ғана күмәнға орын қалмайды.

Міне, осындай толғақты мәселелерді арқау еткен «Иман» қоры 1995 жылы республикалық «Халық кеңесі» газетімен бірлесіп, «Қазақ мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің тарихи-деректі, көркем бейнесін жасау жөніндегі байқауын» жариялады. Қоғамдық дамудың өтпелі кезеңінде Қазақ мемлекетінің көрнекті қайраткерлері жөніндегі бұрынғы қасаң көзқарастарды қайта қарап, Орта Азиядағы ірі елдердің бірінің мемлекеттік мүддесі мен территориялық тұтастығын сақтауда және қорғауда өз үлестерін қосқан белгілі қазақ хандары, дипломаттары, атақты батырлары жөніндегі өрескел бұрмаланған деректердің негізсіздігін көрсетуде осы байқаудың маңызы аса зор болды. Байқауды өткізудің мәселелеріне орай «Халық кеңесі» газеті редакциясында осы бір көшелі шаруаға мүдделі «Иман» қоры басқа да қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің басшыларын жинап, дөңгелек стол басында әңгіме-дүкен өткізді.

«Дөңгелек столдың жұмысына қатысып, онда осы қазақ мемлекеттігінің 530 жылдық тойын өткізудің мәні мен маңызы, атқарылуға тиіс іс-шаралар жөнінде өз ойларын ортаға салған академик М.Қозыбаев, профессорлар К. Ашубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, К.Байпаков, жазушы Қ.Салғарин, сәулетші Ш. Уәлиханов, «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы Ж.Кенжалин, «Иман» қорының вице-президенті Ө.Келебаев, Алматы қаласы әкімінің сол кездегі бірінші орынбасары Ш.Омаров және басқалар бұған айрықша көңіл бөлінуге тиіс екендігін баса айтты.

«Дөңгелек столға» қатысушылар Қазақ мемлекеттігінің 530 жылдық мерейтойына әзірлік ауқымында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен ғылыми конференция өткізу; мерзімді баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен хандық мемлекеттің қалыптасуының, дамуының негізгі кезеңдерін, этникалық территориясын, тәуелсіз республиканың нығаюының бүгінгі проблемаларын насихаттау; «Иман» қоры мен «Халық кеңесі» жариялаған конкурсты ұйымшылдықпен өткізу жөнінде бәтуаласты. Осы берекелі бас қосудың ұйтқысы болған Ө. Келебаев: – Ғалымдарымыз бен зерттеушілеріміздің ортақ пікірге келіп, тарихи шежіремізді бір жүйеге түсіруде тіл табысқаны қажет-ақ. Қазақ мемлекеттігі құрылуының 530 жылдығын тойлауды насихаттау «Иман» қорының басты мақсаты болды деп батыл айта аламын. Бұл жөнінде Кляшторныймен де, Сұлтановпен де пікірлестік. Тарих және этнология институты ғалымдарының да ой қорытындылары осыған саяды. Қалай болғанда да хандық мемлекет тарихын атап өткеннен ұтылмаймыз. Абайдың 150 жылдық тойына әлемнің әр түкпірінен келетін қонақтар да қазақтар кім, мемлекеттігі, территориясы қашан, қалай пайда болған дейтін сауалдарына тиянақты жауап алып жатқаны еліміздің мәртебесі. Қазақ елінің тарихи белестерін зерттеу, егемен мемлекеттің көп тілді тұрғындарына тиянақты түсіндіру тек тарихшы ғалымдардың ғана міндеті емес, сонымен қатар өмір шындығы негізінде ақиқатқа көз жеткізу қоғамдағы қауымдардың, әртүрлі қорлардың да абзал ісі деп білеміз. Хандық мемлекеттің тарихына қатысты, бұл тойдың қарсаңында жарияланған бәйгеміздің де нәтижелі болуына үміт артамыз. «Иман» қорының негізгі мақсаты – мәдени, ағарту жұмыстарын жандандыру, – деп тұжырымдаған еді.

Бәйге жарияланған күннен бастап көптеген қаламгерлердің, тарихшыларымыздың мақала-очерктері, туындылары газет бетінде жиі жарық көре бастады. Айталық, атыраулық Ә. Ғабдуллиннің «Саржала батыр», алматылық Қабден Әбдіғаровтың «Әбдіғар хан», Әбдібек Нұрмағамбетовтың «Шәкір батыр», жезқазғандық Төлеухан Илиясұлының «Хан Кененің қазасы» деп аталатын тарихи очерктерін оқырман қауым кезінде жылы қабылдады. Қазақ хандарының сыртқы түр-тұлғасын, ауызша бейнеленіп жеткен портреттерін берген, өткен ғасырлардағы Қазақ мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің ләмірінің кейбір сәттерін және мінез-құлықтарын, сол ортадағы өзін-өзі ұстау мәнерлерін көрсететін материалдар аса қызығушылықпен оқылғаны даусыз. Байқау шарты бойынша төмендегі қазақ мемлекетінің қайраткерлері зерттеу объектісіне айналды. Олар: Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Таһир, Бұйдаш, Қожа Махмұд, Тоғым, Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Жәңгір (Салқам Жәңгір), Тәуке, Батыр. Жарияланған бәйге қорытындысы «Алдаспан» атты тарихи-танымдық телевизия кешімен аяқталды. Кеш 1995 жылы 25 желтоқсанда Алматыдағы Ғалымдар үйінде өтті. Бұл бір әсерлі кеш болғаны анық. Бәйге жарияланғаннан бастап түскен материалдарды сұрыптап, іріктеп, сын тезіне салатын кез жеткен. «Алатау» бағдарламасынан көрсетілетін болып, теледидарға да түсірілді.

Бәйгенің мақсаты ана ауыл мен мына ауылдың атқамінерлері мен ұрангөйлерін түгендеу емес, алты Алашқа атағы озған, артындағы ұрпақтарына ұлан-ғайыр жер қалдырған, ұлы Қазақияның атағын аспандатып, мәртебесін асырған ұлы хандардың есімдерін еске алып, бейнелерін көз алдымызға елестету еді. Бұл бүгін-ертең жүзеге аса қоятын, жалаулатып, ұрандатумен біте салатын шаруа деуге келмес. Бірақ, ниет дұрыс, арман асыл екендігі шүбәсіз.

Тарихи-танымдық кешті біртуар әнші-жыршы, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты Бекболат Тілеуханов көне сарынды төкпелеп бастады. Доспамбет, Шалкиіз, Қазтуған сияқты жыраулардың ғажайып толғауларын қайта тірілтіп, қалғып кеткен қазағының құлағына құйып жүрген осы бір қаршадай жігіттің талантына тәнтісіз. Қазақ теледидарының дикторы Лаура Юсупжановамен бірге қара сөздің де қаймағын сүзді. Қадау-қадау ой айтатын зиялыларға сөз кезегін берді.

Ең алдымен республикалық «Иман» қорының президенті, Қазақстанның халық жазушысы, аса көрнекті ақын Қадыр Мырзалиев ой ағытты. Ол тарихтың бір күнде жасалмайтынын, бір адам жасамайтындығын, оқулығымыз жұп-жұқа болса да тарихымыздың қатпары қалың екендігін тілге тиек ете келіп, «Иман» қоры мен «Халық кеңесі» газеті ұйымдастырған бұл шараның тарихи қажеттілігіне тоқталды. Бұдан соң «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы Жұмабек Кенжалин тарихи-танымдық тақырыпқа газеттің қосып келе жатқан үлесі жөнінде қысқаша аңғартып өтіп, бәйгенің мақсаты бір күндік емес, мың күндік екенін, әрі-беріден соң халықтық мұрат-мүддеге қызмет ететінімізді екпін түсіре айтты.

Бұдан соң қазылар алқасының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев сөз алды. Бәйге қорытындысын жариялады. Бірінші сыйлық – «Едіге» кітабы үшін «Азаттық» радиосының қызметкері Едіге Мағауинге берілді. Екінші сыйлық – «Үш тұлға» (Жанқожа, Әйтеке, Көге) кітабы үшін Қызылорда облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының төрағасы Шайхислам Серікбаевқа, үшінші сыйлық – «Ұлы даладағы ұлыстар» атты «Халық кеңесі» газетінде жарияланған мақаласы үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Алтайы Оразбаеваға берілді.

Қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты тұңғыш рет жарияланған бәйге ретінде осы тарихи-мәдени шараға зиялы қауым жақсы баға беріп, мұны алдағы жылдарда да жалғастыру көзделген.

Байқау-бәйгеге қазылық жасаған профессор Ж. Қасымбаев: «Қазіргі кезеңдегі республикамыздағы қоғамдық-саяси ахуал мемлекет тағдырына аса сергек қарауды қажет етеді. Өздеріңіз білесіздер, Ресей баспасөзінде кейбіра авторлар, сондай-ақ өз ішімізден де шыққан «интернационалистер» Қазақ мемлекеттігіне қатысты әртүрлі пікірлер білдіріп жүр. «Караван», «Новое поколение» сияқты басылымдар отқа май құйғанды тәуір көретін тәртізді. Шыны керек, бүгінгі жас ұрпақ осы Қазақстан территориясында дербес феодалдық мемлекет болғанын біле бермейді. Телевизия жүргізген сауалнама қорытындысына қарасак, сұралғандардың 98 пайызы тиянақты жауап бере алмаған.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуын қалай түсіндіру керек? Қазір республикамыздағы халықтың 44 пайызы қазақтар болып отырған жағдайда, Қазақстанды егемен ел ретінде әлем

жұртшылығы, шет мемлекеттер тани бастаған кезде тарихи деректерге сүйеніп, өткеніміз бен бүгінгіміз арасындағы ұмыт қалған дәстүрлі даму сабақтастығын қалпына келтіруіміз қажет.

Тарихта Рим империясы, Ұлы Карл империясы, Шыңғысхан империясы, Жошының Алтын Ордасы, т.б. болғанын білеміз. Империялар тұсында моноүстемдік идеологиясы дәуірлейтіні де шындық. Ресей отаршылдығы тұсында жеке мемлекеттердің басына бұлт үйірілді. Қазан, Астрахань, Қырым хандықтары да бірте-бірте Ресейдің отарына айнала бастады. Қазақ хандықтары мен Өзбек хандықтары ұлт-азаттық күрестерін ұзақ уақыт тоқтатпай келсе де, Ресей империясы бұратана аймақтарына айналдырып жіберді.

Жас ұрпақ осыны біле ме? Мұны бақайшағына дейін шағып түсіндіру – парыз. 1465 жылдары құрылған хандықтардың тарихын түсіндіру, оқулықтарға енгізу қажет. Қазақ феодалдық мемлекетінде этникалық территория (әсіресе, Қасым хандығы кезінде) Атыраудан Алтайға, Көкшетаудан Орта Азияға дейінгі аумақты қамтыды.

Тағы бір ескертетін нәрсе, қазақтың конституциялық монархиялық құрылтайында барлық мәселелер шешімін тауып отырған. Ұлыстарды билеу формасы тас-түйін. Бас уәзірлер, уәзірлер әртүрлі салаларды (билік, шаруашылық, т.б.) бөліп алып, хан жарлығының мүлтіксіз орындалуын қадағалаған. Мемлекеттік монархиялық құрылымды білмейтіндер мұны мойындағысы келмейді. Бұл – ұсақ-түйек емес», – дей келе танымдық кештің әсерін күшейте түсті.

Қозғалған тақырып аясында өздерінің ой-пікір, көзқарастарын білдірген көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Мұхтар Мағауин, «Қазақстан-Коммерция» акционерлік қоғамының президенті Жауғашты Нәбиев, жазушы Сапабек Әсіпов, танымал сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шот-Аман Уәлиханов, Қазақстанның халық артисі Қаршыға Ахмедияров және тағы басқа да тарихи-танымдық кешке қатысушылар осынау толғақты мәселенің арқауын үзіп алмай, алдағы уақытта да аясын кеңейтуді табыстады.

«Алдаспан» тарихи-танымдық кешінің бас демеушісі «Қазақстан-Коммерция» акционерлік қоғамына (президенті Жауғашты Нәбиев), сондай-ақ демеушілер «Мұнайгаз», «Атакент», «Каспийшельф», «Рунокаракуль», «Қазақстанкөлікбанкісі», «Қазақгаз», «Ақтөбе облысындағы Ақтөбе аудандық әкімшілігі мен Атырау облыстық «Тұранбанк» басқармасына (төрағасы Қадырғали Құрманғалиев) осы кешті өткізудегі көмегі үшін «Иман» қоры мен «Халық кеңесі» газеті өз алғыстарын білдірді. Осындай аса маңызды шараға ұйтқы болғаны үшін өз кезегінде олар да «Иман» қорына сәттілік тілеп, ақжол тіледі. Жалпы, Қазақ мемлекеттілігінің ірге тасы ақй жылы қаланғандығы туралы ғалымдардың, зерттеушілердің, жазушылардың пікірлері әрқилы болуы себепті мемлекеттік деңгейде аталып өтуі тиіс осы бір іс-шара кейінге қалдырылды. Әлі де болса, 530 ба, 540 па немесе 550 жылдығын біржолата өткізу керек пе: бұл мәселе әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

1997 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде ХҮ ғасырдан бастап тарих сахнасында көрінген Қазақ мемлекетінің аса ірі қайраткерлерінің тарихи-деректі, көркем образын бейнелейтін «Өркендеу» байқауының II туры өткізудің шарттары жарияланған болатын. Әрине, экономикалық қиындықтар, қаржы тапшылығы кейде құлашты кең сермеуге мүмкіндік те бермеуде.

«Өркендеу» бәйгесі өз деңгейінде жұртшылық назарын өзіне аудара алмаса, бұған «Иман» қоры емес, жаңағыдай қаржылық қиындықтар, іскер азаматтардың, бизнесмен ағайындардың қолұшын беруі сиреп, құлшыныс танытпауынан деп ұғынған жөн.

Өз жұмыстарының өлшеусіз бағасын білетін Өтеген биыл да «Иман» қорының қатысуымен атқарылатын бір үлкен мәдени шараны өз деңгейінде өткізсек дейді. Бұл – үстіміздегі жылдың қыркүйек айында тойланатын ұлы бабамыз, күй атасы Құрманғазының 175 жылдығы. «Иман» қоры осы мерейлі тойға хал-қадерінше дайындықпен баруды көздеуде.

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі Мәдениет комитетінің төрағасы Дүйсен Қасейінов те күй атасы Құрманғазының Атырауда өтетін тойына қолдан келгенше көмек беру ниетінде.

Күй атасы туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, аса көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев былай деп толғанған еді: «Көшпенділердің екі мың жылдық әлемдік дәуірлеуі тұсында арғыдағы алты таңба алаштың да, бертіндегі үш таңба қазақтың да бағы аумаған байтағындай болған Еділ-Жайық, Атырау-Арал алабы жанартау боп атылып, бір жарым ғасырдай бұрқағы басылмай, лапылдап жатты. Құрманғазыдан бұрынғы Сырым, Көктемір, Асау, Барак, Тіленші, Жоламан, Арынғазы, Қара, Атақозы, Қаратайларды былай

қойғанда, Құрманғазы тұсындағы Исатай, Махамбет, Өтен, Төремұрат, Мыңбай, Тұрлан, Есет, Бекет, Иса, Досандар ереуілі кеудесінде жаны бардың делебесін қоздырды. Ит мініп, ирек қамшылаған күйкі тіршіліктің кез келген келеңсіздігі сахараның қай пұшпағында да кешегі дәуренді еске салып, зығырданды қайнатты. Қырда Кенесары мен Наурызбайды, Сырда Жанғожа мен Бұқарбайды, Қаратау мен Алатауда Тентек пен Байзақты, Сұраншы мен Саурықты, Тойшыбек пен Байсейітті атқа қондырып, арпалыстырып жүрген де сол еді. Ел ереуілдеп жатқанда, тіл бөгеле алар ма? «Қырымның қырық батыры» сол тұста жырланды. Әубәкір, Абыл, Шернияз, Есет, Нұрым, Қалнияз, Қашаған, Ізім, Бала Ораз, Жастабан, Ақтан, Шынияз, «үш қияннан» айырылып, «айта беретін ақырзаманның келгеніне егіле отырып, баяғы ноғайлы заманындағы Доспамбет, Шалкиіз, Қазуғандардың гөй-гөйіне басып, «Ертеде өткен» ерлердің аруағын шақырды. Сыпыра Жырау – Дастан мен Асанқайғы – Заркөмейге бірге оралды. Домбыраның шанағы да – Ер Заман мен Кер Заманды салыстырып сарнады.

Саз әлеміне Құрманғазы дейтін әлеуметтік-эстетикалық құбылсты әкелген тарихи уақыт, тарихи орта, тарихи ахуал, міне, осындай еді».

«Иман» – киелі сөз. Иmandылық қасиетті ұғым. Ендеше, «Иман» қорының шапағаты, нұры, шуағы адамдардың жүрегінен орын ала бергей.

1998 ж.

ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҢ АЙНАСЫ

немесе құпия сырларын ішіне бүккен қазақ ырымдары туралы

Ұлы Даланы сан ғасырлар бойы мекендеген ата-бабаларымыз қылыш ұстап, серт берген дәуірден құран ұстап, ант берген заманға дейін талай-талай асулардан асып, бұралаң-бұлттарысы көп жолдардан өткен. Сырт көзге сыр бермейтін көшпелі өмір тіршіліктің қаншама асылдары мен құндылықтары тарихтың аударылған ауыр парақтарының астында қалып бара жатыр десеңізші. Көшпелілер мәдениетін танып-білуге, зерттеп-зерделеуге кеш оянған ықыласынта саусақтардың арасынан сауылдаған құм секілді ғайып болған уақыттың қадірін ұқса жақсы. Олқылықтың орнын толтырар зерек те, зерделі ұрпақ өссе, игі, әрине.

Қазақтардың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, ырымдары жөнінде кешегі кеңестік қызыл саясат үстемдік құрған дәуірде арнайы сөз қозғаудың ақыры ұлтшылдыққа ұрындыратынынан шошыған ғалымдардың, зерттеушілердің өзі бұл тақырыпты көбінесе айналып өткен немесе «жабулы қазан жабулы күйінде» қала берген. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп, тек жаңаға ұмтылмақшы болып жүргенде, небір көненің көзін құртып, күретіп тындық. Ғасырлар желіне төтеп беріп, санаға сіңіп, ұғымға орнығып қалған әдет-ғұрып, наным-сенімдеріміз, ырымдарымыз қайдан шықты, тамыры қайда жатыр, түп-тегіңе үңіліп көрейікші дедік пе?! «Ата салтың – ата қазынаң» деп айғайлап айтатын күнге жеткенде, көп нәрсені жоғалтып алып, сан соғып отырған жайымыз бар. Аталарымыз бен әжелеріміз қандай ырымшыл еді. Мектеп табалдырығын аттамай тұрып-ақ немерелері дала төсіндегі жазылмаған заң қағидаларын көкейлеріне тоқып алатын. «Аққу – киелі құс. Оны атуға болмайды». «Қонақтар үйге кірерде, есікті үй иесі ашады, ал шығарда олай етуге (есікті ашуға) болмайды». «Бос бесікті тербетпейді». «Көк шөпті жұлмайды. Көк шыбықты сындырмайды». «Түнде әйел заты суға бармайды», т. б.

Енді Шоқан Уалихановтың 1862-1863 жж. жазылған «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласына көңіл аударайық: «Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқауларда да: қазақтар – мұсылмандар. Бірақ шамандық ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман дініне табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады. Бұл пікірлер шындыққа келеді. Дегенмен олардың шамандығы (бақсылығы) неден тұрады? Бірақ, өкінішке орай, қазақ арасындағы шамандық, бақсылық жөнінде әр түрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көргенімен, осы жай туралы әлі күнге дейін ешкім егжей-тегжейіне жетіп жазған емес» (Ш.Уалиханов. Таңдамалы. Алматы. Жазушы, 1985).

Қазақ оқырмандарының, наным-сенімдерінің түп-төркіні тым әріде жатқанына ұлы Шоқан осылайша назар аудартады. Ол өзінің «Тәңірі» (Құдай) деп аталатын (шамамен 1854-1855 жылдары жазылған) мақаласында да қазақтың ырым кәделерінің сонау отқа табынған, табиғат

пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстарын қасиетті деп санаған, ислам дінімен араласқан тәңірі дінінде жатқанын жақсы аңғартқан.

Қазақтың бүкіл салт-сана, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінің, ырымдарының бастау бұлағы Көк тәңірге, Көк аспанға, Табиғатқа табынған қадым замандарда жатқанына шүбәсіз иланамыз.

Бірде есімі түрік әлеміне танымал қажы Халифа Алтаймен Талдықорғанға сапарлас болып барудың сәті түскен еді. Сонда бір үлкен жиын-кездесуде оған мынадай сұрақ қойылды:

– Аруақтарға арнап құран оқып, жеті шелпек пісіріп тарату дұрыс па?

– Аруақтарға арнап құран оқу дұрыс, аруақтарға сыйыну дұрыс емес. Осы күнде кейбір жерлерде «Бәленбай атамыздың аруағы қолдасын» деп жазып қоятын көрінеді. Аруақ – о дүниелік деген сөз. Сізді ешқандай қолдай алмайды. Ал оған бағыштаған тілегіңіз Алланың құлағына шалынары сөзсіз – деп жауап қайтарды Халифа Алтай.

Сонда залдағы қалың жұртшылықтың сілтідей тынып, аң-таң қалған түрлерін көрсеңіз. Әрине, олардың діни сауаты шамалы екендігін ешкім жоққа шығармайды. Бірақ «Ата-бабамыздың аруағы қолдасын!» деп сыйынбайтын қазақ кемде-кем. Оларға «Аруаққа сыйынуға болмайды» дейтін сөз түсініксіз. Өйткені сонау замандардағы шамандық діннің ықпалды болғаны соншалық, «ислам дінінің әуезді дыбысы мен түсініксіз сөздер тізбегі астарында шамандық салт-сана қалып қойды».

«Ырым – дейді Шоқан, – әдет-ғұрыптың бір түрі. Шама ретінде осы әдетті сақтау жамандықтың бетін қайтарады. Ал ырымды бұзу адамға қайғы-қасірет әкеледі. Бір сөзбен айтқанда, еуропалықтар осындай ырымды діндарлық, соқыр сенім дейді. Ал осы салт-сана шамандық сенімдегі дәстүрлі әдет-ғұрыптың құрамдас бөлігі. Ырым халықтық болып саналады, ол аян, лепес жақсылық нышаны есебінде де жасалады. Мысалы, әйелі үнемі қыз тауып, ұл көрмей жүргендер игі ниетпен ең соңғы қызына Ұлтуған деп ат қояды. Майкөт деп те атайды, артынан ұл туса екен деп».

Бүгінгі күнге қазақ ырымдарының ғасырлар көшінде әбден сана сүзгісінен өтіп, ешқандай күмән туғызбайтын, наным-сенімге берік ұялаған түрлері ғана жеткенге ұқсамайды. Бірақ ғылыми бағасын алып, толық елеп-екшеуден өткізілмегендіктен де бір ізге, жүйеге түсірілген жоқ. «Малым – жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп ғұмыр кешкен ата-бабамыздың тіршілікте ұстанған позициясы, көзқарасы, арман-аңсары да осы ырымдарда терең жасырынып жатқан тәрізді. Бұған жан-жақты ғылыми талдаулар жасалатынына үміт артамыз. Енді «Қазақ ырымдары» деп аталатын кітаптың дүниеге келуі жөнінде қысқаша мағлұмат бере кетсем деймін.

1996 жылдың жаймашуақ жаз күндерінің бірінде көне мұрамыз – төте жазумен (араб графикасымен) шығатын республикамыздағы бірегей басылым «Шалқар» газетінің редакциясына екі азамат келді. Өздерін Болат Бопайұлы және Ахметжан Қайбарұлы деп таныстырған бұл жігіттер Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істейді екен. Екеуі де Қытай Халық Республикасынан. Ондағы 2 миллионға жуық қандастарымыздың ортасынан келген талапкер жас ғалымдар. Әңгіме барысында ұлттық әдебиетке, көне мұраларға, этнографиялық жәдігерліктерге т.б. қатты көңіл аударатындықтары байқалды. «Шалқар» газетінде жариялауға деп осы «Қазақ ырымдарының» қолжазбасын тапсырды. Содан тамыз айынан бастап бір жылдан аса уақыт бойы «Шалқарда» (айына 2 рет шығады) бұл еңбектен үзінділер үзбей жарияланды. Оқырмандар тарапынан, әдебиетші-ғалымдар тарапынан қатты қызуғышылық байқалды. Қазақ қауымына ғылым-танымдық шығармаларымен танымал жазушы Ақселеу Сейдімбеков «Шалқардың» бұл жарияланымына ықылас аударғанын байқадық. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданынан Сұлтан Әбдіхалық деген азаматтан мынадай хат алдық: «Мен «Шалқар» газетін сүйіп оқимын. Ондағы жарияланған материалдар өте нанымды. Кешегі кеңестік мектептерде дәріс алған біздерге «ырым-жырымдар, ораза-намаз ескіліктің қалдықтары» деп сендірді. Сол сенімге иланып өстік. Біз сол сенімнің жетегінде кетер ме едік, егер, алтын күректей жылы самал еспегенде!

Менің редакцияға жазып отырған бұл хатым «Шалқардың» 30 тамыз күнгі 17-санындағы «Қазақ ырымдары» деген мақалаға байланысты болмақ. Рас, қазақта не көп, ырымдар көп. Бұл ырымдардың барлығы дерлік өмірден алынған. Демек, ырымға сену керек.

Жас ғалымдардың жазғанына мен өте риза болдым. Олар қазақ халқының ырымдарын өте жақсы баяндаған. Десе де, авторларымен келіспейтін тұстарым да бар.

Ғалым інілерімнің: «Ит аспанға қарап ұлыса – сол шаңырақ иесінің өліміне көрінеді» деген жолдары жаңсақ айтылған ба деймін. Олай деуіме өз басымнан өткен мына бір жай себеп:

Біздің үйдегі ит түн баласына ұли беретін. Мен мұны жаман ырым көріп, итті аттырып тастағым келетін. Осы ойымды ауылдағы қарияларға айтқанымда олар:

– Ит қалай ұлиды? Аспанға қарап па, жоқ әлде, жерге қарап ұли ма? – деп өзіме сұрақ қойды. Мен аспанға қарап ұлитынын айттым. Олар сонда: – Сен иттің обалына қала жаздапсың. Аспанға қарап ұлыған ит «Осы үйге келе жатқан жамандық маған келсін» деп құдайға жалбарынғаны – деп сендірді.

– Егер ит жерге қарап ұлыса, осы үйдің бір мүшесіне өлім тілегені, ондай итті өлтіру керек» – деді. Осыдан кейін, ит ұлыса оның қалай қарап ұлып тұрғанын қарайтын болдым. Болат пен Ахметжан інілерімді кінәламаймын. Олар иттің қалай ұлығанын қайдан білсін. Тіпті, ауылдан аттап шықпаған менің өзім де мұны жасым елуге таянғанда барып білдім емес пе? Айтарым осы. «Ит жеті қазынаның бірі» деген. Иттер ұлыған кезде, оны ажырата білейік» («Шалқар», № 18 /584/. 13 қыркүйек, 1996 ж).

Осы бір хат қазақ ырымдарына қатысты көп мән-жайды аңғартады. Ырымдаған кезде кіл жамандыққа бұрма. Оның екінші бір қырын – жақсылыққа бұратын тұстарын да халық өзі іздеп тауып алып отыратын тәрізді. Қалай болғанда да, ортақ ырымдарды біліп, саралап қолданудың жөні бөлек, әрине. Сондай-ақ, әрбір адамның өзі ғана түсініп, санасына бекітіп алып жүретін, ешкімге тіс жарып айтпайтын жеке ырымдары да болатынын жоққа шығармаймыз.

Қазақ ырымдары – халықтық салт-сана, әдет-ғұрып, наным-сенімнің нағыз айнасы. Ендеше айналамыздың бетін ғасырлар шаңынан тазартып, жарқыратып ұстайық.

1997 ж.

ТАУДАНБЕК АҚЫН ТУРАЛЫ СӨЗ

Марқакөлде туып, тағдыр жазуымен, Алтай асып кеткен арқалы ақын Тауданбек Қабанұлынан (1830-1908) қалған мұра ел аузынан әлі де толық жиналып алынбаған секілді. Әсіресе, айтыс ақындарының табан асты суырып салған жыр өрнектерін жиыстыру жұмыстары тоқталмауға тиіс. «Сұрасаң, менің атым Тауданбекпін, соғады өлеңімнен өктем екпін» деген өз сөзіне қарағанда, өлеңді өмірлік серік санаған, қасиет тұтқан ақын екені байқалады.

Жетіарал, Кендірлік пен Марқакөлім,
Ол менің бала күннен өскен жерім.
Әркімнің туған жері Мысыр шәрі
Сағындым артта қалған қайран елім, –

дейді Тауданбек ақын. Осы бір шумақ өлеңде, қарапайым ғана жыр жолдарында өзіне тартып тұратын бір күш бар. Ол не? Ол – сағыныш. Сірә, туған елін, жерін сағынудан Тауданбектің ақындық тағдыры басталған. Туған жерін адам жақын жүріп те, алыс жүріп те сағынады. Туған жеріне жыр арнамайтын ақын жоқ шығар. Ең бастысы, ұлы сағыныштан ұрпақ жадында жаңғырар жыр туады. Соның бір дәлелі, Тауданбектің бұдан 100 жыл бұрын жазған өлеңіне үңіліп, сағыныштың сартаптанған ізінен сыр аулауымыз. Сағыныштан туған сол жыр жүз жылдан соң да сағынышты оятады екен.

Сондай-ақ, «Ассалаумағалейкум, Алтай, Алтай!» деген өлеңінің бір тармағының бойына сыйып кеткен сағынышты байқамауыңыз мүмкін бе! «Қаңбақтай жел айдаған мұнда кеппін» деген сөзді айту үшін ақын қаншама толғанды, қаншама тебіренді, қаншама шер жұтты десеңізші.

Тауданбек ақын қазақтың қара өлеңінің шекпенін жамылып, дәстүрлі арнадан тағылым тапқанын да аңғарамыз. «Алып келген базардан темір кетпен» деп әр шумақ өлеңді негізгі ойына еш қатысы жоқ сөзден сабақтап отыратыны, осы бір тармақты тілге тиек еткенде «базардың да, «темір кетпеннің» де жайынан әңгіме қозғауды мұрат тұтпайтыны, негізгі нысанасына қатысты айтпағаны екінші, үшінші, төртінші тармақтарда белгілі болатыны бұл пікірімізге дәлел.

Алып келген базардан темір кетпен,
Аршабайда бала жоқ сенен өткен.
Қаршыға алған қояндай дал-дал болып,
Дүтбай-ау, етек-жеңін қайда кеткен?

Құлаққа жағымды көне сарын, қазақтың кара өлеңінің құдіретті үні жүректі баурайды. Тауданбек ақынның өзі:

Атым Таудан болғанда, әкем Қабан,
Боп келдім айшылықтан сары табан.
Алысып азулыға дес берместен,
Қызды қойдай өңгерген қайран заман, –

десе, енді бүгінгі ұрпақ атынан Баян-Өлгийде тұратын ақын Шынай Рахметұлы бабасына былай деп жыр арнапты:

Болғанда атаң Қабан, бабаң Найман,
Хас қыран, алған тағлым Қабанбайдан.
Алтайды күмбірлетіп өткен сендей,
Асылды ексем жерге, табам қайдан...

Тауданбек ақынның тамаша айтыс ақыны болғанын профессор, филология ғылымдарының докторы Қабидаш Қалиасқарұлы зерделеп, зерттегенін аңғардық. Айтыс ақындарының мұралары кешегі кеңестік дәуірде «Айтыс» дейтін атпен үш том (1965-1966ж.ж.) болып шығарылған еді. Кейіннен тоқталып қалды. Ал биыл Астанадағы баспалардың бірінен «Қазіргі айбыс» дейтін көптомдықтың беташар кітабы шығыпты. Жалпы, шетелдердегі қазақтың айтыс ақындарының мұралары да Қазақстан халқының игілігіне айналғаны ләзім.

Тауданбек ақынның мұрасы да қазақтың халық ақындарының шығармашылық қорына қосылып, әдеби-рухани байлығымыздың ортаймауына қызмет ете бермек.

2003 ж.

АЗАМАТТЫ ТАНИСЫҢ АТ ҮСТІНДЕ

Жыл аунап, қыстың алғашқы айы жеткенде, әрдайым 1986 жылғы қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісін еске түсіріп, сол кездің көп суреттерін көз алдымнан өткеремін. Көк мұз жамылған көше. Лек-лек кара толқын. Сонда мен Алаңдағы атой салып, ақырып теңдік сұраған жастардың бел ортасында, жолдастарының сүйемелдеуімен, қолдауымен мойын созып, дыбыс күшейткіш-рупорды қолына ұстап, ұрандап тұрған Нұртай Сабильяновтың суретіне ойланып, ұзақ қараймын. Өзім де Алаңда болғанмын. Бәрі де көз алдымда. Кинокамераға іліккен, жасырын түсірілген кадрлар үнсіз тіл қатады. Тіпті, Нұртайдың не деп айғайлап, аттандап тұрғанын да еміс-еміс естігендей боламын. Өйткені, Алаңдағы жастардың «Қазақстан – менің елім!», «Қазақстанға – қазақ басшы!» «Колбин кетсін!» деп талап қойғанынан бүкіл әлем жұртшылығы хабардар. Солардың сөзін айғайлап айтып тұрған осы Нұртай. Жазалаушы жендеттердің әнебір қазақ жігітінің шашынан жұлып, қолдарын артына қайырып, әкетіп бара жатқаны әлі күнге дейін жан түршіктіріп, ашу-ыза туғызады. Осы кинокадрдегі Нұртайдың асқақ та айбынды кескін-келбетіне қарап, бүкіл Желтоқсан көтерілісіне қатысушы жастардың қайтпас-қайсар жігерін, жалындаған күш-қайратын танығандай боламын. Кездейсоқ түсірілген бейнетаспадан қайшылықты қоғамның қасіретін, кер заманның кісәпір мінезін, жазықсыз жандардың шеккен азабын, түскен тозағын анық аңғарамын.

Нұртайдың әлгі кинокадрден алынған суреті көптеген газеттерде, журналдарда, кітаптарда басылған. Көгілдір экран арқылы да, деректі фильмдер арқылы да көпшілікке жақсы таныс.

Содан бері аттай 21 жыл өтті. Бір кездегі 24 жастағы Нұртай Салихұлы Сабильянов қазір қырықтың қырқасындағы азамат. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. «Нұр-Отан» партиясы Саяси Кеңесінің бюро мүшесі. Қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің елге танымал қолдаушысы, жанашыры.

Өз басым, Нұртайдың бойындағы күрескерлік рухқа, принципшілдік көзқарасқа, мақсаткерлік ұстанымға тәнтімін. Бір қарағанда, сол Желтоқсан көтерілісіне дейін де, одан кейін де қарапайым қазақтың азаматы қалпында. Ұлт тағдырына қатысты мәселелердің қай-қайсысынан да шеттеп қалған жоқ. Сөзбен емес, іспен көрінуге тырысты. Осының сыры неде,

тамыры қайда жатыр деп талай рет өзіме өзім сауал қоямын да, жауабын Нұртайдың көп замандастарына ұқсас әрі өзгеше өмір жолындағы іс-әрекеттерінен іздеймін.

Нұртай Семей өңірінің Аякөз ауданындағы Шыңқожа батыр атындағы ауылда туып-өсті. Қолына айыр, күрек ұстап, үй шаруасынан бастап, кеңшардың қара жұмыстарына дейін араласты. Шопанның ақ таяғы да, құрылысшының темір қалағы да, жолсеріктің қызыл-сары жолақты жалаушасы да оған кітаптағы суреттен емес, өмірдегі өзінің алғашқы соқпақтарынан таныс. Ауылдағы әрбір қазақ отбасындағы тыныс-тіршілік те оған етене жақын. Өзі де көпбалалы отбасында өсті. Бұл күнде жасы тоқсанға жақындаған әкесі Салих ақсақал еңбек және соғыс ардагері. Марқұм анасы Қасенхан тоғыз баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірген, абзал жан еді.

Қоғамдағы әділетсіздікті, бәлкім, алғаш рет мектеп бітірерде бұларды қой бағуға алып қалғанда сезінген шығар. Үйіп-төгіп уәде беріп, оның соңын су аяғы құрдымға сіңіру сол дәуірдің салты еді ғой. «Қой бағуды тек қазақ жастарының ғана маңдайына жазып қойғаны қалай?» деген сауал Нұртайдың азаматтық дүниетанымын қалыптастыруда алғашқы аттаған баспалдағы іспетті. Өрімдей жастарды қой бағуға салайық деген қатігез шешім алдымен кімнің басына келді екен деп қайран қалмасқа шара жоқ. Тіпті, осы үндеу алдымен өз ішімізден, жоғарыға жағымпазданудан туған шығар. Нұртай, бәлкім, осы сұрақтардың жауабын Желтоқсан көтерілісі кезінде тапқан болар...

Нұртайдың бойындағы табандылықты қазіргі жастарға үлгі етуге болар деп ойлаймын. Алдына қойған мақсатына тынымсыз еңбекпен жетуге машықтанған ол жоғары білім алу үшін де талай тер төкті. Талабы мұқалып, қайта-қайта оқудан құлап қалса да, «қайтсем де жоғары білім аламын!» деген мақсатынан танған емес. Осы жолда бес жылын жоғалтса да, қайтпады.

Депутаттық мандатқа қол жеткізу үшін де ол өзінің он жыл уақытын арнады. Сол кезеңнің бәрі күреспен өтті, өзін-өзін шыңдау, қайрау, жетілдіру жолындағы жылдар еді. Нұртаймен жүргізген әңгімелерде журналистердің көбі оған «Сізге депутаттық не үшін қажет болды?» деген сауалды жиі қояды екен. Өйткені, депутаттық Нұртай үшін материалдық қажеттілік дей алмайсыз. Алматы Халық шаруашылығы институтын үздік бітірген ол өз мамандығының қыр-сырын меңгерген, білікті маман. ҚР аудиторы. Нарық заманының тынысын тез аңғарып, тез бейімделіп, өз ісін жолға қойып алған қазақтың бірі. Американдықтар «ақылды болсаң, неге кедейсің?» деп сауал қояды екен. Нарықтың алғашқы жылдарында көбіміз «бизнес» сөзін саудагерлік, алыпсатарлық деп қабылдағанымыз рас. Көп нәрсені түсінбедік, көп жағдайға көндіге алмадық. Дер кезінде кимылдамадық. Бұл кезде де тәуекелге бел буғандар, ұйқы-күлкі көрмей тынымсыз еңбек еткендер болды. Солардың бірі осы Нұртай еді.

Жоғарыдағыдай журналистер сұрағына ол әрдайым «депутаттық халыққа өз пайдамды көбірек тигізу үшін керек» деп жауап береді.

Желтоқсандықтардың тағдыры туралы мерзімді баспасөзде арагідік жазылып жатады. Қаншама жас қыршынынан қиылды, қаншама гүл сабағынан ерте үзілді, қаншама боздақ жазықсыз жапа шекті, оқудан, жұмыстан қуылып, сотталды...

Сол Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың бірі болғанын Нұртай Салихұлы Сабильянов өзі болған жердерде, кездесулерде, жүздесулерде үнемі айтады және сол арқылы мадақталуды, марапатталуды мақсат тұтпайды, қайта ұлттық намысты оятқан Желтоқсан көтерілісінің сабақтарын жас ұрпақ ұмытып кетпесе екен деп ұғындыруға, түсіндіруге тырысады.

Нұртай қызыл сөзбен қуырдақ қуырып, қолдан келмейтінді орындаймын деп, үйіп-төгіп уәде беретіндердің санатынан емес. Ол әрбір сөзін, уәдесін ісімен дәлелдеп келе жатыр. Мәселен, өзінің туған ауылы Шыңқожадағы Мәдениет үйін құлап қалған жерінен тік тұрғызып, қатарға қосты. Ауыл мектептерін компьютерлендіру туралы сөз басталғанда алғашқы болып туған ауылындағы орта мектептің сыныптарын компьютермен жабдықтап берді. Тек өз ауылы ғана емес, Шығыс Қазақстан облысындағы талай мектептерге, кітапханаларға, мешіттерге, мәдениет үйлеріне қол ұшын созды.

Нұртай Салихұлы бала десе ішкен асын жерге қояды. Ұзақ жылдар бойы Шығыс Қазақстан облысындағы Науалы, Көкпекті елді мекендеріндегі жетім балалар үйін қамқорлығына алып, олардың материалдық базасының нығаюына үлкен үлес қосып келеді. 1-маусым – Нұртайдың туған күні. Осы күн – Дүниежүзілік балаларды қорғау күні. Ол өзінің туған күнін жыл сайын жетім балаларға жәрдемдесу арқылы атап өтеді. Дастархан жайып, шарап ішіп, мақтау сөз естіп, шалқып-тасып өткізген емес. Көздері мөлтілдеген, бал тілді

балдырғандарға жеткенше асығып, солардың жүзіндегі қуанышқа кенеледі, жаны сүйсінеді. Ол балалар да Нұртайды туған әкелері келгендей қарсы алады.

Ұлттық айтыс өнерін асқақтатуға да қомақты үлес қосты. 2004 жылы қазақтың домбырасы Мәскеу төрінде күмбірледі деп мақтанар болсақ, бұл шараға да Нұртай Сабильянов аянып қалмады, барын салды. Ел қадірлеген азаматтардың мерейтойларына, тарихымызды жаңғырту жолында батырларымызға арнап берілетін ас пен мәдени шараларға демеуші іздесек, тағы да Нұртайды іздейміз. Жақында ғана Жазушылар одағының үйінде «Алматы. 1986. Желтоқсан» атты үш кітаптың тұсаукесері өтті. Соның 3-ші кітабы Нұртайдың демеушілігімен жарық көрді. Ол Желтоқсан көтерілісіне қатысты іс-шараларға әу бастан-ақ көмек қолын созып келеді. Спорт өнерінің жас қырандарын қолтықтан демеп, қанатының астына алып жүр. Жә... Нұртайдың жомарттығын санамалап тауыса алмаспыз. Жан-жағына шапағатын шашып, нұр құйып жүретін жан.

Нұртай Салихұлы III және IV шақырылымдағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Депутат болғаннан кейін сайлаушыларымен қарым-қатынасын бұрынғыдан да жақсарта түсті. Елден келген әрбір хатты елеусіз қалдырмай, халық үнін Парламенттің биік мінбері арқылы тиісті министрліктер мен ведомстволарға жеткізуден шаршамай келеді. Елге жиі шығады. Қалың бұқараның мұң-мұқтажын тындап, арыз-армандарын арқалап, Парламентке оралады. Таяуда ғана аз күндік демалысында тағы да Аякөз, Жарма, Үржар аудандарының қырық шақты елді мекеніне арнайы ат басын бұрып, ағайындардың тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көріп қайтты. «Әлемдегі дамыған, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан көрінеміз десек, ең алдымен, ауыл-селолардағы адамдардың тұрмысын түзеуіміз керек. Шенеуніктер кабинеттен шығып, елдің түкпір-түкпірін аралап, нақты жағдайды өз көздерімен көруі керек. Жалған ақпар жинаудан арылу керек. Ауыл – көмекке мұқтаж. Көптеген елді мекендерде жол қатынасы, ауыз су мәселесі, мектеп, тұрғын үй проблемалары шұғыл шешуді қажет етеді» – дейді Нұртай Салихұлы.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелердің қай-қайсысы да үнемі назарында. Жақында Мадридтен жеткен жақсы хабарға байланысты ол ойын былай жеткізді: «Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мүмкіндігіне ие болуы – әлемдік маңызы бар саяси әрі тарихи оқиға. Ұйымның негізгі үш бағытына – қауіпсіздік, экономика және гуманитарлық ынтымақтастыққа – Қазақстан өз тәжірибесі арқылы үлес қосып қана қоймай, әлемдік қауымдастықта еліміздің беделі, мәртебесі өсе түсетін болады. Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың зор еңбегінің жоғары бағалануы, жас мемлекетімізге әлемдік деңгейде көрсетілген үлкен сенім».

Міне, осыдан 21 жыл бұрын қар жастанып, мұз төсеніп, аты шулы Алаңда «Менің Елім!» деп ерлік жырын шырқаған жас өсті, өркендеді, тәуелсіз елінің тағдыршешті мәселелеріне өз үнін, өз дауысын қосатын дәрежеге жетті. Биліктің бір бұтағы – Парламент Үйінде халық аманатын арқалаған азамат отыр.

«Дала мен қала»,
2007 ж.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

«Журналист» газетінің тілшісі Құлман Сағатұлының «Журналист болу үшін ең алдымен не қажет?» деген сауалына жауап:

Журналист ең алдымен жазатын тақырыбын әбден зерттеуі тиіс. Яғни тақырыпты игеруі керек. Бұл үшін, әрине, жас тілшіге алғашқыда жетекшісі немесе ұстазы қандай бағыт-бағдар береді, істің сәтті сабақтасуы соған да байланысты. Осындайда бір кезде өзіме өмір бойы сабақ тұтқан бір жайт еске түседі. Сонау тілшілік қызметке енді ғана кірісетін балаң шақта тапсырма алайын, тақырып алайын деп «Лениншіл жас» газетіне ең алғаш барғанымда, ондағы білікті жас журналистердің бірі, бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Жанболат Аупбаев ойлана келіп, мені Топырақтану институтына жіберді. Жасыратыны жоқ, іштей «апырай, мына кісі тым бір қиын шаруаға жұмсады-ау! Анау-мынауың тісі бата бермейтін ондай жауапты істі қалай атқарамын» деп тіксініп те қалдым. Әйткенмен, шегінуге жол жоқ, «ойбай, Жәке, қолдан келмейді» деп ат-тонды ала қашуға және болмайды. Содан аталған оқу орны туралы мәлімет жинап, алдын-ала қаруланып алу үшін қазіргі Ұлттық кітапхананы бетке алдым. Мұнда бірталай отырып, Топырақтану институты мен осы мекеме

айналысатын ғылым саласымен тереңірек танысуға тура келді. Сөйтіп белгілі тақырыпты зерттеп, топырақтанудың не екенін бақайшағына дейін оқығаннан кейін ғана институтқа бардым, мақаламды жаздым дегендейін...

Бұл маған бір үлкен сабақ болғаны рас. Екінші рет Алматыға Аркадий Райкин келетін болды да, соны ести салып, атақты артиспен қалайда тілдесіп қалуға талаптандым. «Лениншіл жас» – білесіз, журналистердің ғажайып ұстаханасы. Онда жас журналистердің ұдайы ізденіп, бірінен-бірі асып түсуге тырысып, тосын тақырып іздеп, небір тың формалар тауып, шарқ ұрып жүретін салт бар еді. Мен де бір орайы келе қалған іске іштей масаттанып, апта бойы тағы да сол әйгілі артист туралы мақалалар мен оның берген сұхбаттарын оқып, осынау кең танымал адамның өмірбаянына, өнеріне қатысты тың деректер жинап, сала құлаш сұрақтарымды дайындап бардым. Бірақ үш күн бойы о кісімен жолыға алмай жүріп, ақыры қазіргі Республика сарайының сырт жағындағы қызметтік есіктің тұсындағы мыжырайған жаман ағаш орындықта отырып, сол кісіден жарты сағат сұхбат алғаным күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Расында оны басқа жерден ұстау мүмкін емес еді. Әйтеуір, ығытын тауып, репетициядан шығып бара жатқан жерінде ұстап, тілдесудің сәтін түсіруімді өзіндік бір ерлікке баласам да артық емес шығар.

Қызығы, мақалам дайындалып, «Лениншіл жастың» бетіне түсейін деп жатқан кезде Орталық Комитеттен «Райкин туралы бірде-бір мақала жарияланбасын» деген шұғыл нұсқау түсті де, «айды аспанға шығарам ба» деп үміттенген әлгі дүнием беттен алынып тасталды! «Сонда бір мақала үшін қаншама дайындалып тер төккенім, кейіпкермен кездесу үшін екі өкпемді қолға алып зыр жүгіріп, табан тоздырған қыруар еңбегім зая кетті-ау» деп қатты опынғаным да есімде.

Кейін «Халық кеңесі» газетінде жүргенімде шығардым соны. Қарап отырсам, арада он бір жыл өткеннен кейін жарық көріпті Райкин туралы әлгі мақала. Дегенмен, жаман дүние емес екен, ондай нәрсе бәрібір ескірмейтін көрінеді, он бір жылдан кейін барып бір-ақ жарияланса да қуандым іштей. Аркадий Райкинді әжептәуір-ақ зерттепін, оның айтқан әдемі ойларын тәуір-ақ кестелеген екем. Ең қымбаты да сол ойлар еді. Соны кезінде алып қалғаным үшін көңіл марқайды. Мұны айтып отырған себебім, журналиске ең бір керек қасиеттердің бірі – тақырыпты ізденіп жүріп табудың және оны ашу үшін көп зерттеудің пайдасыз болмайтынын еске салу ғой.

Одан соң журналистикада көп айтылып жүрсе де, ұдайы ескертуді қажет ететін тағы бір қағида – жас маманның белгілі бір салаға бейімделуі. Мысалы, біреу өнеркәсіп тақырыбына жазғанды ұнатады. Екінші біреу ауылшаруашылығы саласын немесе экономиканы қалайды, үшінші тілшінің оң жамбасына хабар-ошар, күнделікті өмірде болып жататын алып-ұшқан жаңалықтарды жеткізу келуі мүмкін. Бірақ адам осылардың біреуіне мейілінше бейімделгені ұтымды.

Жалпы, жастайыңнан-ақ өзіңнің қалаған тақырыбыңа көбірек барғаның жөн.

Әлгі әмбебап болып, барлық тақырыпқа да барамын деу кейде журналисті шаршатады. Әрине, жан-жақты болу жақсы. Бір қарағанда, оның артықшылықтары да көп болып көрінуі мүмкін. Дегенмен түптің-түбінде бәрі-бір ұтылыс табасыз. Себебі істі жетік білмегеннен кейін дайындық осал. Содан атүстілік пайда болады. Тақырып ашылмайды. Діттеген нәрсеге терең бойлап бара алмайсыз. Ал енді «алтын шыққан жерді белден қаз» демекші, белгілі бір саланың айналасында тұрақтап, оны терең дендей зерттеп дағдыланған адам өзі ұнатқан сол бағытта бірінен кейін бірін шығарып небір тартымды тақырыптарды аша беретін болады. Өз басым жиырма жылғы журналистік жұмысымда, негізінен, мәдениет, әдебиет, өнер тақырыбын қаузаған екем. Қарап отырсам, ұдайы театрмен, шығармашылық одақтармен көп байланыста жүргендіктен де шығар, осы негізде талай іс тындырған сияқтымын. Одан соң байқағаным, өнер мәңгілік болғандықтан ба, осы бағытта айтылатын әңгіме де жерде қалмайды екен. Тіпті, Әдебиет, Мәдениет, Өнерімізге қатысты кейбір сұхбаттардың өзі де кейін араға көп жылдар өткеннен кейін алып қарасаң, маңызын жоймайтын көрінеді. Оны қайталап еске алуға болады екен, қызығып оқуға болады екен.

Журналист үшін ең бір керек шаруаның бірі – іссапар. Өйткені, тек кабинетте отырып алып, жаза беру қисынға келмейді. Жұрттың бәрі ғұмыры теңізге түсіп көрмесе де, мұхиттар асты әлеміндегі небір таңғажайып оқиғаларды көзбен көріп, қолмен қойғандай суреттейтін Жюль Верн емес қой. Журналистке де керемет фантазия керек. Ондай таңғажайып қиял әлемі болса құба-құп. Бәрібір оған да қоса мына бүгінгі өмірдің бүлк-бүлк соққан қан тамырын қалтқысыз дөп басу үшін үнемі іссапарға шығып отырған жөн. Жолдар журналисті неше қилы

адамдермен кездестіреді. Түрлі оқиғалармен ұшырастырады. Соның қайнаған ортасында жүріп, ол өзінің көптеген тақырыбын табады.

Кезінде, негізінен, жастар газетінде еңбек еттім. Ол кезде журналистерге ұшақпен ұшып, мәселен, таңертең Алматыда отырсаң, түстен кейін Маңғыстауда жүретін жағдай болатын еді. Қазір де газеттердің жағдайы бірте-бірте түзеліп келе жатыр. Сондықтан журналистерді түрлі іссапарларға жиі-жиі жіберу газет үшін де, журналист үшін де тек пайдалы деп ойлаймын. Көп жүру керек.

Ең абай болатын нәрсе – жалған ақпарат бермеу керек. Ол үлкен қателікке ұрындырады. Жаңсақ ақпарат кейде байқамай беріліп қалуы мүмкін. Кейде елемендіктен немесе білместікпен де жарияланып кетуі ғажап емес. Мұндай олқылық журналистке де, оның газетіне де абырой әпермейді. Одан соң оқырманды аяу керек. Баспасөзге имандай сенетін көпшілікті сыйлау керек. Жалған ақпарат жарға жығады. Ешқашан да долбармен, «осылай болар-ау» деген жобамен хабар тарата салудан сақ болған жөн. Біле білсек, халықты алдау, оны шатастыру қылмысқа пара-пар. Кейбір тілшілердің өз пікірін, жеке көзқарасын дүбәра ақпарат арқылы таратып жіберетін сәттері кездеседі. Өз басым ондайға қарсымын. Өзің әбден көзің жетпеген нәрсені жеті рет өлшеп, соның анық-қанығына көзіңді жеткізбей тұрып жұртқа шығаруға мүлде болмайды деп есептеймін.

«Журналист»,
2007 ж.

АҚ ҚАЙЫҢДАР АЙМАҒЫНДА

Жаздың жайсаң шағында сапарға шығу да бір ғанибет. Бағытымыз – Қызылжар өңірі, Солтүстік Қазақстан.

Қызылжар өңірі дегенде, ең алдымен, Қожаберген жырау, Сегіз Сері, Ақан Сері, Біржан Сал, Үкілі Ыбырай, Шал ақын, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шаймерденов, т.б. ұлт мақтанышына айналған арыстардың есімдері ойға оралады.

Шоғыр-шоғыр ақ қайыңдар мен қарағайлар, ең дәулет егінжай алқаптары, шарайна көлдер – өзгеше сұлу табиғатты көргенде көз арбалып, көңіл алабұртады.

Осы өлкеге талай рет жолым түссе де, алғаш рет келіп тұрғандай, керім әсер құшағына бөленемін.

Сапарластарым – ақындар Байбота Қошым Ноғай, Болат Шарахымбай, Алмат Исәділ бұл туралы кітаптан оқып-білгендерін, көзбен көріп, көңілге тоқуда. Сапар мақсаты – ел мен жерге тағзым, Елбасының халыққа Жолдауында айқындалған бағыт-бағдарларды байыптау, Президент Әкімшілігінің “Ауылға көмек” мәдени шарасы аясында Жазушылар одағының тапсырмасына орай оқырмандармен жүздесу, ойға тиек, қиялға тиянақ табу.

Бұл облыс тұрғындарының құрамы патшалық Ресейдің, кеңестік идеологияның қысым-ықпалымен көп өзгеріске ұшырағаны тарихтан белгілі. Қазақ ауылдарының, бүйірдегі бөлімшелердің проблемалары кешегі кеңестік дәуірде шетке ысырылып тасталғанына талай куә болдық. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қиындықтар мен ауыртпалықтарды бірте-бірте артқа тастаған солтүстікқазақстандықтар да еңсе тіктей бастады. Экономикадағы ілгерілеу әлеуметтік әлеуеттің де жоғарылауына жағдай жасауда. Осы орайда облыс әкімі Тайыр Мансұровтың мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің дамуын қолдауға байланысты атқарып отырған жұмыстары құптарлық. Облыс әкімінің 2004 жылдан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері үшін арнайы гранттар тағайындауы – сөзден іске көшудің нақты дәлелі. Қазіргі кезде 750 үздік ұстаз мемлекеттік тілді оқытып-үйретудегі озық еңбектеріне сай осы гранттың иегерлері екен. Сондай-ақ, Петропавл қаласында 2005 жылы ашылған 280 орындық “Айгөлек” балабақшасы көптеген ұлт өкілдерінің балаларын мемлекеттік тілде оқытуға, тәрбиелеуге оң қадам жасауымен қолдау табуда. Басқа ұлт өкілдері өздерінің балаларына қазақ тілін басымырақ оқытып-үйреткісі келсе, осы балабақшаға әкеледі. Бұған “Мінеки, мемлекеттік тілге нағыз қамқорлық деген осы” деп Елбасының өзі жоғары баға берген.

Облыс әкімі Тайыр Мансұровтың қабылдауында болғанымызда ел, жер тарихына, ұлт, тіл тағдырына қатысты келелі ойлар қозғалды. Атқарылмақшы кешенді бағдарламалар жайы сөз болды.

Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның Сарытомар аулында “Мағжан оқулары” өтті. “Мағжан оқуларын” аудандық, облыстық деңгейден де жоғарылатып, республикалық дәрежеге көтеру қажет екендігіне назар аудартқымыз келеді.

Шоқанның, Мағжанның, Сәбиттің, Ғабиттің ауылдарындағы мұражайларын алдағы уақытта аудан орталықтарына көшіру жөнінде облыстық баспасөзде пікірлер қылаң беріп жүр екен. Ойланатын мәселе. Өйткені шағын ауылдардың, шағын елді мекендердің болашағы қалай болады, соған байланысты аталмыш мұражайларды сақтап қалу жайын да ертерек ойластырған жөн.

Облыстық “Солтүстік Қазақстан” газеті редакциясының жаңа мекен-жайға көшіп келгенінің куәсі болдық. Еңселі ғимаратқа ене берістегі биік баспалдақтар жоғарыға бастап барады. Редакция бөлмелері қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Қазақ журналистерінің мерей-мәртебелері өсе түскендей. Облыстағы оң өзгерістердің бұл да бір белгісі деп білдік. Газеттің бас редакторы Жарасбай Сүлейменов облыс әкіміне деген шексіз ризашылықтарын айтып жеткізе алмады.

Дегенмен, оқырмандар ақын-жазушылармен кездесу кештерін өткізуден алшақтап кеткені байқалады. Енді, бұл байланысты қайтадан жандандыру ісі дер кезінде қолға алына бастағаны дәтке қуат.

Қазақ Радиосынан “Қызылжар-Семей” әні орындалып жатты. Халықтың өзі қос қаланың атын қатар қойып әнге қосқан екен-ау! “Петропавл” келесі келгенде “Қызылжар” қаласы болып қарсы алса, қанеки!” деп аттандық біз ақ қайыңдар аймағынан.

«Әдебиет айдыны»,
2007 ж.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

“Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасы – мемлекетіміздің нығаюына, еліміздің экономикалық өрлеуіне, халқымыздың әл-ауқатының жақсаруына, мәдениеті, білімі, өнерінің өркендеуіне бағытталған бас жоспар болғаны анық.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы ауыртпалықты кезеңдерді, тауар тапшылығын, өнеркәсіп орындарының шатқаяқтап, тұрмыс-тіршілігіміздің тығырыққа тірелгенін ұмыта қойған жоқпыз. Экономикалық дағдарыстармен қатар рухани дағдарыстарды да бастан өткердік.

Тәуелсіздікке қол жеткізу тарихи жадымызды жаңғыртып, өткенге, бүгінге және болашаққа жаңа көзқарастарды қалыптастыруға ұмтылдырды. Тарих жылы, мәдениет жылы, білім жылы деген сияқты ерекше екіпін түсіре әлеуметтік әлеуетімізді бағамдау қажеттілік еді. Сонымен қатар ел дамуының бағыт-бағдарларын айқындайтын қаншама жоспарлар дүниеге келіп жатса да соның ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың осы “Қазақстан – 2030” Стратегиясы, оның негізінен жеті түрлі ұзақ мерзімді басымдықтары тек теория жүзінде қалып қоймай, нақты өмірімізде жүзеге аса бастағанына соңғы 10 жылда нақты көз жеткіздік. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” Стратегиясының 10 жылдығына арналған конференцияда (12 қазан, 2007 ж., Астана) сөйлеген сөзінде: “Он жылда өзге елдер бірнеше он жылда жетпеген биіктерге қол жеткіздік. Стратегия бізге жарқын жеңістер мен тамаша табыстар әкелді. Қазақстан тәуелсіздік тарихын қатар бастаған өзге ТМД елдерінің алдына шықты. Әлемдік деңгейдегі өркениетті елдермен бой теңестіре бастадық [1]” – деуі алға қойған мақсат пен атқарылған жұмыстардың нәтижелілігінің айғағы.

1997-2007 жылдар аралығында елімізде 388 мектеп салынып, пайдалануға беріліпті. Қаншама кітапханалар, мұражайлар ашылды. Мектептер, кітапханалар, мұражайлар туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, жас ұрпақ тәрбиесі, білімі мен өнегесі қандай деңгейде деген сауал ойға оралады. Мектептердің компьютерлендірілуі, интернетке қосылуы, білім сапасын жақсартуға бағытталған ізденістер үнемі назарда. Сондай-ақ мектептер мен мұражайлар арасындағы байланысты жақсартуға біз үнемі мүдделіміз. Себебі, мұражайлардың басты тірегі де осы мектеп оқушылары мен студенттер. Әдеби-мемориалдық мұражайлардың қатары да көбейіп келеді. Мәселен, Семейде – Абайдың, Ф.М.Достоевскийдің, Астанада – Сәкен Сейфуллиннің, Алматыда – Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ахмет

Байтұрсынұлының, Қарасазда – Мұқағали Мақатаевтың, Талдықорғанда – Ілияс Жансүгіровтің, т.б.

Әдеби мұражайлар мектептермен тығыз байланыста болмаса, тіпті, мектептің оқу бағдарламаларына сәйкес қызмет түрін ойластырмаса уақыт, заман талабынан тысқары қалуы мүмкін. Мәселен, қазақ әдебиетінің классиктері Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығына мектеп бағдарламасында қай сыныпта қанша сағат бөлінгенін, ол оқу жылының қай айында өтілетінін де ескеріп отырамыз. Мұражай кешенінде “Сәбит Мұқанов шығармашылығы қалай оқытылуда?”, “Ғабит Мүсіреповтің еңбектеріне қалай көңіл бөлінуде?” деген тақырыпта “дөңгелек стол” ұйымдастырып, ғалымдардың, әдебиет пен қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің ой-пікір алмасуын өткізгендегі мақсат – қайтсек қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы алыптарын ХХІ ғасырдағы жас ұрпақ зердесіне ұялатамыз, танытамыз, насихаттаймыз деген ниеттен туындаған еді. Бұл бір ғана мысал.

Профессор Әбдеш Қалмырзаев “Адам шындықты өз санасымен қабылдап, сезініп, белгілі бір ой елегінен өткізіп, оған деген өз қатынасын идеялар арқылы білдіреді. Осы идеялардың жиынтығы идеологияны құрайды. Яғни, идеология өмір ақиқатын тануға жетелейді. Кез келген асыл мұратты іске асыру үшін оны танып-біліп, іштей толық сезіну керек. Сол тану көзқарастар мен идеялар жиынтығын қажет етеді. Кез келген адам немесе көпшілік қауым өз мұратын, мақсатын жете айқындай алмаса, оны жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін де көзге елестете алмайды. Тану адамның өз ақыл-ойын, өмір туралы түсінігін нақты іске, шындыққа айналдыруының бірінші басқышы” [2] – дейді.

Осы тұрғыдан қарағанда “Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасы жалпы ұлттық идеяға қызмет ететін, болашақты болжаған және нақты нысаналарды айқындаған құжат болғаны анық.

4-ұзақ мерзімді басымдық “Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты” деп аталған болатын. Әлеуметтік саланың даму деңгейі төмен болса, онда халықтың әл-ауқаты жақсарып кетті деп айту да қиын. Халықтың денсаулығы, білім-ғылымы, мәдениеті мен өнері экономикалық ілгерілеуге тікелей тәуелді. Ел экономикасы дұрыс даму жолына түскеннен кейін ғана әлеуметтік дамудың сан-сала проблемалары шешімін таба бастады. Бұл Стратегиялық бағдарламаның оңды нәтижеге жетуді дұрыс жоспарлағанын көрсетеді. Әрбір жаңадан ашылған мектеп, әрбір қалпына келтірілген кітапхана, әрбір қабырғасы қаланған мұражай қыруар қаржы бөлу арқылы жүзеге асады. Нарықты экономикаға көшу жағдайында тап болған қиындықтар да бірте-бірте еңсеріле бастауы дәтке қуат.

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаевтың “...бүгінгідей кірпияз дүниеде Қазақстанның аяқ алысына таңырқайтындар да, тамсанатындар да тіпті қаралай қыстығатындар да табылып жатыр. Алайда, елемейтін, ескермейтін енжарлық байқалмайды. Демек, дүние дүрлігіп, замана құбылып, бұрын-соңды аяқ баспаған тосын өлкенің тосқауыл белестері мен қатерлі өткелдерінен тайсалмай алға басып келе жатқан азат көшіміздің тізгіні берік қолда, бағыты айқын жолда деген сөз” [3] – деуінде қапысыз ақиқаттың жатқаны анық.

“Қазақстан – 2030” Стратегиясының қабылданғанына 10 жылдан асып барады. Ендеше, барымыз бен жоғымызды, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды түгендеп қарағанның өзінде, тек қана ілгерілеп келе жатқан, тек қана биік баспалдақтармен жоғарылап келе жатқан даму қарқынымызға көңіл тоғаяды. Бірақ, бұл тоқмейілсуге, жеткен жетістіктерімізді асыра бағалауға апармауы керек. Өйткені, өркениетке ұмтылған елдің алар асулары, шығар биіктері әрдайым алда тұрмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан – 2030” Стратегиясы іс үстінде: табыстың он жылы // Егемен Қазақстан – 2007. – 13 қазан. – 1-2 б.б.
2. Қалмырзаев Ә. Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған. – Алматы: Ғылым, 1998. 243 б.
3. Кекілбаев Ә. Тәуелсіздік толғауы. Кітапта: Тәуелсіздік толғауы. – Астана, 2002. – 51 б.

2007 ж.

«БІР СӘТ ЖӘНЕ БҮКІЛ ҒҰМЫР»
(Телехабардан)

СӘБИТТІҢ СҰЛУШАШЫ

Әділғазы Қайырбеков, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты: Бұл суреттің өте қызық тарихы бар. Мәриям Қожахметқызы Сәбит Мұқановқа 16 жасында тұрмысқа шығады. Бұл 1926 жыл. Сәбит Мұқанов өзінің ең бір әдемі, күрделі туындысы «Сұлушаш» поэмасын жазуға кіріскен болатын. Осы «Сұлушаш» поэмасын жазу үстінде Сұлушаштың көркем бейнесін кестелеу кезінде өзінің қарсы алдында, қасында отырған Мәриямның сұлулығын, суретін жаңағы поэмаға көшірмеуі мүмкін емес сияқты. Оған бір себеп, поэманың басты кейіпкерінің аты Сұлушаш болса, сол кезде 16 жастағы Мәриямның да шашы тізесінен түскен, сондай керемет, қазақтың кәдімгі ауылда өсіп келген қызының тамаша бейнесі болатын. Мәселен, «16-ға келгенде қыздың жасы, төгіліп тізесіне түсті шашы, қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп, қиылды қап-қара боп қиғаш қасы», бұл Сұлушаштың да суреті, әрі сол кездегі Мәриямның да суреті деп білеміз. Енді ХХғ. басында, әрине, қазақ зиялыларының арасында суретке түсу дәстүрі болған, бірақ сапалы, көркем суреттің жөні бөлек еді. Суретке Мәриям түсетін жылдары Сәбең Мәскеуде «қызыл профессура» институтында оқып жүрген болатын. Отбасын, екі ұлын қасына алдырған. Сонда Мәриямның тамаша суретін мәңгілік есте қалдырғысы келген болу керек. Бір күні арнайы фотостудияға оны ертіп апарып, суретке түсірген. Және түсіргенде тек қана кеудесінен ғана емес, тұла бойын түгел алып, түрегеліп тұрған қалпында, шашын тілерсегіне дейін дегендей, әдемі түсірілген сурет. Бұл енді қазақ қыздарының кәдімгі сол жылдардағы бейнесі, қазіргі кезде бұрымды қыздарды көшеден көру қиын, бірен-саран кездесіп қалса, оның өзі тіпті жұрттың бәрі тұра қалып қарайтындай. Бір қызық жағдай болды, осы қаладағы қазіргі «Целинный» кинотеатрына қарама-қарсы қазақ мектебі бар. Осы мектепте кездесу болды, Сәбеңнің 100 жылдығы қарсаңында. Сонда Мәриям апайды алып барды. Содан сол мектептің мұғалимасы кешті жүргізді. Сол қыздың төгілген шашы, Мәриямның жас кезін өзінің есіне түсіргендей болды, апай қатты толқыды. Тіпті шыдай алмай, сол қызға бүкіл жүргізген кеші үшін рақмет айтты, қолаң шашы үшін рақмет айтты, соны қима деген өтініш айтты батасын берді.

Бұл суреттің келісті шыққаны сондай, бұл кезінде жеке отбасылық альбомда қалған сурет екен. 1978 жылы Сәбит Мұқановтың музейі ашылар қарсаңында музейдің директоры Хакім Бекішев деген кісі суретті көреді де, осыны музейге қоюды ойлайды, музейге қою үшін оны үлкейту керек болады. Сол үшін оны арнайы тапсырыспен екі дана етіп үлкейтіп, үлкен әдемі рамаға салып, біреуін музейге қояды да, екіншісін Мәриям апайдың өзіне сыйлайды. Сөйтіп, қазір мына біздің мұражайда тұрған әдемі сурет, сол музей ашылар кездегі үлкейтілген сурет.

1943 жыл, соғыстың күйіп тұрған кезі, Алматыға Мәскеуден, Ленинградтан көптеген өнер адамдары, жазушылар келгені белгілі. Олар осында біраз уақыт соғыс біткенше тұрған. Сол жылдарда Алексей Толстой да өзінің отбасымен осы Алматыға көшіп келеді. Алексей Толстоймен Мұхтар Әуезов те, Сәбит Мұқанов та жақсы қарым-қатынаста болады. Бірде Сәбит Мұқановтың үйінде қонақта отырып, Алексей Толстой Мәриям Қожахметқызының шашына қатты қызығады. Сөйтеді де, бірге суретке түсуді ұсынады. Бірақ фотографтың кім екені белгісіз, мүмкін өзімен бірге келген фотограф па, жоқ, осы алматылық фотограф па, әйтеуір не керек, өте сирек фотосурет дүниеге келеді. Алексей Толстой Мәриямның тізесінен түскен әдемі шашын мойнына бірнеше рет шарф сияқты орап, суретке түседі. Бұл суретке Мәриям апай да қатты қызығып, өзі сақтап жүреді екен, бірақ кейін айырылып қалдым дейді, қалай жоғалтқанымды білмеймін, бірақ бұл суретті жоғалтқанымға қатты өкінем дейді. Бұл шынында да, сирек сурет болғандықтан, бәлкім, мүмкін Алексей Толстойдың мұрағатында жатыр ма, мүмкін осы Алматыдағы біреулердің мұрағатында сақтаулы ма, егер ол сурет біздің мұражайға қайтып оралатын болса, құнды экспонаттардың біреуі болар еді. Ол сурет Мәриямның 1933 жылы Мәскеуде түскен суреті сияқты құнды сурет болар еді. Мәриям өзі байдың қызы, қанша дегенмен еркелеу болып өскендіктен, орашалақтау болған ғой. Үлкен шаш өруге оңайлықпен көнбейді, оны баптап күту де оңай емес, содан бір күні Сәбең Қызылордадағы базарға Мәриямды ертіп апарды. Бір қымыз сатып отырған әйелді көрсетіп: «мына кісіден күнәра келіп қымыз аласың, ол қымызбен шашыңды жуып отырасың» дейді. Шашты баптап, күтіп сақтауға қымыздың көп көмегі тиетінін біреуден естисе керек Сәбең, сөйтіп Мәриям үлкен, қолаң шашын қымызбен жуып, Қызылордада тұрғанда баптап күткен екен. Мәриям болса ауылдың қызы, тап-таза, пәк күйінде Сәбеңнің алақанына келіп қона қалды. Содан кейін бұдан

арғы жағдайда, Сәбең өзінің жарын күн сайын тәрбиелеп отырған. Ол шашты қойып, күтуіне дейін, үстіне киетін көйлегі мен түр-түсіне дейін қадағалаған. Бұл туралы Мәриям апайдың естелігінде бар. Сәбең қызыл көйлек киюді онша дұрыс көрмеген, ол Шал ақынның өлеңін мысалға келтіріп, қызыл көйлектің соншалықты әйелдерді байсалды көрсетпейтінін айтып отырған. Бірде апай қызыл асыл мата сатып алып, көйлек тіктіріп киеді, Сәбең ұнатпағаннан кейін, Мәриям апай ауылданк елген ағайындарына беріп жібереді де, сөйтіп өмір бойы қайтып қызыл көйлек кимейтін болған.

Сурет болып, поэмаға көшкен Сұлушаштың бейнесі – Мәриямның бейнесі. Өйткені қанша дегенмен қиялдан сурет жасау деген қиын ғой, сол қиялдағы суретті ақын өз қиялындағы аруға да айналдырып жібереді. Сонда бұл сурет Сұлушаш пен Мәриямның арасындағы керемет байланыс сияқты. Бұл жөнінде Сәбеңнің тұстастары да, одан кейінгі Сәбит Мұқановтың шығармашылығын зерттеген адамдар да Сұлушаш туралы айтқанк езде ойларында әрдайым Сәбеңнің сүйікті жары Мәриям тұрады деп ойлаймын.

Бейбіт Құсанбектің «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» атты кітабынан. Алматы, Паритет, 2012 ж.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ПЕН ЖАН ЖАРЫ МӘРИЯМ

Мәриям Мұқанкеліні: Біз 1926 жылы үйлендік. Арада кісі болады ғой, бір-бірін таныстырып жүретін. Бір Абылайқажы деген кісі, бізге туыс болады, әкелерімізбен әкесі бірге туысқан. Сол кісі Сәбитпен таныс кісі. Өйткені ол Сәбиттің ең алғашқы оқуына жәрдемдескен кісі. Айтқанын қимадым, әкеміз сияқты жақсы көретін кісі еді, өзі оқыған адам. Ол кезде кеңес үкіметі жаңадан басталып жатқан кезі ғой, 1926 жылы. Сосын мен сол кісінің ақылымен бір ауыз сөзін қимадым. Сәбитке қосылуға себеп болған сол кісі. 16 жаста келдім, сосын үй шаруасын білмейтін кісімін, ауқатты кісінің қызымын, еркелеу боп өстім. Бірақ сол еркелікті бұл кісі көтерді, мені еркелетіп ұстады. Мені еркелетіп, өзі қамқорлық көрсетіп, білмегенімді айтып отыратын адам болды.

Әділғазы Қайырбеков: Мәриям апайдың жас кезіндегі ғажайып суреті сақталған, біздің қорда. Ол суретте ұзын, қолаң шашы, тілерсектен төмен түскен, кәдімгі керемет сурет. Осы суретке қарап отырып, кейде көп әңгіме тарқатылады. Апапай бірде осы қолаң шашының «Сұлушаш» поэмасын жазып жүргенде Сәбеңе кәдімгідей әсері, көмегі болғанын айтқаны бар. Өйткені мына суретке қарап отырып, шынында да, Сұлушаш осындай болар-ау деп, өзіміз жобалаймыз. Сол сияқты, сонау эвакуация жылдары, соғыстың кезінде Алматыда көптеген Ресейдің белгілі, атақты жазушылары, өнер-мәдениет саласының адамдары болған, солардың ішінде атақтысы Алексей Толстой Сәбеңнің үйінде қонақта болып, сонда Мәриям апайдың шашына қызығып, оны мойнына орап, суретке түскені бар. Сол сияқты Алексей Толстойдың Сәбеңе қалжындап, осындай жақсы жұбайды қайдан тауып алғансыз деп, әзілдейтіні бар.

Мәриям Мұқанкеліні: Ол кісі жас кезінде шылым шегіпті. Мен келгенде шылым шегетін еді, шылым болмаса, насыбай ататын. Қызылорданың насыбайы бар ғой, содан. Бұл кісі Ленинградқа 1928 жылы оқуға кетті. Мен келгенде Рабфак қана бітірген кісі ғой. Енді оқығысы келді де, Ленинградқа оқуға кетті, ал қыста менің үлкен балам бар, кішкентай, 1 жаста. Біз ауылда қалдық, баламыз екеуіміз. Бір немере інісі бар еді, сонда қалдық. Бізді алып кетуге қайыра келгенде Сәбитте шылым да жоқ, насыбай да жоқ. Сосын мен сұрадым: «Сен шылым тартпайсың ба?» – деп, – Жоқ, тартпаймын, оның бәрін тастадым, маған ұят сияқты көрінді», – деді. Сонымен, 1928 жылы насыбайдан да, шылымнан да айырылды. Содан аузына алған жоқ. Біздің уақытымызда шарапты ондай көп іше бермейтін. Мына Сәкен Сейфуллин бәрі қонақта отырады, сонда бөтелкелерді қойып қояды, соған жай еріндерін ғана тигізіп қояды, бірақ құмарланып арақ ішкендерін көрмедім. Ал бертінде, соғыстан кейін жұрт арақ ішетін болды ғой. Ол кезде де Сәбит арақ ішіп, құмарлықпен ішпейді енді, біреу шақырса 1-2 рәмке ішеді, жай отыруға болмайды ғой. Жұрт сияқты карта ойнап, анда-мында қыдырып жүруді ол кісі білмеген.

Әділғазы Қайырбеков: Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірді, Сәбең Мәриям апай екеуі. Соның ішінде үлкені Арыстаны, тура Сәбеңнің жасында 73 жасында дүниеден озды. Ол кісі де аңқылдаған, әкесі сияқты, аузын ашса, жүрегі көрінетін, сондай ғажап кісі еді. Ол кісінің мамандығы өнертапқыштық жағы. Одан кейінгі бүкіл халық біледі, Марат деген ұлдары,

белгілі тарихшы, этнограф. Ол кісінің қыруар еңбектері бар. Тарих, этнография саласында. Оның үстіне бұл кісі Сәбеңнің қолжазбаларын, кітаптарын, солардың бәрін реттеп, тізбесін жасап, өте ұқыптылықпен, қолжазбасының ретінмен, жылдар бойынша атқарып кеткен кісі. Ал енді Ботажан деген ұлы, мамандығы бойынша биолог болатын. Бұл 3 ұл да қазір жоқ, дүниеден озып кетті. Енді Алтай деген ағамыз, Сәбеңнің 100 жылдық тойында, басы-қасында бірге жүрді. Негізінен әскери маман, қазір отставкадағы полковник. Ал қыздары Баян мен Жанна, біреуі химик, біреуі дәрігер.

Мәриям Мұқан келіні: Жылына екі рет курортқа апаратын еді. «Курортқа барайық, осы сен шаршайсың, үйден ыңғайы осы. Менің күтімім бар, бала-шағаң бар, келім-кетім кісілер бар» деп, жанынан тастамай, курортқа жылына 2 рет баратынбыз. Жазда бір барсақ, күзде бір баратын едік. Сөйтп, мені аяп, өзінше құрмет жасап тұратын. «Енді жетпіске келдің ғой, жұмыс істеме» дедім. «Енді беретініңді бердің, жазатыныңды жаздың халыққа, енді демалу керек қой» десем, күлетін маған қарап, «мен қалай потолокқа қарап жатам» деп. Жұмыс істеп үйренген кісі ғой, отырмайды. Не кітап оқиды, не журнал-газеттерді қарайды. Біз төрт мыңдай кітап тапсырдық. Сол кітаптарды тапсырғанда, ашып, бәрін қарап жатыр ғой, сонда Сәбиттің қолтаңбасы түспеген кітап жоқ. Оған қалай шамасының жеткенін қайдам. Сондай еңбекқор кісі еді.

Әділғазы Қайырбеков: Сәбеңнің ең үлкен бақыты – өмірлік жарын Мәриям апай сияқты ғажап адамды табуында болса керек. бұл кісілер 47 жыл бірге отасқан. Сол жарты ғасырға жуық уақытта ғажап өмір кешкен.

Бейбіт Құсанбектің «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» атты кітабынан. Алматы, Паритет, 2012 ж.

АКТЕР ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ ПЕН ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

Әділғазы Қайырбеков, ақын, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры: Ғабеңнің 1928 жылы Көкшетауда Орман техникумында атқа мініп ең алғашқы фотосуреті сақталған. Бұл өзі қызық, нышандық мәні бар сурет. Өйткені Ғабеңнің үлкен әдебиетке бет бұруы, алғашқы «Тулаған толқында» шығармасының жарық көруі, Биғаңның ақыл-кеңесін алып, кәдімгі жазушылық жолға бет бұруы осы 1928 жылдан басталады. Ал сол 1928 жылдағы атқа мініп түскен фотосуреті Ғабеңнің кәдімгі пыраққа мініп, үлкен өнер жолына аттанайын деп тұрғандығын аңғартады. Сол сияқты Ғабеңнің көптеген өнер адамдарымен, театр қайраткерлерімен түскен фотосуреттері сақталған. Оның ішінде, Қалибекпен, Брусиловскиймен, тағы басқа көптеген, бүгін мына көп өмірі театрмен байланысты, опера және балет театрының әртістерімен түскен фотосуреттері көп сақталған.

Маман Байсеркенов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор: Мен Қаллекиді көрген адаммын. Қаллекиді өмірде де қолын алып сәлем бердім, сахнада да көрдім. Бұл кісіні Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Абыз ролінде көрдім. Бұл кісінің жойқындығы сондай, сахна ашылғанда, жалғыз жартастың түбінде қобызымен күңіреніп Абыз отыратын. Сонда үлкен сахнада жалғыз Қалибектің өзі кәдімгі 100 қаралы болып көрінетін. Біз сонда ойлайтынбыз, қалай сахна толып кетеді, сахнада отырған адам біреу-ақ, актер біреу, бірақ сахнада 100 қаралы адам жүргендей әсер қалдыратын. Соны кейін есейгенде, көз жүгіртіп, талдап қарап отырсақ, ана кісінің талантының шуағы, талантының шапағы, талантының арайы екен ғой, ал қазір кейде қарап отырсақ, бір спектакльде 15-20 шақты адамдар жүреді, соның өзі бір адам секілді көрінбейді. Міне, Қалибектің құдіреті, таланты осындай еді. жалғыз өзі қол бастаған батырдай боп отыратын. Өзі тұлғалы, ірі кесек адам еді ғой.

Әділғазы Қайырбеков: Ғабеңнің ана туралы, ана тақырыбына жазылған әңгімелері бір сала да, соның бәрі ақыры құйылып, ең соңында «Ұлпан» атты үлкен романға ұласатындығы белгілі. «Ұлпан» қазақ әдебиетіне олжа салған үлкен туынды. Бұл Ғабеңнің өзі айтпақшы, «Менің Моно Лизам» дейді ғой, кәдімгі өзінің бір үлкен әйел бейнесін жасаудағы ұзақ жылдардағы бір арманын, аңсарын жеткізетін өте күрделі, өте көркем жазылған шығарма. Сол сияқты Ғабеңнің тағдырлы да шығармалары бар, оның ішінде «Қазақ солдатын» айтуға болады, Ғабең өзі соғысқа қатыспаса да «Қазақ солдаты» дейтін романы 1941-1945 жылдардағы қаһарлы соғысты, сол соғысқа қатысқан қазақ жауынгерінің бейнесін сомдаған, бұл өзі бір жағынан

деректі дүние, өйткені «Қазақ солдатын» көп оқырман, жұртшылық білуге тиіс. Басты кейіпкер – Қайырғали Смағұлов. Тарихта бар, ұзақ жылдар бойы Ғабенмен әңгімелесіп, ақыл-кеңес алып тұрған, тіпті осы Қайырғалидың майданда жазған хатына шейін экспозицияға қойдық. «Қазақ солдатының» бірнеше нұсқалары тұр.

Маман Байсеркенов: Одан кейін мен Шекспирдің Баттист рөлін көрдім. Бұл ғажап дүние, өзі Шекспир, ақ өлеңмен жазылған, одан кейін бұл өзі қазақ топырағының тұлғасы емес, ол анау италия елінің, италия жұртының кейіпкері. Соны, сол итальянның тонын киіп, итальянның шапанын жауып ойнаған кезде, мен Қалекенге таң қалатынмын. Бұл қайдан келген білім?! Ал алып қарайтын болсақ, Қалекеннің өзі өнер мектебінің босағасын аттамаған, есігін ашпаған адам. Сахна өнерінде бұл кісі сауатсыз деп айтуға толық құқымыз бар. Ал, сөйте тұра, Қалекен әлемдік-классикалық кейіпкерлердің үлгісін сомдап кеткен адам.

Әділғазы Қайырбеков: Ғабен өзі көбінесе қарындашпен жұмыс істеген. Мына біздің жазушылардың ішінде кезінде Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиі бойынша төте жазуды үйреніп, содан өмір бойы ажырамай өткен адамдар бар, Мұхтар Әуезов те, Сәбит Мұқанов та, Ғабит Мүсірепов те осы жазумен жазған. Қазіргі музейдегі қолжазбалардың көбісі сол төте жазумен жазылған жазулар. Ал енді Ғабеннің шығармасын қарап отырсаң, адам таңқаларлық нәрсе, онда небір артық сөз, небір шимайланған сөйлем, не болмаса түзетілген әріп жоқ, бәрі де маржандай тізілген. Оның себебі, Ғабен қарындашпен жазған және жанында өшіргіші тұрған. Егер де бір сөзді ауыстырғысы келсе, немесе сызып тастап қайта жазғысы келсе, ол кісі өшіріп тастап, орнына маржандай, тап-таза күйінде қайтадан жазып отырған. Сонда былайша айтқанда, Ғабеннің қолжазбаларының ішінде екінші вариант, үшінші вариант дегендер жоқ, тек қана бір вариант, оның өзі маржандай тізілген, ең соңғы нұсқа, ең соңғы кітаптың баспаға тапсыратын нұсқасы осы күйінде сақталған.

Маман Байсеркенов: Бұл кісі тұңғыш рет, 1940 жылдар болу керек, орта шені болар, Гогольдің «Ревизорында» дуанбасыны ойнаған. Ол кезде Мәскеуде кіші театр мен МХАТ көркем театр екеуі қабат қойып, сол жақта сәтсіздікке ұшырап жатқан. Сонда дақырт тараған, ойбай, мына Қазақстанда «Ревизорды» керемет шығарыпты, дуанбасы деген сұмдық деп айтады деп, Мәскеуден арнайы комиссия келіп көрген ғой. Сонда қараңыз, кәдімгі орыстың жемқор, мансапқор, қомағай, бір үлкен өңірдің дуанбасын сомдаған. Ал Қалекеннің өзі орысша білмеген адам ғой, таза қазақ, сонда тілмаш арқылы Қалекеннен сұрағаны ғой, сіз мына образды қалай жасадыңыз дегенде, Қалекеннің айтқан жауабы: «әй, мен бұлардың барлығын анау Қоянды жәрменкесінен көргем» – леп айтты дейді.

Әділғазы Қайырбеков: Ғабеннің хоббиі жөнінде де көпшілік жұрт білгісі келеді, замандас тұстастары біледі де. Ғабеннің өзі өмірде бильярд ойнауға ден қойған адам. Өмірдің аяғына дейін қатты қызығып ойнаған, қазіргі музейінде Ғабеннің өзі қолына ұстаған кийі сақтаулы тұр. Ғабеннің тағы бір хоббиі, қолы боста таяқ жону, шоқпар жону. Бұл өзі өте қызық әуестік болған, Ғабен үшін аңшылық, қолы боста құс ату деген сияқты, көл жағасында демалуды ұнатқан. Ол жөнінде де тұстастары жазып қалдырған естеліктері мол.

Маман Байсеркенов: мынау «самородок» деген сөз бар. Ұлы ақын Абай да осы «самородокты» қатты қолданады. Бұл Қалибек Қуанышбаев – сол мың жылдың ішінде бір өмірге туа салған «самородок» актерлердің бірі.

Бейбіт Құсанбектің «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» атты кітабынан. Алматы, Паритет, 2012 ж.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

АҚЫН, ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ, АУДАРМАШЫ, КӨСЕМСӨЗШІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ӘДІЛҒАЗЫ ҚАЙЫРБЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ.....

Әділғазы Жақсылықұлы Қайырбеков 1955 жылы 10 қаңтарда Семей облысы Ақсуат ауданының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының) Қожагелді ауылында дүниеге келген.

1962-1972 жылдары Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебінде оқыған.

1968 жылы 13 жасында Мәскеу, Ленинград қалаларына туристік сапармен барып, одан оралған соң «Сұлутал» кеңшарының Мәдениет үйінде «Мәскеу, Ленинград қалаларына саяхат» деген тақырыпта баяндама жасаған.

1972-1978 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын алып шыққан.

1975 жылы ҚазМУ-де өткен студенттердің ғылыми-практикалық конференциясында «Абай лирикасының көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта баяндама жасады.

1975 жылы Мәскеуде өткен Халықаралық университеттер ассоциациясының құрылтайында ҚазМУ-дің 60 адамдық қазақ ұлт аспаптары оркестрінің құрамында (домбырашы) өнер көрсеткен.

1977 жылы «Жапырақтар шуылы» атты өлеңі баспасөзде тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген.

1978 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірерде «Қадыр Мырзалиевтің «Жерұйық» және «Алақан» жыр кітаптары туралы» дипломдық жұмысын үздік қорғаған.

1978-1979 жылдары Алматыдағы С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйінде экскурсовод болып еңбек жолын бастаған.

1979-1980 жылдары Қазақ телевизиясының «Құрдастар» Жастар бағдарламасы Бас редакциясында редактор.

1980 жылы тележурналистикадағы шығармашылық табыстары үшін творчестволық жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды.

1981-1991 жылдары Республикалық «Лениншіл жас» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі.

1980 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы «Бастау» деген атпен «Жалын» баспасынан жарық көрді.

1983 жылы еліміздің халықтарының достығы мен туысқандығы туралы озық очерктер мен өлеңдерге арналған республикалық байқау нәтижесінде Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталады.

1984 жылы «Жетіген» атты ұжымдық жинақта «Ақтұма» поэмасы мен өлеңдері «Жалын» баспасынан жарыққа шықты.

1985 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

1987 жылы «Шамшырақ» атты өлеңдер жинағы «Жалын» баспасынан шықты.

1987 жылы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету міндеттерін шешуге белсенді үлес қосқаны үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталды.

1988 жылы «Сөз бен іс» атты деректі әңгімелер мен очерктер жинағы «Жалын» баспасынан шықты.

1990 жылдың 11 қыркүйегінен бастап КСРО Жазушылар одағының мүшесі. **Билет №...**

1991-1996 жылдары ҚР Парламентінің органы «Халық кеңесі» газетінде бөлім меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі.

1993 жылы – Бұқар жыраудың 125 жылдығына, 1995 жылы – Абайдың 150 жылдығына, 1997 жылы – М.Әуезовтің 100 жылдығына, 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығына, 2003 жылы – Дулат Бабатайұлының 200 жылдығына арналған жыр мүшәйраларының жүлдегері.

1995 жылы ЮНЕСКО шешімімен ұлықталған ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастыруымен қаламгерлер делегациясы құрамында Моңғолияның Баян Өлгий аймағына барып қайтқан.

1996-1999 жылдары еларалық «Қазақ Елі» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары – «Шалқар» қосымшасының редакторы.

1997 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының Поэзия кеңесі төрағасының орынбасары.

1998 жылы «Шер шертер» атты жыр кітабы «Ана тілі» баспасынан жарық көрді.

1999 жылы «Шер шертер» жыр кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты болды.

1999 жылы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында жетекші маман.

2000 жылдан С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры.

2000 жылы ЮНЕСКО Шешімімен аталып өтілген қазақ әдебиетінің классигі академик-жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі Республикалық мерейтой комиссиясының мүшесі.

2000 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған экспедиция құрамында Ресейдің Омбы облысындағы қазақ диаспорасы ортасында (Домбай ауылының 300 жылдығы) болып қайтқан.

